

Ғ. А. Жетпісбаев
Г. Ж. Османова

СОТ МЕДИЦИНАСЫ



Ф. А. Жетпісбаев
Г. Ж. Османова

СОТ МЕДИЦИНАСЫ



«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
оқу залы 00226646



Алматы
2018

УДК 340.6(075)

ББК 58я7

Ж 56

Баспага Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің гылыми кеңестерімен ұсынылған

Сын пікір берушілер:

Семей Мемлекеттік медицина университетінің сот-медицина курсымен патологиялық анатомия кафедрасының менгерушісі, м.ғ.д., профессор Шабдарбаева Д. М.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Халықаралық қатынастар және заң факультетінің криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының менгерушісі, з.ғ.д., профессор Төлеубекова Б. Х.

Жетпісбаев Ф. А., Османова Г. Ж.

**Ж 56 Сот медицинасы: дәрістер жинағы.— Алматы:
«NURPRESS» баспасы, 2018.— 256 б.**

ISBN 9965-830-14-2

Жинақта сот медицинасының дамуының негізгі сатылары, үйімдастыру жүйесі мен ҚР сот-медициналық сараптамасының процессы алдық аспектілері қарастырылған. Жарақат, улану және басқа да деңсаулық бұзылуларының сот-медициналық диагностикасы мен адам өлімінің негізгі себептері және оларға сараптамалық бағалау беру мәселелері талданады. Сот медицина пәні бойынша студенттердің білімін тексеруге арналған тест жинақтары келтірілген.

Заң және медициналық жоғары оқу орынын студенттеріне, сәйкес маман-дықтағы оқытушылар мен ізденушілерге, сонымен қатар сот-медицина сарапшыларына, тергеушілер мен қорғаушыларға, прокуратура және сот қызметкерлеріне арналған.

УДК 340.6(075)

ББК 58я7

© Жетпісбаев Ф. А., 2018

© Османова Г. Ж., 2018

© «NURPRESS» баспасы, 2018

ISBN 9965-830-14-2

1. СОТ МЕДИЦИНСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Сот-медицинасының түсінігі, міндеттері, әдістері және объектілері

- 2. Сот медицинасының дамуының қысқаша тарихи дерегі*
 - 3. КР-да сот-медицина сараптамасының құрылуды*
 - 4. Сот-медицина сараптамасының процессыалдық негіздері*
- Корытынды*

Kіріспе

Медицина ғылымы бола отырып, сот медицинасы заң пәндерімен жиі жанасады. Сот медицинасы бір-бірінен алшақ жатқан екі білім саласымен тығыз байланысты. Өз алдына дербес медицина ғылымы бола отырып, ол қылмыстық және азаматтық істерді тергеу мен сотта қарастыру кезінде сот әділдігі органдарында туындайтын медициналық-биологиялық мәселелерді шешіп береді.

Сот медицина тәжірибесінде пайдаланылатын зерттеу әдістері мен тәсілдерінің санының барған сайын көбейе түсіі неғұрлым тереңірек негізделген және объективті қорытындылар беруге мүмкіндік туғызып отыр.

1. Сот-медицинасының түсінігі, міндеттері, әдістері және объектілері

Сот медицинасы құқықтық және медицина ғылымдарының, сот әділдігі және занұлдылықтың талаптарында қолданылатын, биология және жаратылыстарнудың әртүрлі мәселелерін зерттейді және өндейді. Сот медицинасы — бұл өзінің зерттеу әдістері бар және нақты сұрақтар жиынтығына жауап беретін медицинаның жеке бір (дербес) саласы. Сот медицинасында қойылған сұрақтармен байланысты адамды зерттейтін көптеген арнайы зерттеулер қолданылады, олар:

- денсаулыққа зиян келтірудің себептерін анықтау;
- денеге түсірілген жарақаттардың уақытын анықтау;
- оқ жарақаты кезіндегі сараптама жүргізу;
- өлімнің туындаған ұзақтық мерзімін анықтау;
- қанның (түрлік, топтық және жыныстық) түрін, тобын және қай жынысқа жататынын, т.б. анықтау.

Сонымен қатар, сот медицинасы патологиялық анатомия, биология, криминалистика, криминология, физика, химиядагы зерттеу әдістерімен анықталады және олармен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда сот медицинасында оның мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтетін электронды микроскопия, сұйық газды хроматография, эксперименталды-компьютерлі модельдеу және т.б. зерттеудің осы заманғы әдістері кеңінен қолданылуда.

Сот медицинасында тірі тұлғалар, мәйіттер, заттық дәлелдемелер, қылмыстық және азаматтық істердің материалдары зерттеу объектілері болып табылады. Сот-тергеу тәжірибесі бұрын және болашақта зангерлердің сот медицинасы негіздерін оқып, білу қажеттілігін дәлелдейді. Олар жиі апат болған жерді және мәйітті қарастырып, шығу тегінің биологиялық-заттық дәлелдемелерін дер кезінде анықтап, алып және сараптамаға жіберу, өлімнің туу уақытын анықтау, сот-медицина сарапшысына сұрақтарды дұрыс қою, сот-медицина қорытындысының сапалығын және толықтығын бағалау үшін қажет.

Сонымен, сот медицинасы — бұл тергеу және басты сот талқылауы кезінде туындаитын медицинаның бөлімдерін қарастыратын, өндеп және сараптамалық бағалау жүргізетін жеке медициналық ғылым болып табылады.

2. Сот медицинасының дамуының қысқаша тарихи дерегі

Сот медициналық қызметтің тарихын зерттеу ерекшелігі, ол — құқықпен, заңшығарушылық, сот-тергеулік мекемелерімен байланыстылығы. Бұл байланысты сот-медициналық қызмет тарихын зерттеуде ескеру қажет, себебі — заңшығарушылық сот медицинасының сұрақтары бойынша тәртіп сақтауды нығайту және қорғау қызметін атқарады.

Үнділердің (Айор-Веда, б.д.д. VII ғ.) және еврейлердің (Моисейдің кітаптарында) ежелгі зандарының өзінде сот медицинасы сипатындағы мәліметтерге сүйенушіліктер кездеседі. Греция, Рим және де басқа ежелгі мемлекеттердің заң шығару тарихында кейбір сот-медициналық сұрақтарды шешуге дәрігерлердің қатысусы жөніндегі хабарламаларды (Гиппократ, б.д.д 460 ж.) кездестіруге болады.

Зерттеушілер сот медицинасының пайда болу уақыты деп 1532 ж. санайды, осы күні Швеция королі Карл V зорлық өлімнің себептерін анықтауға, түсік жасату және дәрігерді өз қызметін дұрыс атқармаудың байланысты дәрігерлерді шақыруды заңдастыруды. Бұл ғылым атақты француз хирургі Амбураза Парэнің (1579 ж.) жаракат пен зорлаудан туындаған өлімге сот-медициналық сараптаманы бөліп көрсеткені жөніндегі, трактатында өз дамуын алды.

Француздың, немістің, кейінірек италияндық ғалымдардың енбектерінің арқасында сот медицинасы жүйелі ғылым ретінде XVI ғ. бастап қалыптасты.

Сот медицинасының дамуы үшін көп көлемде монографиялардың, окулықтардың, сот медицинасының бөлек сұрақтары жөніндегі, сот медицинасының зерттеу түрлері жөніндегі оқу құралдарының басылып шығузы зор үлесін қосты.

Олар: «Первоначальный наружный осмотр трупа при милиционном и розыскном дознании» (1929 ж.), «Судебная медицина для медиков и юристов» (1930 ж.), авторы — профессор Н.С. Бакариус. Болашақ заңгерлерге арналған окулықтар: Н.В.Поповтың «Основы судебной медицины» (1950 ж.), И.И.Авдеева «Курс лекций по судебной медицине» (1950 ж.), М.И.Райскийдің, В.И.Смальяниновтың, т. б. авторлардың окулықтары.

Бірқатар нұсқаулар мен оқу құралдары жарық көрді, олар: мәйітті табылған жерде қарастау, мәйітті сот-медицинскі зерттеу, тірі тұлғаларды сараптау, киімдерді және заттай дәлелдемелерді зерттеу; жарақаттардың бір қатар түрлері жөніндегі (шабатын және шанышп-кесетін қарулармен, белгілі оқтық қарумен, автокөліктік және теміржол көлігімен болған жарақаттар) монографиялар, механикалық асфиксия, улану, алкогольді масаудың сараптамасы және тағы басқа бірқатар монографиялар жарық көрді.

Қазіргі күнге дейін мамандардың арасында кең қолданылатын профессор А.Н. Гремованиң (1970 ж.) «Сот медицинасы жөнінде дәрістер жиынтығы»; А.Р. Деньковскийдің (1968 ж.) басқаруы бойынша шығарылған «Дәрігерлерге арналған нұсқау», осы сыйныңды В.В. Томилиннің (1987ж.) басылымы үлкен беделге ие.

Осылай сот-медицинасының тарихи деректерін қарастырудан, болашақ заңгерлерге оны оқып, білудің маңызды екені туралы шешім қабылдауға болады.

3. ҚР-да сот-медицина сараптамасының құрылуды

1927 жылға дейін Қазақстанда сот-медицина сараптамасын кездесоқ дәрігерлер жасап келді. 1928 жылдан 1933 жылға дейін Алматы қаласында К.В. Фрунзе округтік сот-медицина сарапшысы қызметін атқарды. 1935 жылы профессор С.М. Сидоров Алматы мемлекеттік медицина институтының сот-медицина кафедрасының менгерушісі және республиканың Бас сот-медицина сарапшысы болып тағайындалды.

Қазақстанда сот-медицина сараптамасының дамуы Алматы медицина институты сот-медицина кафедрасының дамуымен және қалыптасуымен тығыз байланысты. 1935 жылы Қазақ КСР Денсаулық сактау халық комиссариаты жөніндегі бұйрықпен елкелік сот-медицина инспекторының қызметі белгіленеді. Оған дейін сот-медицина сараптамасы Қазақ КСР Денсаулық сактау халық комиссариаты кәсіптік емдеу басқармасының қарамағында болып келген еді.

1951 жылы Одақтық және Қазақ КСР Денсаулық сактау министрліктерінің бұйрықтарымен Қазақ КСР Денсаулық сактау министрлігі жаңынан Республикалық сот-медицина сараптама бюросы, ал, облыстық денсаулық сактау бөлімдері жаңынан облыстық бағыныстағы қалалар мен барлық селолық аудандарға қызмет көрсететін облыстық сот-медицина сараптамасы бүролары құрылды. Сөйтіп, сол кездегі аумақтық бөлініс бойынша Қазақстанда осында 15 бюро жұмыс істеді.

Кейіннен республикада сот-медицина сараптамасы қызметін одан әрі нығайтуға бағытталып, бірқатар облыстардың денсаулық сактау бөлімдері жаңынан облысаралық сот-медицина зертхана-

ларын ашу, оларды дәрігерлермен және фармацевттермен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және т.б. көзделді. Сөйтіп, 1959 жылы республикада бес сот-медицина зертханасы, үш сот-биология және физика-химия бөлімшесі жұмыс істеді.

Қазіргі таңда сот-медицина сараптамасының мемлекеттік жүйесі бар. ҚР Денсаулық сактау министрлігі сараптаманы басқаруды Бас сот-медициналық сарапшы арқылы жүзеге асырады. Сот-медициналық сараптама Орталығы ғылыми және әдістемелік жұмыстарды реттеп басқарады.

Респубикалық, облыстық, қалалық сот-медициналық сараптама бюроларының филиалдары аймақтық сот-медицинскандық басқармалары болып табылады. Әр сот-медицинскандық сараптама бюросының құрамына сарапшы құқығына ие қалалық, аудандық сот-медицина сарапшылары кіреді. Олардың саны бір сарапшыға мың тұрғыннан бөлініп анықталады. Бюрова сот-медицинскандық сарапшылардан басқа биологтар, химиктер, физиктер және т.б. мамандар бар. Әрбір сот-медицина сараптамасы Бюросында:

— тірі тұлғаларды сот-медицинскандық куәландыру бөлімі (сот-медицинскандық амбулатория);

— сот-гистологиялық бөлімшесі бар мәйітті сот-медицинскандық зерттеу бөлімі (мәйітхана);

— заттық дәлелдемелердің сот-медицинскандық зерттеу зертханасының келесідей бөлімшелері бар: сот-биологиялық, сот-химиялық, физика-техникалық.

Сот-медицинскандық сараптама Бюросының құрамы сот-медицинскандық зерттеу объектілерінің негізгі түрлеріне сәйкес келеді. Қурделі сараптамалар сот-медицинскандық сарапшылар Бюросы басшысының немесе оның сарапшы жұмысы жөніндегі орынбасарының басқаруымен жүргізілетін сарапшылар комиссиясы арқылы жүзеге асады.

Сот сарапшыларын дайындау және олардың дәрежелерін жоғарылату ҚР Денсаулық сактау министрлігінің дәрігерлер білімін жетілдіру институтында жүзеге асады.

Сот-медицинскандық сараптама ісін жүргізу және сот мекемелеріне арнайы мамандандырылған көмектен басқа денсаулық сактау мекемелеріне тәжірибелік көмек те көрсетеді, олар науқастарға жүргізілетін емдердің сапасын жақсарту, ауруларды және

өлімді азайту, тұргындар арасындағы жарақаттанудың алдын алу және медициналық қызметкерлердің көсіптік қылмыс жасауының алдын алу шараларын жүргізеді.

4. Сот-медициналық сараптаманың процессыалдық негіздері

Сот-медициналық сараптамасы деп — тергеу барысында не қылмыстық немесе азаматтық істерді басты сот талқылауы процесінде пайда болатын тергеу органдарының қаулысымен, не болмаса сottың анықтауы бойынша медициналық және кейір биологиялық сұрақтарға қорытынды беру үшін дәрігерлермен жүргізілетін ғылыми-тәжірибелік зерттеуді атайды.

Сот-медициналық сараптама олардың мазмұнын, тағайындау және өндіріс тәртібін анықтап беретін күші бар зан шығарушылық және занға тәуелді актілерге сәйкес құрылады. Бұларға КР Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық және Азаматтық іс жүргізу Кодекстерінің және де денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрығымен бекітілген әдістемелік нұсқаулар мен ережелер, сілтемелер негіз болып табылады.

Сот-медициналық сараптама қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу және басты сот талқылауы кезінде медициналық, биологиялық және басқа сипаттағы арнайы білім қажет болған жағдайда тағайындалады. Мұндай сараптама сот — медициналық сараптама Бюросының дәрігерлері не болмаса анықтаушы, тергеуші, прокурордың қаулысы бойынша, не сottың анықтауымен басқа да қызметтегі лауазымды тұлғалары тарапынан жүргізіледі.

Тергеуші қаулы шығарып, онда: оның тағайындалуының негіздерін, сараптама жүргізетін мекеменің аты немесе сараптаманы жүргізуші сарапшының аты-жөнін; сарапшыға ұсынылатын материалдар, сот-дәрігер сарапшысының шешуге қажетті сұрақтары көрсетілуі тиіс.

Келесідей жағдайларда сот-медициналық сараптамасын міндетті түрде жүргізу қажет: өлімнің себебін, дene жарақаттарының сипатын, айыпталышының, сезіктінің және жәбірленушінің жасын анықтау үшін (бұл іске қатысты болып, ал, жасы туралы құжаттары жоқ болса).

Сот-медицина сарапшысы болып, арнайы дайындығы бар дәрігер ғана тағайындалады.

Сарапшылар қатарына алышады:

— сот-медициналық сараптама мекемесіндегі дәрігерлер мен басқа да мамандар (штаттық сарапшылар).

— сот-медицина кафедрасының профессорлары, доценттері мен оқытушылары.

Келесідей жағдайларда сарапшыға қарсылық білдіреді, егер де ол:

— осы іс бойынша жәбіrlenуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе осы істің күесі болса;

— осы істе анықтаушы, тергеуші айыптаушы немесе қорғаушы болып табылса;

— жәбіrlenушінің, талапкер, жауапкер, айыпталушының туысы немесе айыптаушының, қорғаушының, тергеушінің, анықтаушының заңдық өкілі болса;

— айыпталушыға, жәбіrlenушіге қызметтік немесе басқа да жағдайда бағынышты болса;

— материалдары қылмыстық істі қозғау үшін негіз болған, осы іс бойынша тексеріс жүргізген болса;

— құzіреттілігі жоқ болған жағдайда.

Сот-медицинскі сараптаманы жүргізуі прокурор, сот, тергеуші өз қарастырулары бойынша қандай да бір анықталған сарапшыға немесе сараптау мекемесіне тапсыруына болады және де сот-медицинскі сараптаманың қорытындылары заң алдында тен болып табылады.

Сот-медицина сарапшысы міндетті:

— тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыртуы бойынша келуге;

— оның алдына қойылған сұрақтарға объективті сот-медицинскі қорытынды беруге;

— сараптамаға қажетті материалдарды талап етуге;

— қорытынды беру қыын болса немесе мүмкін болмаса, егер де қойылған сұрақтар сарапшының арнайы білімінің шегінен шықса немесе алынған материалдар сот-медицинскі қорытынды беруге жеткіліксіз болса, онда тағайындаған мекемеге жазбаша түрде хабарлауға тиісті;

Сот-медицина сарапшысы құқылы:

- сараптаманың мақсаты мен міндетін білуге;
- сараптаманы жүргізу үшін іс бойынша анық, қажетті сұраптарды алуға;
- қылмыстық іс материалдарымен танысуға;
- қорытынды шығару үшін қосымша материал алу мақсатында етініш жасауға;
- жауап алу кезінде, басқа да тергеу және соттық іс-эрекеттерге қатысуға;
- сараптамада қажетті мамандардың қатысуы туралы (сот-медициналық қорытындыны бірлесіп шығару үшін) сот-медициналық сарапшы өз зерттеулерінде ҚР ДСМнің бекітілген арнайы ережелерінде және әдістемелік нұсқауларында көрсетілген немесе сот-медицинасы туралы оқулықтар мен қолжазбаларда көрсетілген әдістерді ғана қолдана алады.

Заңгерлер сот-медициналық сараптаманың түрлерімен таныс болуы тиіс. Сот-медицинскандық сараптаманы келесі түрлерге бөліп қарастырады:

- алғашқы — субъектінің мәліметтерінің нәтижесі бойынша алғаш жүргізілген сот-медицинскандық зерттеуі;
- қосымша — алғашқы сот-медицинскандық қорытынды жеткілікті түрде айқын болмаған немесе толық емес жағдайда туатын сұраптарға жауап береді;
- қайталама — алғашқы сараптаманың қорытындысы айқындалмаған жағдайда немесе күмәнді болған кезде жүргізіледі (ол басқа сарапшыға, не сарапшыларға тапсырылады);
- комиссиялық — бірнеше дәрігер-мамандардың қатысуымен өтетін күрделі қылмыстық істер бойынша жүргізіледі (әдетте, кәсіптік қызметтің бұзғаны үшін медицина қызметкерлерін қылмыстық жауапкершілікке тарту кезінде);
- кешенді — гылымның эр түрлі салаларындағы мамандардың қатысуын қарастырады (химиктердің, криминалистердің, психиатрлардың, хирургтардың, гинекологтардың).

Тергеуші сараптама жүргізу кезінде қатысуға құқығы бар. Өз кезегінде сот-медицинскандық сарапшы тергеушінің рұқсатымен өзіне сот-медицинскандық қорытынды беруге қажетті, нақты ақпараттарды алу үшін жауап алу, оқиға болған жерді қарау, тер-

гөу экспериментін жүргізуге қатысуға құқылы. Алдын ала тергеу кезінде сот-медицина сарапшылары (не басқа сала дәрігерлері) іс жүргізу әрекеттерінде мамандар ретінде қатыстырылуы мүмкін. Мысалы:

- оқиға болған жерді қарау кезінде;
- өлік табылған жерінде сыртқы қарауды жүргізу кезінде;
- қылмыс жасады деп сезікті ретінде ұсталған тұлғаны күэландыру кезінде;
- салыстырмалы зерттеу үшін қажетті үлгілерді алу мақсатында тінтуге қатысу (биологиялық немесе басқа).

Сондай-ақ, сот-медициналық сараптама басты сот талқылауы кезінде тағайындалуы мүмкін (яғни, қылмыстық және азаматтық істерді қарау кезінде). Осындай жағдайларда сот, әдетте алдын ала тергеуде қорытынды берген сот-медицина сарапшысын шақыртады, ал, ол келе алмай қалған жағдайда басқа сарапшы шақыртылады.

Сот отырысы кезінде сот-медицина сарапшысы сараптамаға қатысты іс жағдайын зерттеуге қатысады. Ол соттың рұқсатымен сотталушыға, жәбірленушіге, күзге сұрақ қоюға, заттай дәлелдемелер мен оқиға болған жерді қарауға қатысуға, тергеу экспериментіне және де басқа сот-тергеу әрекеттеріне қатысуға, жәбірленуші не айыпталушыға қатысты қайталама сараптама жүргізуға, өлікті және заттай дәлелдемелерді қайта қарауға құқығы бар.

Сот-медицина сарапшысы өз қорытындысын жазбаша түрде ұсынып, сот отырысында хабарлайды. Сондай-ақ, оған езі ұсынған сот-медициналық қорытындыдан, оны анықтау және толықтыру үшін сұрақтар қойылады.

Сот-медициналық сараптаманың негізгі құжаты — сот-медицина сарапшысының қорытындысы екенін ерекше атап ету қажет. Ол кіріспе, зерттеулік (сипаттамалы) бөлімдер мен қорытындыдан тұрады.

Кіріспе бөлімінде: қандай негізде сот-медицинскі сараптама жүргізілді, қашан, кай жерде және кіммен (тегі, аты, экесінің аты, білімі, мамандығы, оку дәрежесі және ғылыми атағы, атқарып отырған лауазымы) жүргізілгені, сараптама жүргізу кезінде кімдердің қатысқаны, қандай материалдар қолданылғанын,

қандай зерттеулер жүргізілгенін, сарапшыға қандай сұрақтар қойылғаны көрсетіледі.

Зерттеу (сипаттау) бөлімінде — сот-медициналық сараптама объектілерін зерттеу кезінде сарапшының анықтаулары толық көрсетіледі (мәйіттің, киімнің заттай дәлелдемелері), осы кезде қандай әдістердің қолданылғаны көрсетіледі. Келесілерді бөліп көрсету қажет:

— зерттеу кезінде сарапшы мәйіттің туған-туыстарына «Өлім туралы дәрігерлік күәлік» береді;

— өлік стационардан түскен болса, сарапшы сырқатнамага сот-медицинскандық диагнозды және өлімнің себебі туралы эпикриз жазады.

Қорытынды бөлімінде сарапшының қорытындылары, қойылған сұрақтарға жауабы жазылады.

Өлікті зерттеудің ерекшеліктері болып:

— қорытынды бөліміндегі сарапшының қорытындысы патологиялық- анатомиялық диагнозға негізделуі қажет;

— зерттеу бөліміндегі келтірілген қорытындылар объективті мәліметтермен дәлелденуі қажет;

— қорытындыда сарапшының ойынша іске қатысты мағынасы бар, бірақ, олар туралы сұрақтар қойылмаған жағдайлар көрсетіледі.

Қорытындыға сарапшы өз қолын қояды. Оған сот-медицинсканды сараптама кезіндегі жасалған фотосуреттер, рентгенограммалар, кестелер, суреттер және басқа да материалдар қоса тіркеледі.

Сот-тергеулік және сот-медицинскандық тәжірибе, сот-медицина сарапшысының қорытындысы мен нәтижесін баяндауға негізгі талаптарын шыгарып, құрады. Олар қарапайым, анық, қысынды және дәйекті, ғылыми анықталған, әр қорытындыға дәлелдеме материалдары сәйкес болуы керек (олар қорытындының зерттеу бөлімінде жазылады).

Сарапшының қорытындысы медициналық ғылымға, сот медицинасының теориясы мен тәжірибе мәліметтеріне және де сарапшының арнайы танымына негізделуі қажет.

Сот-медицинсканды сараптама құқыққа қайтылық немесе кінә туралы сұрақтарды шеше алмайды. Бұл сұрақтарды тек қана сот шешеді. Сондықтан, сот-медицинсканды сарапшы қанша білімді,

тәжірибелі болса да, келесідей сұрақтарды шешпейі қажет және де бұл оның міндетіне кірмейді. Кісі өлтіру, өз-өзіне қол жұмсау немесе бақытсыз окиға орын алды ма? Бопсалаудан кейін жарақаттар қалды ма? Және т. б.

Бұл үшін осындай әрекеттердің ниетін анықтап алу қажет, ал, ол сұрақтар сот-тергеу қызметкерлерінің құзырына кіреді.

Сарапшының қорытындысы нақты не жобалау нысанында баяндалады. Накты қорытынды оң не теріске шығарылуы мүмкін. Сот-медицина сарапшысы қойылған сұрақтарды шеше алмағанда үшінші нұсқа да болуы мүмкін (мысалы, біраз уақыт өткен шіріген өлік табылған кезде, өлімнің себебін анықтау жөнінде).

Нақты қорытынды, сарапшы олардың жеткіліктілігіне нық сенімді болған кезде және бұл сенімділік объективті ақпараттарға негізделген жағдайда болуы мүмкін. Мұндай қорытындылардың (тергеу және сот оларды бағалағаннан кейін) дәлелдемелік маңызы жоғары.

Өкінішке қарай, сот-медициналық сараптаманы жүргізу кезінде (әсіресе, өлікті тексеру барысында) сарапшыда өзінің алдына қойылған сұрақтарға нақты нысанда жауап беру мүмкіндігі үнемі бола бермейді. Сондықтан да ол материал бойынша қорытынды беру үшін, өзіне берілген қылмыстық іс материалдарымен танысу, басқа да қажетті материалдарды ұсыну туралы өтініш білдіру құқығын пайдалану қажет.

Қылмыстық іс қозғалмай тұрған жағдайда, яғни өлікті сот-медициналық зерттеу үшін сот-медициналық сараптама өндірісі туралы қаулы шығару мүмкін емес немесе жеке адамды куәланыту прокурордың, тергеушінің, анықтаушының не соттың жазбаша нысанда негізделген тапсырмасы бойынша жүргізілуі мүмкін. Осындай жүргізілген зерттеулер сарапшының сот-медицинскандық қорытындысында емес, сот-медицинскандық куәланыту актісінде баяндалады.

Сот-медицинскандық сараптаманың және оның ерекшеліктерінің процессыалдық негізі осылай жүзеге асырылады.

Қорытынды

Дәрісте сот медицинасының өзекті, құқықтық және әлеуметтік мағынасы қарастырылды және оның қылмыстық істер бойынша

алдын ала тергеу жүргізу жағдайында және қылмыстық іс бойынша басты сот талқылауындағы қажеттілігі көрсетілген. Сот медицинасының дербес ғылым ретінде және сот-медицинады зерттеудің сараптама түрінде дамуы мен құрылуының негізгі салындары қарастырылды.

Қазақстан Республикасындағы сот-медицина сараптамасының процессы алдың негіздері, оның тергеу және сот үшін қажетті ерекшеліктері нақтылап баяндалған.

Қазақстан Республикасындағы сот-медицинады зерттеудің сараптаманың жүйелі құрылуы, оның негізгі түрлері мен нысаны қарастырылды.

Сондай-ақ, дәрісте тергеу мен жедел-іздестіру қызметкерлесінің, прокурорлардың, судьялар және қорғаушылардың, сонымен қатар, сот психологтары және тағы басқа мамандардың сот медицинасының теориялық негіздерін білу қажеттілігі анық көрсетілген. Осындай білімі бар заңгерлер ғана қазіргі заманның талаптарына жауап береді.

2. МЕХАНИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДЕН БОЛАТЫН ЖАРАҚАТТАР ЖӘНЕ ӨЛІМ (сот-медициналық жарақаттану)

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Жарақаттану туралы жалпы түсінік
2. Механикалық жарақаттардың сипаты
3. Оқ тигендегі жарақаттар
4. Жарақат негізіндегі өлім себептері
5. Сот-медициналық сараптамада қарастырылатын негізгі сұрақтар

Корытынды

Kіріспе

Сот-медициналық тәжірибеде тірі адамдардың және мәйіттердің жарақаттарына байланысты зерттеулер мен сараптамалар жиі кездеседі. Заңгерлерді жарақаттардың түрі ғана емес, жарақаттың механизмі, оның себебі, осыдан туындаған тергеулік болжуаларды бекіту үшін немесе қарама-қарсы жою үшін және де жарақаттың пайда болғанына қанша уақыт өткенін, заттың түрін немесе қандай да бір факторлар әсерінен болған жарақаттың және ақықтатты анықтау.

Тергеу органдының, прокуратуранның, соттың және адвокатураның қызметкерлері жарақаттардың жіктелуін, олардың механизмін және зақымның сипатын, сарапшының жүргізілген жұмысы бойынша жарақаттардан туған өлім себебін біліп, анықтап, медициналық сараптамалық баға беруі тиіс.

1. Жарақаттану туралы жалпы түсінік

Сот медицинасында сараптама бойынша бағалауға әр түрлі жарақаттарды алған адамдар және жекелеген адамдардың денесіндегі жарақаттар, сыртқы тік немесе қиғаш әсерлерден болған жағдайларда жиі қарастырылады. Сот медицина-

сында бұл жарақаттарды дең жарақаты деп атайды. Мұнда анатомиялық бүтіндігі немесе физиологиялық ағзалардың қызметі, не әр түрлі сыртқы фактор әсерінен (механикалық, температуралық, химиялық, физикалық және т.б.) деңсаулықтың бұзылуы немесе өлім болған жағдайлар жатады. Осы жайттарды механикалық жарақаттарда нақтырақ қарастырамыз. Жарақаттар әр түрлі заттардың адаммен әсерлесу нәтижесінде пайда болады. Жарақат адам денесі немесе зақымдалған объектінің қозгалысы мен статистикасына теңеледі. Сот-медицинада зақымдалудың морфологиялық ерекшелігін, қай затпен тигізу механизмінің пайда болуы, деңсаулық жайы және жапа шегушінің өмірін анықтайды.

Заңгерлер механикалық жарақаттың жіктелуін клиникалық көріністері динамикасының жойылуын, осыдан жарақатты бақылау және жүйелеуін, жарақаттың пайда болу уақытын және қай затпен жарақатты тигізгендігін қарастырады. Жара, сызат, қанталау, ішкі ағзалардың зақымдануы және жарақат ұғымдарының мағынасын қарастырайық.

Сызат — адам денесінде тері үстінен доғалданған затпен қысым түсірсе немесе осы заттың үстінен адам сырғанаса пайда болады. Сызат заттың пішінінің ұзындығына және оның қорғанысының бағытына байланысты әр түрлі болады.

Сызат пайда болғанда терінің беткей қабаты жыртылады. 1-ші тәулікте сызат беті ылғалданып, кеуіп зақымданбаған теріден төмен орналасады, 2—3-ші тәулікте қабыршақ пайда болып, мұнда енді, тері бетімен бірдей деңгейде орналасады. 4-ші күні қабыршақ ажырайды. 7—12 тәулікте зақымдалған теріден қабыршақ түседі. Сызат қызылала түсті болып, содан 9—15 тәулікке жеткенде оның түсі жойылады. Көбіне бұл үрдіс сызаттың өлшеміне және ошақтануына тәуелді болады.

Сот-медицина диагностикасында сызатты тексеру аса жоғары маңызға ие, себебі — бұрынғы түсірген жарақаттың орнын және күшін анықтауға көмектеседі.

Қанталау деп — ол қан жүретін тамырлардың жарылуының негізінде пайда болатын тері және тері асты қабыршақтарда канның жиналудың айтамыз. Қанталаудың өлшемі тиғен соққының күшіне, зақымдаушы факторлардың сипатына, қантамырлардың

жінішкелігіне, құйылған қанның мөлшері мен ұлпалар қасиетіне, сонымен қатар, қанның құйылтуына байланысты болады.

Әдетте қанталаудың пішіні сопақша тәрізді, кейде соққы берген заттың үстінгі қабатының көрінісіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Қанталау түсінің өзгеруі уақытына қарай бастапқыда (1—4 тәулік) кекшіл қоңыр түске, кейіннен (3—8 тәулік) қоңыр жасыл түске, 6—9 тәуліктे сары түске боялады, ал, 12—16 тәулікте қанталау тіпті көрінбейді.

Жарақат — бұл терінің барлық қабатының және тері асты ұлпаларының зақымдануы. Жара жолдарымен сыртқа шығатын тесігі жарақатты тесіп өтетін жара деп атайды. Ал, саға болмаса, түйік жара деп аталады.

Заттың маңыздылығы және түсірілген зақымның механизміне қарап тәмендегідей бөлеміз:

— доғалданған, қатты заттармен жаралану — созылған, жыртылған, соғылып жыртылған;

— өткір затпен жаралану — сұғылған-кесліген, арапанған, тігілген;

— оқ жарақаты — оқты, жарылыстан кейінгі жарақат, бытыра жарақаты.

Сүйектердің сынуы — бұл сүйектің бүтіндігінің толық және жартылай бұзылышы болып табылады. Әдетте сүйек сынғанда жақын жатқан тіндердің және ішкі ағзалардың бұзылуы байқалады (қабырганың сынуы — өкпе, жүрек, бауырды, ал, жамбас сүйек — күық, несеп ағатын жолдарды және т.б., бас сүйек және омыртқа сынғанда — бас пен жұлдынды зақымдайды).

Сынықтар ашық (тері қабаты бұзылғанда) және жабық (тікелей соққы кезінде тері қабаты сақталса) және тіке емес (жанама) жарақат күшінен әрі орналасады.

Сүйек сынұның морфологиялық ерекшеліктерін сот-медициналық диагностикалау жарақаттың механизмі мен түрін, зақым келтірген заттың қасиетін, оның әсер ету бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Ішкі мүшелердің зақымдалуы. Соққы болған жерде тері бүтіндігі сақталынып, ішкі ағзалардың жабық жарақатының ішінде қанталау, ағзалардың жыртылып, жырылып, жекелеген бөліктердің мыжылуымен жүретін зақымдар пайда болады.

Бұл зақымдарды бөліп, оларға нақтырақ тоқталып өтейік:

— қан құйылу — іш қуысы жабық зақымданғанда қантамырлардан және зақымданған жерден қан ағып, ішкі қан үйиуы және ағзаның капсуласының жыртылуымен жүретін жедел қан ағу. Мұндай жағдай көбінесе өлімге алып келуі мүмкін.

— ішкі ағзалардың жарылуы — соққы кезінде анықталады немесе сүйек бөліктегіне әсерін тигізген жағдайда (бауыр, көкбауыр, бүйрек, өкпе, асказан, қуық ауруы) болуы мүмкін. Патологиялық өзгерістер кезінде ішкі, жүрек және үлкен қантамырлардың жарылуы пайдалы болады.

— қысылу деп — көлік дөңгелегінің және құлаған заттардың астында қалу немесе мүшелердің құрылышының бөлшекті, яки толық бұзылышымен жүретін, немесе мүшелердің мыжылып, сұйықтық шығып, тығызды заттардан пайдалы болу танылады.

— дene бөлшектерінің бөлінуі және езілуі — қозгалып келе жатқан көлік және құлап келе жатқан заттардың үлкен күшпен түсуі, езілу кезінде тіндер мен мүшелердің қысылып-жаншылуы және сүйектердің майдаланып синуы.

— дene бөлшектерінің бөлінуі — бұған адам аяқ-қолдарының ауыр затпен қысылып-жаншылуы, яғни, темір жол көлігімен қысылу, осыдан терінің және тіннің жаншылуы, сондай-ак, бұлшық ет және сіңір жыртылуы пайдалы болады. Мұнда аяқ, саусақ, қолдың ампутациясы болуы мүмкін.

Сонымен, бұл бөлімде жарақаттардың морфологиялық көріністерінің жалпы маңызы және сот медицинасымен шешілетін мәселелері қарастырылды. Алайда, зангерлердің тәжірибелік жұмысында құқық бұзушылық әрекетті анықтау мақсатында жарақат көріністері, яғни жарақаттың пайдалы болуы арқылы, сот-медициналық саралтама қорытындысымен ақиқатқа жетудің зор маңызы бар.

2. Механикалық жарақаттардың сипаты

Қылмыс жасалған кезде жарақаттың әр түрлі зақымдануына сипаттама бере келе, зандық тәжірибеде сот-медициналық саралтама тағайында барысында жиі кездесетін адамның денесін өткір затпен жарақаттау, қаруыз адаммен келтірілген, биіктікten құлау

кезінде алынған, көлік, оқ тиғендегі және басқа да жарақаттарға ерекше тоқталып өту керек. Осы жарақат түрлеріне назар аудару қажет.

Доғал затпен келтірілген зақымдалу

Бұл мекнікалық жарақаттың кең таралған түрі. Олардың сипаты өлшеміне, пішініне, салмағына, жарақаттың үстіңгі бетіне байланысты болады (жалпақ, домалақ, цилиндрлі және т.б. тәрізді):

Доғал заттардың денеге әсер етуі

— жалпақ бетті — қанталау немесе жара да болуы мүмкін;

— домалақ бетті — тіке сзықты, доғал, ирек, жұлдызша тәрізді жаралар туындайды, ал, жаралардың шеті тұзу емес, қан шашыраған болып келеді.

— бұрышты — жара көгерген немесе шеттері қатпарланған болуы мүмкін,— жұмсақ ұлпалардың қанталауы мен қысылған сынықтар, бас сүйегінің шытынауы жиі кездеседі.

Тері мен сүйектің зақымдалуының морфологиялық ерекшеліктері — зақым келтірген заттың қасиеті үшін пішінін, көлемін, шекарасын, бұрышын анықтаудың негізі болып табылады.

Өткір заттармен салынған жарақаттар

Бұл заттарға өткір шеті бар заттар жатады — ұштары ұшталған зат және қару.

Өткір заттарды сипатына, өлшеміне қарап кесетін, арапап-кесіп сылып түсіретін, жаншитын, жаншип-кесетін заттар жатады. Сондықтан, жаншитын, кесетін, сылып түсіретін жараларды бір-бірінен ажырата білу қажет.

Кесетін заттармен алынған жаралар (пышақ, эйнек сынықтары, ұстаралар) — дененің үстінде қозғалған кездегі қысыммен түсірілгенде пайды болады. Әдетте кесілген жаралар сзылған пішін түсіреді. Осыларға қатысты:

Түбі ұшкір, жара түбі терең емес, бірақ ұзын болып, көп мөлшерде қан агады. Кесілетін затпен түсірілген жараларға сараптама жүргізгенде, мұнда негізгі түсірілген заттың түрін және оның ерекшелігін анықтау керек, күдік тудырған затқа жиі сараптама жүргізуі қажет (қанға, теріге, бұлышқа етке, киімге, талшықтарға).

Жанышылатын заттармен түсірілген жараптар, яғни ұшкірленген ұштары бар, биіктігі ұзын заттар (ине, айыр тістері бар, қайши және т.б.). Бұл заттар негізінен денеге кіріп, тіндерді айрып түсіреді. Мұнда жаракат көлемі кішкентай, бірақ терең ұзын жарапты саңылау, кірген жеріне қарағанда шыға берісінде үлкен саңылау болады.

Екі кішкентай бірақ биіктігі ұзын заттардан (ине, току бізі) түскен жаракаттан кейін нүктелік із қалып, ол жерді дұрыстап қарамаса, көрінбеуі мүмкін.

Жанышып-кесетін заттардан алынған жаракаттар (яғни, жанышып-кесетін қасиеттері бар заттар) — сот медициналық сараптамада жиі кездеседі. Бұл жаракаттарға: пышақ, ұштары ұшкірленген наиза, сүйірленген зат және т.б. арқылы салынған жаракаттар жатады.

Жанышып-кесетін жаракаттар сипаты бойынша мынандай болады:

Тесікті немесе саңылаулы — бір сызық тәрізді немесе сопақша, сырты тегіс формалар жара еніне қарағанда биіктігі ұзын болып келеді, қанталаулар пайда болып, жара аймағы мен тереңдігі, сүйекте ұштары сынған сындықтар қалу мүмкін.

Жанышып-кесілген жараптар аймағына, жеріне қарап, қандай мақсатпен түсірілгенін көруге болады, яғни, жаракат — мойын, кеуде, іште, арқасында болса, бұл өлтіру, ал, өзін-өзі өлтіруде көбіне жүрек болады. Осы жағдайларда адам қан кетуден өледі.

Сылып түсіретін заттардан алынған жаракаттар — негізінде бұл өткір жүзді ауыр затпен салынады (мысалы, балта, қылыш). Мұндай заттың қызметі адам денесіне ауыр соққы берген кезде іске асады. Сылып түсіретін жаракаттарға: тегіс шетті, өткір ұшты, сүйек жаракатына дейін болатын терең және ауыр жаракаттар жатады.

Балтамен түскен соққы негізінде теріде кесілген жердің орны бір қалыпты болмайды.

Балта немесе қылыш әсерінен пайда болған жаракат:

— жалпақ сүйектерде — тегіс, осыған трассологиялық зерттеу жүргізу барысында сылып түсіретін заттардың жеке белгілерін анықтауга болады.

— бас сүйегінде — сызықты сағалы шабулар (бас сүйек күкісінде кіретін), балта шүйдесінен түскен соққыдан, тесік тәрізді

сынық, соққылар негізінде жара ұшы немесе шетінен қосымша шытынаулар туындалады.

Бас сүйегі арқылы сот-медицина сарапшылары осындай соққылардың жалғаспалылығын анықтайды, себебі — бастапқы шытынау келесі түсken соққыға қызылыспайды, өйткені, ол сол туындаған жарақатпен аяқталады.

Сылынып түсетін жаралар баста және мойынның артқы бетінде жиі орналасады. Өзін-өзі өлтіру кезінде бұл жарадар сирек кездеседі, егер болған жағдайда көбінесе терең емес, параллельді орналасқан бастың маңдай, тобе жағында болады.

Аралап-кесетін заттан алынған жарадар — сирек, бірақ тұрмыста көп кездеседі. Аралап-кесетін заттардан алынған жарақаттар ерекшелігі мыналар:

- бұл — бірнеше ирелендеген зат әсерінен болатын кескін;
- жара түбінде — жырылу;
- жара, көбінесе, ара тісінің ара қашықтығы, тотбасқандығы, қалындығы, ұзындығына байланысты болады.

Карусыз адамнан алынған жаракаттар

Мұнда қарусыз адамның әсерінен алған жаракат сипатына, пішініне, орналасуына және ауырлық дәрежесіне байланысты болады. Бұлардың ішінде өлімге алған жаракаттар да орын алуды мүмкін. Жаракаттар көбінесе аяқ немесе қолмен түсірледі.

Саусақ ұштарынан алынған жаракаттар — саусақ ұшымен түскен күштің орнында дәнгелек, сопақ тәрізді қанталаулар мойында, иықта, белде және білезік сүйегінде болады. Иықта көбінесе — бір жағынан бас бармақтан түскен үлкендеу дәнгелек, ал, екінші жағында қалған саусақтардан түскен қанталаулар пайда болады.

Шымшыған кезде — жартылай дәнгелек, сопақша тәрізді саусақтан қалған екі жақты қанталау туындаиды.

Саусақ ұшындағы тырнақпен басқан кезде жартылай ай тәрізді сызат пайда болады.

Саусақтармен қатты басқан кезде, ұсақ сүйектердің шығуы немесе сынуы, ал, кішкентай нәрестелердің бас сүйегінің мыжылуы пайда болады. Саусақтарды табиги саңылауларға (ауыз, мұрын, қынап, тоқ ішекке) кіргізіп басқанда жұмсақ ұлпалардың жырылуы мүмкін.

Алақаннан алынған жаракат — бұл көбінесе бет немесе дененің басқа жерлеріне шапалақ салу арқылы болады. Әдетте мұндай соғыулар кезінде белгілер қалдыrmайды, тек артынан қызару болуы мүмкін. Кейде құлакты шапалақпен ұрган кезде дабыл жарғағы жарылып, ал мойыннан — ұйқы артериясының аневризмасының жыртылуы мүмкін.

Жұдырықтан алынған жаракат — теріде сыват, қанталау түсіреді. Беттен ұрган кезде бет сүйегінің сынуына әкеп соғады. Қеудеге түскен қатты соққыдан — төс және қабырға сынуы, ал, іштен ұрган кезде — кекбауыр, бауыр және асқазан жарылуына әкеп соғады.

Аяқпен жаракаттау — жұдырыққа қарағанда сирек кездеседі. Егер тұрган немесе отырган адамды соқса, жаракат көбінесе аяқ аумағында, жыныс мүшелері маңайына, іштің төменгі жағына жасалып, ұшбұрышты, немесе сопақша тәрізді қанталаулар пайда болады.

3. Оқ тигендегі жаракаттар

Мұнда оқты қарудан немесе жарылатын заттан алынған механикалық жаракаттар қарастырылады. Оқ тиген кездегі жаракаттар механикалық, химиялық, термиялық әсерден пайда болады.

Оқ тигендегі жаракаттардың пайда болуы: оқ энергиясына, зақымданған дененің анатомиялық ерекшеліктері (жұмсақ үлпалар, сүйек, шеміршек) мен жәбірленушінің киімінің қалындығына байланысты.

Бұл жаракаттардың механизмі мынандай: оқ үлкен жылдамдықпен денеге тигенде ауыр соққы береді және өзінің жанындағы мүше мен тіндерге зақым келтіреді. Оқ сүйекке түскенде сынықтар пайда болып, жақын жатқан тіндерді зақымдайды.

Оқ тигендегі жаракаттар: тұйық, жанап өтетін, тесіп өтетін болады. Олардың негізгі элементтері — кіру тесігі, жаракат жолы, шыгу тесігі.

Кіру тесігі — оқтың денеге кіру жері. Оқ денеге кірген кездегі пайда болатын зақымдалулар сипаты:

а) тері және ұлпадағы ақаулардың пайда болуы.

Оқ перпендикуляры түрде және ұлкен энергиямен кірген болса, теріні тесіп өтеді, мұнда жара шеті тегіс, ішке кіргізілген, сол уақытта тері бөлшектері жарақат жолының ішіне тартылған, тері тесігі дөңгелек тәрізді және жарақат жолына қараганда 1-2 мм-ге кіші болады.

Оқ кинетикалық энергия бойынша теріні теспей, жыртады, сонда тері созылып жыртылады.

б) шөгінді белдеу. Оқ перпендикуляры түрде кіргенде 1-3 мм алқызыл-сары түсті сақина тәрізді болады. Шөгінді белдеу сыртқы тесіктеге пайда болуы мүмкін, себебі оқтың денеден шығу аумағы терінің беткі қабатының аршылуына экеліп соғады.

в) дақты белдеу. Ол қарудың металынан, ыс болігінен туындаиды. Оның ұзындығы 0,5-2,5 мм және де денеде шөгінді белгіге ұқсас болып келеді. Дақты белдеуде металдың бөліктерінің жи налуын спектральді талдау арқылы білуге болады. Бұл қарудың және қосымша заттардың идентификациясы үшін қажет.

2. Шығу тесігі — денеден оқтың шығу орны. Оның пішіні әр түрлі: жұлдызша, саға, доға тәрізді, дөңгелектен сопакшаға дейін болуы мүмкін. Көбіне кірген тесікке қараганда ұлкен болады. Шығу тесігі тегіс емес жара, терінің кішкене жыртылуымен жүретін, көбіне сыртқа қайтарылған жарадан сүйек сынығы, бұлышық ет және ұлпалардың жырылуы байқалып, бірақ, кіру тесігіне қараганда, шығу тесігінде ластану белдеуі болмайды.

3. Жаралы оқтың жолы — оқтың денеге журу жолынан пайда болады. Негізінде оны мәйітті ашып тексерген кезде, оқтың ұлпа және мүшеден өткен жолын көреміз. Жара жолы сипаты оның пішініне, оқ өлшеміне, оқтың ұшу жылдамдығына және закымданған ұлпа қасиетіне байланысты. Жара жолы ішіндегілердің (қан және жыртылған ұсақ ұлпалар) сыртқа шығу қарқындылығы пайда болып, сыртқы тесігі үлкейеді. Ішкі мүшелерде ұлкен жұлдызша тәрізді жаралар пайда болады.

Сарапшылар тұйық жараларда оқ, жарақат жолы соңында өзінің салмагының ауырлығына немесе қан жүруіне соғылысып, бұл оқтың өңешке, асқазанға, ішекке, іш қуысы немесе плевральді күйсқа түскен кезде қалатындығын көрсетеді. Оқтың табиги тесіктерге түскен кезде есту жолы, ауыз, мұрын т.б. оқ

жарақатының көрінісі көлемді жарақат кесірінен көрінбейді, сондыктан оны тек мәйітті ашу кезінде көреді.

Сот медицинасында адам денесіне әр түрлі оқ тигендегі жарақаттарды алыстан немесе жақын қашықтықтан атқанын айқырата алады.

Алғыс қашықтықтан атылған оқ тигендегі жарақаттар негізінен жогарыда көрсетілді. Жақын қашықтықтан атылған оқтан жарапану сот-медицинада сараптамасында үлкен қызығушылық тудырады. Мұнда зақымданған объектіге оқтың езі ғана емес, қарудан шығарылатын заттар да эсер етеді және айқын із қалу дәрежесі қашықтығына, санына, сапалылығына, қару құрылышына байланысты болып табылады.

Жақыннан атудың ерекшелігін денеге оқтың тигенінен жақсы түсінуге болады. Мұнда адам денесіне немесе киіміне қарудың ататын жағы тиіп тұрады.

Зақымдану механизмі:

— оқ-дәрілік газдар оқтың жасаған жолының артынан кіріп, теріні ішінен жыртып, содан жүлдyz тәрізді және т.б. кіре беріс пайда болады.

— оқтың итеруінен пайда болған ауа, оқ-дәрілік газдар, киімде және теріде және т.б. зақымданулар тигізеді.

Тигізіп атудағы зақымданудың маңызы:

— егер тері астында сүйек болса, онда кіру тесігі үлкен жарақалы ұзын жыртылумен 2-5 см көлемінде жүреді;

— егер іш аумағына немесе кеуде жасушасына оқ бағытталған болса, көбінесе үлкен өлшемді, дөңгелек ұлпалардың ақаулары болады.

Сарапшылар денеге ату кезіндегі кіре беріс аумағындағы ерекшеліктерін былай жіктейді:

— металл бөлшектері, оқ-дәрі, қару майының іздерінің жиналұлы;

— оқ-дәрілік газдар тудыратын тері және киім жыртылуары;

— қарудың тиген жерінің орны;

— оқпен жарапану аумағында айқын қызыл ала түсті қан немесе бұлышқ ет болуы.

Жақын қашықтықтан ату кезінде қалған дақтың пішіні мен аумағы: қашықтығына, қарудың орналасуына, зақымдалған

объектінің беткі қабатына байланысты болатындығын білуіміз керек. Қарудың оқпанынан шыққан бытырамен бірге, толық жаңып бітпеген бөлшектер мен оқ-дәрі түйіршіктерінің шашырауы, 50 см қашықтықтан атқанның өзінде киімнен тесіп өтіп, теріге кіріп кетуі мүмкін.

Аң аулайтын қарудан алынған жарапану ерекшеліктері

Сот-медициналық сараптамасы тәжірибесінде жарапанудың бұл түрі бойынша, әсіресе, қаруды ұқыпсыз ұстая кезінде кездейсоқ жағдайлар жи болады, сондай-ақ, ол адам өлтіру кезінде және өзін-өзі өлтіруде кездеседі. Октың кіру және шығу тесіктерін анықтау мәселесі қыындық тудырмайды. Жақыннан атқан іздердің айқындылығы бытыра сапасына байланысты, яғни тұтіндеген кезде — еру және күйдіру 50-100 см ара қашықтыққа дейін болуы мүмкін, ал, тұтінсіз болса, тек 5 см-ге дейін.

Тұтінді оқ-дәрі кезінде оқ тиген жарақаттың кірген аумағында ыс қалуы 150 см-ге дейін, ал, тұтінсіз оқ-дәріде ол — 75 см-ге дейін болады, сондай-ақ, тұтінді оқ-дәрінің кіруі және түйіршіктерінің денеде қалып қоюы 200 см және одан да ұзақ қашықтықтан, ал, тұтінсіз оқ-дәріде — 100-150 см-ге дейінгі қашықтықтан атқан кезде болады.

Кіру тесігінің аймағына тақап тұрып атқан кезде оқ-дәрілік газдан қалған тері жыртылулары сирек кездеседі, алайда, 1-1,5 см қашықтықта оқпанның ізі жақсы көрінеді.

Жақыннан атқан іздің және тарапу дәрежесінің іздері калибрge, оқпанның сипатына, бытыра санына, оқ-дәрінің сортына және сапасына байланысты екенін ескеру керек.

Келесі ерекшеліктер сипаты бойынша келсек бытырамен жарапануда жарақаттар көбіне соқыр болады. Сондықтан, мәйітті ашып қараша кезінде жарылғыш қаруларды иеднтификациялау үшін колданылуы мүмкін, денеде қалған тығындарды, бытыраны, оқ-дәрінің қалдықтарын табуды және алуды талап етеді.

Бытыралық жарапарды диагностикалау кезінде жәбірленушінің денесін рентгендік зерттеу маңызды мәнге ие.

Жарылыстан алынған жарақаттар ерекшелігі

Химиялық, физикалық және ядролық заттардың өзгерістері әсерінен аяқ астынан пайда болатын қуат бөлінуінен жарылыс болады. Жарылыстан алыпған жарақат әсерінен туындаған өлім пайда болады.

Зангерлерге жарылыс тузызатын факторды білу кажет. Олар жарылғыш газдар, соққы толқыны, қапталған зарядтың қалдықтары, жарылыс кезінде пайда болатын қайталама снарядтар.

Жарылғыш заттардың адамға әсері жарылғыш заттардың салынына, жәбірленуші мен жарылыс болған жердің арақашықтығына, тосқауылына, дененің қалыпты жағдайына, снарядтың құрылсынына байланысты болады.

Сот-медицинада тәжірибеде көбіне жәбірленушінің жаралатын жарылыс болған жердің жақындығымен байланыстырады, себебі — ол бір уақытта әсер етеді;

— химиялық, термиялық, физикалық, механикалық әсер ететін жарылғыш заттың толқыны жарақаттанулардың үлкендігімен, дене және оның бөліктегінің бұзылышымен оның жан-жаққа лақтырылумен сипатталады;

— соққы толқыны адам денесіне қатты тығыз зат сияқты, бірақ ауамакты соққымен жүреді;

— жарылғыш зат қабатының сынығы жан-жаққа лақтырылып, үлкен зақымданулар тигізеді.

Жарылыстан алынған жаракат өзгешелігі:

— кіру тесігінің пішіні дұрыс емес және сынық өлшеміне қарағанда үлкен болуы;

— зақым тигізетін жарылғыш кондыргылардың қаптамасында қалған қалдықтар бар қайталама снарядтардың санының көп болуымен сипатталады.

Жәбірленушінің өлімінің себебін және оның жаракат алудың байланысын анықтап алу, құқық бұзушының (айыпталушының) тергеу мен соттағы әрекетін саралау үшін маңызды.

Жаракаттан кейін келетін өлімнің себебі:

— дене мүшелерінің механикалық күш арқылы зақымдануынан;

— негізгі жаракаттан кейін пайда болған асқынулардан болуы мүмкін.

Жиі асқынулардың пайда болуы:

— үлкен қантамырдың зақымдануы әсерінен бірнеше минутта 500-1000 мл қан кетуден;

— жаракаттан естен тану барысында айқындалады.

4. Жарақат негізіндегі өлім себептері

— ішкі ағзалардың, аяқ және жамбас сүйектерінің қатты ауыруымен, кең түрде закымдалуымен байланысты;

— жарақаттың уыты адамның тұтас денесінде немесе бұлшық еттің жаншылуында бүліну, шайқалу, екінші фактор ретінде бас сүйек миының жаншылуы, жүректің қаптамасында жүрек тампонадасы, артық мөлшерде қанның жиналуы, ағзалардың қызметінің тоқталуына себеп болады;

— инфекциялық асқыну ағзаның зақымдануынан, микробтардың түсуінен туындауды (мысалы, сүйектің сынуынан сүйек қабықтарының дигнозы аныкталынады, жұмсақ тіндердің және ағзаның іш куысының жарақаты — ірің, өкпенің закымдалуы негізінде өкпе қабынуы, бас жарақаты, ми қабынуы, ең басты қауыпты, газды шірік, микробтардың қанға тарап кетуі, сіреспе, сепсис келтіреді);

— эмболия (aya, май тромбозы) ішкі мүшелердің қан тамырларының бітелуі.

— көңіл-күйдің психикалық күйзелістері, ішке, жүрекке тижен ауыр соққы жүректің рефлекторлы тоқтауына экеп соғады.

Сот-медицина сарашылары мәйіттің жарақат іздеріндегі нұсқамасында әрдайым оның өмірлік шығу барысын анықтауға тырысады.

Өмірлік жарақаттың дәлелдері:

- жарақат аумағындағы қабыну реакциясы;
- қан кету, сыртқы және ішкі қан құйылу;
- қабыну аумағындағы ұлпалардың ісінуі;
- қаннның өкпедегі терен аспирациясы;
- эмболия белгілері.

Сот-тергеу тәжірибесінде қылмысты өліктің дарға асылуы, темір жолға тасталуы, өліктің түрін тануды қындау мақсатымен ұсқынсыздау арқылы имитациялық түрде өзін-өзі өлтіру немесе оқыс оқиға деп жабуы мүмкін. Мұндай өлімге алып келетін жаракаттар, жануарлардан келген залалдың осал (салак) тасымалынан болуы мүмкін.

Өлімге алып келетін жаракаттардың дәлелі болып, «пергаментті дақтар» деп аталатын, өліктे тері деңгейінен төмен

орналасқан, қоңырқай-сары мәйіт дактары. Өлімге алып келетін өмірлік зақымдарды анықтау үшін сот-медициналық сараптамасы тағайындалады. Жарақат аумағындағы ағзалар мен ұлпалардың бөлшектерін микроскоптық зерттеу арқылы, ағзаның жарақатқа қатысты реакциясының алғашқы белгілерін және тамырдың өмірлік патологиялық өзгерістерін нақтылауға болады.

5. Сот-медициналық сараптамада қарастырылатын негізгі сұрақтар

1. Тірі кезіндегі алынған жарақаттар және оның уақыты;
2. Жарақаттайтын заттардың қасиеті:
 - 2.1. жарақаттаушы заттардың түрі;
 - 2.2. жарақаттаушы заттың беті (өлшемі, пішіні, бедері);
 - 2.3. салмагы;
 - 2.4. материал;
 - 2.5. осы дөғал заттан зақымдар алынуы мүмкін.
3. Жарақаттардың пайда болу механизмі
 - 3.1. күш түскен жер;
 - 3.2. жарақат әсерінің бағыты;
 - 3.3. жарақаттану әсерінің түрі (соққы, қысу);
 - 3.4. жарақат әсерінің саны;
 - 3.5. әсер күші;
 - 3.6. нақты жағдай кезінде жарақат тигізу мүмкіншілігі;
 - 3.7. жарақаттаушы затпен дененің зақымданған аумағының орналасуы;
 - 3.8. нақты шартты үрдістегі жарақат тигізу болу мүмкін.

Оқ тиген жарақаттар кезінде сот-медициналық сараптамасымен шешілетін сұрақтар:

1. Тірі кезіндегі алынған жарақаттар және оның уақыты.
2. Ату кезіндегі зақымдаушы факторлардың сипаты:
 - 2.1. қару түрі: картеч, атипті снаряд, снаряд сынығы және т.б.;
 - 2.2. оқтың снарядтық қасиеті:
 - 1.1.1 көлденең диаметрі,
 - 1.1.2 өлшемі,
 - 1.1.3 бас бөлімінің пішіні,

- 1.1.4 қабаттың болуы немесе жоқтығы;
- 1.1.5 материал;
- 2.3. патрон, ерекшелігі:
 - 2.3.1. оқ-дәрі түрі,
 - 2.3.2. салу, тығын және т.б.,
 - 2.3.3. бытыра, картечь,
 - 2.3.4. арнайы қоспаның болуы;
- 2.4. атудың қосымша факторлары:
 - 2.4.1. оқ — дәрі газы,
 - 2.4.2. ыс
 - 2.4.3. металл бөлшектері,
 - 2.4.4. ұнтақтар, қоспалар;
- 2.5. қолданған оқ жарақатының қасиеті:
 - 2.5.1. калибр,
 - 2.5.2. оқпанның конструктивті ерекшеліктері,
 - 2.5.3. оқпан тесігінің саны,
 - 2.5.4. иір ойықтың саны және бұрыштар ылдығы;
 - 2.5.5. оқпан, дүмбі, затвор және т.б. бөліктерінің құрылышының ерекшелігі,
 - 2.5.6. автоматты, автоматты емес,
 - 2.5.7. оқ қаруының қуаты, күштілігі.
3. Жарақаттың пайда болу механизмы:
 - 3.1. атудың саны,
 - 3.2. кіретін, шығатын саңылаудың орналасуы,
 - 3.3. жара саңылауының бағыты,
 - 3.4. атудың қашықтығы,
 - 3.5. материал және тосқауылдың болу ерекшелігі,
 - 3.6. атудың бағыты,
 - 3.7. киім және дене зақымының байланысты болуы,
 - 3.8. жәбірленушінің өзінің қолынан жаракат алу мүм-кіндігі,
 - 3.9. сез байласуыш қолынан жаракат алу мүмкіндігі,
 - 3.10. нақты жағдайда зақым тигізу мүмкіншілігі.

Қорытынды

Сот медицинасында, сот-тергеу тәжірибесінде сарапшы жаракат туралы сұрақтарды шешкенде, олар құқық қорғау ор-

гандарына үлкен көмек көрсетеді, себебі — ақиқатқа жету, ашу, болған істі анықтайды.

Болашақ зангерлер, сот-медициналық жарақат туралы оқығанда, сараптама мүмкіндіктерін тергеу, сот, корғаушы тәжірибесінде қолдану керектігіне назар аудару керек.

3. БИІКТІКТЕН ҚҰЛАУ, КӨЛІК ЖАРАҚАТЫ

Дәріс жоспары

Kіrіспе

1. Биіктікten құлау. Биіктікten құлаудың түрлері. Зақымдаушы фактор

2. Биіктікten құлаудың сипаттамасы және механизмі
3. Биіктікten құлаудың сот-медицина сараптамасымен шешілметін негізгі сұрақтары

4. Көлік жарапқаты. Көлік жарапқатының түрлері

5. Автомобиль жарапқаты, оның түрлері

6. Мотоцикл жарапқаты. Трактор жарапқаты

7. Темір жол, авиация жарапқаты

Корытынды

Kіrіспе

Сот медицина тәжірибесінде көбінесе биіктікten құлау жарапқатының салдарынан және әр түрлі көлік құралдары түрлерінің адамға кенеттен өліп кету немесе өмірге қауіпті емес ықпалын зерттеу жій кездеседі. Мұндай жарапқаттардың түріне доғал заттармен салынған жарапқаттар жатады, бірақ ерекше сипаттамалы болғандықтан, доғал жарапқаттардың басқа түрінен бөлек қарастырылады.

1. Биіктікten құлау. Биіктікten құлаудың түрлері. Зақымдаушы фактор

Құлау нәтижесінде алынған зақымдар — бұл құлаған кезде дененің қозғалмайтын заттан немесе жерден алынған соққыдан пайда болады. Бұл жарапқаттардың сипаты қандай биіктікten құлағанын, адам құлаған жердің ерекшеліктерін және адам денесінің құлап түскен кезде сол жерге қалай соғылғанымен анықталады.

Сот медицинасы құлаудың 2 түрін бөледі: жазық жерде құлау және биіктікten құлау.

Биіктікten құлаудың түрлері:

- тікелей (еш бір кедергісіз)
- тікелей емес (сатылап)
- бос
- бос емес
- жылдамдықпен
- жылдамдықсыз
- координациялық
- координациялық емес
- жазық жерден құлау.

Зақымдаушы фактор. Зақымдаушы фактор болып дененің құлап түсken жері танылады. Құлау биіктігі кең шеңберлі: адамның бойының биіктігімен, көптеген ондаған биіктіктерден (терезеден, үйлердің төбелерінен, құрылыштардан, жартастардан т.б.) және жүздеген метрлерден құлаумен ұштастырылады (сонғы оқиғада әңгіме көбінесе ұшу аппаратынан құлау, соның ішінде, парашют ашылмай қалғанда құлау туралы айттылып тұр).

Тікелей (еш бір кедергісіз) құлаудың әсерінің негізінен адамның денесіндегі зақымдану тікелей бір нәрсенің үстіне түсу нәтижесінде пайда болады. Зақымдану сипаты — құлау үстінің бетімен және көлемімен анықталады. Көлемі бойынша көптеген жағдайда шексіз. Ең сирек кездесетін жағдайлар аумағы шектелген жазықтық беттерден құлау, құлаған кездедене сол жазықтық қырына не бұрышына сыйдырылады. Зақымдау бедерінің үсті тегіс (асфальт беті, бетон плиталары) немесе тегіс емес (бөлек тастар, қыыршық тас) болуы мүмкін. Зақымдау бедерінің үсті — қатты болуы мүмкін (құм т.б.).

Тіке емес (сатылап) құлаған жағдайда дene құлап бара жатып түрлі зақым келтіретін әр түрлі нәрселерге соғылуы түсіндіріледі. (қылтима, бастырма т.б.). Зақымдау бедерінің көлемі, пішіні әр түрлі болып келеді. Сатылап құлауды негізінен тар кеңістікten құлау (шахта, баспалдақ) және тегіс емес жерлерден (эскалатор баспалдағы) құлау деп бөледі.

Қандай да бір ғимараттың әсерінен дene құлап бара жатып түрлі биіктіктері әр түрлі заттармен соқтығысып, бірге құлайды (бос емес құлау). Осы заттарден дene қозғалыс кезеңінде немесе дene бір нәрсенің үстіне құлағанда жаракаттар, зақымдар әкеледі.

2. Биіктікten құлаудың сипаттамасы және механизмі

Биіктікten құлауға дененің әртүрлі бөлігіндегі көптеген зақымдардың пайда болуы тән.

Тікелей бос құлаудың төмендегідей белгілері бар:

- аса маңызды емес немесе сыртқы жарақаттардың болмауы;
- біржакты жергілікті жарақат;

— күш қолданған жерден жарақаттың алыс болуы (төмен түтікше тәрізді сүйектің метафизді бөлігінің сынығы, омыртқа денесінің компрессиялық сынығы, шенбер тәріздес бас сүйегінің сынығы және т.б.);

— сыртқы мүшелерден қарағанда ішкі мүшелердің ауқымды жарақаттануы;

— дene сілкінісінің жалпы белгілері (параартольдық клетчаткаға, өкпенің төменгі бұрыштарына, бауыр маңы мүшелеріне, бүйрек қақпасына және көкбауырга, аш ішектің шажырқайына және т.б. қан құйылуы).

Қатты соққының әсерінен — қуысты және паренхиматозды ағзаларда жарақаттар пайда болады. Құлау биіктігі неғұрлым биіктеген сайын дененің жалпы жағдайының белгілері анық көрінеді. Тікелей бос құлаудың әсерінен қанқада келесідей дененің әр түрлі бөлімдерінде және дененің сыртқы жағдайында зақымдар түзіледі: баста — бассүйектің көп бөлшекті сынуы, жамbastың көп бөлігінде — қасаға сүйегінің сынуы, аяқта — табан сүйектерінің бұзылуы, дененің бүйір бөлігінде — қабырга аймағындағы құлаган бетіндегі тік сынықтар, ал, қарама-қарсы бетінде қиғаш, арқада — көп бөлшекті жауырын сынықтары, омыртқаның өсінділері және жауырын-омыртқа маңы сыйығы бойымен көптеген тік сынулар, дененің алдыңғы бөлігінің тік қиғаштық және көп бөлшекті кеуденің сынулары, төс маңы және бұғананың ортағы сыйығы бойымен қабырғалардың көп сынықтары, бет сүйегінің зақымдануы, тізе буынының сынуы, кәрі жіліктің метафизінің еніп сынуы.

Сондай-ақ қатты соққы кезінде биіктікten тікелей бос құлауда, күш түскен жерде сынықтар пайда болады: омыртқа денесінің компрессиялық сынықтары және кеуде жасушасының әсерінен құйымшаққа әсер ететін күш, аяқ басы және жазылған

аяқ қалпындағы, башпай беті, үлкен мықын сүйегі және жамбас сүйегінің метафизді бөлігінің жанаспалы сынығы — табанмен құлаған кезде жазылған аяқ қалпында башпаймен және құйымшак болімімен құлағанда - бас сүйегінің шенберлі сынығы тәрізді.

Денениң жерге келіп түскен соққысының күші — құлаудың траекториясымен және құлаудың биіктігіне және де денениң қүйі, денеге қандай да бір жылдамдықтың қосылғандығымен байланысты болады (өзіндік итерілуі немесе әлдебір бөтен күш болуы). Адамның жағдайына байланысты (мысалы, маскүнемдік жағдайда, ес-түссіз жағдайда болуы) құлау координацияқ емес сипатта болуы мүмкін. Координациалық пен ретсіз құлаудағы зақымдар жиынтығы әр түрлі.

Сатылы және бос емес құлаудағы пайда болатын зақымдар арасында ерекшеліктер бар. Биіктіктен құлаудағы зақымдар (көптік, бөлек сынықтар, ішкі зақымданудың көлемді болуы және денениң жалпы жарақат белгілері) әртүрлі ошақтануымен сипатталады.

Егер тіке бос құлаудағы зақымдар көптігіне қарамастан, доғал заттардан пайда болған соққының әсерінен болса, онда сатылы және бос емес құлаудағы доғал заттардан алынған зақымдардың түрі жыртылған, кесілген, созылған, үйкелмелі, бөлінген болып келеді.

Сатылы бос құлаудың өзіндік бір ерекшеліктері бар. Егер тіке бос құлауда зақымның көптігіне қарамастан, зақымдар доғал заттан түзілсе, ал сатылы бос емес құлауда доғал зат зақымдарымен қоса соққыдан жыртылған, тесілген, кесілген-жаралар, созылу, үйкелу, бөліну деген сияқты зақымдар пайда болады.

Сатылы бос құлауда қосымша зақымдар болады: эксцентрлік әсерден, үйкелу әсерінен жыртылған жаралар пайда болады. Құлау траекториясының кедергі заттарының бар екендігін нақты құлаған жерді қарауда, заттардың немесе өлген адамдардың киімінен көруге болады.

Бос емес құлауда адамның денесінде қосымша үйкелу әсерінен үстіртін жарақаттар болады. Ұшып келген адам денесінен ауыр заттар бірінші жерге құлайды да, қосымша тегіс емес жер бедерін құрайды. Ал массасы бойынша жеңіл заттар адам денесінен кейін құлап түседі. Үлкен массалы заттардың құлау әсерінен, адам денесінде құлап қосымша мыжу жарақаттарын түзеді.

Жазық жерде құлауға — адамның қол-аяғының сүнуы, мидың шайқалуы мен соғылуы жатады. Адам денесінде алдын-ала қосымша жылдамдық мысалы, итеріп жіберу, бетінен ұру және қайта құлау кезінде желкенің доңес шекарасына және бас сүйегінің бір болігіне құш тұсу, ал бетте көгерулер, қанталаулар, төменгі жақта жарақаттар түрінде соғу іздері табылады. Бірақ бұл белгілер тұрақсыз болып келеді.

Құлау салдарынан пайдада болған жарақаттарды сот-медицинасы бағалайтын негізгі қорытындыларын келтіреміз.

Бірінші соққы алған жер туралы, езінің шығу механизмі бойынша аса ауыр жарақаттар байланысты ішкі ағзалардың және қанка сүйектерінің ауыр закымының бір жақты жарақаттар және тіке сыйықтар ошактары туралы айтамыз. Соққы кезінде сынған сүйекке және сол жерде орналаскан ішкі мүшелердің закымдануымен байланысты алғашқы жарақаттың бағыты анықталады.

Құлау кезінде қайталама жарақат алу фактісі туралы, сыртқы зақымдаулар мен алғашқы жарақаттың бетінде орналасқан тіке сыйықтар бойынша қарастырады.

Құлау биіктігі есептеу жолымен, яғни жарақаттардың көлемімен және алғашқы соққы жерінің қаттылығымен белгіленеді.

Соққы тиғен жердің сипаттамасы (бедер, нысаны, көлемі, материалы) доғал заттармен келтірілген жарақаттарды бағалау үшін сұрақтарды шешу барысында пайдаланатын жалпы алгоритм бойынша анықталады.

Сыртқы зақымдардың қайта жарақаттануы кезінде және сол түрдегі тікелей сыйықтар, беткей орналасады, алғашқы жарақат беткейімен байланысты.

Бастапқы жағдайда және денеде алдын ала жылдамдық бойынша құлау механизмінің сипаттамасы, оқиға болған жердің құрылымы және дененің құлағаннан кейінгі жағдайы, бастапқы статистикалық және динамикалық манекеннің құлауы эксперименттік зерттеу нәтижесін көрсетеді.

Адамның өз бойының биіктігінен құлауы — жазық жерге құлауы болып табылады. Бұл жағдайда бас зақымдалады. Құш түскен жерде көгерулер, қанталаулар, жаралар, бас сүйектері мен бет сүйектері зақымдалады. Сыйықтардың линиялары құлау бағытына байланысты болады.

Мандаймен және шүйдемен құлаған жағдайда, мандай және шүйде жарақаттанғанда, ми қабығында жарақат ошағы пайда болады. Ошақтың беткейінде қызыл қанталаулар көптеген дақтармен коршалып, майда ошакта қанталаулар қабығының аймағын және сол қабық маңына жақын жерлерді толық алып жатады. Шүйдемен жарақат алған кезде жарақат ошағы, қабық маңайына, бүйірге қарама-қарсы шүйде бөлігінде жайылады.

Бастың артқы жағы бөлігінің үстіне құлауы (шүйденің сол және он бөліктері), қабықтың негізгі және мандайлық бөлігі мен шүйделік бөлікке қарама-қарсы мидың үлкен көлемді жарты шарын, жиі ушиб ошаққа алып келеді.

Баспалдақтан құлау туралы А.И.Авдеев жіті зерттеген. Ол келесідей анықтаулар енгізген.

Бұл жарақаттың сипатының белгісі болып, киімнің лас болуы, баспалдақтың салдарынан сызықты көгерулердің қалуы. Олардың орналасу деңгейі бойынша құлаудың алдында жәбірленушінің баспалдақтың қай жерінде тұрганын көруге болады. Баспалдақтың төменгі участексерінен құлағанда — астыңғы жақтарда, ортасынан — денеде және астыңғы жақтарда, баста және дене бөліктерінде — баспалдақтың үстіңгі жағынан құлағандагы жарақаттар пайда болады.

«Координациялық емес» құлау — бұған киімнің лас болуы, көгерулердің болуы, қанталаулардың болуы, қаңқа сүйектерінің зақымдары, бастың артқы бөлімдерінің жұмсақ ұлпалардың қанталауы көрініс алады.

Қарқынды түрде алға қарай бетпен құлау мезетінде мынадай белгілер анықталады:

- зақымдалған жауырынның, бас сүйегінің бөлігі, желке аймағы, жамбас пен тізенің артқы беткей бөліктерін аз мөлшерде қалпына келтіру;
- бас сүйегінің бір бөлігі, жауырын, шынтақ, жамбас және тізенің көгеруі;
- бас сүйегінің бір бөлігінің бөлімінде жаралардың болуы;
- бас сүйегінің бір бөлігі, шүйде, жауырын, бел бөлімдеріне қан құйылу;
- жауырын сызығының бойындағы жергілікті сыйнуы;

— жауырын сынығында, бас сүйегінің бір бөлігінің — шүйде аймагында жарықтардың болуы;

— бас сүйегінің жинақталған жарақатының белгісі.

Жазықтықтан құлауда — шүйде бөлігінде шынтақ иық алды, ал артқы беткейінде, бас сүйегінің терең жарақатында және шүйде бөлігіндегі шаңының іздері, бас сүйегі және шүйде бөлігінде, жауырын, омыртқаның мойын бөлігінің қанталауы, жауырын, шүйде сүйектерінің сынуы көрініс алады.

Бетпен алға қарай құлауда:

— кеуде және іште, маңдайда, жақта, мұрында, иықтың алдыңғы жағына шаң бөлшектерінің қонуы;

— маңдай, мұрын, жақта, іштің алдыңғы жағында, иықтың алдыңғы жағында көгерулердің болуы, жақ бөлімдерінің жұмсақ тіндерінің қанталаулары;

— қабырганың орталық сыйзығының сынуы, төстің сынуы жиі кездеседі.

Жазықтықтан алға қарай бетпен құлауда:

— төсте, жақта, маңдайда, иықтың үстіңгі жағында шаң бөлшектерінің қонуы; маңдайдың, мұрынның, жақтың, кеуденің үсті, иықтың, табанның, жамбастың, тізенің алдыңғы жағының көгерулері;

— маңдайдың терең жарапары;

— жақтың және маңдайдың, мұрынның, кеуденің, жұмсақ ұлпалардың қанталаулары;

— бастың бет бөлігінің сүйегінің қайталамалы жарақатының белгілері;

Жанына қарай жылдамдықпен құлау сипаттамасы:

— самай, жақ, бас сүйек, шынтақ бөлімдеріне шаң бөлшектерінің қонуы;

— бас сүйек және самайдың, іштің жауырын бөлімдерінің көгерулері;

— бас сүйегінің бір бөліміндегі жарапар, самай, жақ, шүйде бөліктеріндегі жарақаттар;

— бас сүйек самай бөліктерінде жарықтардың болуы, бас сүйек сынуулары.

Жазықтықтан жанына құлау сипаттамалары:

— самай, шүйде, жауырын, бөлімдерінде шаңының іздері;

- бас сүйек бөлімдерінде және іш құрылышының артқы жағында, иықтың жанындағы көгерулер;
- самай, шүйде, жақтың, жауырын және иықтың сыртқы жағының қанталаулары;
- бас сүйегінің — шүйде аймағындағы сыйнуы негізінде жарықтардың пайда болуы немесе бас сүйегі бөлшектерінің сыйнуы.

Жанына қарай құлау сипаттамасы:

- бас сүйегі және жақ бөлімдеріне шаң бөлшектерінің қонуы;
- самай, іштің бүйір жағы, жауырын, белдің, иықтың көгерулері;
- бас сүйек бөлімдерінің жарақаттары; бас сүйек, мандай, жақтың жұмсақ тіндерінің қанталаулары;
- жауырын, бас сүйегінің бір бөлігі — мандай аймағынан жарықтың бастың негізгі бөлігіне етуі, бастың үш шұнқыр бөлігінде де жарықтың орналасуы.

3. Биіктікten құлаудағы сот-медицина сараптамасымен шешілетін негізгі сұрақтар:

1. Тірі кезіндегі алынған жарақаттар және оның уақыты.
2. Закымдаушы заттардың қасиеттері:
 - 2.1. закымдаушы заттардың түрлері;
 - 2.1.1. құлау жерінің үсті,
 - 2.1.2. құлау үстіндегі заттар,
 - 2.1.3. құлау траекториясындағы заттар,
 - 2.1.4. құлаган дененің үстіне құлаган заттар;
 - 2.2. Беткей закымдаушы:
 - 2.2.1. мөлшері,
 - 2.2.2. пішіні (рельеф),
 - 2.2.3. бедері
 - 2.2.4. орналасуы;
 - 2.3. Осылардың әсерінен жарақаттың пайда болуы мүмкіндейі.
3. Закымдалудың пайда болу механизмі:
 - 3.1. закымдалудың әсер ету түрі (доғал, өткір),
 - 3.2. күштің түсу орны,

- 3.3. зақымдалудың әсер ету бағыты,
- 3.4. дөғал зақымдаушы заттың әсер ету нұсқасы (соққы, созылу, үйкелу),
- 3.5. жаракаттың әсер ету күші,
- 3.6. жаракаттың бір уақытта болу мүмкіндігі,
- 3.7. зақымдардың пайда болу салдары;
- 3.8. Берілген жағдайда жаракаттардың болу мүмкіндігі:
 - 3.8.1. құлау түрі (бос, бос емес, тікелей, сатылы, жылдамдықпен),
 - 3.8.2. құлау кезіндегі дененің беткей беліктері
 - 3.8.3. сатылы құлауда — құлау траекториясының кесінділерінде белгілі зақымдардың пайда болу мүмкіндігі,
 - 3.8.4. дененің бастапқы жағдайы (bastың көлденең, тігінен, бүгілген астына немесе үстіне),
 - 3.8.5. сол кездегі алдын алу жылдамдылғының болуы немесе болмауы,
 - 3.8.6. координациялық немесе координациялық емес құлауы.

4. Колік жаракаты. Көлік жаракатының түрлері

Көлік жаракаты — қунделікті өмірде көп кездесетін жайт. Көлік құралы жүріп келе жатқан кезінде оның сыртқы және ішкі беліктері келтіретін, сондай-ақ жүріп келе жатқан көліктен құлаған кезде алынатын механикалық жаракаттар көлік жаракаты болып табылады.

Көлік жаракаттары — рельстік емес (автомобиль, мотоцикл, трактор және т.б.) су, рельсті (темір жол және травмай) және әуе көлік жаракаты.

5. Атомобиль жаракаты, оның түрлері

Зақымдаушы фактор. Негізгі зақымдаушы фактор болып автокөлік құралдары табылады. Зақымдар автомобиль ішіндегі қозғалмайтын заттарға, автомобиль құрылышының бөлшектеріне соқтығысу әсерінен болады немесе көлік құралы жүріп келе жатқан кезде оның сыртқы және ішкі белшектері салатын, сондай-ақ жүріп келе жатқан көліктен құлаған кезде алынатын

механикалық жақақттар көлік жақақттары болып есептелінеді. Барлығы дерлік, көбінесе доғал затпен соғылған жақақттар әсерін береді. Бұл элементтер бірінші әсер етеді де, содан соң денені жолға немесе қозғалмайтын затқа мыжу әсерінен қосымша соғылуу, мыжу, жақақтын түзеді. Сынған терезенің әйнектері — кесілген, тесілген жақақттар алады.

Сирек жағдайларда автомобиль апаттарында көлік жанып кетіп, жәбіrlenушінің денесіне терминалық әсерін тигізеді. Автомобилдің **салон** ішіне газдар кіруі мүмкін. Бұл жағдайда жүргізуши мен жолаушыларға химиялық әсер алуы, осы жағдайда өлім болып, автокөлік апатына ұшырудың себебі болуы мүмкін.

Автомобиль жақақаты — бұл жүргізуши, жолаушы, жаяу жүргіншілердің автокөлік оқиғасынан алған зақымдар жиынтығы табылады.

Автомобиль жақақтының түрі және зақымдардың пайда болу механизмі (Матышев А.А., Солохин А.А., Христофоров С.И., Сафонов В.А. бойынша 1968 ж. түзетулдерді қоса).

Автомобиль жақақтын негізгі бес түрге бөледі.

— адамның қозғалып келе жатқан автомобильмен соқтығысуынан жақақат алуы;

— автомобиль дөңгелегінің басып өтуінен жақақат алу;

— қозғалып келе жатқан автомобильден құлап жақақат алу;

— автомобильдің ішінде жақақат алу;

— адам денесінің автомобиль мен басқа заттар арасында жаншылуынан жақақат алуы;

Автомобиль жақақтының құрастырылған түрі де кездеседі: ол адамның қозғалып келе жатқан автомобильмен соқтығысып, сол автомобильдің дөңгелегінің денені басып кетуі, қозғалып келе жатқан автомобильден құлап, сол автомобильдің басып кетуі.

Жүріп кележатқан автомобильдің адаммен соқтығысуынан жақақат алу.

Автомобиль жақақтының осы түрімен зақымдану, жақақат алу механизмінің әртүрлі болуымен ерекшеленетін, бірнеше салылар туындайды:

— автомобильмен алғашқы байланыс — соққы

— дененің автомобильге қарай лақтырылуы — соққы

— дененің жолға құлауы — соққы

— жол бетімен сырғанауы — үйкелу.

Автомобильдің құрылышы мен жылдамдық ерекшеліктеріне байланысты соқтығысудың екінші сатысы болмауы мүмкін. Зақымдану дөғал заттардың әсерінен туындаиды. Олар денениң әр түрлі бөліктегі орналасып, әдеттегідей олардың беткі қабатында туындаиды.

Автомобильмен алғашқы соқтығысу әсерінен: көгеру, қанталау, жаракат, сынықтар, ішкі ағзалардың жұлдынуы сынды неше түрлі зақымдар пайда болады. Негізінде жаракаттардың көлемі автомобильдің келе жатқан жылдамдығы мен массасына, ал олардың ошақтануы — автомобильдің соққы берген бөлігінің орналасуының биіктігіне байланысты болады. Зақымдар автокөліктің пішіні мен көлемін көрсетеді, олар машинаның жарық беретін жерінен дөңгелек және дуга тәрізді қанталаулар түседі, сзызықты, қақпағының алдыңғы жағынан қабырға тұсында бірбіріне параллельді көгерулер және т.б. болуы мүмкін. Алдыңғы жағынан соққанда, (бампер — сынықтар) жамбас немесе тізе сүйектерінің тіке майдаланып сынуы жиі ұшырасады. Алғашқы соққы жалпақ және кең енді автокөліктердің үстіңгі жағымен тигенде (мысалы, автобус) денениң бірнеше бөліктеріне зақым келтіреді. Осындай зақымдалудың ошағы мен сипаты көптеген жағдайда, соққы болған сәтте автокөлікке бағытталып тұрған денениң орналасуына және оның үстіңгі бедеріне байланысты. Алғашқы катты соққыдан денениң жалпы соққысына алып келуі мүмкін. Бұл соққыдан шайқалу салдары болып: өкпенің түпкі бөлігіне дейін және параорталдық клечаткаға қан құйылу, жүрек негізінде эпикард, бауырмен байланысты байламдар, көкбауыр және бүйрек қақпасы, ішек шажырқайы табылады. Ішкі ағзалардың үзіліп кетуі, кейбірде соққының катты салдарынан жүрек пен өттің үзіліп кетулері көрінеді.

Алғашқы катты соққыдан денениң артқы беткейізақымданғанда, омыртқаның мойын бөлігі және жанама зақымдар пайда болады. Олар: қанталаулармен байланысты және сол байланыстардың үзілі, сына тәрізді сүйектің майдаланып сынуы және омыртқа денесінің шығуы.

Жол бетіне құлау сипаттамасы біріншіден, екі жаракаттың әсер механизмімі бар — соққы және үйкелу, екіншіден, жол бетінің

тегіс емес және кең болуы. Бұл жаракаттар қөбінесе баста және аяқ-қолдарда болады. Бетте болған соққы кекшіл түрде немесе ашылған түрдегі жараптар көрінетін бөлігінде пайда болады. Көгерген аймақ кеңінен болып, ол жерден бір-біріне параллельді немесе ұстірт кесілген жаракаттар көрінеді. Мұндай жаракаттарды тізеде, шынтақта, алақан бетінен де байқауға болады. Бас сүйегінің сынуы, негізіне қайта келетін жарықтардың пайда болуымен шектеледі. Дененің ұштарының сынықтары мына белгілері бойынша ерекшеленеді: асықты сүйектің, жамбас және иық мойын сүйектерінің сынуы, осы сүйектердің басының шығуы.

Автомобиль дөңгелегінің басып өтуінен жаракат алу.

Автомобиль жаракатының бұл түрінің екі негізгі ерекшеліктері бар: дененің шектеулі бөлігінде және күрделі механизімінде болатын жанышылу, созылу, үйкелу, соққы. Осы зақымдардың пайда болуын бес сатыға бөлеміз:

- дөңгелакпен алғашқы жанасу — соққы;
- автомобиль жүрісінің бағытымен дененің орнынан сырғанауы — үйкелу;
- денені донғалақтың басуы — үйкелу және созылу;
- дөңгелектің дene арқылы өтуі — жанышылу және созылу;
- денені сүйреу — үйкелу;

Жанышылу эсерінен жарықтар, бұзылулар пайда болады. Бұл жайттар бас, кеуде, жамбасты басып кетуде жақсы көрінеді. Бұл жағдайда көптеген бас сүйегінің сынықтарымен екі ұсақталған сынық ошақтары, бірнеше меридианалықтар, екі қабырғаның екі жақты екі және үш, түзужәне қисық сынықтар, екі көлденең сынық пайда болған жамбас және сегізкөзде пайда болады. Ішкі ағзалар бөлшекті және жалпы жанышылып, мыжылып, үйкеліп, кейбір жағдайда мыжылу салдарынан бауырдың омыртқага жабысып мыжылуы көрінеді. Жүректің үзіліп кетуі, ішек шажырқайының, кекбауыр және бүйректің жыртылуы байқалады. Жаншудың салдарынан дененің донғалақтан тыс аймақта қалуы, донғалақтың басы басып кетуі — бастың қатты қабығының жыртылуы және ми заттарының өсінділерден шығуы, ішті басқанда — сүйек беткейіндегі терінің жыртылуы, жамбас және ішті басуда — жарқат салдарынан ішкі мүшелер сыртқа немесе қуысқа түседі.

Созылу жағдайындағы жұмсақ ұлпалардың үзіліп кетуіне және бөлініп кетуіне әкеліп соғады, олар: құлақ ұшының үзілүі, тері асты май ұлпаларынан тері қабыршақтарының жабық түрде шығуы, жалбыраған жаракаттардың болуы. Теріде сызат және қанталау түрінде протектордың суретерінің қалуы.

Жүріп келе жатқан автомобильден құлаап жаракат алу. Мұндай зақымдалулар типтік жағдайда үш сатыдан тұрады:

- дененің автомобиль бөліктерімен құлауында алғашқы жанасу — соққы;
- жолға құлау — сокқы;
- жолда сырғанау — үйкелу.

Дененің автомобиль бөліктерімен құлауында алғашқы жанасуда зақымданулар көп жағдайларда оның пішіні мен көлеміне, сонымен қатар, соққының бағытымен байланысты.

Кей жағдайларда дene құлаған кезде автомобиль бөлшектеріне тимесе, онда алғашқы саты жолға құлау болады.

Баспен жерге құлау ауыр ми жаракаттарының, бас сүйегінің көп бөлікті сынықтарының болуы, миында ошақты жаракаттар және субарахноидальді қанталаулар жергілікті күш түсken жерде пайда болады.

Бастың жаракаты омыртқаның мойын тұсынан қисао әсерінен болатын жаракат немесе бастың күрт қисаомен ұштасады.

Жамбаспен құлағанда — жамбас және бел омыртқалар жанышталып сынады. Кейде осындай жаракаттанғанда бас сүйек түбінің дөнгелектеніп жарылуы да мүмкін. Жер бестінсөнілған денеде, жалпы дененің шайқалуынан жаракаттар пайда болады.

Автомобиль ішінде жаракат алу. Бұл автомобиль жаракатының түрінде зақымдарды алу әр түрлілігімен ажыратылады: автокөліктің жүріп келе жатқанда аударылуы және оның биіктікten құлауы, жол жағасындағы козғалмайтын заттарға соғылуы, автомобильдің бір-бірімен немесе басқа көлік құралдарымен соқтығысуы. Зақымның көлемі — соқтығысу жылдамдығына байланысты болады. Автомобиль ішіндегі адамның денесіндегі зақымдар, жүріп келе жатқан көліктің козғалмайтын заттармен соқтығысу немесе лақтырылу салдарынан болады. Алдыңғы орында отырған жолаушы жүргізушілерге қараганда 7 есе, кейінгі орындарда отырған жолаушыларға қараганда 5 есе жиі қаза табады деп саналады.

Зақымдардың сипаты — кабинаның ішіндегі құрылғымен және автомобиль кузовы мен ішіндегі бөтен заттардың болуы, жәбірленушінің отырған орындарына байланысты болады.

Бұл автомобиль жаракаттары қарапайым күйде 2 фазамен сипатталады:

— автомобиль интерьери бөлшектерінің денемен алғашқы қарым-қатынасы (соққы);

— кузов немесе кабина болшектерінің ішінде қарай мыжылу әсерінен дененің жанышылуы.

Егер алғашқы соқтығу нәтижесінде автомобиль төңкерілсе, кабина ішіндегі адамдар қосымша соққы әсеріне ұшырайды. Алғашқы соққыда бетте, кеуде жасушасында, тізеде, зақымдар пайда болады. Жүргізушіде рульден дөңгелек тәрізді көгерулер және қанталаулар көрініс алады. Кейбірде төстің және табан сүйектерінің; жолаушыларда — көгерулер, қанталаулар және беттің жаракаттары, тізенің жабық сыннуы, жамбас сүйегінің артқы басының шығып кетуі байқалады. Алғашқы соққыдан жүргізуінде және жолаушыларда ішкі ағзалардың үзіліп кетулері және дененің тұтас шайқалуынан зақымдар пайда болады.

Дененің жанышылуы — кабинаның бұзылуының әсерінен және дененің қозғалмайтын бөлшектерге қысылып қалуынан пайда болады. Жүргізушінің кеуде жасушасының жанышылуы — қабырғаның алдыңғы бөліктерінде жабық екі жақты тіке сыннықтарға алдып келеді. Сынған қабырғаның соңғы ұшымен жүрек пен өкпе зақымдануы мүмкін.

Кабина ішіне автокөлік бөлшектерінің шығынқы заттары — қосымша бекітілген мөр түрінде жарапалар, терең тесілген, кесілген жаракаттарға әкеліп соғады. Кейде автомобиль кабинасындағы жаракаттар жарылыс және өртпен ұштасуы мүмкін. Осы орайда жынтықты жаракаттар: термикалық және механикалық зақымдар пайда болады.

Егер жүргізуі немесе жолаушы қауіпсіздік белдігін таққан болса, әдетте денеде оң жақ кеуденің жоғарғы бөлімінде қанталауды көреміз. Кейде онда иықтың және 2-3 қарбырганың тік сыннуы байқалады.

Адам денесінің автомобиль және басқа заттар арасында жаншылуынан жарақат алуды.

Бұл автомобиль жарақатының түрі негізінен адамды автомобиль кузовымен қозғалмайтын затқа жаншу салдарынан болады. Зақымдардың көлемі әдетте, жаншу дәрежесі, ауданы және жәбірленушінің жағдайымен анықталады. Қатты жаншылуда көптеген 2 жақты қеуде жасушасы және жамбастың жабық сынусы, жыртылулар, мылжалану, езілу, кейбірде ішкі ағзалардың үзіліп, жұлдынулары кездеседі.

Автомобиль жарақаты зақымдарын сот-медициналық бағалау. Сот-медициналық тұргыда дұрыс бағалау болып:

— автокөлік оқиғасының жағдайы туралы алдын ала мәліметтер;

— автомобильді қарau деректері;

— жәбірленуші мен оның киімдерін сот-медицинскaлyқ зерттеу нәтижесі;

— көлік құралдары зақымдарының пайда болу механизіміне сәйкес автотехникалық және криминалистикалық сараптаманың деректері;

— зақымданған адам және автомобиль жарақаттарын салыстыру нәтижесі;

— оқиғаның жайын қайтадан жүргізу бойынша тергеу экспериментінің нәтижесі.

Автомобиль жарақаты кезіндегі зақымдануларды сот-медициналық бағалау әдістемесі — келесі міндетті сатыларды қосады:

— жәбірленушінің денесіндегі зақымдардың барлығын табу;

— жарақат алған заттан пайда болған жарақаттарды айқындау;

— табылған зақымдардың әрқайсысының пайда болу механизімін анықтау;

— жарақаттың зардабын анықтау;

— зақымдарды табу;

— көрсетілген зақымдардың зардабын және автомобильдің басу деңгейі бойынша тұжырымдау;

— автомобильдік жарақаттың мүмкін түрлерін тұжырымдау;

— нақты бір автомобильмен алған жарақат тұжырымы;

— сот-медициналық сараптаманың көмегінсіз анықталған жарақаттарды тұжырымдау.

Соңғы сұрақ оқиға болған жерде және нақты бір автомобильді қарастырумен жүргізілетін тергеу эксперименті барысында шешіледі.

Келтірілген зақымдарды бағалау методикасын сот-медицина сараптамасы және көлік жарақаттарының басқа түрлерінде қолданады.

Сот-медицина сараптамасымен шешілестін негізгі сұрақтар

1. Тірі кезіндегі алынған жарақаттар және оның үақыты;
2. Жарақаттаушы заттардың қасиеттері:
 - 2.1. жарақаттаушы заттардың түрі;
 - 2.2. жарақаттаушы беті:
 - 2.2.1. көлемі,
 - 2.2.2. пішіні,
 - 2.2.3. бедері,
 - 2.2.4. салу, (наложения)
 - 2.2.5. жол бетіне қатысты биіктігі;
- 2.3. автомобиль және оның бөлшектерінің келтіретін зақымдарының мүмкіндігі;
- 2.4. көлік құралының белгіленген типі және маркасының келтіретін зақымдарының мүмкіндігі;
- 2.5. нақты автомобильмен келтірілуі мүмкін зақымдар;
3. Зақымдардың пайда болу механизмі:
 - 3.1. күштің түскен жері,
 - 3.2. жарақаттың әсер ету бағыты,
 - 3.3. жарақаттың әсер ету түрі (соққы, жаншу, созылу, үйкелу),
 - 3.4. жарақаттың әсер ету күші,
 - 3.5. зақымдалудың бір үақытта пайда болу мүмкіндігі,
 - 3.6. зақымдалудың пайда болуының кезектілігі,
 - 3.7. автомобиль жарақатының белгіленген шарттарындағы барлық зақымдардың пайда болу мүмкіндігі.

6. Мотоцикл жарақаты. Трактор жарақаты

Мұны көбінесе — жаяу жүргіншілер, жүргізушилер және жолаушылар алады. Бұл жарақаттар 2-ге бөлінеді:

Спецификалық (мотоцикл бөлшектерінің әрекетінен) және спецификалық емес (құлау, соққы, шайқалу пайда болады).

Мотоцикл мен жаяу жүргіншінің соқтығысу әсерінен — негізінен іш, жамбас, аяқ-қол, ал, құлауда — бас жаракаты пайда болады. Бұл көбінесе өлімге алып келеді.

Мотоцикл жүргізуісі және оның жолаушысының жаяу жүргіншімен соқтығысу әсерінен — дененің өне бойының жаракаттары, баста және аяктарда табанның ішкі беткей жағы және жамbastың кей жерлеріндегі жолақ тәрізді көгерулер болады, жолға құлау және соққы әсерінен — бас сүйектің қысылуы және майда сынықтар, бас мының және қеуде жасушасының зақымдары болады.

Зақымданудың ауырлығы және көптігі құлау кезіндегі мотоциклдің жылдамдығына, мотоцикл жүргізуісінің салмағына және жер бетінің ерекшелігіне байланысты.

Трактор жаракаты. Бұл жаракаттар түрі сирек кездеседі, бірақ өзінің ерекшеліктері бар. Трактор жаракатының шынжыр табанды түрі: трактор белімі адаммен соқтығысқан жағдайда терең жаракатты зақымдарға келтіреді. Шынжыр табанды трактор денені басу салдарынан, көптеген ауыр зақымдар келтіреді. Зақымдар түріне жолақ тәрізді көгерулер, қанталаулар және олар эпидермистің қозғалған параллельді және перпендикуляр жерінде орналасады. Мұндай соққылардан көптеген жаракаттар, сынықтар және ішкі ағзалардың жыртылулары, киімде темірдің және техникалық іздер қалады.

Денені трактормен қозғалмайтын затқа мыжу салдарынан — көптеген қабырға сынықтары, жыртылулар, езілу және ішкі ағзалардың жылжуы мүмкін.

Жылдамдығы аз келе жатқан трактордан құлау мезетінде жаракаттар түрі жылдамдығына сай болады.

Трактордың денені лактыруы немесе мыжу салдарынан — қеуде мен ішті жаншудан механикалық тұншығу салдарынан өлімге алып келеді.

Дөңгелекті трактордың денеге келтірген зақымдар түрі автомобиль жаракатына ұқсас болып келеді.

7. Темір жол, авиация жарақаты

Олардың мынадай қалыптасу механизімі мен қасиеттері тән: Жүріп келе жатқан темір жол көлігінің соғуы. Мұнда:

- дененің ауыр жарақаттары, кеуде және ішкі ағзалардың жаракаттары, бас сүйектерінің көптеген сынықтары, қабырға, жауырын, омыртқа жаракаттары;
- денеге соққы тигеннен кейінгі жер бетіне лақтырылуы да көптеген қосымша жаракаттар алып келеді;
- теріде және киімде жол балластының кабаты және техникалық майлардың пайда болуы.

Темір жол көлігінің дөңгелегімен басып кету.

Темір жол көлігі әдетте дененің бір бөлігін басып өтеді. Негізінен алғанда, адам денесіне дөңгелектердің қайшы сияқты қызып кетуімен ұласатын қатты жаншу мен ұлпаларды мылжалау арқылы жаракат салынады, соның салдарынан дененің кейбір бөліктепі бөлшектеліп қалады. Жаракат салынғаннан кейінгі алғашқы сағаттарда қысым мен шөгү тілкемі жұмсақ, сұрғылтым болып, әрек байқалады, бірақ құрғау нәтижесінде бір тәуліктің аяғына қарай қатайып, қою қоңыр түр алады. Осы маңайдағы жұмсақ ұлпалар, сүйектер мен ішкі мушелер жанышылып, бүлінеді. Тілінген жердің бас жағынан «Т» әріпі сияқты жаракатты байқауга болады, ал оның аяқ жағы кейде жіңішкеріп, тік бұрышқа айналады. Бұл ерекшеліктер басып кеткен көліктің бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірден бірнеше дөңгелектің басып өтуі адам денесінің бөлшектеліп қалуына апарып соғады, ал оның толық немесе жарым-жартылай бөлшектеліп қалуы мүмкін.

Темір жол көлігі басып кеткен жағдайда адам денесінің жол бойымен сүйретілуі жиі кездеседі. Осы сүйретілу кезінде шпалдарға соғылып, жер бетіне сырылу салдарынан дененің көп жері сыйдырылып, жырылады және көптеген жаракаттар түседі. Оларға да, теріге де көп мөлшерде жол бойының жағармайлары мен шаңтозандары сіңіп қалады. Сонымен бірге дene көп сүйретілген жағдайда үстіндегі киімнің ішінara немесе мулде жыртылып қалуы мүмкін.

Жүріп келе жатқан темір жол көлігінен құлау — вагондардың төбесінде жүріп келе жатқанда, вагондардың аралығынан еткенде, көлік жүріп келе жатқанда секіргенде жиі кездеседі. Бұл жағдайларда адам биіктікten құлаған кездегі сияқты жарақат алады. Мұндай жарақаттардың ерекшеліктері мен қаншалықты ауыр болуы пойыздың шапшаңдығы мен жерге адамның қалай құлауына байланысты.

Вагондардың қысып қалуы — темір жол жарақатының си-рек кездесетін түрі. Бұл орайда адамның денесі вагон мен платформа арасында, вагон буферлері арасында т.б. заттарға қысып-жанышылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ағзаның қатты қысылып-жанышылғандығы сияқты жарақат алынады. Кейде мұндай жағдайға ұшыраған адамның денесінде, әсіресе, кеудесі мен арқасының терісінде қысқан нәрсенің таңбасы қалады.

Темір жол апартары болған кезде вагондардың ішінде отырып жарақат алу — мұндай жарақаттар көбінесе жолаушылардың доғал заттарға, орындықтардың арқалығына соғылудан, жоғарғы орындардан құлаудан, сондай-ақ, вагондардың бұзылған беліктерінің денені жаңыштауынан және т.б. алынады. Кейде тerezе әйнектерінің сыйнектары адам денесін кесіп кетуі де мүмкін.

Темір жол жарақаттарының барлығы екі топқа бөлінеді:

- типтік — темір жол доңғалағының денені басып кетуінен кейін пайда болатын (бастың бөлінуі, дененің бөлінуі);
- типтік емес — доңғалақпен байланысты емес (денені сүйреу, дененің вагондар арасында жанышылуы).

Авиация жарақаты

Авиацияда алынатын жарақаттарды мән-жайларына және соларға байланысты зақымдаушы факторларға қарай негізінен мынандай үш топқа бөлуге болады:

1. Ұшып бара жатқан ұшақ ішінде жарақат алу;
2. Ұшақ құлап, жерге соғылған кезде оның ішінде жарақат алу;
3. Жер бетінде ұшақ бөлшектерінен жарақат алу.

Ұшып бара жатқан ұшақ ішінде жарақат алу — ұшып бара жатқан кезде адам жарақатты ұшақ ішінде жарылыс, өрт, кабина мен салоннан ауа шығып кететін авария болуы, ұшақтың басқа ұшақпен, басқа да ұшатын нәрселермен соқтығысуы сал-

дарынан алуы мүмкін. Әдетте, мұндай оқиғалар ұшақтың жерге құлап түсімен тынады. Ұшып бара жатқан кезде адам ұшақтан секіріп түсетін заттармен авария кезінде секіріп кеткен жағдайда да жарақат алуы ықтимал.

Ұшақ құлап, жерге соғылған кезде оның ішінде жарақат алу — доғал заттарға соғылуы. Қатты соққы алу әсерінен денесінің сүйектерінің шағылуы, курделі жаракаттарға алып келеді және жұмсақ ұлпалардың езілуі және ішкі мүшелердің сыртқа шығуы және сынған ұшақтың бөліктері жарапанған дененің кейбір бөліктеріне кірген жаракаттар жатады.

Сондықтан, сот-медицина сарапшысы ұшқыш отыратын орынның және жолаушылар отыратын орынның құрылышын білуі қажет. Ол ұшқыштың, жолаушылардың қандай дәрежеде жарақат алтынын білуі керек.

Ұшақтың жарылуды. Жарылған толқын серпіні жолаушылар мен экипаж мүшелерін, ұшақты қиратады. Кейбір жағдайда 500 м. радиус шеңберінде шашылған күйінде табуға болады. Улы азықтардың жануы адамдардың өлу себебіне алып келуі мүмкін. Карбоксигемоглобин әсерінен қан және ұлпалардың өлуі тірі кезінде уланғанын көрсетеді, дененің азық бөлімінің және тыныс жолдарының жоғарғы сілемейлі қабығының күюі, жұтқыншак, өңеш, кеңірдектің закымдануы пайда болады.

Әуежайдағы жарақат — ұшақтың жерге құлауы әсерінен сыртының бұзылуы, сонымен бірге ұшақ бөліктерінен және тік ұшақтан болады.

Авиация оқиғаларының ерекшеліктері болып, іс авиация техника сының және авиация медицинасының мамандарымен және сот-медицина сарапшылары, комиссиясы тарапынан тергеледі.

Корытынды

Көлік оқиғасын дұрыс тергеу үшін уақытысында және жоғарғы деңгейде оқиға болған жерді қарап, сот-медицина сарапшыларымен, сарапшы-криминалистермен, инженер-мамандардың қатысуымен жүргізуі қажет.

4. ЖЕДЕЛ ОТТЕГІ ЖЕТИСПЕУШІЛІГІНЕҢ БОЛАТЫҢ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ ЖӘНЕ ӨЛІМ. МЕХАНИКАЛЫҚ АСФИКСИЯ

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Механикалық асфиксия кезіндегі патологиялық өзгерістер
2. Асылу. Тұзақпен буындыру
3. Суга батып кету. Компрессиялық асфиксия
4. Сот-медицина саралтамасымен шешілетін негізгі сұрақтар
Қорытынды

Kіріспе

Адам ағзасында әрқашан тотығу-тотықсыздану үрдістері жүріп отыратыны белгілі. Сонымен қатар жасушалар мен ұлпалар адам өміріне қажетті заттар мен оттегісі бар артериалды қанмен жуылып отырады. Егер қажетті заттар (акызы, майлар, көмірсулар т.б.) ақазандығы қалдық заттар мен көмір қышқылдарының шығарылуы кек тамырдағы қан арқылы, заттар мен газ алмасу үрдісі нәтижесінде жүзеге асады.

Адам ағзасында тотығу-тотықсыздану үрдістерінің бұзылуы әртүрлі себептерге байланысты, яғни оның ішінде зорлау арқылы адам денсаулығының нашарлауына және өлімге дейін алып келеді.

Мұндай бұзылыстардың негізгі себептерінің ішінде мыналарды атап өту керек:

- өкпеге ауаның енуі үшін механикалық кедергінің болуы (механикалық асфиксия);
- қан жогалтуға және қан аздыққа әкеліп соғатын жарақат пен аурулардың нәтижесінде қан айналудың нашарлауы.

1. Механикалық асфиксия кезіндегі ағзадағы патологиялық өзгерістер

Механикалық асфиксия — орталық жүйке жүйесі қызметі мен қан айналымының жедел бұзылуымен көрінетін тыныс алуға

кедергі келтіретін физикалық әсерлердің нәтижесінде дамитын оттегінің жедел жетіспеушілігі.

Оның клиникалық белгісі жедел есінен тану, тырыспа, өздігінен несепті жіберіп қою, жүрек қызметінің тоқтауы және т.б. түрінде дамиды.

Ми қыртысында болып жатқан өзгерістер және басқа да қабынуларда (өкпе қабынуы), асфиксия жағдайында 5-7 минут жатқан адамды жансақтау арқылы тірлітіп алу әрекеті, әдетте, нәтижесіз болады.

Механикалық асфиксия диагнозы сот-медициналық зерттеу кезінде өлікті сырттай қарау, өлікті ашып қарау нәтижесі және қосымша зерттеулер негізінде қойылады.

Сырттай қарауга өліктің қан айналымының жедел бұзылуы және өлімнің тез болуының байқалуы тән. Сонымен қатар көгерген және ісінген бет, көздің ақ қабығында, дәнекерде, ерінде, бет терісінде, кеуденің жоғарғы болігінде нүктелік қан құйылулар көрінеді. Өлгеннен кейін дененің температурасы қысқа уақытқа 1-2 градусқа көтерілуі байқалады, сосын бұлышық еттер ақырындан ісіне бастайды.

Мәйітті ашып қарағанда ішкі мүшелер тоқтап қалған қанға толы, өкпе қабықшасының астында нүктелік қан құйылған, қара және сұйық қан көрінеді.

Қосымша зерттеулер сот-медицинскада жүреді. Онда арнағы гистологиялық, гистохимиялық және басқа әдістердің көмегімен механикалық асфиксияның диагнозы мен себеп-салдары нақтыланады, сонымен қатар, ішкі мүшелер мен ұлпаларда зорлық немесе табиғи өлім жағдайында орын алатын өзгерістер нақтыланады.

Сот-медицина дәрігерлері қылқындырудың тәсіліне байланысты механикалық асфиксияның келесідей түрлерін бөліп көрсетеді.

Странгуляциялық асфиксия — көбінесе асылу, тұзакпен бұйндыру, колмен қылқындыру кезінде мойын тұсын тұзакпен бұрағанда жиі кездеседі.

Обтурациялық асфиксия — әр түрлі тығыз заттармен, тағамдар мен тыныс алу жолдарының (мұрын және ауыз) жабылуы кезінде пайда болады.

Аспирациялық асфиксия — тыныс алу жолдарының сүйіктіктермен (су, бензин т.б.), ұнтақ заттармен (цемент, құм т.б.) жабылуы кезінде орын алады.

Компрессиялық асфиксия — кеуде торының және іштің ауқымды шашалатын заттармен немесе салмақты заттармен базылуы кезінде пайда болады.

Бұндай жіктелулерді жан-жақты карастыру керек.

2. Асылу. Тұзакпен буындыру

Асылу — өзін-өзі өлтірудің ең жиі кездесетін бірден-бір түрі болып табылады (3/1 жан күйзелісіне ұшырағандар және 2/1 мас күйінде болғандар). Қазіргі уақытта асылу (сот-тергеу тәжірибесінде) өлтірудің тәсілі ретінде (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, ерегісте, құмар ойындарда) кездеседі. Бақытсыз жағдайлар өте сирек (балалар «соғыс» ойынын ойнағанда), бірақ, есікке ілінгенде, көйлекпен ағашқа ілінгенде және т.б. кездеседі.

Асылу кезінде тұзақ арқылы қылқыну зардап шегушінің салмағымен күш түсі арқылы жүзеге асады. Өлім мойын аумағына 4 кг және одан да көп салмақ түскенде миға оттегінің бармауынан орын алады.

Тұзактың тартылуы дененің толық асылуынан, тізерлеп отыруынан, жату кезінде орын алуы мүмкін. Мойын аумағында жүйке тамырларының басылып қалуы тез естен тануға алып келеді. Сондықтан, өзін-өзі өлтіруде жіптен өз бетімен босатылу мүмкін емес.

Тұзактар материалына байланысты — жұмсақ (шарф, орамал т.б.), жартылай қатты (жіп, белдік т.б.), қатты (сым, шынжыр т.б) болып бөлінеді.

Тұзактың мойынға айналдырған санына байланысты бірлік, екілік және көптік болып бөлінеді.

Тұзакта: бос бөлігін, түйінін және сақинасын ажыратады.

Тұзактар қозғаусыз және қозғаулы; жабық және ашық болуы мүмкін.

Сот-медицина тәжірибесінде түйінді зерттеуге көп көңіл бөлінеді, осыдан оны байлаған адамның кәсібін анықтау жиі кездеседі.

Түйін орналасуына байланысты келесідей орын алуы мүмкін:
— типтік (шүйде тұсында) — жиі кездеседі;
— бүйіріне (қырына) — сирек;
— атиппік (иектің астында).

Сот медицинасында асылудың диагностикасы мойындағы тұзактың қысымы түскен ізді, странгуляциялық сайды зерттеу негізінде анықталады. Сондықтан, оқиға болған жерде жіпті мұқият қарайды. Странгуляциялық сайдың көрініс табуы жіп матасының тығыздығы мен қалындығына, қайтыс болған жәбірленушінің салмағына, тартылу күшіне, жіптің тері арқылы сырғанау мүмкіндігіне байланысты. Сай түйінге қарама-қарсы жерде анық көрінеді.

Странгуляциялық сайдың түсі кепкеннен кейін жұқа және қалың мата кезінде — қоңыр, сонымен қатар оның тығызыдығы пергаментті.

Странгуляциялық сайдың бағыты мен ошағы асылған дene мен оның салмагы жағдайына байланысты. Асылып тұрган кезде странгуляциялық сай мойынның үстіңгі жағында орналасады және түйінге қарай бағытталған қигаштық байқалады. Жатқан жағдайда странгуляциялық сай мойынның төмен жағында орналасады.

Заңгерлер сот-медициналық зерттеулер жүргізу үшін тұзакты өлікпен бірге мәйітханаға міндettі тұрде жеткізу керектігін ұмытпағаны жөн. Сот-медицина дәрігері оқиға болған жерде өлікті қарау кезінде-ақ өлік дақтарының ошақтарын талдауы қажет. Егер, дene өлік болғанға дейін басқаша жатса, ал, сосын асылып тұрса, онда дene табылған уақытта өлік дақтарының орналасу сәйкессіздігін ажыратуға болады.

Странгуляциялық сайды сипаттау кезінде, өліктің мойында мыналарды ескеру керек.

Визуалды бакылау кезінде — орналасуы (горизонталды, жогарылау, төмендеу) және түйіннің орналасуы (типтік, бүйірлік); түсі, сайдың көлемі және терендігі; бедер терендігінің ерекшелігі; жіптің ізіне қарай қан құйылулар және басқа да закымданулар болады; қоршап тұрган ұлпалардың жай-қүйі;

микроскоппен қарағанда — жіп матасының бөліндісі табылады;

ішін ашып қараганда — мойын бұлшықеттерінің қатайған жерінде қан құйылуардың болуын анықтауға болады.

Сот дәрігеріне дәл диагноз кою үшін болған оқиғаны жан-жақты білу керек. Өйткені, асылу кезінде тұзактың бірден тартылуы (орындықтан немесе столдан сырғанап кету) үйкі артериясының киылуына ішкі қабықтың және тіл асты сүйек денесінің және қалқанша шеміршегінің сынуы, ал, жанталасу кезінде өліктे қатты заттарға соқтығысуланан әр түрлі жарақаттар туындауы мүмкін.

Өлікті сыртқы қалпында қараша — мұнда беттің ісінуі, көгеруі; тіл ұшының тіс арасында жабысуы; көздің ақ қабығына аздаған қан құйылуар болады;

Олікті ашу және зерттеу — бұл оқиға болғанға дейінгі немесе қоршаған заттармен соқтығысуланғандағы болған зақымдарды анықтау (мұнда асылуға дейінгі де және өлімге алып келген зақымдардың болуын ескеру керек).

Қосымша зерттеу — ол:

— странгуляциялық сайды суретке түсіру және түйіндеп, бөлшектеп суретке түсірудің кейінгі талдауы;

— гистологиялық әдіс, ол кезде микроскопқа странгуляциялық сайдан басқа, оған жабысқан лимфа түйінді және тірі адамның тері асты майлыш жасушасын жеңілдеткендеғана көрінетін, майлыш эмболияны анықтау үшін өкпе жасушасын да қойып қарайды.

— сот-химиялық әдіс құрамындағы есірткі, дәрі, алкогольді анықтау үшін ішкі ағзаларды, қанды, зәрді зертханалық әдіспен зерттеуге жіберу;

— бактериологиялық әдіс тек тірі адамда болуы мүмкін, жыныс мүшелерінен мерезге, гонореяға және де басқа да ауруларға сығынды алынады.

— цитологиялық әдіс, бұл шәуетті анықтау үшін тік ішектен және жатыр қуысынан сығынды алынады.

Тұзақпен буындыру — басқа адамның көмегімен жіпті қатты тартқанда, айналдырығанда, байлағанда болады.

Тұзақпен буындырыған кездегі странгуляциялық сайдың асылудан айырмашылығы — оның мойынның төменгі не орта жағына қарай орналасуында, көлденен немесе қиғаш, жіп пен мойын терісінің арасында киімнің бөлігі қалған жағдайдан басқа кезде барлық жағы бірдей тереңдікте болады.

Өзін-өзі өлтірді деп жасанды түрде жасаған кезде (тұзакпен буындырып өлтіріп, өлікті сонынан асып кету) бір-біріне бұрыштары сәйкес келмейтін екі странгуляциялық сай немесе төменгі бөлігі — мойынның орта не астынғы жағында зорлап буындырган және жоғарғы бөлігі — өлім кезінде асқан іздер пайда болады.

Тұзакпен буындыргандағы өлімнің себептері:

— мидағы қан айналымының бұзылуына экеліп соғатын, мойынның алдыңғы бүйір бөлігіндегі жүйке тамырының қысылуынан;

— жіпті бірден қатты тартқанда естен тану пайда болады.

Өлікті сот-медициналық тексеру кезінде ашып қарағанда, асылу кезіндегідей тексерулер жүргізеді. Бірақ, кейде ес-түссіз жатқан кезде буындырганда жоқ болатын, аздаған жарақаттар болуы мүмкін.

Буындырудың ең көп тараған түрі — қолмен буындыру. Бұл кезде мойынның үйқы қан тамыры, шұңқырлық көк тамыры және кезбе жүйесі механикалық жолмен қысылады. Қолмен буындырудың ерекшелігі — құрбан үшін ауыр жарақатты әсер етумен қатар, мойынның алдыңғы бүйір терісінде көптеген жарақаттар, саусақпен қысылған жерлерде қан құюлулар және тіл асты сүйегі мен қалқанша сынығымен көрініс табады. Бір қолмен қысқанда (көбінесе оң қолмен) мойынның бір жағында көптеген сызаттар қалады және көптеген қанталау көрінеді (әдетте, сол қолмен).

Сол сияқты жұмсақ заттармен (киімдер, қолғаптар т.б.) қылқындырганда мойын терісінде зақымданулар аз немесе жоқ болуы мүмкін екенін заңгерлер ұмытпау қажет. Бұл жағдайда есін тез жоғалтуға және жоғарғы бөлік бұлшық етінің босансына байланысты өзін-өзі өлтіру мүмкін емес, өлім жүректің рефлекторлы тоқтауынан болуы мүмкін екенін естен шығарма керек.

Қолмен қылқындыру кезінде күрес іздері немесе өзін-өзі қорғау іздері (артынан кездейсоқтан келіп шабуыл жасау және көмексіз, ес-түссіз жатқан жағдайлардан басқа) қалуы мүмкін. Бірақ, сонымен бірге басқа да тұншықтыру түрлері болуы мүмкін (тыныс алу тесіктерін жабу, кеуде жасушасын қысу және ішін тіземен басу).

Ауызды және мұрынды жабу. Тұншықтырудың бұл түрінде өлім миға оттегі жетіспеуінен 5-7 минутта туындаиды.

Мұрын мен ауызды жапқанда және қарсылық көрсеткен жағдайда тұншықтырып өлтіргенде сот дәрігері мынадай белгілерге тән ерекшеліктері катарын білуі қажет:

— бетте сываттар, қанталау, әсіресе, мұрын, ерін, шырышты ерін және қызыл иектің аясында болады;

— мұрын мен ауызды жұмсақ затпен жапқанда (жастық, киім) және көмексіз жағдайда жатқанда закымдану болмауы мүмкін;

— тыныс алу жолдарын зерттегендеге (жұмсақ затпен тұншықтырғанда) тамақта, өңеште және үлкен бронхтарда терінің, матаның түктерін табуға болады.

Оқыс жағдайда (емізулі балалар, алкоголь заттарын көп ішү, т.б.) ауыз бен мұрын ықтиярсыз жастықпен, денемен, емшекпен, салмақпен жабылудан да тұншығуы мүмкін.

Тыныс алу жолдарының бөгде затпен бітелуі. Бұл түрде мұрын мен ауыз бос болуы мүмкін, бірақ өңеш пен ірі бронхтардың саңылаулары жылау, күлу, жотел, тағам қабылдауда майда заттармен және ауа жұтқанда ойыншықтар мен протездердің майда бөлшектерімен, түймелермен, тындармен бітелуі мүмкін.

Бұл жағдайда өлім ауа жетіспеуінен немесе дауыс саңылауларының рефлекторлы түйілуінен (тыныс алу жолдарында бөгде заттың болуы мүмкін жағдайларда) туындаиды және күтпеген, әрі жылдам орын алады.

Асфиксия — мас адамда және операция жағдайында наркозда жатқан адамда жиі кездеседі.

3. Суға батып кету. Компрессиялық асфиксия

Бұл жағдайдағы өлім дененің судың кіруімен толып кетуі салдарынан және тыныс алу жолдарының жабылуынан пайда болады. Ол су қоймаларында немесе басқа да сұйықтықтар жиналған жерлерде болады (бензин, сұт, сыра, т.б.). Суға бату күтпеген жағдайда, өлтіру және өзін-өзі өлтіру мақсатында болуы мүмкін.

Судан шығарылған мәйітке сот-медицинада сараптама жасағанда, әрдайым сот-медицина сарапшысының алдында — өлім себебін анықтау деген негізгі сұралк тұрады.

Суға батып кетуден қайтыс болғанда сыртқы қарау төмөндегілерді пайымдауға мүмкіндік береді:

- ауыз, мұрын саңылауында, тыныс алу көністігінде майда көпіршіктенген ақ түсті көбіктің болуы;
 - терінің бозаруы, «құс еттілік» және сүр-кең және қызығылт түс беретін өлім іздерінің болуы, бұл өліктің суда болғанын білдіреді;
 - судан алынған өліктің тез шіру белгілері (сондықтан, оған жедел түрде сот-медициналық зерттеу қажет).
- Мұндай өлікті ашып зерттегендегілерді анықтайды:
- өкпенің эмфиземасы, ягни оның жедел үрленуі;
 - ашық қызығылт түстес сіріқауыз астына қан құйылуы (Расказов — Лукомский — Пальтауф дақтары);
 - тыныс алу жолдарының тереңгі белігінде күмның және басқа да заттардың болуы;
 - ақсазан мен ішекте, т.б.жерлерде судың болуы;
 - ішкі ағзаларда (сүмен бірге түсетін ұсақ заттар) планктондардың болуы.
- Суға батқан мәйітті зертханалық әдіспен тексеру, адамның суға батқандығын үнемі нақты, жеткілікті анықтау мүмкін еместігін зангерлер білуі керек. Суға батып өлгенде тыныс алу жолдарының бітелуінің басқа да себептерінің бірі судың адам денесіне кенеттен түсуі болуы мүмкін. Ол кезде өлім тыныс пен жүректің рефлекторлы токтауынан болуы мүмкін.
- Өлікті сот-медициналық зерттеу үшін ашқанда тексереді:
- омыртқаның мойын белігінің жарақаты (омыртқаның сынуы және жұлын сұйықтығының зақымдалуы) олар көбінесе суға секіргендегі болады;
 - өлімнің себебі (мұнда сарапшы-дәрігер өлік су көліктегімен бе, әлде ағыспен тасқа соғылды ма, суда тіршілік ететін жәндіктерден, ағаштан, немесе судан шығарған кезде жарақаттанған ба соны анықтайды);
 - өлтіру (өлікке ауыр жүк байлап өзі өлгендей түрге келтіреді);
 - өзін-өзі өлтіру (ауыр жүк өліктің қолы жететін жерде тұрады, қарсылық көрсетпеуі, сондай-ак, су шұнқырына құлаған кезде туындауы мүмкін — сыну, шайқалу, жарапану сынды зақымдардың болмауы).
- Сот-медицина сарапшысы үшін суда ұзақ уақыт жатқан өлікті тексеру қындық келтіреді. Бұндай жағдайға тән өзгерістер:

— терінің мацерациясы (терінің ісініп, жұмсауы), ол судың температурасына және де өліктің суда жатқан уақытына байланысты;

— өліктің шіруі (суда ол аудағыдан екі есе жай жүреді);

— өліктің суда салмағының есуі.

Кеуде мен ішті басып қалу

Бұл кезде компрессиялық асфиксия болады, ол кеуде торының тыныс алу қозғалысын азайтып, оттегі жетіспеушілікке және тұншығудан өлуге әкеледі. Кеудені қысып қалу көптеген жағдайларда, жол апаттарында, сондай-ақ, кеудені 50 кг зат басып қалса бірнеше сағаттан соң тыныс алудың токтауына әкелуі мүмкін, ал, салмағы ауыр заттан тыныс алу қозғалысының жылдам шектелуінен бірнеше минут ішінде өліп кетуі мүмкін.

Бұндай өлікті сырттай қараган кезде:

— бетінің ісінгенін, көгергенін;

— көзде, бетте, мойында нұқтелік дақтарды анықтайды.

Өліктің ішін тексергенде: ісіну салдарынан өкпенің ақшыл-қызыл түсін (тұншығудың басқа түрімен салыстырғанда); ауыр жағдайларда — қабырғаның сынуы, екпе ұлпалары мен ішкі ағзалардың закымдануын анықтайды.

4. Сот-медицина сараптамасымен шешілетін негізгі сұрақтар

Алғашқы кезде міндетті түрде: механикалық асфиксияның түрі, жарақаттың тірі және өлім кезіндегі туындауы сынды екі сұрақ шешіледі. Қалған сұрақтар механикалық асфиксияның түріне байланысты шешіледі.

Тұзақпен асылу және буындыру

1. Тұзақтың қасиеті:

1.1. зақымдаушы заттың түрі;

1.2. айналдырып бұрау саны;

1.3. тұзақтың құрылуы (сырганайтын, жылжымайтын);

1.4. жабық, ашық түйіншектің бар-жоғы;

1.5. тұзақтың материалы (жұмсақ, жартылай жұмсақ, қатты);

1.6. қалындығы;

1.7. бедері;

1.8. нақты тұзақтың әсерінен болатын странгуляциялық сайдың түзілуі.

2. Закымданудың пайда болу механизмі:

- 2.1. жарақаттаушы күштің салынған жері;
- 2.2. тұзакқа байланысты жылжуы және оның қысылуы;
- 2.3. күші, қысымның біркелкі және біркелкі еместігі;
- 2.4. жағдайға байланысты асылу мүмкіншілігі
- 2.5. жағдайға байланысты қылқыну мүмкіншілігі

Мойынды қолмен жашылау

1. Мойынды зақымдаушы дене бөлігі (саусақтар, алақан, иық-иықалды, жамбас-тізе).

2. Закымданудың пайда болу механизмі:

- 2.1. күштің әсер ету жері;
- 2.2. мойынға байланысты дене бөлігінің орналасуы;
- 2.3 осы айтыландарға байланысты дене бөлігінің түншілігі.

Кеуде жасушасы мен іштің жашылуы

Жарақаттаушы заттың қасиеті:

1.1. зақымдаушы заттың түрі;

1.2. беткей зақымдаудың сипаттамасы:

1.2.1. өлшемі,

1.2.2. қолемі,

1.2.3. бедері,

1.2.4. жабысуы,

1.3. салмағы;

1.4. матасы;

1.5. осыған байланысты заттармен зақым келтіру түрі;

1.6. нақты данасы.

2. Закымданудың пайда болу механизмі:

2.1. күштің әсер ету жері;

2.2. жарақаттаушы әсердің бағытталуы;

2.3. зақымдану түрі (жашылуу);

2.4. жашу күші;

2.5. нақты жағдайға байланысты жарақаттың пайда болу мүмкіндігі.

Тыныс алу жолдары мен тыныс алу тесіктерінің жабылуы

1. Зақымдану қасиеті:

1.1. бөгде заттың қасиеті мен құрамы;

1.2. тығыздығы;

1.3. саны (қатты затқа);

1.4. көлемі (жартылай қою және қою сұйықтық).

2. Әсер ету механизмі:

2.1. тыныс алу тесіктерінің жабылуы;

2.2. тыныс алу жолдарының жабылуы;

2.3. жазылғандарға байланысты өлім себебі.

Суға бату

1. Суға батып өлгенге дәлелдеме.

2. Суға бату болжамы.

3. Нақты су қоймасында бату мүмкіндігі

Жабық жердегі өлім

1. Нақты жабық кеңістік жердегі өлім мүмкіншілігі.

Қорытынды

Асылудағы, қылқынудағы, ауыз және мұрын қуыстарының әр түрлі заттармен механикалық жабылындағы, тұнышқандағы көкірек және іште пайда болатын патологиялық бұзылыстар жанжақты каралды. Бұл бұзылыстар көбінесе ішкі ағзаларға әсер етіп, өлімге алып келеді. Бұның себептерін жақсы білу заңгерге орын алған қылмыстық істердің шынайылығын анықтауға және бұл іске қатысты әр бір қатысушиның айыппталу дәрежесін белгілеуге мүмкіндік береді.

5. ӨЛІМ ЖӘНЕ ӨЛІК ҚҰБЫЛЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ ІЛІМ (сот-медициналық танатология)

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Өлім және терминалды жағдайлар туралы ілім
 2. Өлімнен кейін туындаған өліктегі өзгерістер және олардың солт-медициналық маңызы
 3. Өлімнің уақытын анықтаудың негізгі әдістері
- Корытынды*

Kіріспе

Сот-тергеу тәжірибесінде сот-медицина сарапшыларымен өлімнің клиникалық белгілерін бағалауда және өлікті зерттеу кезінде алынған ақпараттар, өлімнің себебін және оның қашан болғанын анықтауға болатын көптеген мысалдар келтірлген. Өлім — жүйелер мен мүшелердің қызметінің тоқтауына алып келетін, қайтымсыз және заңды өмірдің аяқталуы. Бұл кезде жекелеген ағзалар, үлпалар, жасушалардың өмір сүруі белгілі уақытқа дейін сақталып, олардың тоқтауы бірдей болмайды.

1. Өлім және терминалды жағдайлар туралы ілім

Танатология (грекше, thanatos — өлім) — өлім туралы ғылым. Қазіргі кездегі танатология терминалды жағдайды, өлімнің қозғалысының үрдісін, өлімнің туындауына әкеліп соғатын ағзадағы патологиялық қызметті және анатомиялық ығысуларды оқытады.

Танатология жалпы және жеке болып екіге бөлінеді. Жалпы танатология — өлімнің себебін анықтау үшін өлім басталуының диагностикасын және даму динамикасын, өліктегі өзгерістер және өлікті зерттеу ерекшеліктерін оқытады. Жеке танатология — осы мәселелерді әр түрлі аурулар кезінде, механикалық закымдану және басқа жағдайларда қарастырады.

Сот-медицинадық танатология — зорлықтан және кенеттөн болған өлім себебін зерттейді. Сот-медицина танатологиясының негізгі міндетті бірнеше арнайы сұраптарды шешу үшін соттергеу органдарына көмектесу (өлімнің себебі, ұзақтығы және т. б.). Сондықтан, сот-медицинадық сараптамасы процесі кезінде патологоанатомиялық ашуға қарағанда, жалпы және жеке танатологияға көп мән беріледі. Өлікті сот-медицинскадық зерттеудің патологоанатомиялық зерттеуден айырмашылығы зерттеудің мақсаты мен объектісіне байланысты. Мысалы:

1) Сот-медицинскадық зерттеу өзінің процессында жағымен ерекшеленеді. Ол тек анықтаушы, тергеуші, прокурордың немесе соттың анықтауы бойынша жазбаша қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

2) Өлікті кесіп ашып қарау бірыңғай, дәрігерлер үшін міндетті, жолдамаға, қабылдауға, тіркеуге, зерттеуге, өлікті сактау мен беру бойынша жүргізу тәртібі көрсетілген «Өлікті зерттеудің сот-медицинскадық ережесі» бойынша жүзеге асырылады.

3) Өлікті сот-медицинскадық зерттеу кезінде тергеу органдарының өкілдері қатысуы мүмкін.

4) Сот-медицинскадық зерттеу барысында «жаңа өлген өліктер», бүтін өліктер ғана емес, олардың бір бөліктері, шірудің әр түрлі сатысындағы өліктер де зерттелінеді.

5) Сот-медицинскадық сараптамаға дейін өлім себебі белгісіз, ал, зерттеуден кейін өлім себебін, жарақат механизмін, өлімнің ұзақтығын, оның қалай жатқанын шешу керек.

6) Сот-медицинскадық сарапшы өлікті сырттай қарауға көп мән береді. Бұл жарақаттың ошағын, ұлкендігі ерекшелігін және жекелеген белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

7) Сот-медицина сарапшысы киімді, қаруды қарауды міндетті түрде жүргізіп, соттық-химиялық және физико-техникалық зерттеу әдістерінің нәтижесін ескеру қажет.

Өліктің сот-медицинскадық сараптамасы танатология негізіне сүйене отырып, көптеген арнайы сұраптарды шешуі керек. Сондықтан, сот медицинасында өлім және өліктік көріністерге көп мән беріледі.

Өлім — өмірлік процестің соңғы және міндетті сатысы болып саналғандықтан, танатология өмір сүру туралы зерт-

тейтін ғылымдармен, яғни физиология, биохимия, биология, патологиялық анатомия, гистологиямен араласып жатыр. Қазіргі танатология терминалды жағдайды, яғни өмірдің соңғы сатысын, өмір мен өлім шекарасындағы жағдайды зерттейді.

Өмірден өлімге өту процесінің ұзақтығы — өлу — ұзаққа созылуы мүмкін. Өлімнің алғашқы сатысы — жанталасу алдындағы жағдайы, бұл кезде аз қозғалыс пен тыныс алудың айқын бұзылысына, бұл өз кезегінде ұлпаларға ауа жетіспеушілігі мен ацидозға әкеледі. Бұл жағдайдан кейін терминалды үзіліс болады. Оның ұзақтығы 3-4 — 5-10 минутқа дейін созылады. Содан кейін агония басталады. Бұл бірнеше минуттан жарты сағатқа дейін және одан ұзаққа созылатын, ағзаның өмір үшін соңғы күресі.

Жүрек соғысы, дем алу тоқтағаннан кейін — клиникалық өлім пайда болады. Бұл сатыда ағзаның өлігі — бір бүтін ретінде өмір сүрмейді, бірақ кейбір ұлпалар мен мүшелердің өмір сүруі сақталады, оларда қайтымсыз процестер әлі басталмайды. Адамда орташа алғанда клиникалық өлім 5-7 минуттан аспайды. Егер өлім жас, физикалық дені сай адамдарда төмен температурада, тез өлген кезде туындаса, бұл уақыт ұзарады.

Ұзақ өлім болғанда адамда компенсациялық механизмдер іске қосылады. Бұл кезде шеткі қан тамырлардың түйілуі нәтижесінде, қанның көп белігі жүрек пен миға барады, бұл оның ұзак өмір сүруіне көмектеседі.

Тез өлім кезінде ағза өзінің компенсаторлық мүмкіндіктерін тауыспайды, бұл ағзаның клиникалық өлімнен кейін қайта тірілуіне көмектеседі.

Өлімнің соңғы сатысы — биологиялық өлім, бұл қайтымсыз процестермен көрінеді. Егер тыныс алу мен жүрек қызметі 5-7 минуттан көп уақытта болмаса, алдымен ми қыртысындағы, мидың басқа бөлімдеріндегі, мүшелердегі жасушалардың өлуі басталады.

Сот-медициналық ашып зерттеудің негізгі мақсаты — өлімнің себебін анықтау. Соңғысы — әр түрлі закымданумен, аурумен және олардың асқынуымен байланысты. Зақымданудың көп болуынан немесе ауру процестерінің себебінен өлім себебіне бәсеке туындаиды. Бұл жаракаттардың, әсіресе әр түрлі адамдармен келтірілген әр бірінің ауырлығын анықтауда маңызды орынды алады.

Өлімнің себептерінің бәсекесінің 3 түрін ажыратады:

- 1) екі немесе одан көп табиғи өлім себебі (мысалы, миокард инфаркты өкпе қабынуымен бірге);
- 2) екі немесе одан көп зорлану өлім себебінің жиынтығы (мысалы, ауыр жарақаттан естен тану туындастын, бауыр жыртылуы және жамбас сүйектерінің сынуы);
- 3) Қосарланған зорлықсыз және зорлықпен пайда болған өлім. (мысалы, қан қысымы және жарақат әсерінен мига қан құйылу).

Өлімнің сот-медициналық жіктелінуі. Сот медицинасында өлімді екі санатқа бөлу қалыптасқан — зорлықтан болған өлім және зорлықсыз болған өлім. Зорлықтан болған өлімге — сыртқы орта әсерінен болған өлім жатады. Зорлықпен өлген адамдардың өліктері міндетті түрде сот-медициналық сараптамаға жіберіледі.

Оз кезегінде зорлықтан болған өлімді, біреудің әсерінен болған өлім (кісі өлтіру), өзін-өзі өлтіру немесе оқыс жағдайдан болған өлім деп бөледі. Одан басқа сот медицинасында өлімнің басқа да түрін ажырату қалыптасқан (мысалы, механикалық зақымданудан, жоғары немесе төменгі температура әсерінен).

Зорлықсыз өлім — ауру әсерінен болған өлім (патологиялық өлім), кәріліктен болған өлім немесе физикалық не физиологиялық жетіспеушіліктен болған өлім (физиологиялық өлім). Зорлықсыз өлім — адамды өлімге әкелген себеп арқылы анықталады. Бұл жағдайлардың көбісі, зорлықтан өлді деп күмән тудырығаннан басқалары, патологоанатомиялық тексеруге жатады (жедел өлім, жаңа туылған бала өлімі).

Осылайша, біздің тарапымыздан өлімнің негізгі санаттары мен түрлері және терминалдық жағдайы қарастырылды. Сот-тергеу тәжірибесінде өліктері өзгерістерді және адамды зорлықпен өлтірген жағдайда өлімнің уақытын анықтау қажет.

2. Өлімнен кейін туындаған өліктері өзгерістер және олардың сот-медициналық маңызы

Сот-медицина тәжірибесінде өлгеннен кейінгі белгілі бір уақытта пайда болатын өзгерістер нақтыланған. Өліктері өзгерістерді қарастыру, өлімнің туындаған жағдайын анықтап

беретін бірнеше маңызды, атап айтқанда: өлімнің қай уақытта болғанын, дененің алғашқы қалпы өзгермеген бе және т.б. сұрактар тізбесін шешіп береді. Өйткені, өлгеннен кейінгі өліктегі процесстердің дамуы арқылы адамның неден өлгені жөнінде мағлұмат алуға болады.

Өлікте, өзіндік биологиялық жағынан екі үлкен топқа бөлінетін, өлгеннен кейінгі үдеріс қатары дамиды.

1. Алғашқы өліктегі өзгерістер — мүшелер мен ұлпалардың өмір сүруін қамтамасыз ететін процесстер тоқтағанда пайда болады. Бұл өліктік өзгерістер, дақтар, тырысу, салқындау, кебу.

2. Кейінгі өліктегі өзгерістер — ол әдетте адам өлгеннен кейін 12-24 сағаттан соң дамиды. Бұл шіру, қакталу, қанқалану, балауыз, шымтезекпен илену.

Бұл өліктік өзгерістердің дамуына көптеген факторлар әсер етеді. Олардың өліктегі өзгерістердің қозғалысына әсер етуін білу қажет, өйткені, оны білмей сот-медициналық және сәйкесінше тергеу сұраптарына жауап беру мүмкін емес.

Өлгеннен кейінгі дамитын процесстерге әсер ететін негізгі ішкі факторлар болып: тығыздану дәрежесі, жасы, айқын созылмалы немесе жедел ауруларының болуы, ағзаның алкогольдік дәрежесі және басқалары табылады. Бұл үдеріске өлім себебі және оның қан жоғалтуы, жанталасу ағымының ұзақтығы мен айқындығы әсер етеді. Зардап шегушінің киімінің әсері де үлкен. Сыртқы жағдайлар да өлгеннен кейінгі өзгерістерге сөзсіз әсер етуші ретінде: айналадағы ауа температурасы, ылғалдылығы, қоршаған ортадағы флора немесе фауна дамуын айтуға болады. Қөрсетілген сыртқы жағдайлардың сипаты мен әсер ету дәрежесі, өлгеннен кейінгі үдеріс туралы ақпараттар беруде нақты сипатталып қөрсетіле отырып жазылады.

Алғашқы өліктегі өзгерістер

Өлім дақтары — бұл терідегі өзгерістер қанның ұлпаларда жиналуынан пайда болады. Олардың сыртқы қөрінісі үлкен қанталауға ұқсас. Дақтың түсі күлгін-көк болады. Олар өліктегі дақтардың даму сатысына байланысты, алғашында бозғылт, соңғы сатысында айқын болады.

Өлгеннен кейінгі өліктің тері түсі — бозғылт, кейде айқын емес көкшіл түсті болады. Өлгеннен кейін денедегі ұлпалар қандагы

ауамен тыныстайды, сондыктан қантамыр жүйесіндеңі барлық қандар көк тамырдағы қанға ұқсайды. Өлім дақтары қан айналым тоқтағаннан кейін, тартылу күшіне байланысты тәменгі дene бөлімдеріне түсе отырып, негізінде қантамырлар ағысының көк тамыр бөлігін толтырады. Осы қан тері сыртынан көріне отырып, оларға тән түс береді.

Өлік факторына байланысты өлімнің қашан болғанын, өліктің қозғалғанын немесе басқа белгілерін анықтау үшін өлім дақтарының даму процесін білу керек. Оның даму сатысына тән белгілер: гипостаз, диффузия немесе имбибиция.

Гипостаз — бұл сатыда қан тамыры ағымын толтыра отырып, қан дененің тәменгі бөлімдеріне түседі. Бұл саты жүрек тоқтағаннан кейін бірден пайда болады, ал, терідегі алғашқы өзгеріс белгілерін 30 минуттан кейін байқауға болады (егер өлім қан ағусыз болса, онда өліктегі қан сұйық болады). Көп жағдайда өлім дақтары өлім туындағаннан соң 2-4 сағаттан кейін пайда болады. Мәйіт дақтарының пайда болу сатысын анықтаудың негізгі әдісі, оның өзгерісі мен түсінің өзгеруін анықтау мақсатында қолмен басып қарау, егер дақтар жойылып кетсе немесе түсі ағарса, оның қанша уақыттан кейін қалпына келетінін анықтау қажет. Бұл сатыда өліктің жатқан қалпы өзгерсе, өлік дақтары жоғалып, олар толығымен жаңа орынға, яғни дененің тәмен жатқан бөлімдеріне ауысады. Гипостаз сатысы орта есеппен алғанда 6-12 сағатқа созылады.

Диффузия — мәйіт дақтарының пайда болуының келесі сатысы, оны стаз сатысы деп атайды. Ол әдетте өлгеннен кейін 12 сағаттан соң пайда болады. Бұл сатыда созылған қан тамырлардың өткізгіштігі жоғарылайды, олар арқылы тірі ағзага тән емес сұйықтықпен алмасу пайда болады. Лимфа мен жасушааралық сұйықтық қантамыр қабырғасы арқылы ішке өтеді де қанмен араласады, олар эритроциттің гемолизін жоғарылатады. Қанның сұйық бөлігі қан тамыр қабырғасы арқылы өтіп, айналасындағы ұлпаларға сінеді. Осының салдарынан қан қоюланады. Диффузия сатысы кезінде дакты қолмен басқанда олар толық жойылмайды, тек бозарады, бірнеше уақыттан кейін қайта қалпына келеді. Бұл 12-24 сағатқа созылады. Осы кезде дene қалпы өзгерсе, мәйіт дақтарының бір бөлігі ауысқан жағындағы тәменгі бөлімдеріне

аусысады, қоршаған қантамырлардың ұлпага сінүіне байланысты, ескі орнында да жекелеген дақтар қалады.

Имбибиция — мәйіт дақтарының дамуының үшінші сатысы. Бұл кезеңде лимфа, жасушааралық сұйықтық және қан терінің төмен жатқан тері асты қабатына және басқа дene ұлпаларына сінеді. Қанның ұлпаларға сінүі өлгеннен кейінгі алғашқы тәуліктің аяғында басталып, өлгеннен кейін 24 сағаттан соң аяқталады. Имбибиция сатысындағы мәйіт дақтарын басқанда бозармайды. Осылайша, егер адам өлгеннен кейін бір тәулік өтсе, онда денениң қалпын өзгерткенімен, мәйіт дақтары өз орнынан өзгермейді.

Мәйіт дақтарының өзгеру процесін сатысына байланысты бөлу салыстырмалы, себебі жоғарыда көрсетілген фазалардың нақты шекарасы жоқ. Көбіне шекаралық уақыттар кезінде, яғни бұл кезде алдыңғы немесе кейінгі фазада тиісті процестер өтіп жататын, өлгеннен кейінгі 12-24 сағат.

Жоғарыда айтылғандай, мәйіт дақтарына қарап әр түрлі мәлімет алуға болады. Атап айтқанда, мәйіт дақтарының түсінің бөлек болуы өлім себебі туралы қуәландырылуы мүмкін. Егер өлім қан кетуден болса, өлік дақтары әлсіз және көкшіл көк түсті болады. Егер газбен улану болса, ашық, күлгін-қызыл (карбоксигемоглобиннің көп болуынан), циониттер әсерінен — қызыл шие түстес, метгемоглобин түзуші улармен уланғанда (нитраттар, азот қышқылы) — сүр-қоңыр түсті болады. Өлік суда жатса, эпидермис ісінеді, сол арқылы оттегі өтеді және гемоглобинмен қосылады да күлгін-қызыл түс береді. Терідегі өзгерістер тәрізді ішкі мүшелерде де өзгерістер болады. Бұл өзгерістерді өлікті ашып қарағанда зерттейді.

Кейде өлік дақтарымен қоса өлгеннен кейінгі қан құйылулар болады, оны дәрігерлер экхимоздар деп атайды. Олардың сырт көрінісі домалақ пішінді, теріден аздал шығып тұрады, өлшемі 5x5 мм, көбіне өлгеннен кейін 5-6 сағаттан соң пайда болады. Олар көбінесе суға батып өлген, асылып қалған, ішімдіктен уланған жас адамдарға тән болады. Оларды асфикция және тірі кезіндегі қан құйылуармен шатастыру мау керек.

Тірі кезіндегі қан құйылу — тұйық з іт әсерінен пайда болады, оны өлік дақтарымен салыстырамыз. Егер қан құйылу өлік дағынан тыс болса, онда қыын емес. Олардың орналасуы өлік

дақтарымен және қан ұйыған жерді мұқият қарағанда, сәйкес келген кезде, қан құйылуды шірімеген мәйіттен ажыратуға болады. Қан құйылу барлық уақытта теріден жоғары болады және басқанда ез түсін өзгерпейді.

Өлік дақтарының орналасуын қарастыруда оның даму сатысын ғана анықтай қоймай, оның тери бетіндегі орналасуына да мән беруі керек.

Жоғарыда айтылып кеткендей, мәйіт дақтарын көзбен көріп қоймай, оны басу керек. Басуды тәмен орналасқан бөлімнен, көбінесе орта сызық бойымен 2-3 см шетке қарай жауырын аралығын немесе бел омыртқа аймағын басу керек. Басу арнайы динамометрмен басылады, ал, егер ол жоқ болғанда сұқсаусақтың тырнақ фалангасының алақан бетімен басу керек.

Өлік дақтарын зерттеу және баға беру мәйітті анықтаған орында және мәйітханада жүргізіледі:

— өлік дақтары өлімнің нақты белгісі. Олардың болуы адамның летаргиялық ұйқыда және комада емес, оның өлгенін көрсетеді;

— өлік дақтары мәйіттің орналасқанын және оның өзгерісін көрсетеді;

— өлік дақтарының даму динамикасы — оның өлген уақытын анықтауға мүмкіндік береді;

— өлік дақтарының айқындылығы — өлім уақытының жылдамдығын көрсетеді;

— өлік дақтарының түсі — өлім себебі туралы ойлауға мүмкіндік береді және өлгеннен кейінгі сыртқы орта жағдайын көрсетеді.

Өліктің сіресуі — бұл кезде бұлшық ет тығызданды, қысқарады және белгілі бір қалпында қатып қалады. Бұл жағдай барлық бұлшық етті бір уақытта тырыстыруға ұқсас (бұлшық ет көрінісі тәрізді), бірақ, бұл кезде айқын бұлшық ет бедері көрінбейді.

Адам өлгеннен кейін барлық бұлшық ет босансыды, өзіне тән қасиетін жоғалтады, бет тыныштық қалыпқа түседі.

Басты өмірлік үдерістер тоқтаганнан кейін барлық дене бұлшық еттерінде құрделі биохимиялық процесстер басталады, ол аденоазин үш фосфор қышқылының жоғары молекулалы актин және миозин құрамына айналады.

Сіресу — барлық қаңқа және бірінғай салалы бұлышық етте бірдей дамиды. Бірақ, алдымен көбінесе ұсақ бұлышық еттерде — бетте, мойында, қол, аяқ бұлышық етінде дамиды. Кейін үлкен бұлышық еттерде де көріне бастайды. Ол өлгеннен кейін 2-4 сағаттан соң айқын көріне бастайды. Мәйіттің сіресу жогарылығы өлгеннен кейін 10-12 сағаттан соң басталады. Тағы 12 сағат шамасында қатаю бір деңгейде тұрады, кейін жойылып кетеді.

Өліктің сіресуі сот-медицина сарапшыларымен өлікті анықтаған орында және мәйітханада сыртқы зерттеу кезінде бағаланады. Бағалау келесідей: Қысып көргенде бұлышық ет тығыздығы бағаланады, буында қымылды бағалау — оның қату дәрежесін анықталады. Уш балдық бағалау бойынша бір топ бұлышық етті және келесі бір топ бұлышық етті бағалайды (әлсіз, салыстырмалы, жақсы). Өліктің сіресуінің туындауы мен шешілудің қағидасы, өлімнің даму ұзақтығын анықтаудың негізіне кіреді.

Өліктің сіресуі жасанды түрде — физикалық күш әсерінен бұлышық етті созу арқылы бұзылуы мүмкін. Мысалы: шынтақ буында қолды қозғалту кезінде бицепсті созамыз, бұл бұлышық етте сіресу бұзылады. Егер осындағы әдіспен өлгеннен кейін 8-10 сағат аралығында әсер ететін болсақ, ол біртіндеп орнына келеді. Осы уақыттан кейін әсер ететін болсақ ол қайта қалпына келмейді.

Өліктің сіресуі тек қана қаңқа бұлышық етінде ғана емес ішкі мүшелердің бұлышық етінде де дамиды. Осының әсерінен ішкі мүшелерде өлгеннен кейінгі процестер дамиды, зерттеу кезінде оған мән беру керек. Адам өлгеннен кейін жүрек босаңсиды, кейін бұлышық еттің сіресуі әсерінен жүрек бұлышық еті жиырылады және жиырылу әсерінен қан жүрек куысынан шығады.

Өліктің сіресуі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Қоршаған ауаның жоғары температурасында сіресу тез дамиды ($+20^{\circ}\text{C}$), сәйкесінше, тәмен температурада бұл үдеріс баяу дамиды. Сіресу құрғак ауада тез, ылғалды ауада жай дамиды. Бұлышық еті қатты адамдарда сіресу тез пайда болады және сырттай көрініп тұрады. Өліктің сіресуі жарақат, күйік, үлкен қан жоғалтуда, тырысқақ, қояншық аурулары кезінде тез дамиды. Өліктің сіресуін зерттеу кезінде осы факторларды есептеу керек. Өліктің сіресуі шешілудің кезінде жоғарыда айтылған факторлар көрісінше әсер етеді. Мысалы: тәмен температурада сіресу баяу

дамиды, бірақ ұзаққа созылады, жоғары температурада тез дамиды, бірақ тез шешіледі.

Әдеби кітаптарда каталептикалық бұлшық еттің сіресуі жағдайлары туралы айтылған. Бұл жағдай өлім алдында бұлшық ет тырысу болса (мысалы, тырысқақ, үлкен қояншық ұстамадан, тырысу шақыратын улармен уланғанда, сопақша мидың оқпен жарақаттануы кезінде пайда болады). Бұл жағдайларда тірі кезіндегі бұлшық ет өлгеннен кейінгі сіресуге ауысады.

Осындағы бұлшық ет сіресуі өлікке жоғары температура әсер еткенде болады (+50... +60°C жоғары). Бұлшық еттің жылу әсерінен талшықтары қысқарып, жиырылуына әкеледі. Жазу бұлшық етіне қарағанда бұғы бұлшық еті күшті, соған байланысты «боксер» сипатында тұрады.

Өліктің бұлшық етінің сіресуін зерттеу оны анықтаған жерде сырттай қарағанда және мәйітханада жүргізіледі.

Сондықтан:

- өліктің сіресуі — өлген екендігін көрсететін нақты белгі;
- өліктің сіресуінің даму қозғалысы және шешілуі өлімнің пайда болуының уақытын көрсетеді;
- өлген кездегі мәйіттің тұрысымен, сақталған өліктің сіресуіне қарап адамның неден өлгенін болжап айтуға болады.

Өліктің салқындануы. Тірі адамда дене температурасы +36-дан +37°C шегінде болады. Ішкі мүшелерде және ұлпаларда дене температурасы 0,3-0,5°C жоғары болып келеді. Адамның тұракты температурасы термореттеуші үрдістермен реттеледі. Орталық жүйке жүйесінің басқарылуы тоқтағаннан кейін бұл үрдістер тоқтайды, дене температурасы төмендей бастайды және сыртқы орта температурасымен теңеседі. Сот-медицинада зерттеу барысында адам өлген кезде оның температурасы қалыпты жағдайда 1,2-3°C жоғарылауы, жүқпалы аурудан, уланудан, ағзаның қызуынан және тагы басқа процестерден болуы мүмкінекендігі айтылады. Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша, адам өлгенде температура бірден 1-3°C жоғарылайды. Тұтастай алғанда, өлгеннен кейін алғашқы сағатта жоғарғы температура шамамен 15% мәйітте байқалады.

Сөзсіз, өліктің салқындауына сыртқы, ішкі факторлар, әдетте бірінші кезекте қоршаган ортадағы ауа температурасы әсер етеді.

Ол төмен болған сайын өліктің салқындауы қарқынды түрде болады. Ал, ая температурасы дене температурасынан жоғары болса өлік мүлдем салқындаамайды. Ауаның ылғалдылығы да өліктің сууына әсер етеді, ылғалды ауада ол тез болады. Өліктің салқындауына киім, температура, жылу өткізгіш заттар, желдетілген бөлме, тікелей күн сәулесінің түсү де әсер етеді. Ішкі факторлардан толықтылық (тері-май қабатының дамуы) үлкендігі және өлшемі, жасы (бала немесе кәрі адамдардың мәйіті тез салқындаиды). Арық адамдар, аурудан әлсіреген, көп қан жоғалтқан адамдар тез салқындаиды.

Минус температурада адамның кейбір бөлімдері тез салқындаиды, ұстағанда «мұз» тәрізді, бірақ ішкі мүшелерінің қызызы жоғары болады, сондықтан, кей жағдайда адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туады.

Сот-медицинасы сұрақтарын шешу мақсатында өліктің салқындауын анықтау үшін дене температурасын анықтау әдістерін қолдану керек. Алдымен дене температурасын дененің ашық жерін, киім астында, кеуде аймағын, іш, қолтық және шат аймағын сипап анықтап алу керек. Салқындауды сезу саусақтарда өлгеннен кейін 2 сағаттан соң, киім ішінде 6-8 сағат сақталады, көбінесе жылу қолтық астында, шат аймағында сақталады. Бөлме температурасында өліктің толық сууы 24 сағат ішінде болады. Содан соң температураны термометрмен өлшеуді. Өліктің дене температурасын өлшеуге арналған термометрдің бірнеше түрлері бар: спиртті термометр және электрлік. Спирттік термометрмен 0-ден $+45^{\circ}\text{C}$ -ге дейін дененің шат (немесе қолтықтан) және тік ішекте (рентальды температура) зерттеледі. Оны бір сағат аралықта екі рет өлшеуді (көбіне үш рет). Бұл температураның төмендеу үдерісінің қозғалысын нақты анықтауға және сәйкесінше, осы мәліметтерді дұрыс пайдалануға септігін тигізеді.

Осылайша:

- тік ішекте температураның $+20^{\circ}\text{C}$ төмендеуі — өлгеннің нақты белгісі.
- температураның өзгеруі арқылы өлім уақытын анықтауға болады.
- өлімнен кейінгі алғашқы сағатта өліктегі жоғарғы температура арқылы, өлімнің уақытын болжауға болады.

Өліктің кебуі — бұл үрдіс те өлгеннен кейін пайда болады. Дененің қорғанбаған бетінде сұйықтықтың булануына байланысты ол жерлер кебеді және тығызданады, ұлпалардың айналасы қарайды. Дененің бұл жерлері болып, терінің беткі қабаты зақымданғанда, ашық шырышты қабат, шырышты қабаттың теріге айналған жері және эпидермис аясы табылады. Денеде тірі кезіндегі және өлгеннен кейінгі пайда болған жарақаттар, көз қарашығы, ерлердің жыныс мүшесінің ұмасы және басы, әйелдің жыныс мүшелерінің еріндері, тілдің ауыз қуысынан төнірегі, тіл ұшы кепсе, ал, саусақ ұштары кеш кебеді.

Кебу бірінші кезекте температура мен ауа ылғалдылығына байланысты. Бөлме температурасында кебу 2-3 сағатта, көз ашық болса, көз қабаттарында байқалады. Қарашықтың кебуі лай түстес болады. 6-12 сағаттан кейін көздің ашық бөліктері сарғыш-сұр түстес болады.

Егер желді, құрғақ ауа райында немесе бөлмеден тыс болса қарашықтың лайлануының көрінісі өлгеннен кейін бір сағаттан соң пайда болады.

Зақымдалған эпидермис орындары, еріннің қызыл иегі, кебуден кейін эпидермистің патологиялық өзгеруі қызыл-қоңыр түске боялады, бұл өлгенге дейінгі зақымдануға ұксас. Бірақ, терінің осындай жерлерін анықтап қарасақ, айыру оңай.

Өліктің кебу белгілерін айқындау сот-медицина сарапшыларымен өлім уақытын, сонымен қатар, егер ондай жағдай болса, өліктің жатқан орнын, оның өзгергенін анықтау үшін керек.

Өліктік аутолиз. Бұл процестің негізі адам өлгеннен кейінгі ұлпалардағы шыры бұзылған ферментер айналасындағы құрылымға әсер етеді, оларды бұзады. Ферментер әсерінің белгісі тек өлікті ашып тексеру кезінде анықталады. Осыған да қарап өлім уақытын анықтайды.

Кейінгі өліктік өзгерістер

Тұастай алғанда, кейінгі өліктік құбылыстар өліктің жатқан жеріне, олардың уақыт ерекшелігіне тән сот-медициналық сұрактарды шешу кезіндегейінгі өліктік құбылыстарды анықтауды елеулі түрде қыннатады. Барлық кейінгі өліктік өзгерістер екі топқа бөлінеді. Бірінші — бұзылуши, екіншісі — сақтаушы. Олар өліктің әр шегінде жеке немесе бірге етуі мүмкін.

Шіру — бұл өлік ұлпаларына микроағзалардың әсер ету нәтижесіндеп пайдаболады. Шірітуші бактерияларада мішектерінің қалыпты микрофлорасы, олар ол жерде басқа микроағзалармен бірге симбиозда өмір сүреді, ағзада өз қызметін атқарады, әдеттегі жағдайда таралу орны шекарасынан шықпайды. Адам өлгеннен кейін бәрі өзгереді, өліктің шіруіне әкелетін шірітуші бактериялардың көптеген түрі қебейе бастайды және денеге таралады.

Алдымен шіру қобіне тоқ ішекте жылдам басталады. Бұл іште көп газ жиналуымен өтеді. Ишектердің кебуі өлгеннен кейін 6-12 сағатта байқалады. Кейін шірудің белгілері көріне бастайды, олар лайлы-жасыл түсті болады, бірінші — оң мықын аймағында, кейін — сол жақта пайда болады. Сыртқы-ішкі әсерлерсіз бөлме температурасында мәйіттің шіруі, оның болуы екінші тәулікте мықын аймағында, алдыңғы қабырғада пайда болады. Кейін шіру қан тамырлар арқылы денениң басқа аймақтарына таралады. Бұл үрдіс шірікті венозды тор құрумен көрінеді — бұл жақсы көрінетін лайлы-жасыл көктамыр суреті. Оның белгілері өлгеннен кейін 3-4 тәулікте пайда болады. Тері асты май қабатына шіру газдарының жиналуынан және басқа ұлпаларда шірікті эмфизема деп аталатын өліктің ісінуі пайда болады. Денениң бір бөлігінің көлемі: іш, кеуде, кол-аяқ, мойын, мұрын, ерін, ерлерде-жыныс мүшесі, әйелдерде-сүт безі кенеттен ұлғайып кетеді. Табиғи тесіктерден қанды бөлінділер бөлінеді, оны жарақатпен салыстыру керек. 4-5 тәуліктен кейін тері бетінде көпіршіктер пайда болады, оның іші қызыл қоңыр шірікті сүйықтықта толы болады. Кейде эпидермис механикалық әсерден ығысуы мүмкін, бұл кезде төмен жатқан қызыл теріні коруге болады. Шірудің бұлай көрінуі терінің күйігіне үксас болып келеді. 6-10 күнде эпидермис толығымен алынады, ол тырнақпен және шашпен бірге алынуы мүмкін. Кейін зақымданған тері арқылы шіру газдары өліктен сыртқа шығады да өлік көлемі кішірейеді. Шіру процесі өліктің ұлпаларының жұмсаруына әкеледі — өліктің шірікті іруі болады. Осының әсерінен, қобіне ұлпалармен жабылған сүйектер ашылады. Өліктегі жұмсақ ұлпалардың толық шіріп аяқталуы 3-4 апта да етуі мүмкін. Осы уақыттан кейін тек сүйек, сінір, шеміршек және дәнекер ұлпамен құралған құрылымдар ғана қалады.

Өліктің елеулі шіру өзгерістер кезеңі жағымсыз көрініс. Шіріктік бұзылыстар, ұлпалардың жасыл-майлы түсте болуы, жағымсыз ііс нәтижелі сот-медициналық зерттеуге жағымсыз әсер етеді. Бұл өліктің өлу уақытын, даму механизмін және басқа сұрақтарға жауап беру мүмкін емес сияқты. Бірақ, ол әрқалай. Шіріген өліктік өзгерістерде оның зақымдануының іздерін, кейбір патологиялық түзілістерді (мысалы, кордиосклероз, астеросклероз және т.б.). анықтауға болады. Сондықтан, шіріген өлікті сот-медициналық зерттеуден бас тартуға болмайды.

Шіру процестерінің дамуына ішкі және кебіне сыртқы факторлар әсер етеді. Шіру жұқпалы ауруы бар ағзадағы өліктे ертерек пайда болады. (мысалы, сепсис, перитонит, гангрена) және, керісінше, өлім алдында көп мөлшерде антибиотик және басқа бактерияға қарсы дәрілер салынса, олар шіруді баяулатады. Ерекшелеге қарағанда балалардың өлігі тез бұзылады Қоршаған ауада жоғары температура (+30 дан +40°C дейін), ылғалдылық, желдетудің болмауы шіру процесі үшін қолайлы жағдай жасайды. Шірудің белгілерінің пайда болуы өлгеннен кейін 10-12 сағатта байқала бастайды, егер оған ішкі жағдайлар әсер етсе, одан да ертерек көрінуі мүмкін. Шіру процесі температураның төмендеуінен, ауаның құрғақ және желдетуілі жерлерінде, табиғи жағдайларда баяу жүреді және кейде толықтай тоқтап қалуы мүмкін.

Қаңқалану — бұл да өлгеннен кейінгі өзгерістердің бір сатысы, олар қақталу, балауыз, шымтезекпен илену, тұзды сұйықтықтардың әсері, қату және т. б. сынды табиғи және жасанды жолмен жасау процестері жоқ. Бұл кезде шіру процесі қаңқалануға ауысады. Бұл құбылыстың маңызы — шіріктің және өліктің ұлпаларын жәндіктердің жеп қоюы әсерінен жұмсақ ұлпалар толығымен жойылады. Тек сүйек және сіңірлер қалады, ал, сіңірдің байланысының жойылуы әсерінен сүйектер жеке болып бөлініп қалады. Қаңқаланудың белгілері өліктің сәйкес жағдайларда болуына байланысты 1 айдан кейін байқалады. Толық қаңқалану (сүйек, сінір, шеміршектің болуы) 3-6 айда болуы мүмкін. Бір жылдан кейін қаңқаның байланыстыруышы сіңірлері бұзылып, жеке сүйектерге ажыратылады.

Шіруді жылдамдататын процестер қаңқалану үрдісін де жылдамдатады. Бірақ, сүйектің толық тазалануына жәндіктер, жануарлар әсер етеді. Жәндіктердің ішінде шыбындар, қоныздардың кейбір түрлері белсенді түрде әсер етеді. Кеміргіштер өліктің жұмсақ ұлпаларының шіру сатысында және одан ерте кезеңінде кеміреді. Көбінесе өлікті қасқырлар, қарсақтар, мысықтар және иттер жейді. Өліктің бетін құстардың зақымдаулары да кездеседі. Жануарлардың қарқынды әсері, қаңқалануға тез экеледі.

Қақталу (мумификация) — өліктің өзгеру процесінің бірі, бұл кезде мәйіттен ылғал толық кеүіп кетеді. Бұл кезде ұлпа қатаяды және қөлемі азаяды. Толық мумификацияланған өліктің салмағы алғашқының оннан бір бөлігін ғана құрайды. Мумификацияның дамуы үшін жақсы желдетілу, жоғары температура, ауаның ылғалдылығының төмен болуы керек. Барлық қолайлы жағдайда мумификация орта денелі адамда 4-6 айдан кейін пайда болады. Жеке бөліктік мумификация мәйітте 1-2 айда дамиды.

Балаларда және тері асты май қабаты аз адамдарда мумификация тез болады. Олар қолайлы жағдайда ұзақ сақталады, өзгеріссіз болады. Мумификация процесі аяқталған өліктің өлген уақытын анықтау қыын. Мумифицирленген өлікті сот-медициналық зерттеу өлімнің пайда болуы жөнінде көптеген сұрақтарға жауап береді. Өліктегі зақымдалу белгілері, ағзалар мен ұлпалардың өзгерістері сақталады. Сондықтан, осындай өліктер зерттелуі тиіс.

Балауыз — бұл сақтаушы типті, кейінгі өліктік өзгеріс (екінші аты — сабындану). Бұл процестің пайда болуына өлік жатқан органдың жоғары ылғалдылығы мен ауаның жетіспеушілігі әсер етеді. Сабындану суда, тығыз және ылғалды жерде (топыракта) және сол тәрізді жағдайларда дамиды.

Процестің негізгі көрінісі өліктегі майдың біртіндеп жиналуы. Қалған суда ерімейтін май қышқылы тұздармен және металды тұздармен қосылып балауыз құрайды. Бұл май қышқылының қандай металл тұздарымен қосылысына байланысты лайлы-сұр түсті жылтыр зат немесе тығыз зат — сұр-ақ түсті жылтыр құрайды. Кейбір авторлар өлгеннен кейін өлік ұлпаларында сабынданудың алғашқы белгілерін 25 күн мен 3 ай аралығында байқаған. Өліктің толық сабындануы үлкен мәйіттерде 6-12 айдан соң дамиды.

Өліктің бұлай өзгеруі кезінде көп ұлпалардың құрылышы жақсы сакталады. Сот-медициналық зерттеуде өлгеннен кейінгі кейбір ұлпалардың жарақаттануын көруге болады. Балауыз — сот-медицина тәжірибесінде өте сирек кездеседі.

Шымтезекпен илену — бұл негізі ұлланың қышқыл орта әсерінен тығызданатын, кейінгі өліктік құбылыстарды кеш сақтаушы типі. Сот-медицина тәжірибесінде өліктердің осындағы өзгерістерге үшырауы, балауыз жағдайындағы өліктерге қарағанда өте сирек кездеседі. Осындағы өзгерістер шымды батпактардағы өлген адамдардың денесінің ұлпаларының қарашірік қышқылның ұзақ әсер етуі кезінде үшырасады. Осылардың әсерінен өліктің терісі, ішкі мүшелері тығызданады және қара түске боялады. Шымтезекпен илену кезінде өлік өте ұзақ сақталады. Осы өліктердегі зақымдардың сот-медициналық сұраптарға жауап беру үшін маңызы өте зор.

Өліктің жағдайы өлгеннен бастап, оны оқиға орнында және мәйітханада зерттегенге дейін тұрақты болмайды. Сондықтан, қосарланған кеш өлгеннен кейінгі белгілері және сақтаушы түзілістері байқалады. Тәжірибеде өлік ашық жерде, жылы климат жағдайында болса шіру және қақталу процестері бірге жүреді. Өліктің жерге қарап жатқан беті шіриді және жәндіктермен бұзылады, ал жоғары қараған беті желденудің және кебудің әсерінен қақталады және ұзақ сақталуы мүмкін. Егер өліктің шіру процесі басталған беті кебуге түссе, шіру тоқтап, қақталуға айналады. Шіру төменгі, кері температурада тоқтайды. Керінше, қандай да бір жағдайда сақталған өлік жағдайын өзгеруіне байланысты шіруі немесе жәндіктердің әсерінен бұзылуы мүмкін. Мысалы, қақталған өлік, оған қонған көбелектердің әсерінен бұзылуы мүмкін және ылғалдың әсерінен шіриді және бұзылады.

Сонымен, өліктегі өзгерістердің кезектілігіне байланысты, оның қозғалысына қарап сот-медицина сарапшылары, сот-тергеу органдары үшін маңызы бар өлімнің қашан болғанын және басқа да жағдайларды көрсете алады.

3. Өлімнің уақытын анықтаудың негізгі әдістері

Сот-медицинасында өлім уақытын анықтау әр мүшениң және дene ұлпаларының өмір сүруінің ұзактығына негізделген. Өлім

уақытын анықтау үшін осы ұлпаларға тітіргендіргіштермен әсер ету әдісін пайдаланады. Ол электрлік немесе механикалық тітіркендіргіштерге, ал, кейбір ұлпалар химиялық заттарға жауап береді. Ұлпалардың осындай реакциясын — суправитальді деп атайды.

Бұлшық еттің электрлік әсерге жауап беруі. Ине тәрізді электродты кез келген бұлшық еттің соңына қадап (мыс: бицепс) ток беретін болсак, ол белгілі дәрежеде тырысады. Тырысу күші үш баллды көрсеткіште бағаланады. Қатты жиырылу өлгеннен кейін 2-2,5 сағатқа дейін пайда болады, орташа — 2-4 сағат, әлсіз — 4-6 сағат арасында байқалады. Әдіс белгілі ток күшін қажет етеді. Әдістің артықшылығы сол, оның нәтижесіне сыртқы фактор өте аз әсер етеді.

Бұлшық еттің механикалық әсерге жауап беруі. Ол беті шектелген қатты затпен бұлшық етті ұру (мысалы, бицепстің ортасын темірмен). Ол жерде ісіну пайда болады. Бұлшық еттің бұл реакциясын өлгеннен кейін 6 сағатқа дейін қарап анықтауға болады. 6-11 сағат аралығында осындай реакцияны ұрган жерді тек қолмен қысып қарау арқылы анықтауға болады. Кеш мерзімде ұрган жерде езілу пайда болады. Бұл реакцияға өлімнің сыртқы ортасы мен себебі елеулі әсер етпейді. Жаңа өлген өліктегі бұлшық ет сіңірдің механикалық әсеріне де жауап береді. Сіңірді ұрган кезде тиісті бұлшық еттің жиырылуы болады (бұл невропатолог дәрігермен, аурулардың сіңірлік рефлекстерін тексеру тәрізді тізе, ахилл сіңірлерін ұра отырып қарауы). Сіңірдің барлық бойына ұрганда жағымды реакция өлгеннен кейін 1,5-2 сағат уақыттың өткенін көрсетеді. Егер кейбір бұлшық еттерге ғана жағымды әсер етсе 6-8 сағат өткенін білдіреді.

Қарашықтың атропин және пилокарпинге әсері. Адам өлгеннен кейін ішкі биомеханизмдердің әсерінен қарашық кеңейеді, кейін 2 сағат өткеннен соң тарылады, сосынтағы кеңейеді. Атропин және пилокарпинді тамызганда қарашық кеңейеді немесе тарылады, реакция күші өлім дамуының ұзақтығына пропорционалды және өлім уақытын анықтауға қолданады. 11 сағатқа дейін атропин енгізгеннен қарашық кеңейеді, гилокарпиннен кейін тарылады. Өлгеннен кейін 24 сағаттан соң қарашық атропин және пилокарпинге әсер етпейді.

Тері бездерінің реакциясы. Тері бездері адам терісінің барлық бөлігінде орналасады. Өлгеннен кейін бірнеше уақытта оған тер бөліп шығаратын химиялық затты енгізу арқылы өлім уақытын анықтайды. Әдістің маңызы келесідей. Тер бетіне химиялық зат жағылады, ол терімен араласқанда түсі өзгереді. Осы жердің астына адреналин енгізеді, ол тер бездерінің жиырылуын шақырады және тер болінуін азайтады. Тер бездерінің реакциясы өлгеннен кейін алғашқыда 1-1,5 сағаттан кейін айқын көрінеді де, әсері 30 сағатқа дейін сақталады. Бұл әдіс адам денесінің жекелеген бөліктерін тапқанда қолданады.

Арнайы сот-медициналық әдебиеттерде ерте өлім құбылыстары анықтаған әдістер сипатталған. Бірақ, ол әзірше сарапшы жұмысында кеңінен қолданылмайды.

Сонымен, сот-медицина сарапшыларымен қолданылатын өлім дамуының уақытын анықтау әдісі, оларды кешенді түрде алынған мәліметтерді талдауды қолданғаннан кейін және қылмыстық іс материалдарымен міндettі салыстырғаннан соң өлім уақытын анықтауға мүмкіндік береді.

Корытынды

Өлім себебін сот-медицина сарапшыларының көмегінсіз анықтау толық және нақты болмайды. Зангерлер өзінің тәжірибесінде сот-медицина сарапшыларын тек жарақаттың сипатын және кейбір сарапшы міндеттің шешуге ғана емес, сонымен бірге өлім және өлгеннен кейінгі белгілерін, өлікті зерттеу кезінде алынған объективті мәліметтерге қарап өлім уақытын анықтау үшін шақыртады.

Бұл көптеген жағдайда нақты сот-тергеу версиясын және өлім себебін анықтауға көмектеседі. Дәлелдемелік ақпарат алу және оны өзінің жұмысында қолдану сот-тергеу қызметкерлерінің беделін жоғарылатып, шындыққа жетуге қажетті міндеттерді сауатты түрде шешуге, қылмыскерді іздестіруге көмектеседі.

6. ТІРІ АДАМДАРДЫҢ СОТ-МЕДИЦИНА САРАПТАМАСЫ

(жәбірленуші, сезікті, айыпталушы)

Kіpіспе

1. Дене жарақатының тексеру әдістері және жалпы ережелері
 2. Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесін анықтау
 3. Азаптау мен соққыларды көлтіру
- Қорытынды**

Kіpіспе

Тірі адамдардың (жәбірленуші, сезікті және т.б.) денсаулығына келтірілген зиянның ауыртпалық дәрежесін анықтау негізіндегі сот-медицина сараптамасы жөніндегі дәрістердің қажеттілігі агрессиялық қылмыстың өсу санымен байланысты болып отыр. Атальыш сараптама өте танымал және сот-медицина сараптамасы соның жартысынан көбін жүргізеді. Бұл зан қызметкерлерінің білімінің ерекшелігі мен қажеттілігін негіздейді және олардың жалпы жүргізуі әдістері, ең бастысы, сот әділдігінің мүддесі мен шындыққажетудегісот-медициналықсараптамақызыметкерлерінің қорытынды беруі өте маңызды.

Бұл дәрісте қазіргі заманғы ғылымның және сараптама тәжірибесінің жетістіктерін есепке ала отырып, әр жағдайды бағалауға кең мүмкіндік ашатын жалпы ережелер мазмұны бар. Кері жағдайда тірі адаммен салынған ұқсас, яки әр түрлі сипаттағы жарақаттар денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесі бойынша біртекті болмауымен бағалануы мүмкін. Бұл шектен тыс сарапшы қателігіне соқтыруы мүмкін.

Бұл дәріс денсаулыққа қасақана және абайсызда зиян келтірудің мәселелері бойынша ғылыми-тәжірибелік зерттеулерге сүйене (жан күйзелісі жағдайында, абайсызда, қажетті қорғаныс шегінен шығу және басқа да жағдайларда), соның ін қатар әр түрлі дене жарақаттарының ауырлық дәрежесін бағалау, сондай-ақ, ҚР ҚК, ҚР ҚҰЖКК-нің және оларға берілген түсініктемелердің сәйкесінші

баптарының жекелеген аспектілөрін талдау негізінде жазылған. Сонымен қатар дәрісте заңгер білуі қажет, зақымдануға байланысты тірі адамдарға сараптама жүргізу туралы жалпы ережелер қарастырылған.

1. Дене жарақаты кезіндегі жалпы ережелер мен зерттеу әдістері

Дене жарақаты, негізінен денсаулыққа зиян келтіру, сот-медицинадық сараптама өндірісіне жіберуге себептердің бірі болып келетін, дене жарақатының сипаттың анықтау үшін сот-медицинадық сараптама жүргізу міндетті болып табылады. Жарақаты бойынша жәбірленушілерді, сезікті және басқа да тұлғаларды қарап-тексеру, әдетте, сот-медицинадық сараптама Бюросының амбулаториясында жүргізіледі. Егер жәбірленуші стационарлық емдеуде болса, онда ол ауруханада қаралады.

Жарақат туралы сараптамалық қорытынды медициналық құжаттардың түпнұсқасын тексеру мен қарау кезінде алынған объективті деректерге (ауру тарихы, медициналық картада) негізделеді. Емдеу кезінде әртүрлі клиникалық түрғында колданылған құрал-жабдықтар мен зертханалық зерттеулер, жарақаттың жазылу барысы, жедел араласулар нәтижесі, рентгенге түсіру, зертханалық талдаулар және басқа да зерттеулер нәтижесі назарға алынады.

Тек медициналық құжаттары бойынша, яғни ауруды тексерусіз (ауру тарихы, аурудың медициналық картасы және т.б.) тірі адамдарға сырттай сараптама жүргізуге ерекше жағдайларда жол беріледі. Мысалы, тергеу немесе анықтау органдарына тез арада сараптама қорытындысы қажет болған жағдайда, алайда, сезіктің не жәбірленушіні қарау қынға соққан немесе медициналық көрсетулер уақытша мүмкін емес болған жағдайда (науқастың ауыр жағдайы, жақында жүргізілген операция және т.б. байланысты) жүргізуі мүмкін.

Сырттай сараптама бойынша қорытынды беру негізі болып зақымдану туралы нақты ақпарат беретін және клиникалық ағымы жөніндегі медициналық құжаттардың түпнұсқасындағы деректер, сонымен қатар, қорытынды үшін маңызы бар басқа да

жағдайлар табылады. Зақымдану түріне байланысты (жарақат алған адамның жарақат алу уақытында не медициналық көмекке жүргінген кезінде ішімдік ішкендігі туралы) қорытынды жасалады. Бұл құжаттар медициналық мекеменің басшысының қолымен бекітілуі тиіс.

Денсаулыққа зиян келтіру кезінде алынған жарақаттардың сот-медициналық сараптамасы сарапшымен жеке немесе қажетті жағдайда басқа да дәрігерлердің қатысуымен комиссиялық түрде (хирург, терапевт, гинеколог) жүргізілуі мүмкін. Кей жағдайда дәрігер-мамандардың берген көнсінен алынған деректерді пайдалана отырып жеке сараптама жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда сарапшы қорытындысында көнсө берушімен жазылған сарапшының берген сауалнамасына жауабы, сәйкес құжаттарда (рәсімдеудің күні мен номерін көрсете отырып) сілтеме ретінде көрсетілуі тиіс.

ҚР ҚІЖК-нің балтарына сәйкес (242-бап, 8-тармақ) сараптама тағайындаған тергеуші сезіктің, айыпталушыны, жәбирленушіні, егер аталған адамдардың сараптама жүргізу кезінде қатысуы міндетті деп танылса, оларды сарапшыға жеткізуді қамтамасыз етеді. Тергеуші сараптама өндірісіне, соның ішінде сот-медициналық сараптамасына да қатысуға (жеке адамның денесін қараша жалаңштаумен байланысты болса, басқа жынысты болған жағдайдан басқа кездерде) құқығы бар.

Егер амбулаторлық тексеру кезінде диагнозын нақтылау мақсатында және зақымдану сипатына байланысты клиникалық жағдайда қарауды жалғастыру қажеттігі туындаса, онда осы туралы дәрігердің қорытындысы негізінде, тергеуші тексерілүшіні ауруханаға стационарлық қаралуға жолдай алады. Бұндай жағдайларда жарақат туралы сараптама қорытындысы жиналған барлық мағлұматтар негізінде шығарылады.

Сот-медициналық сараптамада міндетті түрде тексерілүшінің жеке басын, қалай зақымданған себептерін анықтау, медициналық қорытынды беру үшін маңызы бар шағымдарын және басқа да ақпараттарды бекіту, қылмыстық іс материалдарымен және медициналық құжаттардың түпнұсқаларымен танысу ұшырасады. Қажет болған жағдайда сарапшы сараптама тағайындаған орган өкілдігіне қосымша материалдарды беру туралы етініш мәлімдей алады... (ҚР ҚІЖК, 83-бап, 3-тармақ).

Сот-медицина сарапшысының зақымданумен байланысты жарақаттың жалғасуы немесе қызметінің бұзылуын бағалауы зерттеу жүргізу процесі кезінде анықталған объективті мағұлматтардан алынуы тиіс. Егер медициналық құжатта көрсетілген аурудың ұзақтығы келтірілген дene жарақатының сипатына сәйкес келмесе және жәбір көрушінің объективтік жағдайымен дәлелденбесе, онда сарапшы осы фактіні өзінің қорытындысында көрсетеді және нақты деректер бойынша жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындайды.

Сот-медицина сарапшысы денсаулыққа келтірілген зияннан кейінгі туындаитын аурудың, сонымен қатар, олардың кездейсок жағдайлар күшімен туындаитын салдарын, ағзаның жекелеген ерекшеліктерін, медициналық көмек көрсету кезінде жеткіліксіз болған ерекшеліктерді есепке алуы керек. Осылардың барлығы денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығының саралануының өзгеруіне өздігінен негіз болмауы қажет. Мұндай жағдайда сарапшы өзінің қорытындысында денсаулығының нашарлау сипатын немесе тексерілуші адамның асқыну жағдайын және оның нақты дene жарақатымен себепті байланысын міндетті түрде көрсетуі тиіс.

Сот-медицина сарапшысы жәбірленушінің жарақаты және оның салдары өлімге алып келген жағдайда, өзінің қорытындысында басқа да сұраптарды шешумен қатар болған жағдайды, өлімнің себебін көрсете отырып, зақымдану мен өлімнің арасындағы себепті байланыстың бар немесе жоқтығын ашып көрсетеді.

Зангерлер денсаулыққа зиян келтірумен байланысты болған жәбірленушіні, сезіктіні және басқа да адамдардың сот-медициналық сараптамасы кезінде сарапшылардың қызметінің алгоритімін білуі керек. Бұлар төмендегі негізгі бөліктерден тұрады:

— сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы тергеүшінің (прокурордың) қаулысымен және сарапшының алдына койылатын сұраптар тізбесімен танысу;

— қылмыстық іс материалдары және жәбірленушінің берген жауабы бойынша келтірілген жарақатты зерттеу;

— киімін, аяқ киімін және зақымданудан қалған ақауларды қарau;

- қосымша зерттеулерді жүргізу (қажет болған жағдайда);
- сот-медициналық сараптама қорытындысын және оның қосымшаларын құрастыру (сурет, сызбалар, зерттеу қорытындысы және т.б.).

Сарапшының алғашқы әрекеттеріне тоқталып қана қоймай, келесі жағдайларды жекелеп қарастырып өтейік.

Алынған жарақаттың барысымен танысу

Танысу, сарапшымен сәйкес жағдайларда қылмыстық іс материалдары бойынша, сондай-ақ, тексерілүшіден айғақтар алыну кезінде де жүргізілуі мүмкін. Ол кейде ауру тарихымен немесе басқа да ұсынылған медициналық құжаттар бойынша жүргізіледі. Қылмыстық болған жері, уақыты, күні, жарақаттың кіммен келтірілгені немесе қандай жағдайда алынғандығы (көліктен немесе өндірістегі қайғылы уақыға және т.б. нәтижесінен) анықталады. ЗАҚЫМ келтірілген заттың ерекшелігі зерттеледі. Тексерілүшінің айтуымен тікелей жарақаттан кейінгі оның денсаулығының тексерілуге дейінгі және тексерілу кезіндегі жағдайы, шағымдары (құсу, есінен тану т.б.) зерттеу кезінде қарастырылады. Медициналық көмектің түрі (дәрігерге дейінгі, жараны стационарда не амбулаторияда дәрігердің қаруы, біріншілік сыйнықтың түрі, жағдайы) анықталады. Сұрау алу кезінде тексерілүшінің жарақат алғанға дейінгі денсаулық жағдайы, бұрынғы ауырған ауруларының және емдерінің түрі анықталады.

Киімді (аяқ киімді) қару және зақымданудан алынған ақауларды анықтау

Зақымдану кезінде зақым алған адамның киімінде әдетте кесу түріндегі қару не құралдың іздері, жыртылулар мен матадағы қалған ақаулар, сонымен қатар, кірленуге тән, яғни қаннан қалған дактар, тот басу, көлік дәңгелегінің протекторынан қалған күм, топырақ іздері қалады. Осындағанда іздерді табу және зерттеу зақым келу механизмін анықтауға және басқа да бірқатар сараптама сұраптаратын шешуге көмектеседі.

Тексерілүшінің киімін қару, әсіресе, келесі жағдайларда ерекше маңызды болып табылады:

- хирургиялық араласуда, дene жарақаттарын хирургиялық тазалау кезінде талқылау үшін қажетті, жарақат келтірген құралдың ерекшелігі ретінде айту қыынға соқса, ауру тарихында

жарақаттың алғашқы түрі туралы дәрігерлік сипаттама толық көрсетілмесе;

— оқ тиғен кездегі жара, яғни жақыннан ату кезінде киімде ату іздері (жанған, газ, бытыра және т.б.) қалады, соның езінде оқтың кіру тесігі деңе терісінде жоқ болуы мүмкін, бұндай жағдайларда атудың қашықтығы жөнінде тек жараланған адамның киімін зерттегеннен соң барып айтуы мүмкін жағдайларда;

— көлік оқиғалары кезінде, киімде көлік құралдарының әртүрлі бөліктері (темірлер, металдар, құмдар) болуы мүмкін кезде;

— жазылу кезінде, деңедегі жаралар жазылу сатысында немесе толықтай жазылған болса, онда жарақат келтірген қарудың түрін және бірқатар басқа да сұраптарды шешу үшін киімде және деңеде қалған зақымдарды кешенді түрде қарастыру керек.

Зангерлер деңедегі жарақаттарды сипаттау кезінде, сондай-ақ, киімді қарауда оның орналасуын, ошағын, түрін, пішінін, мөлшерін және де кесілудің, жыртылудың, ақаулардың, сонымен бірге, басқа да кірлену іздеріне тән белгілерді нақтырақ қарау кепек. Зақымданудың, не дақтардың орналасу орнын анықтауда, киімнің белгілі нүктеден ара қашықтығын өлшейді. Әр түрлі киімдерді қарауда біртекtes нүктелерді пайдаланған жөн. Осылардың барлығы киімнің сәйкесінше түріне байланысты кестеде бекітіледі.

Деңедегі зақымдарды табу және қарау

Әдетте жәберленуші деңесіндегі жарақатына сарапшының назарын өзі аударады, бірақ та бұл сарапшының оларды белсенді түрде табуымен ғана шектелмеуі тиіс. Мұндай жағдайлар, әсіресе, сезіктіні, не айыпталуышыны зерттеуге қатысты, яғни олар алынған жарақаттарын жасырып қалуға мүдделі болуы мүмкін. Әрбір зақымданудың белгілерін сипаттайтын және ерекшелігін көрсететін қасиеттері бар. Олардың қатарына:

— орналасу — жарақат орналасқан деңе аймағын (кеуде жасушасының сол жақ бөлігінің алдыңғы жағында) көрсету, мұнда зақымданудың жақын орналасқан белгілі анатомиялық нүктелерге дейінгі қашықтығының тік бұрыш жүйесі бойынша көрсетілуі. Кейбір жағдайларда, жекелеп айтқанда, оқ тиғен кезде, кесіп-шабу жарақаттарында, көліктен зақымдану және басқа да, яғни жарақат келтіру механизмі туралы сұраптар туындауы

мүмкін жағдайларда, зақымданудың өкше тұсынан биіктігін анықтау жатады. Зақымдану ошағын және оның пішінін адам денесі бейнесінде кесте түрінде көрсеткен тиімді;

— түрі — медициналық түсіндірмеге сәйкес, зақымдануға анықтама беру (жара, көгеру, қанталау, сынық және т.б.) қажет;

— пішіні — геометриялық пішінде немесе жалпыға белгілі заттармен денедегі жаракаттарды (қанталау, домалақ пішінді, тік сзызықты жырықтар және т.б.) көрсету болады;

— түсі — зақымданудың негізгі түсі мен түрін (мысалы, қанталау — қызыл-күлгін, ортасы — сарғыш-жасыл түсті т.б.) көрсетеді;

— өлшем — зақымданудың ұзындығы және ені сантиметрмен немесе миллиметрмен өлшенеді. Өлшемді көзben шамалап байқауға және қандай да бір заттың көлемімен анықтауға жол берілмейді (алма, жұмыртқа және т.б.). Жаншып-кесілген және кесілген жараларда ұлпаның зақымдануынан ақау пайда болатындықтан, медициналық құжаттарда тек оның ұзындығы ғана көрсетіледі. Бұл ені деп қабылданатын екінші өлшеммен байланысты шындыққа жанаспайды, тек денениң осы аумағында пайда болған жараның дәрежесін сипаттайты;

— жараның шеттерінің жағдайы — жараның жанында қан құйылу іздері немесе томпайып ісінген, шеті негізінен тегіс немесе тегіс емес, ірі немесе ұсақ бошік түрінде кішкентай, үлкен және т.б. болып келеді, олардың түрі, сипаты мен орналасуы міндетті түрде көрсетіледі;

— жара сонының жағдайы (жаракат келтірген зат сипаттады) — тік бұрышты, домалақ, П-пішінді жырықтар, айналасында қан құйылуулар және т.б. бойынша анықталады;

— арнайы тегістеу және ластану — жабысқан немесе алынатын ірінің қабықтары, қан іздері, ұлпааралық сұйықтық, теріге қатысты олардың орналасуы анықталады, жекелеген түрде бөлек құмдар, жерлер, боялған заттар, жұғатын майлар, сыртқы ластанулар, жанбай қалған бытыра қалдығы және т.б., сонымен бірге, олардың сипаттамасы мен орналасуы бекітіледі.

Қосымша зерттеулер

Қосымша зерттеулер зақымданудың маңыздылығына толық көрсетулер береді. Мұнда тексерілушінің денесінде және киімінде

байқалған түтік емес түзілістерді анықтауға болады. Сонда бірқатар арнайы және зертханалық әдістерді қолдану қажеттігі пайда болады. Накты жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

— микроскопия — (негізінен киімді, кей жағдайларда дene терісін зерттеу үшін жүргізіледі) зақымдану бөлшектерін табуға, сонымен қатар, өзгеше түзілістерді, ластануды табуға мүмкіндік береді;

— фотосурет — зақымданудың орналасуы туралы анық мәлімет береді, ал, зерттеу фотосурет, сонымен қатар зақымдану ерекшелігін, көзben көрінбейтін, білінбейтін зақымдану ерекшелігін (кара киімдерде инфрақызыл сәулемен суретке түсіру оқтық кіру тесігі аясын көрсетеді) табуға көмектеседі;

— рентгендік зерттеу — диагностика өткізуді, денедегі бөгде заттарды анықтайды. Сонымен қатар берілген әдіс көмегімен кейде зақымданудың шеті мен айналасындағы оқтық пішінін, ағаш сынығының кіргенін, металл жұғындыларының ерекшеліктерін байқауға болады, ал, басқа жекелеген жағдайда жарапанған өзектің бағытын және доғал заттармен ұрылған күштің бағытын (зақымданған сүйек сынықтарының орналасуы бойынша) анықтайды;

— химиялық зерттеу — жәбірленушінің терісі мен киімдерінде атудың кіру тесігі аясында қалған оқ-дәрі қалдықтарын, сонымен қатар, жарадағы ағындының химиялық құрамын, олардың ішіндегі жасанды заттарға құдік туған (жанарап-жағар май, май) және басқа да жағдайларда флегмонаның құрамын анықтайды.

Арнайы әдістерді пайдаланумен байланысты қосымша зерттеулер, сәйкес жағдайларда тек осы әдісті менгерген мамандармен (рентгенге түсіруші, сот-медициналық зертханасының физико-техникалық, не химиялық сарапшылары) жүргізіледі.

Олардың көмегіне қажет жағдайда жәбірленуші, құдікті және басқа да тұлғаларға тексеру жүргізуі дәрігер-сарапшы тартылады. Жазба түрінде рәсімделген зерттеу нәтижесі корытындыны жазуда (алынған құжаттың күні мен номеріне сілтеме жасалына отырып) есепке алынады.

Осылайша, біздің тарапымыздан мәселе тірі адамдардың сот-медициналық сараптамасына бағытталып, денсаулыққа зиян

тигізу мәселесі қарастырылады. Бұл — заң қызметкерлеріне соттергеу версиясын объективті түрде дәлелдеуге, жасалған құқық бұзушылық мәселесіне тағы бір дәлелдеме алуға және шындыққа жетуге қажетті мүмкіндік. Бұл жағдайда қазіргі заманғы талапқа сай жазылған «Сот-медицинадық сараптаманың қорытындысы» үлкен маңызға ие. Дәрісіміздің келесі сұрағы осы мәселені толық ашуға бағытталады.

2. Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесін анықтау Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің баптары

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (КР ҚК, 103-бап).

Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын мүшеден айрылуға немесе мүше қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына экеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ, өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға үштасқан немесе кіналіге мәлім кәсіби еңбек қабілетін немесе түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған, денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру — үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан ауыруға жазаланады.

КР ҚК мәтінінен көріп отырғанымыздай, денсаулыққа ауыр зиян келтіру өмірге қауіп келтіру белгісі бойынша, закымдану түрлерінің:

- көру, есту немесе қандай да болсын мүшеден айрылу, не мүшениң қызметін жоғалту;
- психикалық бұзылыстар;
- денсаулық бұзылыстары, еңбекке жарамдылықтың үштен бір бөлігінің бүлінуі;
- кәсіби еңбек қабілетінің толық жойылуы;
- жүктіліктің үзілуі;
- беттің қалпына келмейтін закымының туындауымен байланысты саралануы мүмкін.

Өмірге қауіпті зақымдар

Өмірге қауіпті зақымдар болып, зақым келтіру барысында жәбірленушінің өміріне қауіп төндіретін немесе қалыпты ағымда өліммен аяқталу танылады. Медициналық көмек көрсету барысында өлімнің алдын алу зақымдалудың өмірге қауіптілігін анықтау барысында назарға алынбауы тиіс.

Өмірге қауіпті зақымдар анатомиялық немесе функционалдық белгілері бойынша ажыратылады. Бірінші жағдайда фактіні анықтау жеткілікті болып табылады (миға, кекірекке, ішке енген жаракаттар, иық сүйегінің ашық түрдегі сынуы және т.б.), яғни оның ағымының клиникалық көрінісі шешуші орын алмайды. Екінші жағдайда зақым өмірге қауіпті болып, тек ауыр зақымдар көрінісі анықталады (мысалы, ауыр дәрежедегі бас сүйегінің зақымдануы, көп қан жоғалту және т.б.).

Өмірге қауіпті болып:

- бас сүйегінің жаракаты, соның ішінде, мидың зақымданбауы;
- бас сүйегінің ашық және жабық түрдегі сынығы, бет сүйек сынығымен о және бет сүйегінің жұмсақ тұсының жаракатынан басқа;
- бас миының ауыр дәрежедегі контузиясы, мыжылуы, сонымен қатар, мидың мыжылмауы, бағаналы тұсында соққы белгілері бар орта дәрежедегі бас миының зақымдануы;
- өмірге қауіп төндіру дәрежесі бар эпидуральді, субдуральді немесе субарахноидальді бас сүйек ішіне қан құйылу;
- омыртқаның жаракаты, соның ішінде, жұлдынның зақымдалуынсыз;
- сынықтар — шығу, дене сүйектерінің сынуы немесе мойын омыртқаларының сынуы, сонымен бірге жұлдынның қызметінің бұзылуынсыз 1-2 мойын омыртқаларының біржақты сынуы;
- мойын омыртқасының шығуы;
- жұлдынның мойын бөлігі тұсында жабық зақымдануы;
- сынықтар немесе шығу жұлдынның қызметінің бұзылуымен не естен танудың ауыр дәрежесі клиникалық түрғыда анықталған бір немесе бірнеше кеуде, бел омыртқаларының шығуы-сынуы;
- ауыр естен тану және жамбас құысы қызметінің бұзылуымен ұштасатын кеуде, бел және сегізкөз омыртқалары тұсындағы жұлдынның жабық зақымы;

- кеңірдек, көмей, өңештің сығылған жаракаты;
- кеңірдек сақиналарының жабық сындыры және көмейдің кілегей қабатының жыртылуы, ауыр естен танумен қатар, тыныс алудын бұзылуы басқа да өмірге қауіп келтіретін белгілер;
- кеуде қуысының жаракаты, сіріқауыз қуысына енетін, перикард қуысы немесе кеуде аралық жасуша, соның ішінде, ішкі ағзаларга зақым келмесе;
- іштің жаракаты, іш астарға енетін, сонымен қатар, ішкі мүшелердің зақымсыз іш астардан тыс кеңістік мүшелерінің ашық жаракаты, қуықтың жаракаты, тік ішектің органды бөлігі;
- кеуде немесе құрсақ қуысы мүшелерінің жабық жаракаты, жамбас қуысының, сонымен қатар, іш астардан тыс мүшелерінің өмірге қауіпті зақымы;
- ұзын жіңішке сүйектердің ашық сындыры — иық, сан немесе үлкен тоқпан жілік;
- жамбас қуысы сүйектерінің сындыры, ауыр дәрежелі естен танумен қатарласатын немесе массивті қан жоғалту немесе несеп жарғағының жыртылуы;
- үлкен қан тамырының зақымдануы: қолқа, ұйқы артериясы, қолтықасты, иық, тізе, сан, тізе асты артериялар немесе қатарлас қан тамырлар. Шеткері тамырлардың зақымдануы, өмірге қауіптілік дәрежесімен бағаланады;
- ауыр естен тануга әкелетін немесе коллапс туындататын массивті қан жоғалту, клиникалық майлы немесе газды эмболияны шақыратын, жаракаттық токсикоз, бүйрек жетіспеушілігі көрініс беретін зақымдану;
- термиялық III-IV дәрежелі ауқымды күйіктер, дененің 15%-дан артығын алады, III дәрежелі күйік дененің 20% -дан астамын, 2-ші дәрежелі күйік дененің 30%-дан артығын алады. Сонымен қатар, кіші ауқымды күйіктер, ауыр естен танумен жұптасатын тыныс алу жолдарының күйігі, дауыс саңылауларының ісінуі және тарылуымен қабаттасады.
- химиялық қосындылардың (аралас қышқылдар, әр түрлі күйдіруші заттар) жергілікті жалпы улану әсерімен қатар өмірге қауіп төндіретін күйіктер;
- егер олар объективті белгілермен белгіленсе, мойын және басқа да мүшелердің мыжылуы және механикалық асфиксия түрінде өмірге қауіпті зақымдармен қосақтасады.

Ағымы мен салдары ауыр зақымдануға жататындар:

Мұндай зақымданулар, мысалы, көру қызметін жоғалту, есту немесе басқа да мүшелердің қызметінің бұзылуы, ҚР ҚК баптарина сәйкес, ағымы мен салдары ауыр жағдайларға жатқызады.

Көру қызметін жоғалту кезінде толық загиптылықты 2 көздің де соқырлығы немесе 2 м және одан да төмен қашықтықта саусақ санау қабілетінен айрылған дәрежесін айтады. Бір көздің соқырлығы, еңбекке жарамдылықтың жоғалуы, яғни 3-бөлігінің белгісі бойынша ауыр зақымдануға жатады. Ескере кететін жайт, егер көздің зақымы болып, оны алғып тастау керек болса, ол денсаулық бұзылысының ұзақтығына қарай бағаланады.

Есту қызметін жоғалту деп толық керендейдік немесе қайтымсыз жағдай, яғни жәбірленуші 3-5 см қашықтықтан сөзді естімейтін жағдай (бір құлақтың есту қызметін жоғалтудың өзі еңбек кабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға әкеліп соғады және сондықтан осы белгі бойынша денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіру зақымына жатады) түсініледі.

Қандай да бір мүшені жоғалту немесе мүшенің қызметінің бұзылуы деп төмендегіні түсініміз:

— тілдің, яғни сөйлеудің жоғалуы, дыбыстармен өз ойын қоршаған ортаға түсінікті етіп жеткізе алмау;

— қол, аяқты жоғалту, яғни оларды денеден ажырату немесе қызметін жоғалту. Анатомиялық қол немесе аяқты жоғалту оларды денеден толық бөлу, яғни иыққа ампутация жасау.

— көбею қызметінің жойылуы, ұрықтандыру, туудың болмасы ретінде қарастырылады.

Психикалық бұзылыстар

Оның ағымының ұзақтығынан және жазылу дәрежесімен байланыссыз, егер ол психикалық аурудың дамуына әкелсе, зақым денсаулыққа ауыр зиян келтіру деп сараланады.

Денсаулыққа ауыр зиян келтіру дәрежесін бағалау үшін арнайы психиатрдың қатысуымен комиссиялық сот-медицинаданың сараптамасы процесімен жүзеге асырылады. Комиссиямен:

— жаракат және оның түрінің болуы;

— психикалық бұзылыстың болуы;

— жаракат пен психикалық бұзылыстың арасында тікелей себепті байланыстың болуы анықталады.

Еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулықтың бұзылуы

Еңбек қабілетінің тұрақты жоғалту критерилерін қолдануда, жалпы еңбекке жарамсыздығы ескеріледі, яғни дәрежеленбейтін және өзін-өзі қамтамасыз етуге қабілетсіз болуы.

Дәрежеленбейтін еңбек — арнайы окууды қажет етпейтін, қоршаған ортаға пайдалы еңбек (заттардың орнын ауыстыру, жермен байланысты еңбек, арнайы механизмдерді қолданбай ғимаратты, не ашық алаңды жинау). Өзін-өзі қамтамасыз ету — адамның тұрмыстық қажеттілігін қанағаттандыру (киіну, жуыну, тамақ әзірлеу).

Еңбекке жарамдылықты жоғалту барлық жағдайда денсаулыққа зиян келтіру дәрежесінің критері ретінде нақты, яғни тұрақты немесе өте ұзақ сипатта болуы тиіс. Мысалы, егер жарақат алғаннан соң 3-4 ай өтсе, (дәрігерлік-сараптама комиссиясымен мүгедектікке ауыстыру жөнінде сұрақты шешу үшін жәбірленушіні куәландыру кезінде) жақын уақытта жазылу қарқындылығы байқалмаса, еңбекке жарамдылықты тұрақты жоғалту басталады деп санауға болады. Осындай жағдайларда егер, мысалы, 1-2 жылда еңбекке қабілеттілік қайта қалпына келсе, мүгедектік алышып тасталуы мүмкін.

Зақымдану кезінде жалпы еңбекке жарамдылықтың тұрақты жоғалту дәрежесі, объективті мәліметтерді анықтағаннан кейін бекітіледі.

Балаларда тұрақты еңбекке жарамдылық қабілетін жоғалту, жалпы ережеге сәйкес, ересектермен бірге анықталады. Мүгедектерде тұрақты еңбекке жарамдылық қабілетін жоғалту денсаулыққа зиян алумен байланысты, оның мүгедектігі мен мүгедектік тобынан тәуелсіз, сау адамдармен қатар анықталу бойынша жүргізіледі.

Жұктіліктің үзілүі

Жұктіліктің үзілүі қабатталған, денсаулыққа зиян келтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру дәрежесінде бағаланады. Бұл жағдайда сот-медицинаданың сараптамасы маман акушер-гинекологтың қатысуымен комиссиялъ түрде жүргізіледі. Комиссия:

— денсаулыққа келтірілген зиянның сипатын;

— жүктіліктің үзілу фактісін;

— денсаулыққа зиян келтіру және жүктіліктің үзілуі арасындағы себепті байланыс (ағзаның ауру жағдайы мен қандай да бір дәрі-дәрмек қабылдау, жекелеген ерекшеліктер және т.б. нәтижесінде түсік тастау мүмкіндігінен басқа).

Беттің қалпына келмейтін жағдайы

Денсаулыққа зиян келтірудің осы белгісі бойынша зиян келтірудің ауыр түрі ретінде саралау үшін үш жағдайды анықтап алу қажет:

- зақым бетте немесе мойынның алдыңғы жағының жоғарғы белігінде орналасуы қажет;
- қалпына келтіргісіз жазылмайтын жағдайда;
- бет-әлпетінің бұзылуына әкелген жағдайлар.

Зангерлер алдыңғы екі сұрақтың сот-медицина сарапшыла-рымен, ал, үшінші сот-тергеу органдарымен шешілетінін білуі керек.

Қалпына келтіргісіз жазылмайтын зақым деп қалпына келтіру тек операциялық жолмен (бұзылудар, беттің бұлышық етінің (мими-ка) бұзылуы және т.б.) жүзеге асыруды қажет ететін (косметикалық операция) патологиялық өзгерістерді түсіну қажет.

Бетте орналасқан зақымның ауырлығы бойынша сараптама өндірісінде сарапшы тек зақымның жалпы критерилерін бағалап қана қоймай (денсаулықтың бұзылуы, еңбек қабілетін жоғалту), сонымен бірге оның қалпына келетіндігін не келмейтіндігін де көрсетуі қажет. Қорытындыда зақымның фототүсірілімдері коса берілгені қажет.

Егер беттегі жара қайта қалпына келтірілмейтін жағдайда болса және тергеуші, не сотпен ол бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуы деп танылса, денсаулыққа зиян келтіру, сарапшымен бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз жағдайға тән белгісі бойынша залал кеттірудің ауыр түрі деп бағаланады.

Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК, 104-бап).

Адамның өміріне қауіпті емес және ҚР ҚК-нің 103-бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ, денсаулықты ұзақ уақытқа бұзылуға немесе жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтартылған түрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа

қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру — үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не алты айға дейін қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Нақ сол әрекет:

в) аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәліге дәрменсіз күйде екені белгілі адамға қатысты... — бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірудің критерий болып:

- өмір үшін қауіптің болмауы;
- ҚР ҚК-де көрсетілген салдардың болмауы;
- денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуы;
- жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан салдар танылады.

Денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуы

Денсаулықтың бұзылуы деп — ұзақтығы зақымның толық жазылу мерзімімен, яғни анатомиялық тұтастықтың және жекелеген мүшелер қызметінің бұзылуларының қалпына келуімен анықталатын ағзаның ауруға ұшыраған жағдайын айтамыз. Осы анықтамадан денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуын емдеудің ұзақтығы (медициналық құжаттағы мәліметтер бойынша) және еңбекке жарамсыздықпен салыстыруға болмайды. Олардың уақыты бойынша сәйкес келмеуі жи ұшырасады. Мысалы, жәбірленушінің кәсібіне байланысты ол еңбекке жарамсыз деп танылады және жұмысқа кірісе береді, алайда, оның денсаулығының бұзылуы әлі қалпына келмеген, бірақ, ол денсаулыққа зиян келтіру дәрежесін саралау кезінде жәбірленушіні қарau процесі мен медициналық құжаттардан алынған объективті мәліметтермен расталуы қажет. Денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуы деп — ұзақтығы үш аптадан асып кеткен жағдай (21 күннен астам) саналады.

Еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалту

Еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалту деп — жалпы еңбек қабілетінің 10%-дан 33%-ға дейін жоғалту танылады.

Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (КР ҚК, 105-бап). Денсаулықтың қысқа уақыттық бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін айтарлықтай емес тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру — елу айлық есептік көрсеткіштен жүзелу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сottaлған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не жұз сексен сағаттан екі жұз қырық сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға жазаланады.

Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру критерилері:

- денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуына әкеліп соғатын, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру;
- денсаулыққа жеңіл дәрежеде зиян келтіру, еңбекке жарамдылықтың аз мөлшерін жоғалту;
- денсаулыққа жеңіл дәрежеде зиян келтіру қысқа уақытқа денсаулықты бұзады және тұрақты еңбекке жарамдылықтың аз мөлшерін жоғалту.

Денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуы.

Қысқа уақытта денсаулықтың бұзылуы деп — закымдануымен тікелей байланысты, ұзақтығы 6 күннен, бірақ 3 апта мерзімнен (21 күн) аспайтын уақытқа созылуы түсініледі.

Аз мөлшерде жұмысқа қабілетілігін жоғалту.

Аз мөлшерде еңбекке жарамдылықты жоғалту — бұл жалпы тұрақты еңбекке жарамдылықты 10%-ға дейін жоғалтуы.

Денсаулықтың қысқа уақыттық бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін айтарлықтай емес, тұрақты жоғалтуға әкеп соқпайтын денсаулыққа жеңіл дәрежеде зиян келтіруге, алты күннен аспайтын уақытқа созылған, салдары тез жазылатын, елеусіз аз мөлшерде денсаулыққа зиян келтіру жатады.

3. Азаптау мен соққыларды келтіру

Соққылар

Соққылар денсаулыққа зиян келтірудің ерекше түрін құрамайды. Олар көптеген ұру әрекеттерімен сипатталады. Егер соққылардан кейін жәберленушінің денесінде закымданулар бол-

са, олардың денсаулыққа зиян келтіру дәрежесін жалпы белгілер бойынша бағалайды. Егер соққылар өзінен кейін ешқандай объективті іздер қалдырмаса, онда сот-медицинадық сараптама өз қорытындысында жәбірленушінің шағымдарын және денсаулыққа зиян келтірудің объективті белгілері табылмағанын және денсаулыққа зиян келтірудің ауырлық дәрежесін анықтамайтынын нұсқайды. Мұндай жағдайларда соққылар фактісін бекіту тергеу және сот орындарының қарауына беріледі.

Азаптау (ҚР ҚК, 107-бап).

Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шегу, егер бұл осы Кодекстің 103-ші және 104-баптарында көзделген зардаптарға әкеп соқпаса — елу айлық есептік көрсеткіштен жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауга, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Азаптау

Азаптау денсаулыққа қасақана зиян келтіру себебін анықтайды. Бұл дегеніміз — бірнеше, ұзақ немесе ерекше ауыру сезімін келтірумен байланысты қасақана әрекет, яғни үшкір не доғал қарулармен закымдау, денені күйдіру немесе ыстық сұйық зат құю, мыжғылау, өткір затты тырнақ астына кіргізу, тесу, т. б. түсініледі.

Сот-медицинадық сарапшы азаптау нәтижесінде денсаулыққа келген зиянның туындауы туралы сұрақты шешпейді, яғни қасақаналықты анықтау сот-тергеу қызметкерлерінің құзіреттілігіне кіреді.

Алайда сарапши:

- денсаулыққа келтірілген зияндылықтың сипатын;
- дene боліктеріне келтірілген жекелеген жаракаттардың уақыт айырмашылығын;
- денсаулыққа зиян келтірген қару-жарактарды анықтайды.

Бұндай жағдайда нақты закымдаулың бірнеше, ұзақ немесе ерекше ауыру сезімін келтіруі — азаптаудың белгісінің бірі болып табылады.

Осылайша, дәрісіміздің осы сұрағында біздің тарапымыздан КР ҚК баптарына сәйкес денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру дәрежесін анықтаудың негізгі критерилері қарастырылды.

Қорытынды

Жәбірленуші, сезікті және басқа да тірі адамдардың денсаулығына зиян келтіруге байланысты жалпы денесіндегі жаракаттардың себебі бойынша жаракат кезінде сараптаманың осы түрін тағайындау үшін тергеу, айыптау, сот қызметкерлері міндетті түрде білуі тиіс, сот-медициналық сараптама жүргізу барысының жалпы ережелері дәрісімізде қарастырылды. Сонымен қатар, мысал ретінде денедегі жаракаттардың сот-медицина сараптамасы, олардың қагидалары және әдістері, зерттеу түрлері, тексеру кезіндегі сарапшының алгоритм қызметі талданды. Дәрігермен жазылған құжатта жүргізілген сараптама шаралары және медициналық мәліметтер, зангерлермен бірлесіп шығарылған дәлелдеменің бір түрі ретінде медицина қорытындысын пайдалану тек тергеу тәжірибесінде ғана емес, сонымен қатар, сот процесі мен қорғау үйімі үшін үлкен мәнге ие.

7. ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЛМЫС КЕЗІНДЕГІ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА

Дәріс жоспары

Kіріспе

- Жыныстық зорланудың психофизиологиялық негізі**
- Жыныстық қатынас патологиясы және оның сот-медицинасымен шешілуі**

Корытынды

Kіріспе

Адам өміріне, бостандығына және жеке ар-намысына қарсы қылмыстардың ішінде әлеуметтік қауіптің жыныстық қылмыс болып табылады. Бұл түсінікке адамның жыныстық қатынас және адамгершілік туралы қалыптасқан ұстанымының, жыныстық амандығы мен бостандығына қол сұғы жатады.

Адам өмірінің жыныстық жағына қатысты жыныстық қылмыстарды тергеуге арналған шешімі сот-медициналық сараптаманы жүргізуі талап ететін көптеген сұрақтар туындаиды. Зангерлерге бұл өзекті мәселені түсіну үшін адамның жыныстық өмірінің қалыпты жағдайы мен патологиясын және ер мен әйелге қатысты жыныстық зорлық әрекетке себеп болған жағдайды жалпы түрде білу қажет. Бұл толығымен зорлаушыға да, жәбірленушіге де қатысты.

1. Жыныстық зорланудың психофизиологиялық негізі

Жыныстық зорлауды қарастыру кезінде жыныстық өмірдің физиологиясы мен патологиясын білу керек. Зангерлерге осы жағдайды жасөспірімдер, жігіттер мен қыздардың есу қарқындылығына байланысты, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерінің бірі ретінде арнайы оқыту керек.

Адамның жыныстық өмірі биологиялық, әлеуметтік, психологиялық ерекшелігі бар күрделі кешененнен тұрады. Ол көптеген жағдайда адамның өзіндік жеке қалыптасуының белгісін

көрсетеді. Жыныстық кезеңмен байланысты психологиялық уайдар, қоршаған орта үшін жан-жақты күрделі болып келеді.

Адамның эволюциялық дамуы кезінде жыныстық белсенділік гормоналдық қалыптың ролінің азауы және орталық жүйке жүйесінің жоғарғы болігінің манызының, түйсіктің, жеке даму процесі кезінде пайдада болатын тұқымқуалаушылық реакциясының мінез-құлық нысанына ауысуы. Адамның нәсіпқұмарлық белсенділігіне жыныстық түйсік, қанның құрамындағы жыныстық гормондар, жеке тұлғаның моральдық-этикалық көзқарас жүйесі, қофамдық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни көзқарастарының әсер етуі анықталған.

Қалыптан тыс жыныстық әрекетті зертеу үшін құрылымдық талдау әдісін қолданады. Ол психикалық жағдайды, гормонмен қамтамасыз етілуін, жүйке қозғалысының қалыпты жағдайын және олардың өзара әрекеттерінің жиынтығын біріктіргендегі колемді клиникалық диагнозға есептелген. Жыныстық жүйеде (мысал ретінде ерлерді алайық) әрқайсысы өзіндік анатомия-физиологиялық құрылымдардан тұратын және белгілі қызметтің атқарылуына байланысты төрт функционалдық кешенге бөлінеді.

Нейрогуморальдықты құруши — мидың және барлық эндокриндік бездердің жүйесінің қызметімен байланысты. Ол жыныстық қызығушылықты және жыныстық қызметті реттеп отыратын жүйке жүйесінің барлық бөліктерін тиісінше қоздыруды қамтамасыз етеді.

Психикалық құрулыу ең бастысы, бас ми қыртысының қызметімен және адамға тән жыныстық белсенділіктің туындауымен, сонымен бірге нақты жағдайда мінез-құлық реакциясы мен қофамның моральдық-этикалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Эрекция құруши — оның анатомия-физиологиялық субстраты болып, жұлынның жедел бөлімімен бірге эрекцияның арнағы ортасы мен тәуелді қан айналымы, сонымен қатар, ең бастысы, жыныс байланысының механикалық жағын қамтамасыз ететін, жыныс мүшесі болып табылады.

Эякуляторлық құруши — қуық безінен бастап, бас ми қабатының қыртысының орталық маңына дейінгі күрделі

құрылымдық элементі табылады. Ол жыныс белсенділігінің барлық негізгі және соңғы биологиялық қызметін — еркектің ұрықтану процесінің басталуын бөлуді қамтамасыз етеді.

Қалыптан тыс жыныстық әрекеттің құрылымдық талдауы сәйкес құрушылардың функционалдық қызметінің сакталу дәрежесі туралы жекелеген нәсіпқұмарлық симptomдарын бағалау негізінде пікірге келуге, ал, ол болмаса, синдромның клиникалық белгілерін идентификациялайды, яғни адамның нәсіпқұмарлығының негізгі бағыттары болып: либидо, эрекция, эякуляция, оргазм табылады.

Сонымен қатар жыныстық мүшениң құрылу типіне, жыныстық белсенділіктің көрсеткіш индексіне, тұлғаның ерекшелігіне, жеріне, алеуметтік өмір сүру жағдайына да үлкен мән берілу қажет. Адамдардың жыныстық өмірі әр түрлі нысанда болып келеді. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда адамдардың гетеросексуалдық коитусының қалыпты моделі нәпсікұмарлық жақындасудың жалғыз түрі болып отырған жоқ.

Осы мәселені қарастыру барысында, ең алдымен, жасөспірімдердің психосексуалдық дамуына тоқталу қажет, өйткені, патологиялық бейімделудің нысаны ретінде сексуалды перверсиялар осы жаста, яғни жыныстық қозу мен жетілу кезінде қалыптасады.

Жасөспірімдердің наследкіліктерінің дамуы көптеген жағдайда ерте жыныстық катынастың қозуына, ағзаның психикалық және физикалық құрылудың дәрежесіне, тәрбие әдісіне, ата-аналарымен өзара қарым-қатынасына, өмір сүру және тамақтану жағдайына, баспа, радио, теледидар, кино, театр арқылы алынатын ақпараттар ағынына, мектептегі тәрбиешілерге, жанұядығы туыстарға байланысты болып келеді.

Көптеген жағдайларда жасөспірімдердің жыныстық жетілуі, олардың психикалық, этикалық және адамгершілік жақтарынан озын түсітіндігі анықталған. Бұл, әсіресе, сексуалдық сұрақтарға келгенде психологиялық тұрғыда тез шешім қабылдауға әкеледі.

Жасөспірімдерде наследкілік белсенділіктің, не қалыптан тыс жыныстық әрекеттің ерте дамуы жүйке-психикалық бұзылулар дұрыс тәрбиеленбеу әсерінен туындейды. Жас өсken сайын нәпсікұмарлық қызығушылық жоғарылайды және әртүрлі

әрі тұракты түрде байқалады. Жасөспірімдерде нәсіпқұмарлық, жынысы бір не қарсы жынысты адамға құмарлық (құшақтау, сую, төсекте бірге жату, жыныстық мүшелерді көруге қызығушылықтың өршүі, дәретханада тығылып қарау, жынысы тура-лы ойлар, сексуалдық мағынадағы суреттер мен жазулар) түрінде жүзеге асады.

Осылардан басқа, олар:

- мастурбация;
- псевдолизм (маструбациялық әрекеттер мен сексуалды әрекетті қиялдау);
- вуайеризм (жыныстық қатынасты қарау немесе жалаңаш түрдегі жыныстық мүшелерге қызығушылық);
- экгибиционизм (карсы жынысты адамның алдында денесін, жынысын көрсетуге үмтүлу);
- петтинг (гениталидің жақындасуы болмайтын, балаларда эякуляциямен және қыздарда оргазммен аяқталатын, екі жақты байланыстың әсерінен эрогенді зоналарды қоздыру);
- гетеросексуалды әрекет;
- гомосексуалды жыныстық қатынас болып белінеді.

Жасөспірімдердің жынысты әрекетінің негізгі дәлелі жоғарғы эмоционалдық сезіммен ұштаспайтын, сексуалдық қызығушылықты қанағаттандырудың биологиялық қажеттілік болып келеді.

Адамның жыныстық өмірінің патологиялық формасының бірі болып сексуалды перверсиялар табылады. Сексуалды перверсиялар деп — жыныстық жақындасудың қалыпты, физиологиялық әдістерінен айырмашылығы бар, түрлі тәсілдермен алмастырылатын, қалыптан тыс жыныстық әрекетке қызығушылық және оны іске асыруды айтады. Оларды сексуалды девиациядан — «махаббат ойыны кезіндегі перверсионды әрекеттерден» ажыратса білу қажет, яғни ол жыныстық сезімді іске асырудың жалғыз формасы емес, үлкен жынысты қозу және ұрпақ қалдыруға бағыттау.

Казіргі жыныстық перверсиялар екі негізгі топқа белінеді:

- жыныстық әуестіліктің бұзылуы, бұл кезде жыныстық қанағаттану объектісі өзгереді — гомосексуализм және парадоксалды формалары (педофилия, геронтофилия, зоофилия, инцестофилия, некрофилия, пигма-лионофилия) және т.б.

— либидо қанағаттану әрекетінің бұзылуы — эксгибиционизм, аутоэротизм (нарциссизм, мастурбация), петтинг, мазохизм, пикацизм, плюрализм, вуайеризм, садизм, фетишизм, трансвеститизм, фроттеризм және т.б.

Жыныстық перверсияларды патологиялық жағдай ретінде қарасақ, оның үш формасын бөлуге болады:

— шынайы (биологиялық немесе тұа пайда болған) — жыныстық әуестік жоғары құндылықта және әпабысқақ ретінде өтеді, алайда жеке адамның моральді, ерікті жағдаймен тоқтауы мүмкін, бірақ сексуалды әрекеттің жалпы бағыты сақталады. Жыныстық қанағаттану сол адамға тән формада сақталады;

— психогенді-функционалды — сыртқы әрекет әсерінен туындаиды, бірақ, гетеросексуалды жыныстық қатынас болады, алайда, жағдайдың туындауы мен өзгеруі кезінде жылдам қозғалыста болады (шынайы перверсияға қарағанда);

— қалыпты емес (жалған) — сексуалдық әрекет жыныстық өзгеріс бар болса да қалыпты жыныстық әрекет болатындығымен сипатталады; олар созылмалы емес, ол кезде әр түрлі перверсиялық әрекеттер болады. Ол жерде негізгі рольде экзогендік әуестік іске асады және олар әдетте психопатиялық және истерикалық адамдарда байқалады.

Адамдардың жыныстық қызметінің патологиясы әр түрлі болып келеді. Әдетте ол психологиялық түрғыдан ауыр, ал, емдеу көмегі шаралары үнемі жеткілікті түрде тиімді бола бермейді.

Осылардың ішінен мастурбация және гомосексуализмге тоқталайық.

Мастурбация. Мастурбация немесе онанизм деп — өзінің жынысын өзі қоздыруды айтады. Мастурбация ерлер және әйелдер арасында жиі кездеседі. Қоғтеген ер адамдар (73%) мастурбациямен 14-18 жастан бастап айналысады және 25 жасында толығымен тоқтайды. Көп әйелдер (62%) мастурбацияны жас кезінде бастағандар 55-60 жасқа дейін жалғастырады. Өзімен-өзі жыныстық ләzzат алуға әйелдерге қарағанда, ер адамдар көп барады. Мастурбациямен айналысу мүмкіндігі туралы ақпараттар көзі жыныстық ләzzат алудың жағымды әсері ретінде айналасындағылардан естуі болып табылады. Кейбір кезде мастурбация жабысқақ әсер болып қалады. Мастурбацияны көп

жасаудан кейін жыныстық қозудың, эрекцияның, жыныстық катынастың төмендеуі пайда болып, астенизация дамиды, невроз және психологиялық шығын пайда болады.

Мастурбация бір жынысты адамдар тұрақтаған жерлерде көп дамыған. Олар алдымен қанағат алмайтын, биологиялық қажеттіліктен туындаитын сексуалдық қозуды жеңілдететін, ал дамишы әсер ретінде дамиды.

Мастурбацияның карқындылығы: салыстырмалы (аптасына 2-3 рет), шартты-эксцессивті (күніне 1 рет), сөзсіз-эксцессивті (күніне бірнеше рет).

Мастурбацияны: жеке, өзара, топтық (соңғысын моральді-этикалық талаптардың бұзылуы ретінде қудалау керек), еліктеушілік, зорлықты (оны да жеке адамға зорлық және бұзақылық ретінде қудалау керек) деп бөледі.

Гомосексуализм. Оның келесі түрлерін ажыратады: ерек пен еркектің, яғни жыныстық қатынас жыныс мүшесін белсенді түрде ануска енгізу — еркектік гомосексуализм түрі. Эйел мен әйелдің (сағизм, трибадия) — гомосексуализмнің әйелдік түрі, бұл кезде әйелдің эрогенді аймақтарын қоздыру жатады.

Гомосексуализмнің даму себептері:

- жас қыз не ер балалардың жыныстық тұрақсыздығы;
- ерте жыныстық қозу;
- бір реттің өзінде шартты-рефлекторлы тұрақты қатынастың пайда болуына бейім келу;
- қарама-карсы жыныстық адамдардың болмауы. (бұл гетеросексуалдық бағыт тұрақты қалыптасқандарда көрсетілгендердің біреуі инверсияға әкелмейді, сондықтан, барлық жағдайда бұлар гомосексуалды болмайды).

Балалық және жасеспірім кездегі жыныстық бағыттың тұрақсыздығы және салыстырудың жетіспеушілігі кезінде нәпсікүмарлық қызығушылықтың қалыптасуы барысында қарама-карсы жыныстың болмауы жыныстық құмарлықтың бұзылуына әсер етуі мүмкін.

Жыныстық әуестіктің пайда болуына адамның қалыптасуы мен тәрбие процесінде туындаитын көзқарасы мен бағыты әсер етуі мүмкін. Олар күшті болған сайын мидың диницефальды аймагындағы ер немесе әйелдік жыныстық орталығының әлсіреуі болады.

Сот-медицинасы гомосексуализмнің негізгі екі түрін ажыратады:

- шынайы (биологиялық қалыптасу);
- психогені-функционалды (ситуациялық-факультативтік), олар жабық ұжымда туындалап, өздігінен еліктеу немесе мәжбүрлеу, не азғыру, сонымен қатар сыйақы үшін ерікті түрде айналысу нәтижесінде (яғни жезөкше) пайда болады.

Гомосексуализмнің бұл екі түрінен басқа, гомосексуализмнің негізгі екі түрін ажыратады:

- белсенді гомосексуалдар, «ер адам» ролін ойнаушы;
- енжар гомосексуалдар, «әйел адам» ролін ойнаушылар.

Олар тек қызығушылықтың бағытына ғана байланысты емес, одан басқа психологиялық ерекшеліктерімен: жүріс тұрысы, қымыл-қозғалысы, дағдысы, киінуі, жынысына тән сәйкестігімен бөлектенеді.

Гомосексуалды қатынастардың дамуын бірнеше сатыға бөледі:

- алдын ала — нәпсікүмарлықпен қосылу үшін объектіні іздестіру; бұл жүпты ауыстырғанда пайда болады, бұған көбінесе белсенді гомосексуалдар жүргінеді;
- претактильды — гомосексуалды байланыс жүзеге аспайды, тек қана түсінде, қиялында және арманында болады;
- тактильді — гомосексуалды байланыс толық жүзеге аспай қалады, тек ол шешінген денеге қарау, шомылу кезінде тигенде, бір төсекте ұйықтаған кезде пайда болады.
- генитальді — гомосексуалды байланыс бар және ол жыныстық жақындасу сипатына ие.

Жыныстық гомосексуалды бейімділік емнің дұрыс жүргізілгеніне, әлеуметтік және психопрофилактикалық шаралардың жетістігіне байланысты, жоғарыда көрсетілген сатылардың бірінде тоқтап қалуы мүмкін.

Активті әйелдің және пассивті ер адамның арасында гомосексуалдықтың туындауының факторларын ғалымдар және тәжірибе мамандары екінші орынға қояды.

Ер адамдарда гомосексуализмнің активті формасы және әйелдерде пассивті гомосексуализмнің негізінде, жұбымен шартты-рефлекторлы байланыстың қалыптасуына әсер ететін

жағдайлар үлкен мәнге ие. Мысалы, әйелдерде бұл байланыс мықты, бұл активті жұптың ролін ойнағандарда, ол тек қана сексуалды жұбы ғана емес, сонымен қатар дос, жолдас болып келеді. Пассивті гомосексуалисткалар (лесбианкалар) бұл жолға психологиялық және сексуалдық жалғыздықтан қашып барады. Бұл жынысты байланысты вариациялар байқалады.

Перверсиялар көбінесе (85%) психопатиялық мінезі бар адамдарда, психопаттарда, истериктерде, жекетүлға тұрақсызығында, орталық жүйке жүйесінің әр түрлі органикалық зақымдалуы болғандарда, психологиялық шығындарда, бас-сүйек жаракаты, жан ауруларымен ауыратындарда (коянышық, олигофрения, циклотимия және т.б.), эндокриндік бұзылыстарда, невроздарда, хромосомды ауруларда, жыныс жүйесінің туа пайда болған ақауларында кездеседі.

Бірақ та гомосексуалдардың арасында (15%) психикалық аномалиясы айқын көрінусіз, кейде қоғамдық өмірдің ғылыми, өнер, шығармашылық сыванды түрлі аясында жоғары зиялды, талантты және қабілетті адамдар кездеседі.

Біз гомосексуализмнің ішінде зорлықпен байланысты, қылмыстық тұрғыда жазаланатын формаларын қараймыз. Осындағы гомосексуалдардың халықтың арасында саны туралы нақты деректер жоқ және оларды білу қын, алайда, осы мәселені зерттеуші тәжірибе мамандары гомосексуализмнің үлкендер арасында 10% және жастардың арасында 15% кездесетіні туралы айтады.

Ерлер арасында гомосексуалды жағдайлар, әдетте, кездейсок пайда болады және тұрақты бекітілген қатынас болмайды. Олардың арасында өзара мейірімділік, бір-біріне қару, назар аудару жоқ, керісінше, пассивті жұбына жек көрушілік сезім болады. Жұбының интелекті негұрлым төмен болған сайын, активті жұп өзін күштімін деп есептейді, өзіне әлсіздерді, интелектуалды тұрғыдан дамымаған, сенгіш, психикасы немесе физикалық дамуында ақаулары барларды таңдайды. Активті гомосексуалдар өзінің құрбандығын өзімен бірге тұруға итермелей отырып, оларға сыйлықтар береді немесе балағаттау, ұрып-соғудан қорғайды, бопсалайды не күш қолданамын деп қорқытады, кейде зорлауға дейін барады.

Жыныстық қатынастан кейін активті гомосексуалдар өзінің жұбына деген құрметтін жоғалтады, оны жек көреді. Пассивті гомосексуалдар басқа ер адамдардың қатынасын жек көреді.

Әйел гомосексуалдар (лесбианка) арасында жұптар бір-біріне тұрақты қарайды. Олардың ара қатынасы күйеу мен әйелге тән тәрізді махабbat және құрметтен тұрады. Гомосексуалды байланыс кезінде активті партнердің ролін орындаған әйелдерге қызғаншақтық, кек алу және басқа гетеросексуалды махабbatта көрініс табатындардың сезімі тән. Олар барлық кездे көшбасшы болуға тырысады, ер адамға тән сөйлеуге талпынады, киінуін, шашын, ер адам сияқты өзгертіп, қатты, әр түрлі сөздер айтады, темекі шегеді. Мысал ретінде, қылмыстық-атқару жүйесі бойынша әйелдер мекемесінің бірінде, өзінің гомосексуалды байланысында активті жұпты иеленген сотталушы, өзінің сүт бездерін алдырып тастаған, теріден қапшық тігіп, аралыққа киіп, зәр қабылдағыш ретінде қолданған. Кейін ондағы зәрді қысып шығарып, ер адам сияқты «зәр шығаратынына» назар аудартады.

Активті лесбияндық жасау арқылы әйелдерге зорлық көрсету сот-медицина тәжірибесінде сирек кездеседі. Көп гомосексуалды қатынастар жабық әйслдер ұжымдарында кездеседі, жатақханада, изоляторларда, өзінің қылмысын өтеу орындағында, психиатриялық ауруханаларда және басқа мекемелерде болады. Бір жыныстылардың бірге тұруы еректердегі сынды, әйелдерде де сөзсіз бір-бірінің жүйке-психикалық қанагаттанбауына патологиялық тұргыдан әсер етеді. Бұлардың көбі ұйқысыздық, айналасындағылармен себепсіз ұрыс-керіске баруы, әйелдерде сондай-ак, көбіне жылауга бейім болып кездесетін, жүйке-психикалық бұзылыстармен ауырады. Кейде адамның психопатиясының өзіндік шығу түрін де анықтауға болады. Көптеген жағдайда бұл өзара жыныстық қатынастың қалыптантыс нысанында айналысатын активті жұптарға қатысты болып келеді. Бұл активті және пассивті жұптарда, ерлер мен әйелдерде әр түрлі нұсқада көрініс табады.

Гомосексуалды байланысқа түскендердің көп бөлігі жан аурулармен ауыратындығын ұмытпау керек. Бұл көбінесе негізінен ер және әйелдердегі активті жұптарға қатысты. Сирек психикалық жетіспеушілік бір жынысты пассивті партнер әйелдердің арасында болады.

Гомосексуалды байланыс кезінде зорлық әрекетіне спирттік сусындар мен есірткі заттарды қабылдау, арнайы ұйықтайтын орындардың жетіспеушілігі, қарсы жынысты адамдармен қандай да бір байланысқа рұқсат етпейтін ата-аналардың шектен тыс қаталдығы, салауатты өмір салтының шынайы мысалдарының және үгіт-насихат жұмыстарының жоқтығы әсерінен болады.

Қалыптан тыс нәпсікүмарлық әрекет өзінің негізінде тек биологиялық аспекті ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік, психологиялық және зандық акспектілер бар екендігін білу қажет.

2. Жыныстық қатынас патологиясы және оның сот-медицинасымен шешілуі

Бұл сұрапты қарau барысында сот-медицина тәжірибесінде жиі кездесетін тұлғаның жыныстық бостандығы және тиіспеушілігінің бұзылуына тоқталамыз.

Қыздық перденің бұзылуы жайында

Қыздықтың негізгі критері ішіндегі жыныстық қатынасқа әлі түспегендігі, ал, қыздық перденің бұзылуы қыздық перденің анатомиялық бүтіндігінің бұзылуы табылады.

Қыздық перде қынаптың кілегей қабатының дубликатурасын сипаттайды және оның кіре берісін шектеп тұрады. Перденің негізін құрамында созылмалы талшықтар және бұлшық ет шоғыры бар, дәнекер ұлпа құрайды. Пердені қоршап тұрған кілегей қабық ішінен және сыртынан біртекті емес, көп қабатты жалпақ әпителіден тұрады.

Әдетте, қыздық перденің тесігінің орналасуына байланысты сақина, не циркулярлы және тесіктің эксцентрлік орналасуында жарты ай тәрізді (көбінесе жоғары және зәр шығару каналына жақын) екі негізгі формасын ажыратады. Перде жабық болуы да мүмкін, бұл кезде тесік мүлдем болмайды. Қоршалған, бұл кезде тесік көлденең немесе қигаш қалқанмен екі бөлімге бөлінеді. Қыздық пердесі бір, екі немесе бірнеше тесігінің болуымен де сипатталады. Қыздық перденің биіктігі де әр түрлі болып келеді. Ол жиі 1-1,5 см, бірақ одан үлкен болуы мүмкін (2-2,5 см дейін) немесе, керісінше, аз болады. Кейде қыздық перде өте төмен болуы, қынаптың кілегей қабатында азгана қыртыс тәрізді, кейбір

жағдайда перденің түа пайда болғаннан бастап жоқ болуы кездеседі.

Бірінші жыныстық қатынас кезінде қыздық перденің жыртылуы-дефлорация деп аталады. Жыртылу біреу, кейде екеу болуы, сирек жағдайда одан да көп болуы мүмкін. Олар көбіне артқы тәменгі сегментте болады, бірақ, басқа аймақта да болуы мүмкін. Жыртылу перденің негізіне дейін барады, беткей жыртылу сирек болады.

Сот-медицина сараптамасы кезінде қыздық перденің жыртылуы барлық уақытта жыныстық қатынастың әсерінен болмайтындығын ескеру керек. Олар қолымен немесе басқа бір затпен қынапқа енгізу әсерінен болуы мүмкін. Сирек жағдайда перденің жыртылуы жыныс жүйесінің жарақаты негізінде болады.

Кей жағдайларда перденің кейбір формаларында олар созылуға бейім, жыныс мүшесі қынапқа енген кезде жыртылу болмауы мүмкін, сондықтан қыздық перденің жыртылуы болмайды. Бұл сарапшының қорытындысында көрініс табуы керек. Бұл жағдайларда перденің жыртылуы босану кезінде ғана болады. Перденің жаңадан жыртылуы және ыдырауы кезінде қанайды, кейін грануляциялық ұлпа қалыптасады, шеттері тыртықтанады. Тыртық өте жұмсақ ақ бозғылт түсті, сырт көрінісі перdedен өзгеріссіз болады.

Қыздық перденің жыртылуының жазылу қарқындылығы 7-12 күн аралығында өтеді. Бұл қарқындылық жыртылудың уақытын анықтауға негіз болады.

Жыртылудың шеттері толық бітсе, ол «ескі» екенін білдіреді. Оның мерзімі жөнінде сараптамалық критерилер жоқ. Перденің жыртылуы, негізіне жетпегендерді табиғи өзгерістермен салыстыру керек. Оны кейде дәрігер көзben көру арқылы ажырата алады, ол кезде түбінің шенберленген ойықтарын анық көруге болады. Қыздық перденің кез-келген белігінде орналасқан ойықтың симметриялы болуы назарға алынады.

Дифференциалды диагностика мақсатымен кейбір арнайы әдістер қолданылады. Көп авторлар пердені көру негізінде ультракүлгін сәуле қолданады. Коллаген талшықтары әсерінен, пердені қоршаған ұлпаларға қарапанда, тыртықтар қатты жарықтанады. 3-6 күндік жыртылу кезінде әлсіз көгілдір

жарықтану көрінеді. Олар табиғи ойықтарда кездеспейді. Нақты нәтиже жасыл монохромды жарықтану кезінде кольпоскопия процесі негізінде алышатынын көрсетеді.

Бұрын жыныстық қатынасқа түскендігі жөнінде

Жыныстық қатынас болғандықтың нақты белгісі әйел қынабының кілегей қабатында сперматозоидтердің болуы. Олар көнтестан кейін 3-5 тәулікке дейін сақталады (егер оларды жою үшін арнайы шаралар қолданбаса әрине). Қарау кезінде сперманың қынапта бар екенін анықтау үшін стерильді дәкемен алып әйнектің бетіне салып, ауада кептіреді.

Ер адам спермасының АВО изосерологиялық антигені болады, қандағы тәрізді нақты қай ерекпен болғанын анықтау үшін қынаптағы шәуектің тобын анықтау керек. Сол үшін қынаптағы затты дәке тампонында зерттейді. Жұғынды алуға әйнек затын қолданады. Жыныстық әрекеттің бұзылған формаларында және ерек пен еректің жыныстық қатынасында сперматозоидтар тік ішекте немесе ауыз қуысынан анықталуы мүмкін.

Шәуектің қай топқа жататынына байланысты топты анықтау үшін «бөлуші» ретінде, яғни шәует, сілекей және қанда кездесетін адамнан бөлінетін басқа топтық антигендер нәтижесімен бағаланады. Кептеген адамдар қатары енетін «бөлушілерде» — бұл құрам айқындау, елеулі, ал, «бөлмейтіндерде» — өте аз немесе антиген анықталмайды.

«Бөлушіні» анықтау үшін сілекейді зерттейді. Ол кезде қанды алған тәрізді сілекейді сезікті мен жәbirленушіден алады.

Жыныстық қылмыспен байланысты зорлықтан өлім болған жағдайда, «бөлуші» санатын анықтау қажеттігі туады. Бұл үшін мәйттеп өт және зәрін алып зерттеу ұсынылады.

Жыныстық әрекеттің жанама әсері ретінде жәbirленушінің қынабында киімнің және шаштың бөлшектерінің болуы танылады. Шаш пен киім жіпптері әйел қынабына кез-келген механикалық әсерден кіруі мүмкін, бірақ көбінесе олар жыныстық қатынас кезінде енеді. Сондықтан, қынаптың шырышты бөлігінен алышатын шаш пен жіпптерді сәйкес ұлгілермен салыстырмалы микроскопиялық әдіспен зерттеу керек.

Бұрын жыныстық қатынас болғандықтың нақты белгісі — жүктілік болып табылады, ал, жанама — оның жүқпалы аурулар жүккөтыруы.

Бұрын жыныстық қатынасқа түскендіктің белгісі болып, қыздық перденің жыртылуы мен жыныс мүшесінің айналасындағы механикалық зақымдалу табылады. Бұл екі белгі де тек бағытталушы магына береді. Жоғарыда айтылғандай, дефлорация шектен тыс әрекет ретінде каратан, ер адам қолымен немесе басқа затпен жасау нәтижесінен болуы мүмкін. Механикалық зақымдалуға келер болсақ, кейде зорлау кезінде зорлануышының қарсылық көрсетуінде, физикалық әлсіздік дамығанда немесе басқа себептерден жыныстық қатынастың болмауы.

Тік ішек арқылы жыныстық әрекет жасағанда, оған тән өзгерістер, атап айтқанда: тұтікше тәрізді шығып тұру, тік ішектің қыртысының жазылуы, оның ампулярлы бөлігінің кеңеюі, сфинктердің босаңсуы болады. Осы өзгерістерді сараптамалық бағалау кезінде бұл өзгерістердің басқа факторлар әсерінен болуы мүмкін екенін, олар сол аймақтағы ауру процестері, статикалық атрофия және анатомиялық өрекшеліктердің болуын ескеру қажет.

Күш қолдану арқылы зорлану және қалыптантыс әрекеттің белгілері

Күш қолдану арқылы зорлану белгілері механикалық зақымдану — терінің көгеруі, сырылу, қанталау, сирек жағдайда жара түрінде болады. Жыныстық қылмыс кезінде олардың ошақтануы сыртқы жыныс мүшесі аймагында, жамбас пен тізе үстінде, бөкседе, мойында, иығында, ауыз айналасында, сүт бездері аймагында болады. Бірақ, зақымдалу дененің басқа беліктерінде де болуы мүмкін.

Әрбір зақымдалу себебі туралы сот-медицина сарапшысы баға беру кезінде оның сипатын (түрін), қолданған қаруы, денсаулығына каншалықты зиян келгенін бағалау (КР ҚҚ баптауна сәйкес) және уақытын анықтау қажет.

Механикалық зақымдану қалыптантыс әрекеттің нәтижесінен болуы мүмкін. Одан басқа, мысалы, қыздың жыныс мүшесі аясында қолмен немесе ер адамның жыныс мүшесімен айлашарғылар жасау, өзімен бірге қабыну, ісіну, гиперемия, іріңдеуге әкеледі. Жүйелі түрдегі қалыптантыс әрекет кезінде оның кілегей қабатының созылмалы қабынуы болуы мүмкін.

Жыныстық жетілу жөнінде

Жыныстық жетілу туралы сұрақ әйел мен ер жынысты жәбірленушілерде 14-18 жас аралығында пайда болады, яғни 14

жаста жағспірім саналса, 18 жаста некеге тұру жасы (ерекше жағдайлардан басқа) басталады.

Жыныстық жетілу жағдайына жету туралы сұрақты шешу барысында сарапшы эйел немесе ер адам ағзасының жалпы дамуын көрсететін, жыныстық мүшелердің жетілудің, яғни әйелдер үшін — етеккір қызметі және эндокринді статусты анықтау, ерлер үшін — тұракты жыныстық қатынас пен денсаулыққа зиян келтірмей ұрықтандыру қабілетін аныктайтын белгілер көшеннің назарға алу қажет.

Кейбір әдебиеттерде және сот-медицина сарапшыларына арналған анықтама материалдарында қыздардың жыныстық жетілудің жонінде антропометриялық маглұматтар бар: мысалы: тұрган кезде бойы 150 см-ден кем емес, отырганда — 80 см. Қалыпты жағдайда қеуде қуысы 78-80 см, дем шығарғанда 73-76 см. Көрсетілген сандар көрсеткіші тек қана бағдар береді. Оның үстінен осы уақытқа тән бұл көрсеткіштерге акселерация көптеген түзетулер енгізеді.

Тек маман-дәрігерлердің (гинеколог, эндокринолог, психиатр) қатысуымен жүргізілуіне кеңес берілген, жан-жакты қараулар кезінде ғана, нақты қорытынды беру үшін жеткілікті мәліметтер алының мүмкін. Осыдан есте сақтайдын жайт, жоғарыда көрсетілген жыныстық көрсеткіштердің біреуі болсын теріске шығарылса, онда зерттелушінің жыныстық дамымағандығын көрсетеді. Соңғы жағдайдаң жүктілік мерзімінің басталуы мен жедел босану кезінде де кездесуі мүмкін екендігін айта кеткен жөн. Бұл критерилердің барлығы болып, біреуі болмаса, ол оның толық жыныстық дамымағандығын көрсетеді.

Дәл сол сияқты жас балаларда жыныстық дамуы ерте (кейде 10-12 жаста) келетінін ескеріп, жыныстық жетілгендей (толығу) деп танылуы мүмкін, сондықтан, бұл көрсеткіш болашақта бөлектеу арқылы, оның жыныстық жетілгендейі жөнінде куәландыруыш ретінде бағалануы мүмкін емес. Эйел мен ерлердің өмірінде жыныстық толығуға жетуден бұрын, бірнеше жылға (3-6 жыл, ал, кейде одан да көп) созылатын жыныстық жетілу кезеңі болып, осы кезеңде көрсеткіштердің бір қалыпты түзілуі, көрсетілген сұрақ жөнінде шығаратын сарапшы қорытындысы үшін негіз болып табылады.

Жұктілік туралы

Бұл жағдайда сұрақ жүктіліктің белгілі көрсеткіштері — ерте және кеш кезеңдерін ескеріп, маман-дәрігерлердің (акушерлер) кеңесімен шешіледі.

Соз ауруларды жүктыру туралы

Бұл жағдайда сұрақ дәрігер-венерологтың қатысуымен шешіледі. Клиникалық зерттеулермен қатар, арнайы зертханалық талдаулар жүргізуді талап етеді.

Сезіктілерді тексеру туралы

Зорлау кезінде, кейде басқа да жыныстық қылмыстар кезінде сот-медициналық сараптамасына сезікті тұлғалар да (белсенді серіктестер) тартылады. Нақты жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты сараптама кезінде:

- жалпы жыныстық қатынасқа түсе алу қабілеті туралы;
- жақын арадағы жыныстық қатынасы және нақты бір әйелмен (ереккепен) жыныстық катынасқа түсу мүмкіндігі туралы;
- денесіндең зақымдары туралы сұрақтар шешілуі мүмкін.

Көрсетілген сұрақтарды шешу барысындағы сот-медициналық сараптамасының мүмкіндіктері жайлы қарастырайық.

Жыныстық катынасқа түсе алу қабілеті туралы. Көбінесе сезікті адамдар жасына немесе аурушандығымен байланысты жыныстық катынасқа түсе алмайтынын сілтей отырып, қылмыстық іске қатысы бар екендігін теріске шығарады. 50-55 жастан бастап ерлерде потенцияның әлсіреуі, ал 60-70 жаста оның толық жоғалуына алып келсе, ал, кей жағдайларда 80 жастағы ерлер жыныстық катынасқа түсіүі және ұрықтандыра алуы да кездеседі. Сондықтан, физиологиялық потенцияның нақты көрсетілген шекарасының жоқ екендігін, сараптама кезінде егде жастағы адамдардың да жыныстық катынасқа түсе алатын қабілетін ескеру керек.

Жыныстық катынастың әлсіреуі кез-келген жаста белгілі бір себептерге, яғни соматикалық, жүйке, психикалық әсерге байланысты дамуы мүмкін екендігін де ұмытпау керек. Шығу тегі осындаид импотенция диагностикасы өте күрделі, мұнда зерттеулер сәйкес бағыттағы маман-дәрігерлердің (сексопатолог, уролог, венеролог, невропатолог, психиатрлар) қатысуымен жүргізіледі.

Назарға бұрынғы медициналық зерттеулердің нәтижелері (көрсетілген құжаттар арқылы) алынады.

Кейде жыныстық катынасқа түсे алмаушылықтың себебі болып, сыртқы жыныс мүшелеріндегі механикалық кедергілер (ұма терісінің қалындаған өсуі, үлкен шап ұма жарығы, т.б.), туа пайдала болған даму ақаулары, сондай-ақ, тыртық және бұрын ауырган аурулары салдарынан өзгерістер мен жарақаттар табылуы мүмкін. Бұндай жағдайлар сезіктің тексеру кезінде анықталады.

Жақын арадағы жыныстық катынасы және нақты бір әйелмен жыныстық катынасқа тусу мүмкіндігі туралы. Жыныстық қылмыстар кезінде сезіктілердің қалыпты немесе қалыптан тыс жыныстық катынас диагностикасы, қынаптағы болінділердің, қанда, нәжісте, сілекейде маңдайлық шаштарды және тоқыма талшықтарды жыныс мүшелерінде, тырақ астында және киімде табу арқылы анықтау сәйкес белгілер кешеніне негізделуі тиіс.

Қынаптық клеткалар жыныстық катынас кезінде жыныс мүшесінің шеткі боліктеріне түскенде 2-3 күннің ішінде лизиске ұшырайды, бірақ, олар жыныс мүшесінің денесінде өз қасиеттерін сақтап, 5 кунге дейін (егер жыныс мүшесінің дұрыс туалеті болмаған болса) анықталуы мүмкін. Киімдердегі қынаптық дақтар, басқа да жануар жасушалары сияқты, көп уақыт өткеннен кейін, бірнеше айлардан кейін де анықталуы мүмкін.

Зерттеу жүргізген кезде жасушалардың қынаптық екендігі және олардың қайdan шыққаны жөнінде топтық тиесімділігі, оған қоса эстрогенді стимуляцияның дәрежесін және әйел ағзасының етеккір фазасына жататыны анықталуы керек.

Сезіктің жыныс мүшесін және тырақ асты құрамын зерттеуден басқа, жоғарыда көрсетілген заттай дәлелдемелердің де маңыздылығы аз емес. Мысалы, қанға зерттеу жүргізгенде оның түрлік, топтық және қай жынысқа жататындығы, ал, шашқа зерттеу жүргізгенде, олардың түрлік және аймактық шығу тегі, топтық түрі, цитологиялық жынысы (тамырлық түбінің қынаптық қабығы сақталған болса), нақты үлгілермен сәйкес келуі, сондай-ақ, тоқыма талшықтарын зерттегендеге шағымданушының киімдерінің талшықтарының зерттеудегі материалдармен сәйкес келуі анықталуы мүмкін.

Зерттеу кезінде жәбірленуші әйелдің морфологиялық, цитохимиялық және топтық арнайы касиеттерінің ұқсастығы бойынша шаш, тырнақ, қынаптың құрам бөліктерінің, қан және тоқыма талшықтарының сезіктінің жыныс мүшесінде, тырнағының астында және киімінде табылуы мен олардың сәйкес келуі сезіктінің зерттелуші әйелмен жыныстық жақындықта болғандығын көрсетеді.

Егер де жәбірленуші жүкті әйел болса, онда әйелдің жүкті болғандығы жайлы фактілерді табу маңызды болады, себебі — бұл фактілер жыныстық қатынаста болғандардың шеңберін азайтады. Бұл жүктіліктің арнайы гормоны — хорионгонадотропинді сезіктінің жыныс мүшесінде және киім дактарынан анықтау мақсатында зерттеу жүргізу ұсынылады. Марлідегі хорионгонадотропиннің кепкен дактарын 1-3 ай аралықтарында табуға мүмкіншілік бар.

Қалыптан тыс және ерек жеке еркектің жыныстық қатынаста болғанын дәлелдеу мақсатында сезіктінің жыныс мүшесінен нәжісті, ішек құрттарының жұмыртқасын, тік ішектің шырышты қабатының жасуашасын, ішектік флораны (жыныстық қатынас артқы тесік арқылы болғанда) немесе ауыз күйесінің микрофлорасын (ауыз күйесі арқылы жыныстық қатынас болғанда) табу маңызды.

Жыныстық қылмыстар кезіндегі сезіктілерден табылған заттай іздердің дәлелдемелік құндылығының маңыздылығын атайды, сонымен қатар, олардың табылуы жыныстық қатынастың табиги немесе бүрмаланған (қалыптан тыс) жыныстық қатынасты жоққа шығармайды, ойткені, іздер уақыты келгенде жойылуы немесе жоқ болып кетуі (сараптаманы кеш жүргізген кезде) мүмкін.

Денедегі зақымдар туралы

Зорлау қылмысын жасаган адамдардың денесіндегі механикалық зақымдар күрестің белгілері және әйелдердің өзін-өзі корғау әрекеттерінің шамамен 40%-ға жуық жағдайында, ал, зорлауға әрекеттенгендердің денесінде — 65% дейін кездеседі. Негізінен оларға қолдың тырнақтарынан болатын тыртықтары мен тістердің іздері жатады. Олар дененің әр түрлі бөлігінде орналасуы мүмкін, әсіресе қолда және бетте, кейде ерін мен тілде

жіі кездеседі. Сондай-ақ, жыныс мүшелерінің тістелулері болуы мүмкін.

Қылмыскердің денесіндегі әрбір зақымдалуды зерттегендеге, жәбірленушіні зерттегендей, яғни зақымдану көлтірген қаруы (құрал), ауырлық дәрежесі және мезгілі (нақты бір шараға қолданғанын) туралы сұрақтар шешілуі тиіс.

Жәбірленуші мен сезіктің тексеру барысында сарапшылардың аталған әрекеттермен қатар, осы зерттеу процесінен алынған және тергеушімен қосымша жіберілген көптеген обьектілерді зертханада зерттеу, оқиға орнына маман-дәрігердің баруы дұрыс болады.

Қарап тұксеру кезінде маман-дәрігер тергеушіге әртүрлі заттай дәлелдерді анықтауға және алуға көмектесуі мүмкін. Оқиға орнында қылмыскерді табуға және қылмысты ашуға септігін тигизетін заттар: қан дақтары, шәует, қынап бөлінділері, шаш, күресу барысында түскен тері бөлшектері және қылмыскердің киімі, темекі қалдығы, бет орамал, тарақтар және т.б. табу өте маңызды болып келеді.

Корытынды

Дәрісте жыныстық қылмыстарды тергеу барысында зангердің алдында туындаитын мәселелер қарастырылып, көптеген жағдайда оның жүргізулу мерзіміне байланысты болатын сот-медициналық сараптамасының мүмкіндіктері көрсетілген. Сараптаманы неғұрлым тез жүргізсе, әсіресе, зорлау, ерек пен ерек, әйел мен әйелдің жыныстық қылмыстары кезінде, солғұрлым құнды ақпараттарды (дәлелдеме ретінде) алуға болатындығы көрсетілді.

8. ХИМИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІНЕН ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ ЖӘНЕ ӨЛІМ (сот-медициналық токсикология)

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Улардың жіктелуі және олардың адам ағзасына тусуі
2. Уланудың патофизиологиялық ерекшеліктері
3. Уланудың диагностикасы және оны сараптышының бағалауы
4. Сот-медицина сараптамасымен шешілетін негізгі сұрақтар

Корытынды

Kіріспе

Сот-медициналық токсикология проблемасының әлеуметтік маңызы зор. Қазіргі уақытта өлімге алып келетін қасақана улайтын жағдайлар саны өсіп жатыр. Бұған адамды өлтіру және өзін-өзіне қол жұмсау яғни, өзін-өзі өлтіру жатады. Мұнда жедел және созылмалы уланудың түрмистық оқыс жағдайын ұмытпау керек. Бұның барлығы сот-медициналық токсикологияның және сот-химиялық улану сараптамасының маңыздылығын көрсетеді.

1. Улардың жіктелуі және олардың адам ағзасына тусуі

Сот медицинасында барлығына бірдей (дәрігерлер, биологтар, токсикологтар, химиктер, зангерлер) созылмалы және жедел улануда у ретінде шығуы жиі болатын химиялық заттардың жүйелілігін білу маңызды. Соңдықтан, зангерлер улы заттар туралы жалпы түсінік, олардың әсер ету механизімін және құрылымы бойынша жіктелуін, уланудың ерекшеліктерін және олардың пайда болуын білулері қажет.

Сот-медицина тәжірибесінде улану деп — адам ағзасына (улы заттардың) сырттан түскен улы немесе күшті әсер етуші заттардың әсерінен денсаулықтың бұзылуы және өлім туындауын айтады.

Сонымен қатар, у деп — адам ағзасына түскен улы заттың аздаған мөлшерінің өзі ауру немесе өлім тудыратын патологиялық

өзгеріске алып келеді. Әр түрлі уларға «аз мөлшерде» деген түсінік әр түрлі қарастырылады. Мәселен, этил спиртінің өлім шақыратын мөлшері 100 граммдармен өлшенсе, сулемада — оннан бір бөлігі, ал, стрихнинге — граммың жүзден бір бөлігі мөлшерімен өлшенеді. Аз мөлшерде қолданылатын улы топқа жатпайтын көптеген заттарды бір мезгілде көп мөлшерде адам ағасына енгізгенде денсаулықтың бұзылуына әкеледі (йод, тұз т.б.).

Адамға улы заттардың әсері туралы токсикология ғылымы зерттейтіні мәлім. Бұл ғылым соңғы жылдары улы және күшті әсер ететін заттардың адам және жануар ағасына патофизиологиялық әсерін зерттейтін, және жедел уланудың алдын алу жолы мен емі туралы мәселелермен айналысатын, диагностикалық әдістерді шыгаратын өз алдына медициналық ғылым ретінде белгілі шықты.

Сараптама тәжірибесінде (95%-га дейін) тұрмыстық жағдайдағы қасақана және қасақана емес жедел улану жиі, ал, ауыл шаруашылығында және өндірісте кәсіби улану сирек (5%) ұшырасады.

Улану көбінесе химиялық препараттардың мына топтарымен:

- есірткілік улар (апиын, транквилизаторлар, барбитуратар);
- этил спирті және оның суррогаттарымен;
- қанды у;
- күйдіретін сұйықтың (сірке су эссенциясы, мұсәтір спирті, каусты сода);
- хлорланған көміртегі (дихлорэтан, трихлорэтан, төртхлорлы көміртегі) ;
- фосфорорганикалық инсектицидтер;
- ауыр металдардың және мышьяк тұзы
- удың биологиялық шығу тегі және т.б. шақырылады.

Сот-медицина тәжірибесінде улы заттардың жалпы негізінде алғашқы енгізгенде тез зақымдалу — бірінші топ немесе токсикологиялық әсерден сінірлігенде болуы (резорбтивті) — екінші топ деп қасиеттеріне қарай жіктелуі қабылданған.

1. Ойып түсетін қышқылдар және олардың туындылары на жергілікті әсер ететін, яғни қоздыратын, күйдіретін немесе

некроздандыратын заттар жатады. Мұнда жергілікті әсермен бірге ағзада жалпы функционалды және интоксикациялық бұзылыстармен жүреді.

2. Резорбтивті улар (клиникалық және морфологиялық туындауына байланысты):

— деструктивті — ішкі ағзалардың жылдам морфологиялық өзгерістерін шақыратын заттар (сынап және мышьяк қосындысы);

— қандағы гемоглобинге әсер ететін, қанды (көміртегі тотығы және т.б.);

— функционалды — жергілікті әсер ететін және ішкі ағзалардың елеулі бұзылуының жүретін, көбіне орталық жүйке жүйесін зақымдайтын және ағзаның қызметінің бұзылысына әкелетін заттар (атропин, стрихнин, морфий) деп бөлінеді.

Улану клиникасында ең бастысы болып функционалды бұзылыстар табылады. Улану механизмін қарастыра отырып, химиялық заттар ағзамен жергілікті жәнерезорбтивті әсерлескенде жалпы токсикалық әсерлігі болып, улардың көрінісі жүйке — рефлекторлы реакцияны айту керек.

Химиялық активтілігі бар уларды жергілікті қолданғанда қабынатын, күйдіретін немесе өлтіретін, қоздыратын әсер береді. Бұл жағдайда көп немесе аз мөлшерде ағзаға удың тусу салдарынан жалпы уытты реакция және оның қанда айналымы байқалады.

Осы уақытта кейбір улы заттар ағза ішіне тусу жолында жергілікті әсерін тигізбейді (мәселен, алкоголь, ұйықтатқыш заттар, цианид, көміртегі тотығы және т.б.).

Адам ағзасына у түскенде қайтымды және қайтымсыз үрдістер болуы мүмкін.

Қайтымды көріністерде — патологиялық бұзылуардан кейін ағзаның физиологиялық қызметі қайта қалпына келеді немесе қайта интоксикация пайда болып, жеткілікті дәрежеде орнын толтырады.

Қайтымсыз көріністерінде — қандай да бір дәрежеде ұлпаның физиологиялық қызметінің (ағзаның) жоғалуы сияқты патологиялық өзгерістер пайда болады (мәселен, күйдіретін сұйықтықтар).

Сот медицинасында химиялық заттардың таңдамалы уытты әсері де маңызды орын алады. Мұнымен, улы заттың әсерінің жанама немесе тікелей екіншілік ретінде туындайтын, ағзаның қызметінің бұзылуы емес, улы заттың сол, не басқа бір ағзаға тікелей әсері түсініледі.

Сот-медицинасы тәжірибесінде улы заттың әсер ету уақыты деген термин бар. Барлық улардың жасырын кезеңді көріністері, клиникалық көріністер кезеңі және ақыры (өлім, жазылу) болады.

Сараптама жүргізілгенде улы заттардың тұсу жері маңызды орын алады. Бұл оральді, ректальді, ингаляциялық, тамыр ішілік, бұлшық еттік, тері астылық және одан басқа жарапланған және күйдірілген жердің беті, қынап, жұлдын каналы, қуық, көз қабынуы болуы мүмкін.

Жедел химиялық заттармен улануда көбіне улы заттар тағаммен, сүйықтықпен бірге немесе өздігінен ақазан ішек жолдарына тұсу мүмкін. Оральді түрдегі уланудың ерекшелігі удың әсер ету қарқындылығы ауыздағы, өңеш, ақазан, ішектегі сінірлу жылдамдығына, бауырдың жағдайына, соның ішінде улы заттардың ыдырауына байланысты болып келеді.

Газ тәрізді улы заттардың негізгі жолы тыныс алу жолдары. Өкпеге женіл ыдырайтын, газ, бу және аэрозоль тәрізді заттар женіл сінірледі. Ингаляциялық улану ерекшелігі — у газ тәрізді күйде бірден қанға түседі. Мұнда интоксикация, у ішек жолдарына түскенге қарағанда, салыстырмайтын жылдамдықта болады.

Кейбір улар ағзаға тері қабаты арқылы ету қабілетіне. (жылан, ара уы) ие болады. Теріде механикалық, термиялық, химиялық закымданулардың болуы, оның тез сінірліуін және интоксикациясын күштейтеді.

Шамадан тыс тері асты, бұлшық етке, тамыр ішілік препарраттарды енгізген кезде жедел улану болады. Тері астына және бұлшық етке енгізгенде 10-15 минут, ал, тамыр ішіне енгізгенде, енгізген бойда немесе кейін әсер етеді. Инъекциялық жолмен енгізілген улардың ерекшелігі, олар пероральді жолмен берілуге қарағанда, күшті және жылдамырақ болады.

Химиялық заттардың қынапқа, тік ішекке, мұрын, көз конъюнктивасына тұсу медициналық тәжірибеде сирек және жаракат

алған кезде оқыс жағдайда, жансыздандыру кезінде, жүктілікті тоқтатқан кезде кездеседі.

Осылайша, бізбен улардың жіктелуі және олардың адам уланган кездегі токсикалық әсерінің жалпы механизмі қарастырылды.

2. Уланудың патофизиологиялық ерекшеліктері

Сот-медицина тәжірибесінде тағамнан улану туралы сұрақ жиі туындаиды. Сараптамалық міндеттерді шешу үшін тاماқтың қорытылу кезінде улардың сінірліуінің патологиялық ерекшелігін анықтау маңызды болып келеді. Бұл үрдісті жекелеп қарастырамыз.

У адам ағзасына түскен бойда оның дене мүшелері мен ұлпаларға сінірліуі және бөлінуі басталады. Осы уақытта жіңішке қышқылды-қалпына келу және зат алмасу үрдісі жүреді.

Қанға химиялық заттар олардың ақызымен қайтымды байланысқа түседі және осы конгломерат өзінше удың динамикалық қоры ретінде қызмет етіп, осыдан қанға түсіп және улардың шоғырлануы тәмендеген бойда әсер ете бастайды.

Жасушашілік және жасушааралық сұйықтықта улардың және өнімнің ыдырауының жылжымалы тепе-тендігі анықталады.

Химиялық заттардың ағзадан бөлінуі және олардың метаболиттерінің бөлінуінің ерекшелігі неде? Химиялық заттардың сыртқы секреторлы қызметін атқаратын мүшелер арқылы зәр, ет, нәжіс, аяу, тери, сілекей және сут арқылы (бала туған аналар) шығарылатыны дәлелденген. Мұнда негізінен бауырға улы зат асқорыту жүйесінен сінірліп, ыдыраған зат ретінде немесе қанға қайтып келу арқылы жүзеге асырылатын, дезинтоксикациялық қызмет маңызды.

Тыныс алу жүйесі арқылы ұшқыш заттар және алкоголь мен оның туындыларының ыдыраған заттары, ал, асқазанның кілегейі арқылы — никотин, амидопирин және метил спирті, тоқ ішектен — мышьяк, сынап, қорғасын бөлінеді. Ағзаның осы ерекшеліктерін диагностикалық мақсат ретінде қолданады.

Сот-медицинада сараптамасын уланудың шығу салдары қызықтырады. Мұнда сауығу, жақын және алыс асқынулар, өлім болуы мүмкін. Сондықтан сот-медицинада тәжірибеде:

— өмірге қауіпті емес улануда — денсаулық жағдайының бұзылышының байланысын және улы заттың әсерін анықтау;

— ал, өлімге алып келетін (өмірге қауіпті) улануда — өлім себебін анықтау үшін толық сот-медициналық зерттеуді (ашып қарау, зертханалық және химиялық зерттеулер) жүргізу керек.

Сот-медициналық сараптамада уланудың дәлелі оқиғаның мән-жайы, тірі жәбірленушіні қуәландыру, мәйітті ашып қарау хаттамасы, құсықтың массасын, қалдық суды және тағамды сот-химиялық зерттеу болып табылады. Одан басқа спектральді талдау, микробиологиялық, биохимиялық, ботаникалық зерттеу, сонымен қатар, қажет болған жағдайда мәйітті эксгумациялау сынды қосымша зертханалық зерттеудің корытындысы назарға алынады.

Сарапшылар үшін химиялық заттардың уытты әсерін анықтайтын факторлар да маңызды. Мысалы:

— мөлшері (саны); уыттылығы және шоғырлануы;

— ағзаға ену және сінірілу жылдамдығы;

— физикалық күйі (сұйық, қатты, газ тәрізді)

— удың сақталыну ортасы;

— ену ортасы және әдісі;

— адам ағзасының қабылдамау немесе, керісінше, жоғары сөзімталдық (генетикалық, ұлттық, физиологиялық, ферментативті, жасы және жынысы) ерекшелігі;

— сыртқы органдың факторлары (ыстық, суық, радиация) және метеорологиялық өзгерістері;

— удың қайталанған әсері.

Сонымен, біз уланған адамның патофизиологиялық ағымын, олардың сот-медицина сараптамасы кезіндегі дәлелдемелік маңызын және улы заттың токсикалық әсерін анықтайтын шарттарды қарастырдық.

3. Уланудың диагностикасы және оны сарапшының бағалауы

Сот-медициналық сараптамада жоғары маңызды токсикалық әсер ететін улы заттарға: уксусты эссенция, минералды қышқылдар, ойып түсетін сілтілер жатады. Осы заттармен тұрмыстық жағдайда жиі кездесетін өз-өзіне қол жұмсағанда, си-

рек оқыс жағдайларда және кейбір жағдайларда маңсатты өлтіру кезінде де қолданылады.

Уланудың ауырлығы — улы заттың мөлшеріне, ас қорыту жүйесінен жүру жылдамдығына, асқазанның толу дәрежесіне, жәбірленушінің жасына, ауыз қуысындағы, өнеш, асқазандағы патологиялық өзгерістерге және зақымдалу аумағына байланысты.

Нақты химиялық заттарды қарастырайық.

Органикалық қышқылдармен улану. Қышқылдардың бұл тобына уксусты, карболды және т.б. жатады. Карбол қышқылы (лизол және т.б.) медицинада күшті жүйке-протоплазмалық у ретінде сирек кездеседі. Ал құрамы 80% уксусты қышқылдан тұратын уксусты эссенциямен улану жи ұшырасады және күйдіруші сұйықтықтардан уланудың негізгі массасын құрайды. Бұның жергілікті әсері шырышты қабыққа жақын жерді күйдіріп, кейін химиялық күйдіруге әкеледі, ал, оның ағзага жалпы әсері — эритроциттердің гемолизінен, олардың жабысуынан және ацидоздың дамуынан, ірі мөлшердегі тромбтардың түзілуі пайда болады.

Эссенциямен уланған кезде асқынулар: ауру сезімдік және уытты естен танудан бастап, асқазан және өнештің химиялық куюі, перфорациясы, содан көп мөлшерде қан кету, ауыр интоксикациямен бірге орталық жүйке жүйесінің зақымы, токсикалық гемоглобинуринді нефroz, бүйрек жетіспеушілік, уремиялық кома, шапшаң өлім түрінде туындаиды.

Минералды қышқылдармен улану. Бұл органикалық емес қышқылдар түрінің өкіліне күкірт, азот, тұз қышқылдарының тобы жатады.

Адам ағзасының ұлпаларына бұл заттардың бірдей әсер етуіне қарамастан, алайда, жылдам, күрделі бұзушы болып күкірт, содан соң азот, кейін тұз қышқылы табылатындығын заңгерлер білуге тиіс. Бұлардың барлығы акуызға әсер етіп, ұйытып, оларды коагулациялануға ұшыратады және қан элементтеріне ерітіп, паренхиматозды органдардың қайта пайда болуы ықтимал және қандағы ацидозды шақырады.

Минералды қышқылмен уланудың клиникалық симптомдары болып құсу, несеп шығарудың тоқталуы, ауру сезімі және

токсикалық естен тану, ішкі қан кету табылады. Улану жәберлі, ауыр түрде өтіп, тәуліктерге созылады. Толық емес жазылу (егер ол мүмкін болса) ас қорыту жүйесінің бұзылышынан, өңеште және асқазанда тыртық және энтералгия салдарынан туындайды. Шоғырланған органикалық емес қышқылдың өлімге алып келетін мөлшері 5,0 г.

Мәйітті ашқанда еріннің, бетінің, ауыз куысының, жүтқыншақтың, өңештің, асқазанның көптеген химиялық заттармен күйгендігі байқалады. Мәйітті сот-химиялық зерттеу удың сандық және сапалық көрсеткішін (қандағы ақуыз және гемоглобин) анықтайды.

Осы қышқылдардың адам денесіне «құйылуы» беті, денесі, қолы және түрінің бұзылуына әкелуі маумкін.

Ойып түсетін сілтілер (аммиак, мұсәтір спирті, каустикалық сода, натрий, сілтісі, калий сілтісі) — кездейсоқ жағдайларда кездеседі. Концентрацияланған ерітіндінің өлімге алып келетін мөлшері — 20 мл.

Жеткілікті мөлшердегі сілті шырышты (жолмен жіберілгенде) терең бұзады және теріде (сыртқы байланысы) асқазан жарасы струпының түзілуіне және қандағы өзгерістерге ұшыратады.

Уланудың осы түрінің клиникалық көрсеткіштері құсу, ішектегі қатты ауыру сезімі, қантамырлы коллапс және ауыру сезімдік және токсикалық естен тану әсерінен жүрек тоқтауы (жансыздану) да болуы мүмкін. Өлім (1-тәулікте) жылдам болады. Жазылуы ұзак уақытқа созылады. Жиі улану шамадан тыс қабылдаған кезде байқалады.

Аммиакпен уланғандағы клиникалық көріністерді қарастырайық.

Аммиак (мұсәтір спирті) — кейде алкогольді интоксикацияны жою үшін пероральді қолданылады (2-4 тамшыдан). Уланудың ауырлығы қабылдау мөлшеріне, жылдамдығына және басқа да себептерге байланысты. Осы уланудағы жалпы әсер — қан құсу, қан аралас іш өтү, ауыз және ас қорыту жолдарының қатты ауыру сезімі, қатты шөлдеу, ауру сезімі және токсикалық естен тану, бүйрек, бауыр, ішек жолдарының зақымдалуы, асқазан-ішек жолдарынан қайталап қан кету, өңеш, асқазан, ішек перфорациясы болуы мүмкін. Өлім күйікті естен танудан алғашқы сагаттарда және

тәулігінде болады. Ал, кейін асқынудың басталуынан қанталау, өкпе қабынуы және т.б. себептер болуы мүмкін.

Сот-химиялық зерттеулерде ішкі мүшелердегі сілтінің саны анықталады.

Деструктивті улармен улану (мышьяк, синап, және т.б.). Көбінесе бұл синап қосындылары (сулема, жағылатын синапты май, биохиноль), адам ағзасына негізінен тыныс алу жолдары арқылы, ауыз, тері, жараның бетінен және зәр шыгару жүйесінен ағзаға түседі.

Дезинфекциялық мақсат ретінде қолданылатын сулемамен улану деструктивті улы заттардың ішінде типтік түрі болып табылады. Токсикалық әсерінің механизміне келсек, ұлпалардың биологиялық белсенділігінің төмендеуіне, жасушашілік зат алмасу процесінің бұзылуына, ферменттердің белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Клиникалық түрғыда ол көп мөлшерде сілекей ағу, жиі қанмен аралас ауру сезімін тудыратын нәжіске бару, сезімнің бұзылысы, бүйрек зақымдалуы, жүрек қызметінің төмендеуімен жүреді. Өлім негізінен бүйрек жеткіліксіздігінен болады. Сулеманың өлімге алып келетін мөлшері — 0,1-0,3 г.

Қанды улармен улану. Бұл таңдамалы түрде қанга және қан тамырлар жүйесіне әсер ететін, эритроциттердің гемолизі және гемоглобиннің қасиетін өзгертуі сынды асқынудар тудыратын у тобы. Бұл топқа қорғасын, көміртегі қышқылы, бензол, ксиол жатады. Олардың жалпы токсикалық әсері және клиникалық дамуы бауыр және бүйректің жеткіліксіздігімен жүреді, осыдан интоксикация ақырын жүреді және адам өлімін анықтайды.

Көміртек тотығының ерекшелігі. Бұлар өндірісте, тұрмыстық жағдайда газ құбыры зақымдалғанда және өрт негізінде жиі кездеседі. Бұл уланулар жедел өтеді және адам өлімі, өз-өзіне қол жұмсау және оқыс жағдайларды диагностикалайды.

Улану механизмі: көміртегі қышқылы тыныс алу жолдары арқылы өтіп өкпеге және қанға түседі, гемоглобинмен байланысып карбоксигемоглобин түзіп, бұл оттегімен байланысу қасиетін жоғалтып, осыдан ауа жетіспеушілігіне әкеледі.

Өлікті ашып қарағанда қанда карбоксигемоглобин, ал, бұлшық етте көп мөлшерде карбоксигемоглобин табылады. Осында тері түсі, бұлшық ет және мәйіттегі дақтар қызыл-ала түсті, бас миында — қантолу және ісік болады.

Сот-медицинадық диагностика көміртегі қышқылымен улану клиникасына тән маңызды оқигалы жағдайға, өлікті сотхимиялық зерттеудің мағлұматтарына негізделеді.

Функционалды улармен улану (цианды қосындылар, үйіктататын заттар, этилды және метилді спирттер, суррогатты алкоголь). Бұл улармен улану сот-медицина саралтамасында жиі кездесетіндіктен, нақтырақ қарастырайық.

Цианды қосындылар. Олар негізінен, ең бастысы, синильді қышқылда болатын цианды калий және оның туындылары. Синильді қышқыл (миндал) өрік, алша, шабдалы дәнектерінде кездеседі.

Улану механизмі мынадай: цианидтер ауыз арқылы қанға түсіп, өңеште және асқазанда сінірледі. Тез арада олар қанда тыныс алу ферменті — цитохромоксидазаны дұрыстайды, бұл енді үш валентті темірге қосылып, қаннан ауа қабылдайтын үлпа жасушаларының қасиетін бұзады, соның салдары ең алдымен бас ми жасушаларының үлпа гипоксиясына, ал, бұл тыныс алу және қантамырлы қозғалтқыш орталығының жансыздануына алып келеді. Адамның өлімін тудыратын мөлшері: таза синильді қышқыл — 0,005-0,1 г; цианды калий — 0,15-0,25 г.

Жалпы цианидтердің әсері қабылданған улы заттың мөлшеріне тәуелді. Осыдан:

— көп мөлшерде — жедел естен тану, тырысу, ентігу, көз қарашығының кеңеюі, тыныс алу және қантамыр қозғалтқыш орталығының жансыздануынан болған өлім;

— аз мөлшерде — үдемелі бас ауру, локсу, құсу, жалпы әлсіздену, мазасыздандыратын тырысулар, естің жогалуы, тыныс алудың тоқтауы және өлім туындауды.

Үйіктататын заттармен улану (барбамил, этаминал-натрий және т.б.). Барбитураттардың әсер ету механизмі — ауыз арқылы түсіп, өңеш және асқазанда тез сінірледі. 1-2 сағаттан кейін орталық жүйке жүйесіне қысым жасап, коматозды жағдай дамып, гипоксия басталып, өлімге әкеледі.

Өлікті сот-медицинадық зерттеу кезінде өлімнің жылдам басталу белгілері және бас миындағы тән емес өзгерістер анықталады.

Этил спирті (асқазан және ішектерде жақсы сінірледі және өте улы). Сот медицинасымен зерттелінетін өлім шақыратын улардың ішінде этил спирті (65%) бірінші орынды алады. Соңғы уақытта оның санының есү қарқындылығы байқалып отыр. Ол бір жағынан ағзаның этил алкоголіне реакциясының есуі байқалса, екіншіден — уланудың біртіндеп гипердиагностикасымен түсіндіріледі.

Мәйіттің этилді спиртпен улануын анықтаудың негізгі күрделілігі екі жағдайды бір-бірінен ажырату керек:

— алкоголь улы зат ретінде жедел өлімге алып келетін улану шақырады;

— алкоголь қауіп-қатер төндіруші елеулі фактор ретінде әр түрлі аурулардан тез өлім тудыруға әсерін тигізді, мәселен, ең алдымен жүрек-қантамыр патологиясы.

Бұл уланулар жақсы зерттелген және олардың динамикасы ретімен жүретіні анықталған келесі фазалардан тұрады:

— резорбция (сінірлі), мұнда қанда 1 сағаттан 3 сағатқа дейінгі аралықта этил спирті жоғары болып, содан мүшелерге бөлініп, біртекті күйге түседі. Сондықтан, мастықтың дәрежесін оны қабылдағаннан кейін 1 сағаттан соң, алкогольдің құрамын 1 литр қанның промилледегі 1кг салмаққа өлшеп салыстыра отырып айтуға болады. Бұл фаза қалыпты алкогольді қабылдауда тез, ал, жүйке-психикалық қозғыштықта, эмоционалды күйзелісте, асқазанның жұмыс істеу қызметі тәмендегендеге ұзағырақ болады. Сонымен қатар, аш қарынға алкогольді ішкен кезде, оның қандағы максималды қосылысын 40-80 минуттан кейін анықтауға болатыны белгілі;

— элиминация (шығу), мұнда алкоголь асқазан және ішектерде толық-тай сінірлігеннен соң, қандағы құрам тәмендеп, сонымен бірге зәрде жоғарлайды. Элиминация сатысының ұзақтығы да бірқатар факторларға, яғни алкогольдің қанша мөлшерде қабылданғанына байланысты. Негізінен ол 24 сағаттан аспайды, бірақ, кейбір жағдайларға байланысты ұзаруы мүмкін.

Ауыр механикалық жаракатта, жаракаттан естен тануға тән жалпы зат алмасудың тәмендеуімен байланысты, алкогольдің тотығу-қышқылдану жылдамдығы тәжелетіндігін заңгерлер естен шығармауы тиіс. Бұндай жағдайларда қандағы алкогольді 1,5-2 тәулік ішінде анықтауға болады.

Көбінесе алкогольді мас күйінде агрессивті қылмыстар жасалады. Сондықтан, зангерлерге қандағы алкогольдің концентрациясын және оның мастьықтың дәрежесін анықтау ұснылады. Қабылдағаннан кейін 1 сағаттан соң осы көрсеткіштерге сай:

- 0,3% — алкогольдің болмауы;
- 0,3-0,5% — аз мөлшерде айқын емес алкогольдің болуы;
- 0,5-1,5% дейін — мастьықтың жеңіл дәрежесі;
- 1,5-2,5% промилеге дейін — мастьықтың орташа дәрежесі;
- 2,5-3,0 % дейін — мастьықтың қатты дәрежесі;
- 3,0-5,0% дейін — ауыр улану;
- 5,0-6,0% дейін — өлім шақыратын улану.

Зангерлер, көрсетілген сандардың тек тірі адамға ғана қатысты екендігін ұмытпаулары тиіс, ал, өлік материалдарында оны тек бағдар беруші ретінде пайдалануға болатынын естен шығармау керек. Сот-медициналық тәжірбиеде қандағы алкогольдің құрамы 4% аз болған жағдайда да өлім болған кездер кездескен, сондай-ақ, алкогольдің құрамы 5% асса да үнемі өлімге әкелуге негіз бола бермеген.

Сот-медицина саралтамасының тәжірибелік қызметі этилді алкогольмен уланудың алкогольдің адамның тірі кезіндегі ағымының ауырлығы мен оның қандағы шоғырлануының нақты параллельдігі анықталмағандығын көрсетіп отыр.

Алкогольдің адам ағзасына әсері әр түрлі болып келеді. Алкогольмен жедел уланудың ауырлық дәрежесі оны қабылдаған мөлшеріне, асқазанның майлар мен акуыздарға толы деңгейіне, дағдысына, жеке ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайы және жасына байланысты.

Алкогольді ірі мөлшерде қабылдау тоқтау, қозу процесінің бұзылуына, ес, тыныс алу орталығы, жүрек-қантамырлар қызметі процесінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Сот-медицина тәжірибесінде этил спиртімен улануда мастьықтың дәрежесіне (жеңіл, орта, ауыр), оның клиникалық ағымы мен динамикасына көніл бөледі. Мұнда мас адамда қозғыштық, қозғалыс координациясының бұзылуы, сөйлеудің бұзылуы, ұрыс-керіске құмарлық, агрессивтілік, құсу, ауру сезімталдығының төмендеуі басым болады. Бірақ, мұнда естің жогалуы, коллапс, кома, ессіз-күйсіз және өлім болуы да мүмкін.

Әдетте, әйелдер еркектерге қарағанда қандағы алкогольдің құрамы төмен деңгейінде де өліп кетуі мүмкін. Осындай сәйкес аз мөлшерде алкогольді үнемі қабылдаушылардың (маскүнемдер) өлімі сирек кездеседі.

Алкогольді интоксикация кезінде өлім оның резорбция, дифузды тепе-тендік, элиминация кезеңдерінің кез-келген сатысында тууы мүмкін. Бірақ қобінесе — элиминация кезеңінде, кейде қандағы алкогольдің құрамы аз мөлшерде болса, онда оның сонына қарай туындейдьы. Мұнда алкогольдің зәрдегі деңгейі жоғары болады, бірақ, ол бойынша қандағы жоғарғы қосылыстар туралы бағдарлап қана айтуға болады, өйткені талдауға диурезді санамағанда зәр «қосарласқан» мөлшерде алынады.

Сот-медицина сарапшысы алкогольді интоксикациядан болған өлімге күмәнданса, зангерлерден өлген адамның жеке басы, денсаулық жағдайы және олардың аурулары мен өлім туындауы туралы мәліметтерді алуы қажет. Оған тағы да алкогольді тексерген зерттеу (қанда, несептегі, жұлында, сұйықтықта, ішкі мүшелердегі) қорытындылары қажет. Уланудың осы түрінде ішкі мүшелерде арнайы өзгерістердің болмайтындығын ерекше атап оту қажет.

Арнайы формула көмегімен сот-медицина сарапшысы алкогольдің қандағы, несептегі, жұлын сұйықтығындағы санын біле отырып:

- алкогольді қабылдағаннан бастап өлімге дейінгі уақытты;
- қабылданған алкогольдің мөлшері және оқиға болған кезде оның шоғырлануын;
- өлген адамның маstryқ дәрежесін анықтайды.

Сонымен қатар, өлікті сот-медициналық ашып қарau:

- уланудың және өлімнің біріншілігін немесе екіншілігін (өлген адамның уланудан не аурудан болғанын);

— өлімнің туындау уақытын; мұнда, қыс кезінде алкоголь өлікте 4 айға дейін, ал жазғы уақытта 2 айға дейін сақталынады, сондай-ақ, алкоголь бүйрек, жамбас бұлшық еттерінде және бауыр мен шаш пиязшығында ұзақ сақталынатынын айту керек.

Алкогольдің уытты әсері негізінен алкогольден мас болу ағымы мен адамның интоксикациясының ары қарайты ауыруымен байланысты болатын, құрамында алкогольдегидрагеназа және ацетальгидрагеназаның бар болуымен анықталады.

Алкогольмен уланған жағдайда сот-медициналық зертханалық зерттеу үшін қан (жамбас тамырларынан құтыға шприцпен алғынады, бірақ, мұндай кезде жүректен алуға болмайды), несеп, жұлын сұйықтығын, асқазандағы тاماқтар құрамын, көздің ішкі жағынан сұйықтық алады. Ал, өліктің шіру сатысында — 500 грамм бұлшық ет міндетті түрде алыну керек. Формула бойынша есептеу жүргізу үшін өліктің салмағын өлшеп алу қажет.

Метилді спирт (метанол, ағаш спирті, карбинол). Ол негізінде ерітінді ретінде қолданылады. Түсі, ісі және дәмі этил спиртімен ұқсас болғандықтан, тұрмыстық жағдайда улану жиі кездеседі. Жаппай уланулар да болады. Метилді спиртпен улану ерекшелігін метанолды мысалға ала отырып қарастырайық.

Метанол (жүйке-қантамырларына қысым жасайтын құшті у) ішке 30-дан 100 мл. дейін қабылдағаның өзінде аса ауыр улану шақырады. Ол асқазанда және ішекте тез сінірліп, формальдегид және құмырсқа қышқылына ыдырап, қанда айналуын жалғастыра жүріп, 60% ауаны шығарумен және несеппен 10% бөлінеді. Метанолмен улану кезінде өзіне тән (қозусыз және көніл-күйдің бұзылуының) бас ауру, әлсіздік, қозғалыс координациясының бұзылуы, ауыр ұйқы байқалады. 1,5 тәуліктен соң жақсарған сияқты болып, содан қайта жалпы әлсіздік, бас айналу, бұлшық еттік әлсіздік, іш және бел аумағындағы ауру сезім, көз көру жүйесінің тез арада немесе күрт төмендеуі, содан — кома және одан кейін өлім туындауды (әдетте 3 тәуліктे тыныстық тарылудан болады).

Өлікті сырттай қарағанда — айқын өліктік дақтар, беттің, еріннің, құлақтың цианозы, қарашықтың ұлғайғандығы байқалады.

Ішкі зерттеуде — ішкі мүшелердің қанға толғанын, көптеген ұсақ қанталаулар, қара сұйық қан, ішкі мүшелерден алкоголь ісі болатынын көреміз.

Сот-химиялық зерттеу үшін: 100-200 мл қан, 5 мл жұлын сұйықтығын (онда метанолды өлгеннен кейінгі 4-5 тәулікте де таба береді), бір бүйрек, куықтағы барлық несепті, 200 г бауыр, 200 г бас миын, асқазан ішіндегі тاماқ құрамдарын, көз алмасын, сонымен қатар құсық массасы мен жуылған сулар да алынады.

Суррогатты алкогольдін — (спирт шикізаты, самогон, одеколон, лосьон) сирек өлімге алып келетін ауыр токсикалық әсері бар. Онымен улану ерекшелігі, құрамында күшті есірткілік және токсикалық әсері бар, көп мөлшерде сивушты майлары (пропил, амилді, бутилді және басқа да спирттер) кездеседі. Суррогаттардың 300 мл қабылданса, өлімге әкеліп соғуы мүмкін.

Ішке қабылданған кезде улану көбінесе:

— тежегіш сұйықтық дайындағанда еріткіш зат ретінде қолданылатын бутил спирті. Бұл спирт ісі бар түссіз сұйықтық, орталық жүйке жүйесін зақымданумен жүретін есірткілік қасиетке ие зат; 200-ден 250 мл-ге дейінгі мөлшері өлім тудырады;

— тежегіш сұйықтықты дайындағанда қолданылатын, амилді спирт. Сивуш ісі бар, сарғыш түсті сұйықтық, күшті наркотикалық әсері бар және орталық жүйке жүйесін зақымдайды және тыныс алу орталығының тарылуын шақырады; оның 20-дан 30 мл-ге дейінгі мөлшері өлім тудырады;

— одеколон және лосьон өндірісі үшін пайдаланылатын дена-турат (қосындылары бар техникалық спирт). Ол өте улы, әсер ету механизмі, клиникасы және патологиялық өзгерістері мета-нолмен улануға қарағанда онша байқала бермейді;

— антифриз және тежегіш сұйықтығының құрамына кіретін, гликоль этилені. Онымен уланғанда мас болудың клиникалық симптомдарының ауырлығы байқалады және әлсіздік, бас ауру, лоқсу, құсу, естен тану көрініс табады және 1-3- тәуліктे жедел бүйрек жеткіліксіздігінен адам өледі.

Улы химикаттар. Ауыл шаруашылығында зиянкестермен, есімдіктердің ауру тудыратын қоздырғыштарымен және жәндіктермен құресу үшін қолданылатын химиялық заттар. Тұрмыста фосфорорганикалық инсектицинидтермен (тиофоспен, хлорофоспен, карбофоспен) байланысу кезінде улану жиі болады. Тері арқылы, оральді және аэрогенді жолмен енеді.

Уланудың ауырлығы химикаттың мөлшеріне және қанша үақыт қатынаста болғанына байланысты.

Клиникада жедел улануда сөйлеудің бұзылуы және естегі кейбір эпизоды немесе болған жағдайды ұмыту байқалады, содан соң осыларға жылдам тыныс алу жеткіліксіздігі, жүрісінің

бұзылуы, естің шатасуы, тырысу қосылады. Өлім көбіне бірінші тәуліктे болады.

Уланудың осы түрі бойынша өлікті зерттеген кезде өкпе, бас ми және ми қабатының ісіну іздеріне, ішкі мүшелердің қанға то-луына және бас мидағы нүктесі тәрізді қан кетулерге назар аудару керек.

Улы химикаттармен улануды сот-медициналық бағалау осы уланудың типтік клиникасы, өлікті ашып-қарау хаттамасы мен сот-химиялық зерттеулер негізінде беріледі.

Тағамнан улану. Олар көбіне сапасы төмен тағамды қабылдаудан немесе тамақпен бірге химиялық заттардың тұсуінен болады.

Сот-медицина сарапшылары тағамнан уланудың 3 түрін ажыратады:

- бактериалды (тамақтың микробтармен немесе олардың ула-рымен ластануынан туындаиды);
- бактериясыз (улы өсімдіктерден және мал өнімдерінен улану);
- у заттармен улану.

Жұқпалы аурулар дәрігері токсионинфекцияны және тағамдық интоксикацияны диагностикалайды.

Токсионинфекция деп — әдетте, тағамды қабылдағаннан кейін жақын уақытта пайда болатын, патогенді микробтармен локтанған тағамдардан улануды атайды. Клиникасы: лоқсу, бас ауру, әлсіздік, іштегі ауру сезімі, іш өту және температураның жоғары болуы.

Тағамдық интоксикация деп — тағамдағы бактериалды токсин әсерінен болатын тағамдық улануды атайды. Интоксикацияның бұл түрінде оргалық жүйке жүйесінің закымдануы басым болады.

Тағаммен улану кезіндегі өліктің мүшелерінен қоздырғышты анықтау үшін, сот-медициналық диагностика, уланудың клиникалық көрінісіне, сот-химиялық зерттеулер мәліметіне, қанның бактериологиялық зерттеулеріне, асқазан ішіндегі тамақ құрамдарына, зәр, нәжіс, тағам қалдығы, ыдыс жуындысына негізделіп жүргізіледі. Сонымен қатар зерттеуге құсық массасы мен жуылған су да жіберіледі.

Бактериясыз улануға көбіне санырауқұлақ және улы өсімдіктер (өсімдік тектес улы азықты тамақпен қабылдау жағдайында) себепші болады.

Санырауқұлақтар (жеткілікті қайнатуға, жібітуге, тұздауға және т.б. пайдаланбайтын, жиі тағамға қолданылмайтын арамқұлақ, шыбын қырғыш, томарқұлақ немесе шартты жеуге болатындар). Ең токсикалық әсер беретін, құрамында фаллидин және аманит бар (құшті деструктивті улы заттар) арамқұлақ (95% дейін — соны өлімге әкеледі) болып келеді. Шыбын қырғыш — мускарин (атропин тәрізді әсері бар у) және пильцотоксин (тырыстыратын у) боледі.

Уланудың клиникалық ағымының ерекшеліктері:

— арамқұлақпен — жасырын кезеңі 3-12 сағат, содан тез лоқсу, тоқтамайтын құсу, іштің ауруы және қан мен шырыш аралас іштің өтуі пайда болып, 3-4-тәуліктे бауыр мен бүйрек зақымдалып, олардың жеткіліксіздігінен өлім пайда болады;

— шыбын қырғышпен — жасырын кезеңі 30 минуттан 2 сағатқа дейін, содан тез кома мен өлімге алып келетін, жедел улану белгілері (локсу, жиі құсу, іш өту, көп мөлшерде сілекей ағуы, терлеу, қатты бас ауыру, әлсіздік) көрініс табады.

— томарқұлақпен — жасырын кезеңі 3-4 сағат, одан кейін ақырында лоқсу, құсу және жедел гастроэнтериттің басқа да белгілері байқалады.

Өлікті сот-медицинады зерттеу барысында сот-ботаникалық және спектральды зерттеуге жіберілетін, асқазан ішінен жиі санырауқұлақ қалдықтары табылады.

Улы өсімдіктер — көбінесе тағамға тамырлар, дәндер және жемістер (аконит және анабазин) қолданылады.

Аконитті өздігінен емделу кезінде қолданады. Оның құрамында улы алкалоид — аконитин бар. Уланудың клиникасы никотинмен уланғанмен бірдей. Удың өлімге алып келетін мөлшері — 0,003-0,004 г.

Анабазин — құрамында анабазин алкалоиді бар. Удың өлімге алып келетін мөлшері — 0,05 г.

Улану кезінде кездесетін басқа да улы өсімдіктер қатарына құрамында дәндерде кездесетін улы алкалоид — цитизин бар, ракитник, пузырник, дрок-кустарникті жатқызуға болады. Улану оларды аса көп мөлшерде қолданғанда пайда болады. Ол

клиникалық түрде лоқсу, құсу, іштің ауруы, тырысу, сандырақтау, тыныс алудың тоқтауы және өлім арқылы көрініс табады.

Сот-медицина тәжірибесінде сирек жағдайда мендуана, ит-жидек, сасық мендуана кездеседі. Олардың құрамында атропин, скополамин, гиосциамин сияқты улы алкалоидтар бар. Олармен уланганда 1-2 сағаттан кейін ауыздағы құргақтық, мұрын жұтқыншағы мен ауызда күйдіру сезімі, лоқсу, құсу, бет қызару, іш өту, ентігу пайда болады, ал, кейбір жағдайларда жедел психоз дамиды. Ауыр жағдайда тыныс алу орталығының тарылуы және өлім болады.

Улану кезіндегі сарапшы қорытындысының құрылымы — нәтижесінде жүргізілген зерттеу мәліметінің негізі бойынша улы затпен келтірілген улану жөнінде пікірге келетін, сонымен қатар, сот-тергеу органдарына қажетті басқа да сараптама сұрақтарына жауап беретін, сот-медицинада сараптаманың жауапты сатысы.

Тек оқиғаның мән-жайын, клиникалық келбетін, морфологиялық мәліметтерді, сонымен қатар, «у» және «улану» токсикологиялық түсініктері негізінде тұтастай тиянақты зерттеп қараганнан кейін, зертханалық зерттеулер нәтижесі бойынша, сарапшы нақты улы затпен улангандығы туралы ғылыми негізделген және дәлелді қорытынды жасай алады, сондай-ак, осы фактімен байланысты басқа да сұрақтарға жауап береді.

Осылайша, қышқыл, сілті және шығу тегі әр түрлі улы заттармен, алкогольмен, бактериалды және бактериясыз пайда болған тағамдармен, улы химиялық заттармен уланудың жекелеген түрлерінің диагностикасы, сот-медицинада түрғыдан бағалауға мүмкіндік береді және улану себептерін анықтауға (сот-химиялық, сот-ботаникалық және зерттеулердің басқа да түрлерінің көмегі арқылы), қылмысты әшкерелу мен ашуда сот-тергеу процесінде басты орынды жиі алатын дәлелдемелер түрі ретінде сараптамалық қорытынды беруге септігін тигізеді.

4. Сот-медицинада сараптамасымен шешілетін негізгі сұрақтар

1. зақымдалған фактордың қасиеті:

1.1. агрегатты жағдайы (сұйық, қатты, газ тәрізді, ұнтақ тәрізді);

- 1.2. суда, спиртте, майда және т.б. еруі;
 - 1.3. мөлшері, саны;
 - 1.4. шоғырлануы;
 - 1.5. сақталған кезде олардың ыдырау қасиеті.
2. Удың әсер ету механизмі.
- 2.1. удың түсү жолдары:
 - 2.1.1. ақсазан-ішек жолдары арқылы,
 - 2.1.2. мұрынның, ауыздың, тік ішектің, көз конъюнктивасының, қынаптың шырышты қабықшалары арқылы,
 - 2.1.3. өкпе арқылы,
 - 2.1.4. закымдалмаған тері арқылы,
 - 2.1.5. тері асты,
 - 2.1.6. бұлшық ет ішілік,
 - 2.1.7. тамыр арқылы;
 - 2.2. Ағзада улардың қозғалуы, басқа улы заттардың пайда болу мүмкіндігі;
 - 2.3. улы заттардың шығу жолдары:
 - 2.3.1. бүйрек арқылы;
 - 2.3.2. шырышты қабықша арқылы;
 - 2.3.3. өкпе арқылы;
 - 2.4. дәрілік заттарды, ерітінділерді енгізу;
 - 2.5. емдеудің аппаратты әдісін қолдану (гемодиализ, гемосорбция және т.б.);
 - 2.6. асқазанды тағаммен толтыру және оның сипаты;
 - 2.7. улы затпен бірге оның әсерін көтеретін немесе түсіретін басқа заттарды қабылдау;
 - 2.8. улы затқа сезімталдықтың жоғарылығы не төмендігі, бейімделу;
 - 2.9. нақты улы затпен улану мүмкінділігі.

Қорытынды

Сот-медицина тәжірибесінде химиялық заттармен улану салдарынан пайда болған адам деңсаулығының бұзылысын әрдайым сараптамалық бағалауда үлкен мән беріп отырған. Болашақ зангерлерге бұл мәселені жақсы түсіну үшін, осы дәрісте улануга әсер ететін әр түрлі уланудың түрлері, улар және олардың

құрылымы, жіктелуі, химиялық заттардың токсикалық әсерінің механизмі және шарттары баяндалды. Бұдан басқа әртүрлі улы заттардың адам ағзасына түскен кездегі клиникалық көріністерінің ерекшелігі, сиптомдары және уланудың сот-медициналық диагностикасы қарастырылды.

Бұл дәріс болашақ заңгерлердің улану кезіндегі қылмыстық әрекеттер бойынша шындықты анықтау және дәлелдеу үшін қажетті шараларды жүзеге асыруда үлкен мүмкіндік туғызады.

9. ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Қан іздерін зерттеу
2. Шауетті зерттеу
3. Шашты зерттеу
4. Адам денесінің бөліктері мен басқа да биологиялық бөліністерін зерттеу

Корытынды

Kіріспе

Егер оларға қымыс қаруы болды деп ойлауға негіз болса, немесе өзінде қымыстың ізі сақталып қалса немесе қымыстық әрекеттің объектісі болса, сондай-ақ, ақша мен өзге де бағалы заттар, қымысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға не айыпты жоққа шығаруға немесе жауаптылықты женілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар мен құжаттар заттай дәлелдемелер деп танылады. Яғни, заттай дәлелдемелерге әр түрлі сала мамандарымен, бірінші кезекте сот-медициналық сарапшылармен, сот химиктерімен және сарапшы-криминалистермен зерттеу жүргізілетін заттардың кеңейтілген тобы жатады.

Сот-медициналық зерттеуге жататын заттай дәлелдемелерге адам және жануар организмінің бөліктері мен бөліністері: қан, шаш, шаует, сілекей, тер, зэр, ішкі ағзалардың бөліктері, сүйектер, бұлшық еттер, сүт, уыз, ұрық маңы суы, сарысулы шырыш және т.б. жатады. Бұл объектілер жеке немесе әртүрлі заттардағы іздер (киімде, аяқ киімде, жиһазда, қымыстың қаруында, көлік құралдарында және т.б.) түрінде зерттеліні мүмкін.

Биологиялық сипаттагы объектілер сот-медицинскандық сараптауға жатады. Олар заттай дәлелдемелерді зерттейтін жалпы сот-медицинскандық және арнайы дайындығы бар мамандармен сот-медицинскандық зертханалардың биологиялық бөлімдерінде жүргізіледі. Бұл осыған ұқсас, көбінесе ұсақ объектілерге сарап-

тама жүргізгенде, арнайы зерттеу әдістерін білу керектігімен байланысты, ал, сараптама жүргізуде жіберілген қателіктер тергеушінің дұрыс емес әрекетіне, сот қателіктеріне немесе заттай дәлелдемелердің жоғалуына алып келуі мүмкін. Арнайы зерттеу әдістерін білу оқиға орнын қарайтын сот-медициналық мамандарына да (бұндай іске кез келген дәрігер катысыу мүмкін) қажет. Яғни, дәрігер тергеушіге заттай дәлелдемелерді табуға, оларды дұрыс сипаттауға, бөліпалуға, буып-түюгежәне сот-медицинскандық зертханага тексеруге жіберуге көмектесуі тиіс. Дәрігерге заттай дәлелдемелердің сот-медицинскандық сараптамасы негіздерін білу, қажет болған жағдайда тергеушіге белгілі бір мәселелерді шешу үшін медицинаның мүмкіндіктерін және сараптаманың қорытындысын дұрыс талдау түсіндіруге көмектеседі.

Тергеуші тараپынан оқиға болған жерден алынған және сараптамаға жіберетін заттармен бірге, оның қаулысына сәйкес, зертханага өлікті қарау кезінде сот-медицина сарапшысымен (тобын анықтау үшін кан) немесе тірі адамдарды күэландырудан (шәуєтті анықтау үшін қынап жағындысын) алынған және т.б. объектілер жіберіледі. Осы зерттеулер тірі адамның немесе өліктің сараптамасының құрамдас бөлімі болып табылады, ал, олардың нағижендері қорытындыға енгізіледі.

Заттай дәлелдемелерді зерттеу әдісі мен тәртібі (соның ішінде шыгутегі, биологиялық өнімдерде) КР занбарына сәйкестендіріліп жүзеге асырылады.

1. Қан іздерін зерттеу

Қан іздерін зерттеу барлық сараптаманың 80%-ын құрайтын, заттай дәлелдемелер сараптамасының жиі кездесетін түрі болып табылады. Қан іздерінің сот-медицинскандық сараптамасының кісі өлтіру, зорлау, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, т.б. аса ауыр қылмыстарды анықтауда маңызы зор. Олар адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстарды анықтауда материалдық айғақтардың ішінде басты орындардың бірін алады. Қан іздерін зерттеудің сот-тергеулік маңызы қазіргі уақытта жоғарғы мәнге ие болып отыр, себебі — қан мөлшері, қанның адамға немесе жануарға тиесілі екендігін, сондай-ақ, қанның адам ағзасындағы топтық антигендермен және изосерологиялық (эритроциттар-

лы), сарысұлы, ферменттік жүйесінің факторлары арқылы жеке адамнан шығуын анықтау мүмкіндігі, не мүмкін еместігі жөніндегі маңызды саралтамалық мәселелерді шешу әдісі сот-медицинасымен қарастырылған.

Сот-медицинасында және криминалистикада қан іздері деп — адамның немесе жануар ағзасынан тыс қоршаған ортада кез-келген мөлшердегі қанның табылуын айтады. Қан дақтары деп — әдетте, қандай да бір затта немесе тасушыдағы кепкен қан іздерін атайды.

Қан іздері әр түрлі. Олардың көлемі, пішіні және басқа да ерекшеліктері пайда болу механизмдеріне тікелей байланысты. Қан іздерін белгілі түрлердегі жаракат сипатына, жаракаттанған адам денесінің орналасуына, жаракаттанған дененің тыныштықта немесе козғалыста болуына, қанның түсү биіктігіне тәуелді.

Қан іздерінің ерекшеліктері қан түсетін заттың беткейінің пішіні мен сипатына (тегіс немесе тегіс емес, сініретін немесе сінірмейтін), орналасуына, беткейдің кисау бұрышына байланысты.

Сонымен қатар, оқиға жағдайларын ашу үшін қан іздерінің пайда болу механизмдерін анықтаудың маңызы зор. Оқиға болған жерде және қылмыскер мен жәбірленушінің киімдерінен табылған қан іздерінің пайда болу механизмін зерттеу, қылмыстың жасалу орнын анықтауға, жаракат алғаннан кейінгі қансырауда жәбірленуші мен қылмыскердің орналасу орны мен қалпын, жаракаттаудың жалғасуын, жәбірленушінің өзін корғау және күресу белгілерін, жаракаттанған адамды немесе өлікті жылжыту траекториясын, осы әрекеттердің орындалу жылдамдығы мен бағытын, қылмыскердің жеке басының ерекшеліктерін, жаракат келтірген каруларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қан іздерінің пайда болу механизмін зерттеу мен шарттарын анықтау криминалистикалық саралтаманың ерекше түрі болып табылатындығын және сот-медицинада саралтама зертханасының физико-техникалық бөлімдерінде жүргізілетіндігін естен шығарма керек.

Пайда болу механизмі және пішіні бойынша қан іздерінің түрлері

Қан іздерінің көптеген жіктелулері бар, бірақ, оқиға орнын сипаттауда іздердің қарапайым жіктелуін құрайтын терминдер қолданылады. Қан іздерінің негізгі келесі түрлерін ажыратады.

Тамшыдан пайда болған дақ. Тамшы деп дөңгелек пішінді, берілген жағдайдағы кішкене сұйықтықты айтады. Тамшылар қозгалмайтын объектілерден ауырлық күшінің әсерінен вертикальды төмен бағытта түседі.

Тамшының тегіс горизонтальды беткейге түсі қезінде дақтардың қолемі мен пішіні оның биіктігіне байланысты. Түсу биіктігі 15 см-ге дейін болса, дақ дөңгелек пішінді, шеті тегіс, диаметрі 1 см-ге дейін жетеді; түсу биіктігі 50 см-ге дейін болса, дақ диаметрі 1-1,5 см, шеттері тісті сипатты болады. Егер түсу биіктігі 2 метрге дейін болса, онда дақ диаметрі 2 см-ге дейін ұлғаяды, шеттері сәулелі пішінді, екіншілік шашырау байқалады, ал, дақ айналасында созылған алмұрт тәрізді ұсақ дақтар пайда болады. Сонымен катар, объектінің аз жылдамдықтағы қозғалысы қезінде (адам жүргенде) қан дағының пішіні қозғалу бағытына қарай жіңішкерген алмұрт тәрізді болып келетін ерекшелігін білу керек. Түсу биіктігі жоғарылағанда екіншілік шашырау тек қана объектінің қозғалу бағытына қарай орналасады. Егер объект жоғарғы жылдамдықпен қозғалса, онда тамшылар көпіршіктерге бөлінеді.

Тамшы қисық беткейге түскен жағдайда дақтың сипаты мен пішіні біршама өзгереді: дақ қисайған жаққа созылады, іздің төменгі бөлігі кішкене қалындау болады.

Түсу биіктігі жоғарылағанда және беткейдің қисау аумагы үлкейгенде дақтың шеттерінде тісшелер, екіншілік шашырау мен сәулелер пайда болады.

Сонымен қатар, тамшыдан пайда болған қан дақтары өзіне тән ерекшеліктерін, тек тегіс, қатты, еңіс беткейде сактайды. Тегіс емес еңіс беткейде немесе түкті мatalарда бұл ерекшеліктер сакталмайды. Бұл жағдайлар қан іздерінің басқа да турлеріне қатысты.

Тамшыдан пайда болған дақ — жарақаттанған адамды не- месе өлікті қозғалтқандағы кансырау көрсеткіші. Бұл іздер жарақаттанған адамның қозғалу бағытын, қозғалыс қарқын- дылығын, тоқтаған орнын анықтауға көмектеседі.

Қаның шашырауына пайда болған дақтар. Егер қан тамшылары қосымша кинетикалық энергия алса, онда тамшының ұшу жылдамдығы бір ғана ауырлық күшінің әсерінен түсетін

тамшыға қарағанда жылдамырақ болады. Олар ауаның қарсы күшінің әсерінен, шашырау деп аталатын майда тамшыларға бөлінеді. Қанның шашырауынан пайда болған дақтар тамшыдан пайда болған даққа ұқсайды, бірақ, ол дақ санының көптігімен және көлемінің кішірек, тіпті, нүктелікке дейін болуымен ажыратылады.

Қанның шашырауынан пайда болған дақтар үшін олардың көлемінің әртүрлілігі тән болып келеді. Жекелеген шашыраулар бірқалыпты жылдамдықта болмайтындығына байланысты көлемі әр түрлі болады.

Шашыраудан пайда болған қан дақтарының пішіндері түсү бұрышына және беткейдің соққы күшіне байланысты. Шашыраған қан перпендикулярлы түскенде дақ дөңгелек пішінді болады. Егер беткеймен тік бұрыш жасап түссе, сопақша алмұрт тәріздес пішін түзейді, мұнда дақтың ұшкірленген ұштары қанның шашырау қозғалысына қарай бағытталады. Өте ұшкір бұрышпен қатты тамғанда дақтар леп белгісіне ұқсайды және оның нүктелік элементі беткейге түсетін екіншілік шашырағаннан дақ сопақ пішінді болады.

Әдетте, қанниң шашырауы артериалды қан ағу кезінде, қансырап жатқан денені немесе затты соққанда, қан жиналған немесе сіңген затты ұрғанда, өлікті бөлшектегендеге, қан шашыраған затты немесе каруларды тез сілкігенде пайда болады. Белгілі түрдегі қанниң шашырауының құрылу механизмі пайда болған дақтың ерекшелігін көрсетеді.

Артериалды тамырды жарақаттағанда, қан субұрқақ тәрізді шашырайды және 1,5 метрге дейінгі ара қашықтыққа ұшуы мүмкін, әрі қан толқыны көптеген шашырауларға бөлінеді. Түзілген дақтар көлемі бірдей, бірақ, біркелкі емес интервалдармен бөлініп тізбектеліп орналасады.

Егер шашыраулар қанданған обiectілерді соққанда түзілсе, онда желпуіш тәрізді орналасқан дақ топтары байқалады.

Ақкан қан. Бұл ауырлық күшінің әсерінен қисайған немесе вертикальды беткейге ақкан каннан түзілген сопақша пішінді із. Қанниң ағысының пайда болуына орай, қан ағысының мөлшері азаяды, себебі — оның бір бөлігі қанды сору күші арқылы затасымалдаушыда қалып отырады. Ақкан қанниң ауырлық күші

мен беткейлік кедергі күші теңелгенде қан ағысы тоқтайды. Осы жерде түйрегіш тәрізді қалындау байқалады. Тегіс жерде қан ағысы түзу пішінді, ал, тегіс емес беткейде шыбынқы жерлерде қан тұрмағандықтан, ойландау жерлерге ағып кетеді.

Қан тек төмен қарай ағатындықтан, дene жарақатын алғаннан кейінгі, нақтырақ айтсақ, қан ағу басталғаннан соң, жараланған адамның қалпын анықтауда манызды көрсеткіш болып табылады. Қанның ағуы айналадағы заттарға қанның түскен уақытын қалпына келтіруге көмектеседі. Кейде қан ағысы жарақаттың кезектілігін анықтауға көмектеседі, мысалы, бірінші жарақат түсірген сокқы дененің тік қалпында тұрған кезде берілсе, екіншісі — жатқанда берілуі мүмкін. Егер қан ағысының бағыты кенет өзгеретін болса, қан шығып жатқан дененің қозғалғандығын куәландырады.

Қан іздері. Iz түзуші қанға боялған зат ізді қабылдаушы заттың бетімен статикалық байланысқа түсуінен із пайда болады. Олар аз немесе көп дәрежеде iz түзуші заттың ерекшеліктерін анықтайды және трассологиялық саралтама әдісімен затты идентификациялауға көмектеседі.

Оқиға болған жерде қол саусақтарының, алақанның, табан, аяқ киім кейде басқа да заттардың іздері жиі кездеседі. Қол саусағының қан болған іздерінің папилляры өрнектерінің жақсы көрінуі сирек кездеседі. Бірақ, таңба мөлшері, алақан жүлгелерінің бейнесі және басқа да ерекшеліктер қылмыскерді табуға септігін тигізеді.

Қанниң жағылуы мен жұфуы. Бұлар беткей қан іздері. Олар кейде сопақша пішінді болады. Жағынды мен жұқпалар қанға боялған затпен, қарулармен, қолмен және т.б. заттармен жайылып жанасқанда (iz түзуші мен iz қабылдаушының динамикалық жанасуы) пайда болады. Олар жәбірленуші мен қылмыскердің әрекеттерін қайта қалпына келтіріп сипаттауға жиі көмектеседі. Кейбір жағдайларда жолға жағылған қан арқылы iz түзуші заттың ерекшелігін көруге болады.

Жұфындының ерекше бір түріне жайылған қанмен жанасудан пайда болуы мүмкін адам денесінің немесе қандай да бір заттың түктелген аймағы жатады. Бұл кезде әр түрлі параллельді сызықтар мен сызықшалары бар кең жолдар пайда болады.

Қан дақтары. Кейде тасымалдаушы заттың және іздің екіншілік өзгерістерінің сипатына байланысты, қан іздерін белгілі түрге жатқызу қыындық тудырады. Бұл жағдайда осы іздерді хаттамада сипаттап, оларды қарапайым дақ деп атайды. Бірақ, олардың түзілуінің нақты механизмі үнемі анықтала бермейді. Олар қансыраудың және оның ошақтарының көрсеткіші бола отырып, оқиганың кейбір жағдайларын ашуға көмектеседі.

Жайылған қан. Бұл көлемді қан жоғалту кезінде горизонтальді формадағы, сіңірмейтін немесе аз сіңіретін беткейлерде жиналады. Егер қан аса жоғары емес биіктікten ақырын ақса, онда жайылған қан шашыраусыз, шеттері айқын болады. Жоғары биіктікten қанның ағуында шашырау көрінеді. Жайылған қанның шетінен сөule тәрізді бұтақтар тарап, көптеген шашырандылар болады. Осыған ұқсас көрініс жайылыш жатқан қанды қандай да затпен ұрганда көрінуі мүмкін.

Заңгерлер қан үю және бөлінген сарысу мөлшері бойынша қансыраудың болған уақытын бағдарлап анықтай алуы мүмкін. Өліктің оқига болған жерде болмауы немесе жылжытылуы кезінде жайылған қан жарақаттың орны мен өлім болған жерді көрсетеді.

Қанның сіңуі. Қан іздерінің бұл түрі текстильді және басқа да гигроскопиялық материалдарда түзіледі. Олар адамды жарақаттау және көп қансырау болған орында туындайды. Көп қабатты материалдарға қанның сіңуі бойынша қанниң ену бағытын анықтауға болады. Зертханалық жағдайда сіңгеннен кейін пайда болған қанниң мөлшері мен көлемін анықтауға болады.

Судағы және басқа да сұйықтықтардағы іздер. Бұлар «жұынды сулар», яғни қанға боялған қолды, қылмыстың қаруларын, киімдерді жуғаннан кейін пайда болады.

Шоғырланған қан іздері. Оқига болған жерде түзілу механизмі әр түрлі, шығу көзі бір, ал, кейде механизмі де, шығу көзі де әртүрлі қан іздерін жіңі кездестіруге болады. Бұндай қан іздері бірнеше қарапайым қан іздерінің қосылуынан болады. Бұл қан іздерінің жалпы қалыптасқан терминологиясы жоқ. Оларды күрделі, кешенді, аралас, шоғырланған және т.б. деп қарастырады. Бұл терминдерді, заттай дәлелдерді және оқига болған жерді қарастыру хаттамасында қолданбаған дұрыс, себебі — олар іздердің

сипатын аша алмайды және жалпы қабылданған кесте бойынша нақты сипаттауды алмастыра алмайды.

Қаңға ұксас құдікті іздерді анықтау

Оқиға болған жерді қарау. Егер қан іздері жақсы сақталған және жойылуға ұшырамаған болса, оларды анықтау аса қыындық тудырмайды. Ол үшін қарауды интенсивті шынайы немесе жасанды жарықта лупаның көмегімен жай көзбен қарап жүргізеді.

Жаңа қалдырылған қан іздерінің гемоглобині ауадағы оттегінің қосылысынан оксигемоглобинге айналып, ашық қызыл түсті болады. Бірақ, уақыт өткен сайын гемоглобин метгемоглобинге, одан әрі гематинге айналуынан қарайып, қою қоңыр түске айналады. Ескі қан дақтары сұр, тіпті, қара түсті болуы мүмкін. Кейде қанның шіруінен дақтың түсі жасылданады.

Қара, қызыл қоңыр, коңыр түсті түкті маталар мен күнгірт заттардағы қан дақтарын анықтау қыынға соғады. Бұл жағдайда интенсивті жарық көздерінің (лампалар, жарықтандырыштар т.б.) сәулелерін қиғаш түсіріп қарайды. Тотпен, кірмен жабылған заттардағы дақтарды анықтау қыын. Бұл жағдайда алдын ала сынамалар жүргізеді.

Егер қылмыскер алдын ала қанды жуып, қырып немесе басқа да әдістермен жойса, оны анықтау өте қыынға соғады. Мұндай жағдайда құдікті іздерді анықтау тек қана аса ұқыптылықпен зерттеп қарағанда ғана мүмкін болады. Қан іздерін жасырын жерлерден де іздеу керек. Егер оқиға мекеме ішінде орын алса, міндетті түрде еденнің тесіктерін, паркет астындағы кеңістікті, плинтустарды, желдеткіш торларды қарау керек. Сонымен қатар, қан жиһаздардың аяқтары мен аралықтарында, есіктердің тұтқасында, столда, шкафттарда сақталуы мүмкін. Қылмыскердің қолын, киімін, қолданған қаруларын жуатын орындарды, яғни қол жуғышты, су өткізгіш крандарды, шелектерді және т.б. заттарды да қарауды ұмытпаған жөн.

Қан дақтары болуы мүмкін жаракаттаушы карулар немесе басқа да заттарды тексергенде заңгерлер белгілі бір ережелерді сақтауы тиіс. Мысалы, резиналы қолғаппен жұмыс істеу керек, заттарды алғанда басқа іздерден бос аймақтан (қан дағының қасында саусақ таңбалары және т.б. болуы мүмкін) алу қажет. Оқиға болған жerde затты тексеру немесе талқылауды жүргізбеген дұрыс.

Көлік құралдарын қарағанда шығыңкы жерлеріне: бамперіне, жарық түсіргішіне, есік тұтқаларына, радиатор мен капоттың қаптамасына, борттың алдыңғы бұрышына назар аудару керек, сонымен қатар машинаның ішін, астыңғы беткейін және дөңгелектерін қарайды. Әсіресе, ластанған және басқа да закымдар келтірілген жерлерді мұқият зерттейді.

Киімдерді тек беткі жағын ғана емес, ішкі жағын да қарау керек. Қоға жағдайларда қанның жылған дақтары тек ішкі жағынан көрінеді. Қанның қыын жойылатын немесе анықталатын жерлеріне, яғни тігістерге, қатпарларға, женінің шеттеріне, қалта мен онын аймақтарына көніл аудару керек.

Қанға болжамды сынамалар. Қан дақтарын іздеуде болжамды сынамалар жүргізу женілдік береді. Соның ішінде ең қарапайымы — сутегінің асқын totығымен сынамалау. Ол қаннның каталаздық қасиетіне негізделген. Каталазасы бар қан және басқа объектілерде сутегінің асқын totығы су мен бос оттегіге ыдырайды. Оттегіден түзілетін көпіршіктер жақсы байқалатын көбікке айналады. Осы жағдайда қарапайым сынама жүргізеді. Құдікті аймаққа сутегінің асқын totығының 3%-дық тамшысын тамызады, егер оң нәтижелі болса, көпіру байқалады. Бірақ, осы қарапайым реакцияның дағы бар заттардың жұмсаруы, сутегінің асқын totығына қаннның кейбір ақуыздарының әсері, сынамага тәмен сезімталдылық және т.б. бірнеше кемшіліктері бар. Сондықтан, сот-медициналық тәжірибеде бұл сынама кен қолданылмайды.

Қазіргі кезде кен қолданылатын сынама ретінде бензидинді реакция болып отыр. Ол қаннның және басқа да заттардың пероксидазды қасиетіне негізделген. Пероксидазаның әсерінен сутегінің асқын totығы ыдырайды және одан бөлінген оттегі бензидинді totықтырып, оны көк түске бояйды. Бұл реакцияның негізгі артықшылығы етежогары сезімталдығы болып табылады. Бірнеше зерттеушілердің мәліметі бойынша, бензидинді реакция қанды миллион рет ерітсе де оң нәтиже береді. Бірақ, реактивтерді бірден құдікті даққа жағуға болмайды, себебі — қаннның кейбір топтық факторлары әлсіреуі, дақтың көгеруі және жұмсаруы мүмкін. Реакция тек дұрыс техникалық жағдайда ғана орындалуы туіс. Бензидинмен сынама жасау техникасы келесідей: өте кішкентай

кесіндіні немесе із қырындысының бір бөлшегін шыны ыдысқа орналастырып, оған сірке қышқылымен қышқылдандырылған негізгі бензидиннің қанықтырылған ерітіндісінің 1 тамшысын (1 тамшы сірке қышқылына 1 мл бензидин ерітіндісін қосады) және 3%-дық сутегінің асқын totығын тамызады. Нәтижесі оң болса көгеру байқалады, Бензидинді қышқылдандыру міндетті түрде жүргізуі керек, себебі — реакция қышқылды ортада жақсы жүреді.

Тәжірибеде Воскобойников реактивін пайдалану арқылы қолданылатың бензидинді реакция да кеңінен таралуда. Мұнда, әсіресе, қыс мезгілінде тасымалдану қыын сұйық реактивтердің орнына құрғақ реактивтерді: 2 г негізгі бензидин, 5 г барий totығы және 10 г лимон қышқылын қолданады. Қоспаларды ара-ластырып, ұнтаққа айналғанша езеді. Оны тығынмен жабыла-тын құнгірт шыны ыдыста сақтайды. Оқиға орнында реактивтің аздаған мөлшерін алғып құтыда қайнаган суға ерітеді және аздан қыздырады, бірақ, қайнатуға болмайды. Бірнеше минуттан соң тұнба құты түбіне түскенде бетіндегі сұйықтықты дәкеге неме-се мақтаға алғып, артық сұйықтықты сығып тастайды. Ылғалды тампонды құдікті даққа аз уақытқа қояды (2-3 с). Егер тампон көгерсе, реакция оң деп есептелінеді. Көгеру байқалмаса, тампонды құдікті дақта ұзактау ұстайды. Осындай тактика көк бояуды даққа енгізбеу үшін керек. Соның кезде бензидиннің токсикалық әсеріне (канцероген деп аталады) байланысты басқа реактивтер-мен алмастырады. Мысалы, төмөндегідей реактив дайындауды: сірке қышқылы ерітіндісіндегі 1 г тетраметилбензидин (50 мл дистилденген су және 50 мл мұзды сірке қышқылы) қосып дайындауды. Сонымен қатар, клиникалық тәжірибеде нәжістегі жа-сырын қанды анықтау үшін қолданылатын, амидопириннен және тұз қышқылды анилиннен (азопирам) тұратын реактивтер пайда-ланылады. Қаның бар екендігін жерге 3%-дық сутегінің асқын totығының ерітіндісін тамызғанда, сол жер алғашқыда ашық құлғін түске өзгеріп, кейінрек құнгірттенетінінен білуге болады.

Қанға жасалатын барлық сынамалар арнайы емес. Заңгерлер, каталазасы мен пероксидазасы бар барлық заттар (ашытқы, жеміс, өсімдік текті сөлдері бар) оң реакция беретінін білу керек. Сондықтан, аталған сынамалардың оң нәтижесі дақта қаның

булды мүмкін екендігін ғана білдіреді. Сонымен бірге болжамды реакциялардың теріс нәтижелері де зертханалық жағдайда қанды даққа зерттеу жүргізуден бас тартуға құқығы жоқ деген мағынаны білдірмейді.

Ультракүлгін сәулелерімен қарау. Қанға ұқсас құдікті іздерді анықтауды, тұрақсыз люменесцентті жарықтар көмегімен жүргізеді. Зерттеуді қаранғы бөлмеде жүргізеді. Ультракүлгін сәулелердің әсерінен қан іздері флюоресценцияланбайды және олар қандай да бір дәрежеде флюоресценциялаушы қоршаған беткейде қара «мақпал» дактар түрінде көрінеді. Әсіресе, синтетикалық маталар ашық жарқырайды. Бірақ, ультракүлгін сәулелерін қаннан басқа бөгде заттар мен олардың іздері де (тот, анилин, кейбір тұздар) сініруі мүмкін.

Қанға ұқсас құдікті іздерді алу және бекіту

Оқиға болған жерде табылған қанға ұқсас құдікті іздер алынуы және арнайы сот-медициналық зерттеуге жіберілуі тиіс. Бірақ, іздерді алмас бұрын, тергеуши (криминалист, сот-медицина сарапшысы) оларды сәйкес түрде хаттамада сипаттау, суретке түсіру, кесте түрінде суреттер дайындау арқылы бекітеді.

Табылған іздерді сипаттау. Кейбір маңызды айғақтарды жіберіп алmas үшін оқиға болған жерді хаттамада сипаттау барысы келесі тізбе бойынша жүргізіледі:

- іздердің ошақтануы — жалпы белгіленген тізбе бойынша дақ орналасқан затты және сол зат беткейінің сипатын (ішкі немесе сыртқы), нүктелер, сзықтар, ара қашықтық шекараларын белгілейді;
- іздің аталуы (қарапайым іздер класификациясы бойынша);
- пішіні (әдетте, жалпы белгілі пішінімен, қарапайым, шенберлі және т.б. салыстырады);
- көлемі — іздердің жалпы көлемін екі перпендикулярлы сзық бойынша анықтайды, жеке бөлшектердің көлемін және олардың тіке немесе көлденең бағытта созылуын көрсетеді;
- түсі (жалпы кабылданған түс анықтау шкаласы бойынша);
- шеттерінің сипаты (айқын немесе айқын емес, тегіс немесе тегіс емес, тісті, жүлгеленген немесе бүртікті болуы мүмкін);

— заттың сінірімділік дәрежесі, мұнда міндепті түрде із орналасқан заттың сыртынан көрінуіне назар аударады;

— бетінде кепкен қабыршақтардың болу-болмауына көніл бөледі.

Іздерді суретке түсіру. Ол сот-фотографиясының ережесі бойынша орындалады.

— іздердің табылған орнын жалпы шолып суретке түсіру;

— іздермен бірге жекелеген заттарды түйінді суретке түсіру;

— жекелеген іздерді немесе олардың топтарын детальді суретке түсіру.

Заңгерлер іздерді суретке түсіру олардың хаттамада сипатталуын алмастыра алмайтынын біледі. Іздерді бекітудің осы екі әдісі бір-бірін толықтырып отырады. Өкінішке қарай, қан іздері фотосуретте барлық жағдайда нақты көріне бермейді. Бұл кезде із орналасқан заттың түсіне байланысты қызындық туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда қан іздерінің фотосурет көшірмесінің біреуіне бағыттауыш белгі көрсетеді.

Кесте түрінде суреттер дайындау. Осындай жағдайларда фотосурет қорытындысы жақсы нәтиже бермеген жағдайда іздерді көшіреді немесе суретін салады. Көптеген сот-медицина қызметкерлері мынандай қызын емес әдісті қолданады: іздің айналасына сіріңке талшықтарын қояды да оған іздің көшірмесін алатын шыны және мөлдір қағазды орналастырады.

Іздерді алу. Егер мүмкіндік болса құдікті іздері бар затты зерттеуге тұтастай күйде (киімдер, жарақат келтірілген қару) жіберу керек. Мұның артықшылығы іздердің пішіні өзгермейді және алғашқыда көрінбеген басқа да іздер зертханада анықталуы мүмкін. Бүтін затта іздердің түзілу механизмін анықтау женелдік әкеледі.

Егер, зертханага жіберетін зат көлемі өте үлкен болса, онда оның зерттеуге жататын із орналасқан бір бөлігін міндепті түрде нақты зерттеу үшін көршілес жатқан бөліктерімен жіберу керек. Ал, заттың бөлігін алу мүмкін болмаған жағдайда оның қырындысының немесе жуындысының алады. Қырғанда таза, өткір скальпельмен немесе жінішке пышакпен дақтың бір бөлігін немесе қабыршағын алып қағаз қорапқа салады, сосын скальпельдің өткір үшымен дақтың басқа бөліктерін женіл қырады. Бұл кезде

дағы бар затты булдіріп алмау керек. Дақ тік жазықтықта орналасса, скальпельмен қырғанда бөлшектер алдымен скальпель бетіне, сосын қорапқа тұсу үшін төмennен жоғары қарай жылжытады. Сонымен катар міндettі түрде нақты анықтау үшін дақ маңынан таза скальпельмен тағы да қырынды алады.

Іздің жуындысын және басқа да алу әдістерін орындау үшін міндettі түрде жуылған, жақсы шайылған, кептірілген марлі болуы керек. Жаңа марлілер мен бинттерді қолдануға болмайды, себебі — олардың құрамында серологиялық реакцияға жағымсыз әсер ететін заттар болады.

Жуындыны суга малынған дымкыл марлі бөлігімен жүргізеді. Марлі бөлшегінің көлемі дақ көлемімен бірдей болуы керек, бірақ 2x2 см-ден артық болмауы абзал. Дақтар өте ұсақ болса, марлі бөліктерінен ұзындығы 1,5-2 см жібін алып қолданады. Дақты марлі бөлігінің әр түрлі жақтарымен түгел сүртіп алуға тырысады. Осы сынды заттың дақтанбаган аймағының да жуындысын алады. Жуындыға арналған марлі тек бөліктен алынуы және буып-тую алдында бөлме температурасында толық кептірілген болуы тиіс.

Жайылған қан жиналған жерден зерттелетін сұйықтықты таза шыны ыдысқа (пенициллин құтысы) 10 мл-ден аз емес мөлшерде алады. Егер мұндай тәсілді орындау киын болса, онда жайылған қанға марлінің бірнеше бөлшектерін (4x4 см) батыру әдісі арқылы орындаиды. Сосын марлі бөлшектерін кептіреді және таза марлі бөлшегін зерттеуге жібереді.

Кардағы қанды қасықпен шыны құтыға жинап, жылы жерге қояды (+37°C жоғары емес). Қар еріген соң сұйықтықты жоғарыда айтылған әдіс бойынша марліде кептіреді. Бақылап-зерттеу үшін кардың қан жағылмаган жерінен де алады.

Қан ізі бар топырақты қан сіңген барлық қабатымен алып, оны тарелкаға жұқа қабатты етіп сейіп, +37°C-ден жоғары емес температурада кептіреді. Топырақтың зерттеу үлгісін де осы әдіспен жасайды. Кепкен топырақты тығыз қағазды қорапқа немесе шыны ыдысқа салады. Алынған қан іздері мен зат үлгілерін сәйкес үлгіде орап, зертханаға зерттеуге жібереді.

Қан іздерін зерттеу үшін сараптаманың шешуіне мынадай негізгі сұрақтар қойылады:

- дакта қан бар ма?
- ол кімге тиесілі — адамның немесе жануардың қаны ма (қанның түрі);
- қан қай топқа жатады (нақты сезікті адамның қанын жоққа шығару).

Сонымен, біз қанды сот-медициналық тәжірибе бойынша оқиға болған жерде және зертханада зерттеудің сұрақтарын қарастырдық.

2. Шәуетті зерттеу

Шәуетті сұйық, жағынды, ұрықтық дақ күйінде зерттеу жыныстық қылмыстарды тергеу кезінде, ұрықтандыру қабілетін анықтағанда, неке бұзы және алименттік істерде жүргізіледі. Әдетте, сот-медициналық сараптамасының шешуіне негізгі екі сұрақ қойылады:

- заттай дәлелдемеде шәует бар ма (шәуеттің болуы);
- шәует қай топқа жатады (шәуеттің нақты адамнан шығуын жоққа шығару).

Көп жағдайда шәует төсек жапқыштарынан, іш киімдерден, сырт киімдерден, оқиға орнындағы әр түрлі заттардан, қынап жағындысынан және тампоннан, тік ішек және ауыз қуысынан табылуы мүмкін. Шәуеттің қынап жағындысы мен тампоннан табылуы жыныстық қатынастың қалыпты немесе жабайы түрде болғанын айтақтайды. Жыныстық қатынаспен айналыспайтын адамдардың денесінен немесе киімдерінен шәуеттің табылуы жыныстық қылмысты ашуда маңызды дәлел болуы мүмкін.

Бұрын айыпталушының киімдерінен шәует іздерінің табылуына аса назар аудара қоймайтын, себебі — бұл іздер жыныстық қылмыспен байланысты болмауы мүмкін деп есептеді. Бүгінгі танда мұндай іздер міндетті түрде зерттеуге алынады. Шәуетте айыпталушыға тән емес топтық антигендердің табылуы басқа адамның шәуетінің араласуын білдіреді, яғни топтық жыныстық қылмыс жасалғандығын куәландырады. Сонымен қатар, шәует іздерінен жәбірленушінің қынаптық беліністерінің салдарынан топтық антигендері табылуы мүмкін, оның болуын арнайы зерттеулер арқылы дәлелдейді. Бұл жағдай жыныстық қатынастың

белгілі қан тобындағы эйелмен болғанын білдіреді. Сондықтан қынаптан алынған тампондар мен жағындылар негізгі заттай дәлелдер ретінде қарастырылады. Әдетте шәуettің ұзак сақталмауына байланысты, мұндай дәлелдерді тез алу керек. Осы мақсатпен стерильді марлілі тампонды қынапқа енгізеді де алынған тампондағы бөліністі заттық шыныға жағып, сперматозоидтардың бар екендігін анықтау үшін зерттеу жүргізеді.

Ашық түсті маталарда шәуettі табу қындық тудырады, ейткені, ұрықтық дақтар сарғыш-сұр түсті, шеттері жүлгеленген, консистенциясы және сыртқы түрі бойынша матаның крахмалданған жері сияқты болады. Кейде дақтың бетінен ак-сұр түсті қабыршақтарды байқауға болады. Ал сінірмейтін маталар мен заттарда шәует іздері жылтыр ак-сұр түсті, кейде сарғыштанған дақ түрінде көрінеді.

Шәует деп күдіктенген дақтарды әдептегідей, лупамен және жай визуальды қарап қана қоймай, міндепті түрде сынап-кварцты шам сәулесінің көмегімен карау керек. Бұл кезде шәует басқа да ақуыз заттар сияқты ақшыл-көгілдір түсті флюоресценция (жарықтану) береді. Осыған ұксас зерттеулер караңғы бөлмеде жүргізілуі тиіс. Табылған жарықтанған дақ орны жіппен белгіленеді. Белгіленген шәуettің бар екендігіне күдікті жерлер келесі зерттеулерге өтеді.

Болжамды сынама ретінде Флоранс реакциясы және Барберио сынамалары пайдаланылады. Флоранс сынамасы заттық шыныда дақ қырындысына йод және йодты калий ерітіндісін қосу жолымен орындалады. Егер шәует болса дақта йодхолиннің қоңыр кристаллдары түзіледі.

Барберио сынамасын жүргізгенде заттық шыныда күдікті дақтаналынғантамшының үстіне 1-2 тамшы пикринқышқылының сулы ерітіндісін тамызады. Егер дақта шәует болса, онда сары ине тәрізді кристаллдар түседі.

Аталған сынамалар ультракүлгін сәулелерімен сынама зерттеудің арнайы емес түрлері болғандықтан, тек бағдарлық мәлімет береді. Шәуettің бар екендігінің дәлелі болып дақты микроскопиялық зерттегендеге құрамында бүтін сперматозоидтың табылуы жатады. Бұл үшін дақтан алынған қырындыны немесе тарқатылған жіпті заттық шыныға орналастырады да аммиактағы эритрозин немесе басқа бояғыштар ерітіндісін қосады.

Боялған сперматозоидтар микроскопта үлкейтіліп ізделеді. Дақ шәуеттен тұзілген болса да, қоршаған органдың әр түрлі әсерінен болған азооспермияда, некроспермияда немесе сперматозоидтар бұзылғанда, олар табылмайды. Тіпті, олар болса да препараттан сперматозоидты табу қынға соғады.

Бүгінгі танда сперматозоидты табуда флюоресценттік микроскопия қолданылады. Препаратты арналы бояғыштармен ондейді, сперматозоидтың басы мен құйрығын таңдаулы бояйтын флюорохроммен бояйды. Бұл кезде сперматозоидтың люминесценциясы байқалады да, оларды анықтау жөнілдейді. Микропрепаратта сперматозоидтардың люминесценциясын табу люминесцентті микроскоппен жүргізіледі.

Сонғы жылдары шәует дақтарын тексеруде бірнеше жаңа әдістер кең қолданысқа енді. Солардың арасында зангерлер қағаздағы электрофорез және гистохимиялық әдістерді білуі тиіс. Қағаздағы электрофорез әдісі 2 ай өткен шәует дағын анықтауға және оны несептен немесе қынаптық жағындыдан ажыратуға көмектеседі. Гистохимиялық әдіспен алты ай бұрынғы шәует дағын анықтауға болады. Ол шәует дағында болатын сперматозоидтың ДНҚ мен микротүзілістерінің таңдаулы боялуына негізделген.

Шәует іздерінің белгілі бір сезікті адамға тән болуы туралы сұраққа жауап беру үшін оның топтық ерекшеліктеріне анықтау жүргізіледі. Әр адамның бөліністерінің, соның ішінде шәуеттің де топтық ерекшеліктері әрқашан қан тобымен сәйкес келеді және әр адамда АВО агглютиногендерінің құрамы әртүрлі, біреулерде — аз, ал, біреуінде — көп тұзіледі. Адамдарда агглютиногендерді «бөлуші» дәрежесін анықтау үшін олардың сілекейін зерттейді. Егер сезікті адам «бөлуші» болса, онда дақтағы шәуеттің, оның қанының топтық қасиеттері сәйкес келген жағдайда да шәуеттің сол адамға тән болуы туралы құдік сейіледі.

Шәует іздерінің топтық диагностикасында шәуеттің адам ағзасының басқа бөліністерімен немесе қанмен араласуы қынаптық тудырады. Себебі, қанда да АВО жүйесінің өзіндік топтық антигендері кездесуі мүмкін.

Сонымен, шәуетті зерттегендеге жәбірленушінің қынаптық сөлі мен қынап жағындысында, дақта қан араласуы мүмкін болғандықтан, міндетті түрде жәбірленушінің қан тобы мен

агглютиногендерді «бөлу» дәрежесін анықтайды. Сондықтан бұл жағдайда шәуетке құдікті дағы бар заттай дәлелдермен қатар жәбірленуші мен айыпталуышының қан және сілекей үлгілерін де зертханаға жібереді.

3. Шашты зерттеу

Шаштар заттай дәлелдеме ретінде маңызды рөль атқарады. Көбінде олар кісі өлтіру, тонау, жол-көлік оқиғаларын ашуда негізгі айғақ болып табылады. Шаштардың денсаулыққа зиян келтіретін қылмыстарда, өлім себебі белгісіз мәйіттерді тапқанда, жыныстық қылмыстарды анықтауда маңызы зор. Көбінесе шаштар қылмыс жасалды деп сезік тудырган пәтерді тінгуде, сонымен қатар, көлік құралдарын қарау кезінде табылады. Сонымен қатар қылмыстың қаруларынан, мәйіттің қолынан, жәбірленуші мен сезіктінің киімі мен денесінен табылуы мүмкін.

Әдетте, шаштарды зерттегендеге сот-медицина сараптамасының шешуіне келесі сұрақтар қойылады:

- жіберілген объектілер шын мәнінде шаш болып табылады ма (шаштың болуы);
- шаштың адамға немесе жануарға тән болуы;
- шаш дененің қай бөлігіне жатады;
- шаштың өздігінен түскені немесе жұлынғандығы туралы, олар сыртқы әсерге ұшырамады ма;
- шаштың белгілі бір адамға тән болу мүмкіндігі.

Көп жағдайда шаштың оқиға болған жерден табылуы киындық тудырмайды, бірақ, бұл іс үлкен ұқыптылық пен бағытты талап етеді. Шаштарды іздегендеге жарықтану жақсы болуы керек және көру аймағы кең лупаны қолданған абзал. Барлық құдікті объектілерді ұшы резиналы пинцетпен кысып алады да, әр жерден алынған шашты жеке-жеке қорапшага немесе қағаз қорапқа жинаиды, сосын әр қораптың сыртына міндетті түрде алынған жерін жазады.

Бір-екі ғана шаш талшығын табу жеткілікті деп ойламау керек, мүмкіндігінше әр жерден көп шаш жинаған жөн. Сараптамаға жіберілген шаш саны аз болса, оның анықталу мүмкіндігі шектеледі және сарапшылардың қорытындысы нақты болмайды.

Әсіресе, сараптаманың негізгі сұрағы — шаштың шығу тегі туралы мәліметтің нақтылығы шектеледі.

Қажет жағдайда шаш үлгісін өлкten, сезікті адамнан, жәбірленушіден және басқа адамдардан алып жібереді. Бұл кезде шаш үлгісін бастың әртүрлі аймағынан алып, әр алынған үлгіні жеке орайды және ораманың сыртына шаштың кімге тән екендігі, дененің кай жерінен алынғандығы туралы мәлімет жазылады.

Шашты басқа объектілерден ажырату, сыртқы түрі бойынша және басқа шаштардан немесе шашқа ұқсас объектілерден беліп тұратын микроскопиялық құрылымы бойынша жүргізіледі.

Шаштар жеке немесе бума түрінде табылуы мүмкін.

Шаштың түсі талшықтар мен бумада қара, қоңыр, ақшыл, қызылт және т.б. болуымен анықталады.

Олік топырақ әсерінен шіріп ыдырағанда шаштың түсі өзгереді. Бастағы шаш пішіні бойынша тік, толқынды, бүйра және басқадай болады.

Шаштың табиги боялуды шаштың қыртысты қабатында болатын пигментке негізделген. Жасанды түссіздендірілген (сүтегі тотығымен) шашты оның қыртысты қабатында сақталған пигмент мөлшерін анықтау ажыратады.

Жасанды боялған шаш бояуы қалыпты жағдайда түссіз болатын кутикулада болуымен ажыратылады. Сонымен қатар, бұл жағдайда шаштың түбірінде табиги боялу сақталады.

Оқиға болған жерден табылған өлтірілген адамнан, жәбірленушіден, сезіктіден табылған шаштар оның кімге тән екендігі туралы қорытынды жасауға септігін тигізеді. Шаштарды зерттеу әдістері тек олардың ұқсастығы туралы ғана мәлімет береді, өйткені, көп адамдардың шаштары бір-біріне ұқсайды, тіпті, жеке адамның басының әр түрлі жерлерінен алынған шаштары да бір-бірінен ерекшеленеді.

Сонымен, шашты зерттегендеге оның ұзындығы, қалындығы, түсі, қабаттарының ерекшелігі, пигменттің жайылуы және т.б. ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, шаштың топтық қасиеттері де зерттеледі, мұның негізінде шаш иесін анықтауға болады.

4. Адам денесінің бөліктері мен басқа да биологиялық бөліністерін зерттеу

Сот-медициналық тәжірибеде қан, шәует, шашты зерттеумен бірге сілекей, тер, несеп, сұт, уыз, сонымен қатар сүйектер, бұлшық еттер, дene мүшелерінің бөліктеріне сараптама жүргізу қажеттігі туындаиды.

Сілекей іздері. Дақта немесе затта (мысалы, темекі қалдығы) сілекейді анықтау, ондағы амилазаның табылуына негізделген. Марлідегі кепкен дақ түріндегі сілекей іздерін жоғарыда айтылған антиген «бөлінісін» анықтау үшін зерттейді.

Оқиға болған жерде көбінесе сілекей іздерін папирос және темекі қалдықтарынан табады. Сілекейде топтық АВО антигендері бөлінетіндіктен, сот-медицина зертханалық зерттеулері, темекі шегушінің қан тобы туралы мәлімет бере алады және темекі қалдығының бір немесе бірнеше адаммен қалдырылғаны туралы сұраққа жауап береді. Темекі қалдығын тек қысқыш құралмен жинайды, әйтпесе, оған заттай дәлелдемені алушы адамнан термай бөлінуінен «бөтен» топтық антигендер түсіп кетуі мүмкін. Егер темекі қалдықтары ылғалды болса, оларды тек бөлме температурасында кептіреді.

Егер темекі қалдықтары тұқылдарының папиросты ауызда ұстаяу, мұштік салу немесе сөндіру әдісі сияқты ерекшеліктері болса, онда олар фотога түсіру жолымен хаттамада бекітіледі. Әр темекі қалдығын жеке қорапқа жинайды.

Сілекей іздері қылмыскердің жәбірленушінің аузын жапқан сұлғілерден, сұрткіштерден және т.б. заттардан табылуы мүмкін. Осы заттардан табылған сілекей іздері дәлелдеме ретінде қолданылады.

Сілекей дағындағы АВО жүйесінің топтық антигендерін анықтағанда қанды немесе бөліністерді зерттегендегідей әдістер қолданылады. Темекі немесе папирос қалдығының тұқылын зерттегенде тек сезіктіден алынған сілекей мен қанның үлгісі ғана емес, экспериментальды қалдықтар да қаралады. Мұндай «үлгілер» қылмыскердің қалдықта, тұқылда қалдырған сілекей мөлшерін анықтау үшін керек.

Сілекейдің қандай жынысқа тән екендігін анықтау сілекей дағында әр түрлі мөлшерде кездесетін ауыз куысының шырышты қабатының эпителий жасушалары бойынша жүргізіледі.

Аты-жөнін көрсетпеген хат жазған авторды анықтауда конверт қақпағында немесе пошта маркасында сілекей іздері болуы белгілі мәнге ие. Сонымен қатар, жеген тамақ қалдықтарынан, қолданылған ыдыстардан сілекей іздері табылуы мүмкін.

Заттай дәлелдемелердегі тері дактары оның құрамындағы амин қышқылы — серинді анықтау жолымен табылады. Серинге түсті реакцияның оң нәтижесі 1-4 күнге дейінгі аралықта қалған тер дағы бар, салмағы 1-12 мл/г дейінгі материал беліндісінен алынуы мүмкін. Егер тер дағына төрт айға дейін уақыт болса, зерттелетін материал салмағын арттырады (15 мл/г дейін). Тек тер дағының ғана емес, сонымен бірге адамның АВО жүйесінің топтық антигендері бар әртүрлі заттарда (киімде, аяқ киімде, тарақта және т.б.) кездесетін тер-май беліністерінің де тергеулік маңызы өте зор.

Ультракүлгін сәулелерімен киімдерді қарағанда тер дактары көбінесе көгілдір флюоресценция береді.

Соңғы жылдары дактилоскопиялық саралтамаға жарамайтын саусақтардың тер-май белінділерінің іздерінен АВО жүйесінің топтық антигендерін анықтау мүмкін екендігі дәлелденді. Бұл оқиға болған жерде сезікті адамның болғандығын дәлелдейтін қосымша айғақ бола алады.

Несеп және нәжіс дактары. Кейде несепке және нәжіске құдікті іздер жыныстық қылмыс кезінде жәбірленуші мен қылмыскердің киімінен табылады. Несеп іздерінде оның белгілі адамнан шығу мүмкіндігін растайтын, не жоққа шығаруға мүмкіндік беретін АВО жүйесінің топтық антигендері болады.

Несептен пайда болған дак ультракүлгін сәулесінің әсерінен ақшыл-көгілдір түсті жарықтану береді. Несепті анықтау ондағы креатининнің табылуынан негізделеді. Креатинингесезімталдылық реакциясы шамамен сериннің реакциясына ұқсас келеді. Көп адамдардың қанына тән АВО жүйесінің топтық антигендері несептеге жақсы көрініп, женіл анықталады. Несеп тобы және оның белгілі бір адамнан шығу мүмкіндігі туралы нәтиже, сезікті адамның АВО жүйесінің антиген болу дәрежесі бойынша барлық дерек зерттеуге негізделініп алынады.

Нәжісте және нәжіс ізінде топтық антигендерді толық анықтау мүмкін емес.

Уыз және сұт дақтары. Олар жағындыны микроскопиялық жолмен зерттегендеге анықталады. Уыз дағынан эпителиалды жасушалар, ал, сұт дағынан мөлшері емізу кезеңінің соңында кішірейетін май бездері табылады. Уыздан және сұттен пайда болған іздердің бала өлтірілген істе маңызы зор.

Дене мүшелері мен ұлпалар бөліктегі. Оларды әр түрлі көлік құралдарынан, әсіресе, автомашиналардан алады. Оқиға болған жерде немесе басқа жерден табылған қарулардың, басқа да заттардың бөлшектері және өліктің тырнағының астындағы бөлшектерінің де маңызы бар. Бұл жағдайда келтірілген жарақаттың сипаты туралы айтуға мүмкіндік беретін, бөлшектің қандай мүше-ұлпаға жататындығын анықтау маңызды орынды алады. Мүшениң және ұлпаның түрге жататындығын анықтау, жарақаттың жануарға немесе адамға келтірілгені туралы сұраққа жауап береді. Алынған объектінің жыныстық және топтық тән екендігін табу, жәбірленушінің қан тобын және жынысын анықтауға көмектеседі. Мүше және ұлпалар бөліктегі жүкті әйелге тән екендігін де анықтауға болады.

Оқиға болған жерді қарағанда табылған бөліктерді калақпен, таза шыны ыдысқа салады. Егер алынған мүше мен ұлпаның бөліктегін сот-медициналық зертханага жіберу үзакқа созылса (тәуліктен асса), онда объектілер бөлме температурасында жәндіктер түспейтін жерде көптірілуі керек. Көп жағдайларда оқиға болған жерден табылған жекелеген мүшелер мен ұлпалар бөлшектерін бірден бөліп алмай, оларды тасымалдаушы затымен қосып (жарақат келтірілген қарудағы бөлігі) зерттеуге жіберу орынды.

Сот-медициналық сараптамаға көзге көрінбейтін жұғындысы болуы мүмкін жарақаттаушы қаруды жіберген жөн, себебі — арнайы цитологиялық зерттеулер арқылы жануардың жасушалы элементтері, олардың түрлік, топтық, жыныстық белгілерін анықтауға болады.

Жеке сүйектерді немесе олаңдың бөліктегінің түрге жататындығын келесі екі әдіспен анықтауға болады:

— салыстырмалы анатомия әдісімен;

— иммунобиологиялық реакциямен.

Сараптамада мүшелердің алдымен қандай ұлпаға жатындығын гистологиялық жолмен анықтайды. Осы бөлшектердің түрлік, топтық және типтік касиеттерін анықтау, қанды тексергенде гідей әдістермен жүргізіледі.

Олгенадамның бөліктегі сараптамажүргізгенде, әдетте, оның жынысын анықтау қажеттігі туындауды. Ұлпалардың жыныстық морфологиялық айырмашылығы қандағы нейтрофильді лейкоцит ядроларындағы, соматикалық жасуша ядросындағы жыныстық хроматинге және ондағы ерекше түптердің болуына негізделген. Сонымен, сот-медицина тәжірибесінде адам денесінің бөліктегі мен биологиялық бөліністерін зерттеу маңызы өте зор. Зангерлер де бұл мүмкіндіктерді білуі тиіс және де оларды сот-терге тәжірибесінде қолдана білу қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, заттай дәлелдемелерді сот-медициналық сараптамаға дұрыс жіберу негізіне зангерлердің назарын тағы аударған артық болмайды.

Зертханаға жіберілетін барлық объектілерді құрғақ қүйінде жіберу қажет, себебі, ылғалды заттарда қан және басқа да бөліністер тез шіриді, соның нәтижесінде сараптаманы жүргізу қыындауды, кейде, тіптен, мүмкін болмай қалады. Қажет жағдайда заттай дәлелдерді бөлме температурасында күн сәулесі, жылу және жәндіктер түспейтін жерде кептіреді.

Алынған әр бір затты жеке таза қағаз қорапқа буып-түйеді. Бір қорапқа жуындыны, жағындыны, тампонды, бақылаушы марліні бірге орналастыруға болмайды. Заттай дәлелдерді тасымалдағанда бұзылмайтындағы етіп орайды және іздердің (дақтардың) қарындашпен, сиямен боялмауын қадағалайды, әсіресе, жұқа маталар мен жұмсақ заттардағы орналасқан қан немесе қабыршак түріндегі басқа да іздермен жұмыс істеу аса ұқыптылықты талап етеді. Мұндай іздерді ақ мата немесе қағаз парагымен жабады. Қатты заттар тығыз бекітілуі керек, өйткені, іздер қорап қабырғасымен жанасуы мүмкін. Тіпті, жылдың ыстық мезгілінде заттың аздаған ылғалдылығының өзі, оның шіруіне және бұзылуына әкеледі.

10. СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРИНЕҢ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУНЫҢ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Жоғарғы температураның әсері
2. Төмен температураның әсері
3. Электр тогымен зақымдалу (электр жарақаты)
4. Радиациялық жарақат

Қорытынды

Kіrіspе

Адам ағзасының температураның өзгеруіне, электр тогы және басқа да бірқатар сыртқы факторлардың әсеріне бейім болып келетіні белгілі. Денсаулықтың бұзылуы адамның биологиялық, физиологиялық және психикалық жағдайы шегінен асып кетсе пайда болады, осы кезден бастап жергілікті және жалпы сипаттағы ауру сезімдік өзгерістер туады, соны өлімге де әкелуі мүмкін. Адамдар осы ауру сезімдік өзгерістердің алдын алу үшін әртүрлі заттарды (киімді, техниканы, дәрілік заттарды) қолдануға тырысады. Бірақ та бұл заттар шектелген. Көп жағдайда сот-медицина дәрігерлері денсаулықтың бұзылуның ауыр салдары мен шектен тыыс температуралардың, электр тогының және найзагайдың салдарынан ауыр зақымдалулар болатын сыртқы факторлардың әсерінен болған өлім жағдайы кезінде медициналық қорытынды беруге мәжбүрлі. Оларды кезекпен қарастырайық.

1. Жоғарғы температураның әсері

Адам өзін тұрақты, 37°C шамасындағы дене қызуында жақсы сезінетіні дәлелденген. Температураның $3-4^{\circ}\text{C}$ жоғары немесе төмен ауыткуы денсаулыққа айтарлықтай бұзылыстар әкеледі. Дене температурасының $+45^{\circ}\text{C}$ жоғарылауы және оның $+25^{\circ}\text{C}$ төмендеуі өмірге сәйкес емес және осындай жағдайларда өлім

туады. Температураның жергілікті және жалпы әсерін (жоғарғы және төменгі) ажырата білу қажет.

Жоғарғы температураның әсері. Ол дененің қызығымен байланысты. Мұнда денедегі жылылық жеткілікті түрде белсенді пайдаланылмайды (әсіресе, ауаның жоғарғы ылғалдылығы кезінде, бұл тер бөлінуді шектейді). Осының бәрі жылу өту түріне әкелуі мүмкін. Оның типті симптомдары келесідей: бас айналу, жүректің қағуы, әлсіздік, бетінің қызаруы, дел-салдылық пен тыныс алудың қындауы, тырысу және өлім. Жылу өту құбылысына көбінесе жаз айларында ауыр дene енбегімен айналысадындар (өте қатты ысыған бөлмелерде, қазаншы, от жағушы, құюшы), спортшылар (жоғарғы сыртқы температурада шынығуды жүргізуі) және әскери қызметкерлер (күн ыстықта нашар желденетін жолдарда тығыз сап түзеп жылжығанда) жиі ұшырайды.

Жылу өтудің дамуына жылы және құргақ немесе синтетикалық материалдан жасалған киімдер (ауаны және ылғалдылықты нашар өткізетін), белсенді жұмыс, аурулардың (жүрек және өкпенің жедел және созылмалы аурулары) болуы, жасы (балалар мен қарттар бейім) әсер етеді.

Жылу өтуден болған өлген адамдардың денесін сот-медициналық саралтама үшін ашып қараган кезінде: ішкі ағзалардың, өкпенің, бас миының және ми қабаттарының қанға толуы; өкпенің, бас миының және жүректің үстінгі жағында жайылмалы қан құйылулар; қан тамырларда сұйық және қара түсті қан; жүректің сол жақ қарыншасының босауы және қатауы көрінеді.

Күн сәулесінің соққысы (жылулық соққының бір түрі), күннің радиациясының әсерінен және бас ми қыртысының ысуынан басқа қанның артық мөлшерде құйылуынан пайда болады. Клиникалық түрде ол: бас ауыру, жүрек айну, құсу, ауыр жағдайларда есін жогалту, тырысу және өлім туындауынан көрінеді. Күн сәулесінің соққысы күн астында бас киімсіз жүрген кезде жиі байқалады (көбінесе 3-5 жастағы балалар).

Сот-медицина тәжірибесінде кенеттөн өлім болуы моншада және бу бөлмесінде кездескен жағдайлар болған. Бұл жағдайлардың көшпілігінің себебі дененің ысып кетуінен емес, жүрек, бүйрек, және басқа да ағзалардың ауруларының салдары

болып табылады. Бұл жағдайлардың асқынуын жоғарғы температура мен ылғалдылық шакырады.

Жоғарғы температураның теріге және жақын орналасқан ішкі мүшеге жергілікті әсерін термиялық күйік ретінде диагностикалайды. Олар от жалынымен, еритін заттармен, ыстық сұйықтықтармен, газдармен, бумен келтірілуі мүмкін. Патологиялық үрдістің көрініс табуына қарай күйіктің төрт дәрежесін бөледі.

I-ші дәрежелі күйік — жоғарғы температураның қысқа уақыт әсерінен пайда болады. Клиникалық түрде ол: күйдіру сезімімен көрінеді, қарағанда — терінің қызаруы мен ісінуі арқылы байқалады. Жазылу 3-5 күннен кейін терінің жоғарғы қабатының қабыршақтанып түсуімен көрінеді.

II-ші дәрежелі күйік — жоғарғы температураның ұзак әсер етуінен болады. Терінің зақымдалған аймағында тығыз көпіршіктер түзіледі, көпіршіктің ішінде мөлдір сұйықтығы бар, айналасындағы терінің түсі ашық қызыл және ісіңкі болып келеді. Жазылу 7 күннен кейін байқалады.

III-ші дәрежелі күйік — терінің өлі еттенуі болғанда басталады. Ылғалды өлі еттену кезінде тері ісініп, сары түстеніп, көпіршіктер болады. Құрғақ некрозда тері құрғақ, тығыз, түсі қара немесе сұрғылт болады. Бұндай күйіктің жазылуы тыртықтанумен аяқталады.

IV-ші дәрежелі күйік — теріге өрт жалынының және ыстық заттардың әсерінен пайда болады. Ол жоғарғы температура көзіне жақын жұмсақ ұлпалар мен сүйектердің өртеннуімен сипатталады.

Күйік кезінде бөледі:

— ыстық сұйықтықтарға пісуі (сорпаға, сүтке, қайнаган суға) немесе буга ысуы, бұл кезде теріде шаштың шарпуы болмайды, ал бұлшық еттер піскен ет тәрізді болады, киімнің астына құйылып, ағынды құрайтын, киімде ыстық сұйықтықтың қалдықтары көрінеді;

— қышқылдар мен сілтілеудің әсерінен пайда болатын химиялық күйік. Күйіктің орнында күйік келтірген заттың химиялық табигатына байланысты боялған қабыршақ түзіледі.

Күйіктің ошактануы мен бейнесіне қарай, олардың шығу табигатын анықтауға болады. Ыстық заттарды қолмен ұстаған кезде күйік саусақтар айналасында болады.

Күйіктің себебі ғана емес, ең бастысы зақымдалған беткейдің аумағы мен күйік дәрежесі де үлкен мәнге ие. Мысалы, ересектерде өлімге әкелуі мүмкін:

— дene беткейінің $\frac{1}{2}$ зақымдалуымен жүретін II-ші дәрежелі күйік;

— дene беткейінің $\frac{1}{3}$ зақымдалуымен жүретін III-ші дәрежелі күйік. Балалар ересектерге қарағанда жоғары температурага сезімтал болып келеді, себебі — ересектерге қарағанда балалардың дene беткейі салмағымен салыстырғанда айтарлықтай аз.

Күйік кезінде өлімнің туындауы мүмкін:

— бірден қозу нәтижесінен, содан кейін орталық жүйке жүйесінің қызметінің тез арада тежелуінен пайда болатын күйіктік естен танудан, оған қан айналым және тыныс алу мүшелерінің қызметінің бұзылуы қосылады.

— қантамыр қабырғаларының өткізгіштігінің жоғарылауынан көп көлемде сұйықтықты жоғалтуы және қанның қюолануынан;

— жоғарғы температуралың әсерінен зақымданған ұлпалардың қалдық заттарымен ағзаның улануы;

— жүқпалы аурулардың қосылуы (өкпе қабынуы, сепсис және т.б.);

— бүйректегі және бүйрек үсті безіндегі қайтымсыз өзгерістер.

Күйіктен өлген адамды сот-медицинады зерттеу кезінде анықтауға болады:

— егер де өлім тез туса — ішкі мүшелердің жедел қаназдығы;

— бірнеше күннен кейін өлгендерде — мидың ісінуі және мига ашиқ-қызыл көптеген нүктелі қан құйылуар; жүрек бұлышқ етінде қайта — өзгерілу белгілері; тыныс алу мүшелерінің қабыну белгілері; бауыр мен бүйректе майлы өзгерілу белгілері;

— өртенген жерден табылған өлікте — сүйектердің көмірленуі, тері мен ішкі мүшелердің көлемді күйіктері, тыныс алу жолдағында — ыстану іздері және т.б.

Сот-медицинада сараптама күйікті тірі кезінде алғаны тура-лы көрсете алады:

- көздерін жұмған кезде бет қыртыстарының терілері зақымдалмаған;
- түтінмен тыныс алғанда тыныс жолдарының шырышты қабатына ыстың жиналуы;
- ауыздың, жұтқыншақтың, кенірдектің, көмейдің шырышты қабатының күйігі;
- зақымдалған аймақта артериалды тромбтың түзілуі;
- қан тамырлардың майлы эмболиясы;
- ішкі мүшелердің қан тамырларында көмірдің аз көлемде болуы;
- қанда, жүрек қуысында, бауырда, яғни терең жатқан мүшелерде карбоксигемоглобиннің болуы;
- көпіршіктің сұйықтығында көп көлемде акуыз (фибрин, лейкоциттер) табылады.

Орт кезінде қаза болған адамдардың және өртенген өліктердің сот-медицинада сараптамасы кезінде кокарбоксиглобин жоғарғы қан тамырлардың қанындаған табылады; көпіршіктердің сұйықтығында акуыз болмайды, ұлпадағы акуыздар үйіп, қайтыссыз өзгерістерге ұшырайды; ұлпалар қатайып, оларда жарықшақтар пайда болады; бұлшық еттер жиырылып, қысқарады, сондықтан, өлікке «боксердің позасы» тән (осы кезде қолдары шынтақ буынында, аяктары тізе буынында бүгіледі, омыртқа жотасы алдыға қарай иіледі, басы мен иығы артқа қарай иіледі — бұгу жазудан күштірек болатыны байқалады); мүшелер мен ұлпалар қатайып, қыын кесіледі; айқын көмірленуден кеуде мен іш қабыргалары және басқа да ішкі мүшелер бұзылады; от жалынының әсерінен ішкі мүшелер нәзік болып қалады.

Сот-медицинада зерттеу күйікке жиі алып келетін себептерді көрсетеді. Оларға:

- тұрмыстағы және өндірістегі, авто көлік, авияциялық және де басқа апарттар кезіндегі бақытсыз жағдай;
- кісі өлтіру;
- қылмыстың ізін жасыру үшін мәйітті өртеу;
- өзін-өзі өртеу.

Мұнда өлікті алдын ала бөліктерге бөлшектеп, қылмыс құрбаны тұрған жерді немесе ғимаратты өртеу сыйны нұсқалар да болуы мүмкін.

Сонымен қатар, тұрмыстық жағдайларында өлікті толық өртеп жіберу мүмкін емес, себебі — ересек адамды өртеу үшін 60 сағаттай уақыт қажет. Тек керосинниң көмегімен ересек адамның өлігін 10-12 сағатта, ал нәрестенің өлігін 2-3 сағатта толық өртеу мүмкін болады.

Өлікті өртеген жерді қарағанда оқиға болған жерден жаңын біткен сүйектерді табуға болады (олар жынысын, жасын, қылмыстың түрін анықтауга мүмкіндік береді), ал, **құлді зерттегендеге** — қымбат металдарды, тіс протездерін, киім қалдықтарын табуға болады.

Сот-медицинадылық сараптамасымен шешілетін негізгі сұралтар

Ағзаның жалпы қызуы:

1. Қоршаган орта жағдайының сипаттамасы:

1.1. температура;

1.2. ылғалдылығы;

1.3. желдің болуы, болмауы;

1.4. әсер ету ұзақтығы.

2. Зардап шегушінің жеке сипаттамасы:

2.1. жабдығы;

2.2. дене еңбегінің сипаты мен ұзақтығы;

2.3. денсаулығының жағдайы;

2.4. қоршаған органдың қолайсыз әсеріне бейімделуінің жағдайы;

2.5. қоршаған органдың қолайсыз әсеріне қарсы реакциясының сипаты;

3. Бұл жағдайларда қызу мүмкіншіліктері бар.

Жоғарғы температуралық жергілікті зақымдалу

1. жарақаттың тірі кезде алынғаны және уақыты

2. зақымдайтын факторлардың сипаты:

2.1. зақымдаған термиялық әсердің түрі (от жалыны, жанған шайыр, қайнанаған су т.б.);

2.2. жанасқан жағдайда — байланысқа ұшыраған беткейдің пішіні мен көлемі.

3. Күйік жақақтының пайда болу механизмі:
 - 3.1. әсер етуінің дәрежесі;
 - 3.2. әсер ету ұзақтығы;
 - 3.3. жеке жағдайлар (киімнің болуы немесе болмауы);
 - 3.4. нақты жағдайдағы жақақат алу мүмкіндігі.

2. Төмен температураның әсери

Қалыпты тамақтанған және сәйкес киінген дені сау адам төменгі температураны ұзак уақыт $-50\dots -60^{\circ}\text{C}$ температураны да көтере алатыны белгілі.

Сонымен қатар, қоршаған ортаның температурасы $+5\dots +7^{\circ}\text{C}$ -ге тең болса да сұықтауға, патологиялық өзгерістерге, өлімге де әкелуі мүмкін. Төмен температураға, жалпы сұыққа ағзаның сезімталдылығын жоғарылататын факторларға: жасы (балалар мен қарттар сұыққа төзімсіз), психикалық және физикалық қажу, арықтау, ашығу, жарақаттану, қан жоғалту, алкогольді масаю, метереологиялық жағдайлар (жел, жоғарғы ылғалдылық, сыртқы орта температурасының күрт өзгеруі - аяз) жатады.

Сот-медицина тәжірибесінде төменгі температураның жалпы және жергілікті әсерін бөліп қарайды. Төменгі температураның жалпы әсерінде қайта толмайтын жылу шығару күшейеді. Дене температурасының $+35^{\circ}\text{C}$, $+34^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеген кезде адамда: қалтырау, әлсіздік, шаршағыштық, «құс еттілік» (бұлшық еттердің майда жыбыры), шеткі қантамырлардың тарылуы, біртінде ессіз жағдайға ауысатын үйқышылдық пайда болады. Ағзаның барлық қызметі қынданай түседі, ал, $+24^{\circ}\text{C}$ температура өлімге әкеледі. Дене сұып және теріс температурада қатады.

Бұл жағдайларда оқиға болған жерде өлікті қарau кезінде әдетте бұл кезде өліктің тізелері, саусақтары иегіне тартынқы болатын тән белгі, тоңған адамның «тоқаш қалыпты» күйі анықталады. Дене бөліктерінен (киіммен жабылмаған жерлерінде) үсу белгілері анықталады. Мұрын (ауыз) тесігі аймағына мұз сұңғілері қатады, ал, кірпіктерінде қырау болады. Денениң үсіген бөліктері көкшіл-күлгін түсті, ісінген болады. Қесскен кезде — үлпалар ылғалды және қанға толы болады. Үсу белгілерінің болуы, сұықтан өлімнің біртінде туғанын көрсетеді. Ер адамдарда сұықтан пайда болған

өлімнің негізгі белгісі аталық бездерінің шап өзегіне көтерілуі болып табылады.

Қатты алкогольді масаю жағдайында сұықтан туған өлімнің ерекшелігі, мас адам «бүрісу» кейіпінде болмауы, онда сұықтану белгісі байқалмауы да мүмкін, әдетте, ол сол тұрған жеріндегі қалпында тез өліп кетеді (мысалы, қалың қарға құлағаннан кейін).

Үсіп өлген адамның өлігін сот-медицинады жолмен ашып-карау, оны салқын бөлмеде еріп болғаннан кейін ғана жүргізілу керек екендігін зангер білуі тиіс. Ал басқа жағдайлар өлгеннен кейінгі өзгерістердің жылдам дамуына әкеліп, тірі кезіндегі үрдістер ағымын шатастырады.

Үсіп өлген өліктерде сот-медицина сарапшылары: өлік дақтарының пайда болу процесінің кешеуілдеуі (қалыпты кездегімен салыстырғанда), бұлшық еттердің кешеуілдеп сіресуі және сіресудің ұзақ сақталуы, жүректің сол жақ бөлігінің, ірі артериялардың қанға (фибрин үйіндыларымен) толуы, бауыр мен бұлшық еттердегі гликогениң жогалуы, асқазанның шырышты қабатына беткі майда қан құйылудың болуын анықтайды.

Сондай-ақ, үсіп өлген өліктің бүйрек өзекшелеріне қан құйылуды, қуықтың толуын, бас ми көлемінің ұлғаюынан бас сүйегінің тігістерінің ажырауы байқалады.

Нәрестелер мен балалар қоршаған ортандың температурасы на өте сезімтал келеді, оларда қоршаған ортандың температурасы +7°C сұықтаудан өлім тууы мүмкін.

Тәмен температурандың әсерінен туған кісі өліміне сот-медицинады сараптама баға бере отырып, оны әдетте бақытсыз жағдай деп тануға болады. Жиі алкогольді мас болу жағдайында немесе адасып жол таба алмағандар ұшырайды. Өз-өзіне қол жұмсап үсіп өлу әдетте психикалық ауруларда кездеседі. Үсіден туған өлім ерте жастагы балаларда да немесе көмексіз жағдайдағы тұлғаларда да кездеседі.

Тәменгі температурандың айқындылығына қарай IY дәрежеге бөлінетін жергілікті әсері үсіді шакырады. Оларға:

I-ші дәрежелі үсік — терідегі қызарумен, оның ісінуімен, ауру сезім түрінде көрінеді. Олар біртіндеп азайып, жазылуы 3-7 күнде тері үстілік қабыршақтануымен аяқталады.

II-ші дәрежелі үсік — іші қанға толы көпіршіктердің пайда болуымен сипатталады, олар нәзік, әрі онай жарылады, айналасындағы тері көкшіл түсті; көпіршіктер 10-20 күннен кейін тыртықсыз жазылады, бірақ, зақымдалған аймақтың сүйекка сезімталдылығы ұзақ уақыт сақталады.

III-ші дәрежелі үсік — бұл кезде ұлпалардың беткейінің өлі еттенуі байқалады, әсіресе, көпіршіктер ошақтанған аймақта көрінеді.

IV-ші дәрежелі үсік — ұлпалардың терен үсуі, сүйектердің үсуі де байқалады. Некрозға ұшыраған ұлпалар біргіндеп ажырап, зақымдалған аймақтар терен тыртық қалдырып, біргіндеп жазылады.

Тірі адамды сот-медициналық зерттеу кезінде, үсу дене жарақаты ретінде дәрежеленеді.

Олікті сот-медициналық зерттегендеге I-ші дәрежелі үсік әдетте сақталмайды, ал, көпіршіктер және некроздар түріндегі үсік толығымен зерттеледі.

Сот-медициналық сараптаманда үсік ұқыпсыздықтың, өзін-өзі зақымдаудың, сәйкес алдын алу шараларын сақтамаудың, дененің жекелеген бөліктерін қасақана үсігү салдары ретінде кездеседі.

Сот-медициналық сараптамасымен шешілетін негізгі сұралктар

1. Суықтату факторының құрамы:

1.1. суықтату факторының жалпы әсері

1.1.1. ауада суықтау (он және теріс температура кезінде),

1.1.2. суда суықтау,

1.1.3. сүйылтылған газда суықтау;

1.2. суықтату факторының жергілікті әсері (тірі кезінде, уақыты, пайда болу негізі).

2. Суықтататын зақымдаудың түзілу механизмі:

2.1. суықтау жарақаты пайда болған кездегі зардал шегушінің жағдайы;

2.2. суықтату факторы әсерінің бір уақыттылығы немесе әр уақыттылығы;

2.3. суықтату факторы әсерінің ұзақтығы;

2.4. суықтату факторының әсеріне ұшыраған адам ағзасының ерекшеліктері;

- 2.5. сүйкітату факторының әсеріне ұшыраған зардалап шегушінің киімінің болу-болмауы және оның ерекшелігі;
- 2.6. сүйкітату факторының жалпы және жергілікті әсерлерінің қосарлануы;
- 2.7. сыртқы зақымдаушы факторлардың біртұтас әсери;
- 2.8. белгілі жағдайларға байланысты сүйкітан жарақат алу мүмкіндігі.

3. Электр тогымен зақымдалу (электр жарақаты)

Сот-медицина тәжірибесінде адамның электр тогымен зақымдалуына байланысты сарптамалар жиі кездеседі. Негізінде олар:

- бақытсыз жағдайлар — қауіпсіздік шаралар ережесін сақтамағанда, өндірістегі апатты жағдайлар, көлік апаты, жарықтау жүйесінің және үй жағдайындағы электр-техникалық бұзылыстар;
- кісі өлтіру — электр энергиясы көзіне жалғанған сымдарды адам денесіне әдейі, қасақана тигізу;
- өз-өзіне қол жұмсау — электр сымдарын өз денесіне әдейілеп тигізуі болуы мүмкін.

Зақымдауши әрекет тіке немесе жанама байланысу әсерінің өзінде және жоғарғы қысымға 1-1,5 м ара қашықтықта жақындағанда болуы мүмкін.

Зақымдану жағдайы және апат болған оқиға орнын қарау туралы сұрақтарды шешу үшін сот-медицинада сарптама техникалық сарапшымен (инженер) бірлесе отырып жүргізіледі. Бұл сот-медицина мамандарын электр тогының патологиялық әсеріне және электр жарақатын алуга әкелетін физико-техникалық, биологиялық, метеорологиялық және жеке тұлғалық факторлар әрдайым қызықтыратындығымен байланысты. Оларды толығымен қарастырайық.

Физико-техникалық факторлар — бұларға тоқтың қуаты, электр тогының әсер ету уақыты, ағза арқылы өту жолдары, тогы бар сымдармен жанасудың көлемі, электр энергиясы көзінің техникалық принциптері жатады.

Биологиялық факторлар — бұларға зардалап шегушінің денсаулық жағдайы, жасы (балалар мен қарттар бейім болады),

терінің, ұлпалардың, ішкі мүшелердің өзіндік қарсыласуы (кіру аймағындағы) жатады.

Метеорологиялық факторлар — бұларға жоғарғы ылғалдылық (жанбырлы ауа райы) және сыртқы ортаның жоғарғы температурасы (тер бөлуге әсер ететін) жатады.

Жеке тұлғалық факторлар — жоғары қозғыштығы бар тұлғалар және де ұзақ уақыт бойы психикалық бұзылыстармен ауыратын барлық адамдар электр жарақатына бейім болып келеді.

Адам электр жарақатына ұшыраумен қатар бір уақытта келесідей зақымдар алады:

күйік — олар жоғарғы қуатты тоқ өткізгіштері арқылы аз уақыт ішінде жанаңқан кездің өзінде-ақ терінің, ұлпалардың, сүйектердің көмірленуіне дейінгі әр түрлі терең зақымданулар түрінде пайда болады;

механикалық жарақаттар — электр тогының өткізгіштігінен адамды оны қоршаған заттарға лақтырганда жиі кездеседі, бұл кезде киімдерінің және аяқ киімдерінің жыртылуы, аяқ-қолдарының шығуы, сынуы, ішкі мүшелердің ауыр зақымдануы өлімге әкелуі де мүмкін;

ағза сүйкітығының электролизі — электр тогының әсерінен пайда болып, ұлпалардың физикалық қасиеттері мен химиялық құрамының күрт бұзылуына әкеледі;

Сот-медицина сарапшылары электр тогының әсерінен туған өлімнің нұсқаларын келесі түрде жіктейді:

— өлімнің бірден тууы — тыныс алу орталығына ауа жетпеуден және екіншілік асфиксиядан;

— тез туған өлім — есінің жоғалуынан, тыныс алудың жедел бұзылуынан және қан айналым мүшелерінің бұзылыстарынан;

— баулаған өлім — есі сақталған кезде қатты қоркумен (бұл кезде зардап шегушінің айқайы естілуі және электр тогының өткізгішінен босануы үшін талпыныстар жасауы мүмкін), содан кейін есін жоғалтып талып қалады, шаршағандық, тыныс алу орталығына ауа жетпеуі және жүрек токтауы мүмкін.

— кідіртілген өлім — есін жоғалту, жағдайының жақсаруы, оның кенеттен қайта есін жоғалтумен алмасып, өлімге әкеледі;

— кейіннен болатын өлім — электр тогынан туындаған өзгерістер және асқынудан немесе электр жарақатынан алған аурулардың өршуі салдарынан болады.

Егер де жедел және дұрыс медициналық көмек көрсетілген болса, (өкпені жасанды желдету, жүрек массажы) онда зардал шегушіні ауыр жағдайдан шығаруға болады. Медицинада электр тогымен зақымданғанда қолданылар тірілту шараларын мәйіт дақтары пайда болғанша жалғастыру керек екендігі жөнінде ереже бар.

Зардал шегушілерді медициналық бақылау адамға электр тогының аздаған көлемінің әсерінің өзі есін жоғалту, тырысу, қатты шошыну, жүйке жүйесінің, есту және көру мүшелерінің бұзылыстары сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін екендігін көрсетеді

Электр тогының әсерінен зардал шеккен өлікті немесе тірі адамды сот-медициналық тұрғыдан зерттегендеге, бірқатар электр жарақаттарының белгілерін табуға болады. Олар:

— анизокория;

— кіру және шығу аймағындағы электр белгілері аз уақыт жогарғы температураның әсері салдарынан және де көмірлену немесе бастағы шаштың және шашты аймақтағы түктін түсіүмен көрінетін терінің 3-ші дәрежелі күйігі байқалады және бұл белгілер электр тогының шығу аумағында аздап көрінеді;

— құлаудан және соққыдан (электр жарақатына тікелей қатысы жоқ, қосымша жарақат келтіруші факторлар) алынған зақымдалулар.

Электр жарақатынан қайтыс болған өліктердің сот-медициналық сараптамасы кезінде әр түрлі сүйектердің шығуы мен сынулары, ішкі мүшелердің жарылуы және олардың қанға толуы, бас миының ісігі мен оның қабаттарына нүктелік қан күйилулар, бұлшық ет «піскен ет» түрінде байқалады.

Сот-медицина тәжірибесі электр жарақаты кезінде киімдерді және аяқ киімдерді қарауға көп мән беру керек екенін айтады. Тексергенде көбінесе киімдердің күйген және көмірленген аймақтарын, ал, аяқ киімдерді қарағанда шегелердің балқуы, табанының көмірленуі және де басқа белгілер арқылы электр тогының шығу ізін анықтауга мүмкіндік береді.

Сот-медицина сарапшылары микроскопиялық зерттеу кезінде көптеген некроз ошақтарын, бұлшық ет талшықтары мен бас ми жасушаларының бұзылыстарын табады.

Найзагаймен зақымдану (атмосфералық электр тогымен)

Сот-тергеу қызметінде найзагаймен зақымдалу күтпеген жағдай ретінде қарастырылады. Әдетте, бұл жағдай ашық аймақта, жаңбырдан ағаштың астында жасырынғанда, мекеменің ішінде, көлікте адамның теле және радио жүйесімен байланысқан кезінде болады.

Атмосфералық электр тогының әсер ету механизмі — электр жарақаты тәрізді, бірақ зақымдау әсері адамға жоғарғы температуралық және механикалық энергияның әсерлері тәрізді болады.

Найзагайдың әсерінен болған апат аймагын сот-медициналық зерттеу қынға соктырмайды. Қарau кезінде көп көніл бөлдіреді:

- өртеген және жыртылған киімдер;
- киімдегі және аяқ киімдегі балқыған металлды заттар;
- бұтақтанған бейне тәрізді тарамдар терінің 1-2-ші дәрежелі күйігі — «найзагай бейнесі» қою-қызыл немесе ал-қызыл түсті, 12-16 сағаттан кейін жоғалады;
- жұмсақ үлпалар мен сүйектердің көмірленуі;
- ішкі мүшелердің жарылуы мен қан құйылулар;
- өліктің сіресуі және шіруі;
- көптеген қосымша механикалық жарақаттар (дene бірнеше метр қашықтыққа лақтырылған болса);
- айналасындағы қирау іздері (сынған немесе көмірленген заттар) найзагайдан кейінгі іздер тәрізді;
- найзагайдың ауда өткен кездегі түзілетін озон мен күкіртке тән істер.

Сонымен, біз температуралық, электр тогының және найзагайдың әсерінің адам денсаулығына тигізетін зардаптарын қарастырыдық.

Сот-медициналық саралтамасымен шешілетін негізгі сұрапттар

1. Электр энергиясының жалпы құрамы:
 - 1.1. атмосфералық электр қуаты;
 - 1.2. жүйелік электр қуаты;
 - 1.3. электр тогының айрылуы;
 - 1.4. электрлік доға ;
 - 1.5. электр қуатының әсерінің жекелеген түрлерінің қосарлануы.

1. Электр тогының жеке құрамы:
 - 1.1. жоғарғы энергетикалық ток;
 - 1.2. төмен энергетикалық ток.
2. Ток тасымалдаушы жанасатын бөліктердің ерекшеліктері:
 - 2.1. материал;
 - 2.2. пішіні;
 - 2.3. өлшемі;
 - 2.4. бедері.
3. Зақымдалудың пайда болу механизмі:
 - 3.1. электр энергиясының бекітілу аймағы;
 - 3.2. ағзадағы ток жолдары;
 - 3.3. электр энергиясының ағзага биологиялық әсерінің ерекшеліктері;
 - 3.4. әсерінің ұзақтығы;
 - 3.5. белгіленген жағдайларда электр жарақатын алу мүмкіндігі.

4. Радиациялық жарақат

Зақымдаушы фактор. Сот-медицина тәжірибесінде радиациялық зақымдану, әдетте, ғылыми-зерттеу тәжірибесін жүргізуде және де сәулемен емдеу кезінде кездеседі. Иондаушы сәулелер ағзаның тірі жасушаларына сәйкес зақымдаушы әсер көрсетеді. Радиацияның алғашқы әсері молекулалардың ионизациясын шақырады, нәтижесінде бос радикалдар түзіледі және судың радиолизі басталады, пайда болған заттар биологиялық жүйелермен химиялық реакцияға түседі. Сәулеленудің келесі зақымдау әсері жасушаның құрылышына тиғізеді радиацияның әсерімен байланысты. Ол жасушаның зақымдануына алып келеді, зат алмасуды өзгертеді, радиотоксиндер кешені түзіледі, бұл кешендер митотикалық белсенділікті басады және хромосомалық аппараттың қайтымсыз өзгерістеріне әкеліп, жасушаның өлімін тудырады.

Радиациялық зақымдалудың ауырлығын анықтаудың негізгі факторы сәуле алушының жұтылған дозасының мөлшері болып табылады. 10 Гр дейінгі (1грей = 100рад.) дозада кемік түрі дамиды, 10-дан 20 Гр дейін — ішектік, 20-дан 80 Гр дейін токсемиялық не-

месе қантамырлық, 80 Гр жоғары — церебралдық. Радиациялық зақымдалудың ішектік, токсемиялық және мильтүрлері көбінесе өліммен аяқталады. Кемік түрінде өлім 6 Гр-ден жоғары радиация жұтылуғанда туады. Жұтылу дозасынан басқа да радиациялық зақымдалудың клиникалық ағымының ерекшеліктері:

- сәуле алудың түріне;
- сыртқы және ішкі сәулеленуге (радиоактивті заттардың инкорпорациясы кезінде);
- адамнан сыртқы сәуле алу көзін алып тастау;
- сәулелену дозаларының ошагы немесе жалпы таралуы;
- сәулеленген дене бөліктегі ошақтануы;
- бір реттік сәуле алу;
- емдеу шараларының уақыттылығы мен сипаттына байланысты.

ЗАҚЫМДАЛУ. Жедел радиациялық зақымдалулардың клиникалық ағымын жалпы алғашқы радиация, клиникалық симптомдардың айқындалу кезеңі көрінетін латентті фаза деп бөледі. Алғашқы радиация, әдетте, алғашқы минуттарда, кейде сағаттарда, сәуле алғаннан кейін 3-4 тәулікке созылып, жүрек айнумен, құсумен, басындағы ауырлық сезіммен, бұлшық еттердегі әлсіздікпен, үйқышылдықпен, сонымен қатар, жасушалық құрылыштың және қанның биохимиялық құрамының елеулі өзгеруімен көрінеді. Латенттік фазасында субъективтік жақсарумен сипатталады және ол 2-4 аптаға созылады. Бірақ, осы фазада шаш түсे бастайды, жалпы неврологиялық белгілер күшейіп, біртіндеп қанның жасушалық элементтердің саны азайып, қан түзілуінің қурделіленуі байқалады. Клиникалық белгілерінің айқындалу кезеңі денсаулық жағдайының күрт нашарлауымен, терішілік және шырыш астылық көптеген қан құйылуармен көрінеді. Қан аздығы дамиды, ағзаның қарсыласуы күрт тәмендеп, ішкі ағзаларға көлемді қан құйылуар пайда болып, жүқпалы асқынулар қосылады, бұл асқыну өлімнің жиі себебі болып табылады, әдетте, ол сәуле алу уақытынан кейінгі 4-аптандың соңында туындейдьы. Бір реттік 50 Гр мөлшерді қабылдағанда, өлім 2 тәуліктен кейін пайда болады. 150 Гр жоғары мөлшерде өлім бас миындағы өмірлік маңызды орталықтардың жансыздандуынан туады.

Сәуле алғаннан кейінгі алғашқы сағаттардағы морфологиялық өзгерістер кенеттен туған өлімдегі көрініс сынды болады. Арнайы морфологиялық өзгерістер айқын клиникалық белгілері кезеңінде туған өлімге тән. Олар терінің, жұмсақ ұлпалардың және ішкі мүшелердің көптеген геморрагиялары түрінде, сондай-ақ, сүйек майының, көкбауырдың деструктивті және басқа мүшелер мен ұлпалардың некротикалық және дистрофиялық өзгерістерімен көрінеді. Көбінесе жұқпалы асқынулар: сепсис, өкпе қабынуы, перитонит.

Созылмалы сәуле ауруы ұзак уақыт радиацияның аздаған мөлшерімен сәулелену кезінде дамып, бұл сыртқы сәуле алуда және де радиоактивті заттардың инкорпорациясы кезінде болады. Созылмалы сәуле ауруында өлім, әдетте, жұқпалы асқынулардың, гемопоэздің күрт тежелуінен, айқын геморрагиялық белгілерден, ағзаның жалпы қарсыласу және иммунологиялық қорғанысының төмендеуінен туады. *Иондауышы сәулениң жергілікті әсері олардың клиникалық дамуы айқын бір кезеңділікпен сипатталатын, жасырын фаза, гиперемия, ісіну, көпіршіктердің түзілуі, некроз, ұзак уақыт жазылмайтын жара сынды радиациялық күйік түрінде көрінеді.* Сәуле алудың жергілікті зақымдалулары іріндік процесстер мен кейде олардың қатерлі түріне ауысумен аяқталуы мүмкін. Сот-медицинада сұраптарды шешу үшін: еңбек жағдайының дозиметриялық бақылауын сипаттайтын құжаттар; зардан шегушінің арнайы және диспансерлік бақылаулары жөніндегі тұрақты медициналық құжаттар; сәулелі зақымдалудың ауру тарихында көрсетілген клиникалық көріністер; қосымша зертханалық зерттеулер мәліметтері; мүшелер мен ұлпаларды зерттеудің радиометриялық мәліметтері қолданылады.

Сот-медицинада сараптамамен шешілетін негізгі сұраптар

1. Зақымдауыш фактордың құрамы:

1.1. иондауышы сәулениң түрі:

1.1.1. рентгендік сәулелену,

1.1.2. альфа-сәулелену,

1.1.3. бета-сәулелену,

1.1.4. гамма-сәулелену,

1.1.5. нейтронды сәулелену,

- 1.1.6. сәулеленудің аралас түрлері;
- 1.2. сәулеленудің құштілігі:
 - 1.2.1. жоғарғы энергетикалық,
 - 1.2.2. төмөнгі энергетикалық.
2. Зақымдалудың пайда болу механизмі:
 - 2.1. әсер ету түрі:
 - 2.1.1. жергілікті,
 - 2.1.2. жалпы;
 - 2.2. әсер ету ұзақтығы:
 - 2.2.1. аз уақыт,
 - 2.2.2. ұзақ уақыт;
 - 2.3. әсер ету ерекшеліктері:
 - 2.3.1. сыртқы сәулелену,
 - 2.3.2. ішкі сәулелену,
 - 2.3.3. аралас сәулелену;
 - 2.4. сіндірілген доза;
 - 2.5. сәулеленудің сипаты:
 - 2.5.1. жедел,
 - 2.5.2. жеделдеу,
 - 2.5.3. созылмалы;
 - 2.6. берілген жағдайдағы сәуле алуудың мүмкіншілігі.

Корытынды

Бұл дәрісте сот-медицина тәжірибесінде жиі кездесетін жоғарғы және төмөнгі температуралар, электр тогы, атмосфералық электр қуатының жарақаты сынды сыртқы орта факторларының адам денсаулығына әкелетін зақымдары туралы айтылған. Осы жерде олардың сот-медицинадағы диагностикасы берілген. Сонымен қатар, өлім себептері мен сараптамалық зерттеу жүргізудің ерекшеліктері қарастырылған. Сыртқы факторлардың әсерлері кезіндегі сот-медицинадағы сараптама жүргізудің корытындылары бойынша зангерлердің іс-әрекетіне назар аударылған. Медициналық зерттеулердің іздестіру және жүзеге асырылуу бойынша тергеу нұсқаларының мүмкіндіктері мен зәни тәжірибелердің басқа да түрлері кезіндегі мамандардың іс-әрекеттерінің алгоритмі корсетілген.

11. ЖАСАНДЫ АУРУЛАРДЫҢ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

Дәріс жоспары

Kіріспе

1. Ауруды сылтаурату көріністерінің жіктелуі

2. Ауруды сылтау ету, аггравация, диссимуляция және аутоагрессияны анықтау әдістері

3. Ауруды сылтаурату көріністерін анықтаудағы дәрігер-сараптының тактикасы

Қорытынды.

Kіріспе

Денсаулық жағдайын анықтауда және тірі адамдарға сараптама жүргізудің басқа түрлерінде науқастардың түрлі өтіріктері мен өзінде жоқ ауруларды бар етіп көрсетуге әрекет жасау сияқты жағдайлармен кездесуге болады. Бұл түрлі нысанда, жекелеп айтқанда, ауруды сылтаурату және аггравация түрінде көрінуі мүмкін.

Кейбір жасанды аурулар арқылы ауруды бар етіп көрсету жағдайлары ҚР ҚҚ баптарында қарастырылған. Мысалы: ҚР ҚҚ-нің 374-бабында дene мүшесіне закым келтіру жолымен немесе өзге де тәсілмен әскери қызметтен жалтару қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы көрсетілген.

Зан бабы:

- әскери қызметшінің ауруды сылтау ету;
- өзіне қандай да бір болсын закым келтіру (дene мүшесін закымдау);
- жалған құжат жасау;
- өзгеше алдау жолы сынды құрамдарды қарастырады.

Алғашқы екі жағдайда ауруды анықтау үшін сот және тергеу қызметін қызықтыратын басқа сұрақтарды шешу мақсатында сот-медициналық сараптама тағайындалады. Сонымен қатар, бұл жағдайда ауру жөніндегі құжатта көрсетілген тексерілүшінің ауруы туралы күмәнді жағдайлар туған кезде, құжатты жалған деп күдіктенгенде де тағайындалады.

Сараптаманың дұрыс жүргізілуі, сарапшыныңғылыми негізделген және нақты қорытындысы өзіне зиян келтіру мен ауруды сылтаурату түрлерін және оларды анықтаудың әдістерін нақты білген жағдайдаға мүмкін болады.

Ауруды сылтаурату көріністері егер олар дер кезінде анықталмаса, қоршаган ортага жағымсыз әсер етеді. Ауруды сылтаурату әдістері жүқпалы ауру сияқты бірден пайда болады да, «сәтті аяқталғаннан» соң қоғамға тез таралып кетеді. Сондықтан, жалған ауруды анықтап білумен қоса, оны тудыратын факторлар мен жағдайларды, себептерді де анықтаудың маңызы зор.

Өзінің деңсаулық жағдайын асқынған етіп көрсетуші немесе жокқа шығаруышы нақты жағдайдың ашылуынан қашып, дәрігерге келуінің нақты себептерін жасыруға тырысады. Ауруды сылтаурату көріністері қандай да бір себептің салдары екендігін анықтап қарауды нақты шаралар қабылдау үшін медицина қызметкерлері естен шығармау керек. Көп жағдайда салдары ауруды сылтауратуға, аггравацияға, диссимуляцияға экелетін, нақты тудыруышы себептері психогенді тұрғында негізделген ұрыс-керіс болып табылады.

Симуляция көріністері көп жағдайда адамның интеллектуалды деңгейіне байланысты болады. Ақыл-есінде ақауы бар адамдар ағымы мен нәтижесін түсінбегендіктен, өздерінде ауру белгілерін тудырады. Жоғарғы интелекті деңгейіндегі адамдар ауруды сылтауратуды қысылтаян жағдайдың өзінде де қолданбайды. Керісінше, жүйке-психикалық бұзылышының әр түрлі түрімен ауыратын адамдар бұл жағдайға жиі барады және олар өздерінің жеке мұдделілігі үшін ағымы қатал түрде көрініс табады. Болашақ зангерлерге, ауруды сылтауратуға алып келетін себептерді анықтау үшін, ауруды сылтаурату көріністерін құрушы факторларды түсіндіру қажет.

Психогения — эмоционалды бұзылыштар, жаңа өмір жағдайына бейімделу, ұжымдағы келеңсіз жағдайлар және басқа да жеке маңызы бар себептер салдарынан адамның психикалық күйінің бұзылышы.

Фрустрация — мақсатқа жету жолындағы объективті кедергілер, өмірлік жоспардың бұзылуы нәтижесінде психикалық жағдайдың дезорганизациясы.

Прессинг — жағымсыз мақсатқа бағытталған топтың ұжымдағы жеке адамға қысым көрсетуі (карта ойынында ұтылған адамның аңдып жүруі, ұрып-согуы, гомосексуалдық қатынасқа мәжбүрлеу және т.б.).

Өзін-өзі таныту — ұжымда беделді орын алу, сонымен қатар көшбасшылық.

Конформизм — келісу, қоғамға үйренісу, жеке тұлғаның жағымсыз мақсаттағы топқа психологиялық және физикалық тәуелді болуы, көшбасшылардың көрі әсері.

Пайдакунемдік — өзінің жеке пайдасына жету (қылмыстық істі жүргізуді тоқтату, ауруханаға жатқызу және т.б.).

Ауруды сылтаурагатудың әр бір жағдайы оның себебін анықтап қана қоймай, есепке алып, қайталану жағдайларының алдын алу шараларын қабылдауды қажет етеді.

Осылайша, ауруды сылтаурагатуға алып келетін көріністер, себептер мен жағдайларды анықтау, осындай әрекетке барада шындықты сөзсіз анықтауға, олардың алдын алуға профилактикалық шаралар жүргізу және денсаулықтың соматикалық, психикалық сакталуына әсерін тигізеді.

1. Ауруды сылтаурагату көріністерінің жіктелуі

Сот-медицинада сараптама жүргізгенде және анамнездік, клиникалық, патологоанатомиялық берілгендерді талдау кезінде, диагноз коюда этиологиялық және патогенетикалық аспектілердің пайда болуы негізінен шығатын ауруды сылтаурагату көріністерінің жіктелуі маңызды орын алады. Бұл жіктелу, сонымен қатар, стандартты есепке алуға септігін тигізеді.

Ауруды сылтаурагату (симуляция) (лат. simulatio - қулану, жалған) – тексерілуші адамның өзінде жоқ аурудың белгілерін бар етіп көрсетуге жалған әрекет жасауы.

Тергеу және сараптамалық тәжірибеде аурудың жалғандығы ғана емес, әр түрлі, мысалы, шабуыл жасау, тонау, зорлау, бақытсыз жағдай және т.б. оқиғалардың да жалғандығы кездеседі. Ауруға қатысы бойынша медицинада ауруды сылтаурагату — адамның өзінде жоқ ауруды сылтаурагату. Ол елеулі дәрежеде тұлғаның жалпы дамуымен, оның белгілі бір ауруға тән белгілерді немесе

синдромдарды өзінде көрсету әрекетіне байланысты. Аурудың толық клиникалық белгілерін көрсету мүмкін емес.

Ауруды сылтауратуды:

— қасақана (дені сау адамның белгілі бір мақсатқа жету үшін істеуі);

— патологиялық (денсаулық жағдайы ауытқыған адамда болады).

Қасақана ауруды сылтаурату — нақты аурудың белгілерін жасанды көрсетуді тек саналы түрде жүзеге асырады. Кейде ауруды сылтауратушы денсаулықтың бұзылуын мақсат ептеі, денсаулыққа зияны жок, бірақ, белгілі бір аурудың белгілерін шақыратын дәрілік заттарды қабылдауы мүмкін.

Патологиялық симуляция — зерттеуші адам өзінде жок, бірақ, басқа аурумен байланысты ауру белгілерін көрсетуге әрекет жасауы. Психикалық белгілермен қатар, жиі шошыну кезінде бірқатар функционалдық және соматикалық сезімталдықтың жойылуы, соқырлық, тұтығу сияқты бұзылыстар қатары байқалады. Ауруды сылтауратудың сот-медициналық диагностикасы үшін, осы жағдаймен бір уақытта, сот-психиатриялық сараптама жүргізу үлкен мәнге ие.

Сот-медицина тәжірибесінде мұны:

— мүшелер мен жүйелер ауруларының симуляциясы;

— психикалық бұзылыстар симуляциясы деп ажыратады.

Өз кезегінде ауруды сылтауратуды:

— шын негіздегі ауруды сылтаурату (дені сау адам өзі білетін аурулардың белгілерін өзінде көрсетуге әрекет жасауы);

— жалған симуляция (дәрігер, арнағы маман болмаса немесе жеткіліксіз дәрежелеу салдарынан науқасты симулянт деп тануы).

Тәжірибеде жасанды қан ағу, құсу, қызба, сарғаю, несеп-жыныс патологиясы, гинекологиялық және неврологиялық аурулар, тыныс алу мүшелерінің, қантамыр-жүрек жүйесінің патологиясы, жүйке-психикалық аурулар, сөйлеу, есту, көру бұзылыстары, құрсақ қуысының кесілген жаракаты кездеседі.

Кең тараған жалған аурулағышың бірі түнде несепті ұстай алмау синдромы. Кейде бұл ауру шынымен де кездесуі мүмкін. Бала кезінде қалыпты жағдайда «шыжың» ауруын отбасыларынан

жасырып жүреді. Кейіннен үлкен ұжымға келгенде (жатақхана) касындағыларға бұл ауру белгілі болады. Кейбір алдамдар мұны жалған ауру деп ойлады. Бір жағынан түнде несепті жіберіп қоюды орындау женіл болған соң, оны анықтаудың объективті әдістері болмағандықтан, ол женіл түрде жалған бола алады. Несепті ұстай алмай қалу ауруының жалған екеніндігіне жасалатын сараптама дәрежеленген мамандардың қатысуымен стационарда жүргізіледі.

Гипертермиялық реакция симуляциясы кезінде механикалық (термометрді қыздыру), физикалық (қолтық асты шұнқырына пияз, бұрыш жағу, қыздыру), патофизиологиялық (қолға бұрау салу, тік ішекке сарымсақ енгізу, денені қарау кезінде көріне бермейтін жерлеріне, теріні зақымдап, жарага лай, нәжіс жағу) әдістер қолданылады.

Өкпе туберкулезі симуляциясы кезінде жасанды салмақ тастау, қақырықты ауыстыру, қызба симуляциясы және рентгенге түсірген кезде «қара» болу үшін сынап жағылмасын жағу, қант ұнтағымен, фольга шаңымен, құрғақ қанмен дем алу арқылы қарайған ошактарды қолдан жасау. Қан түкіру симуляциясын қақырыққа ауыздың шырышты қабатының, мұрын жолдарының зақымданған кездегі қаны және қанды ұйыту, бояғыш заттарды қосу арқылы жасайды.

Тыныс алу жолдары ауруларының жасандылығын кеңсе желімінің, құйдірілген нанның, қант, органикалық заттардың шаңымен демалу арқылы, йод сінірліген темекімен шегу жолымен жасайды.

Жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының симуляциясын шектен көп темекі шегу, алкогольді ішімдік, кофе, қою шәй ішүү арқылы, дәрі-дәрмектерді пайдаланумен немесе тексерілу алдында ауыр физикалық жүк түсіру арқылы жасалады.

Асқазан-ішек жолдарының жасанды бұзылыстары үлкен көлемдегі суға темекінің үлкен шоғырландырылған тұнбасын қосып ішүү немесе іш өткізетін дәрілерді (пурген, изафенин) пайдаланудан туындейді. Асқазаннан қан кету симуляциясы гематоген, қызылша қайнатпасы, қан бояғыш заттарды ішке қабылдау немесе ауыздың шырышты қабатын жарақаттап, аққан қанды жүту арқылы жасайды.

Аггравация (лат. *gravitas*-ауырлату, *aggravare*-ауырлықты күшету) — созылмалы ауруы бар адамның сол аурудың жедел фазасында пайда болатын симптомдарын күшетіп көрсетуі. Олар:

— пайымсыз — жасалу деңгейі науқас адамдарға тән (көбінесе ерлерге);

— қасақана (әдейі) — адам белгілі бір мақсатқа жету мақсатында ауру процесінің жекелеген белгілерін ұзарту немесе күшету үшін жасайды.

Аггравация түрлері:

— мүшелер мен жүйелер ауруы;

— психикалық бұзылыстар.

Пайымсыз жасалған аггравация сот-медициналық сараптама жағдайында көбіне науқас адам айналасындағы адамдардың, дәрігердің назарын өзіне аудару мақсатында өзіндегі ауру белгісін күшетуге әрекеттенуімен түсіндіріледі. Осылай науқас адамдар өзінің ауру сезімі туралы жариялауды, олардың белгісін асыра айтумен шағымданады. Аггравацияның бұл түрі дәрігер-сарапшының абайсызда жасалған ескертпелерінен кейін және тез сенгіш адамдарда пайда болуы мүмкін. Тағы да ауруы туралы анықтамамен танысқаннан кейін немесе арнағы медициналық әдебиеттерге негізделуі мүмкін.

Қасақана жасалған немесе әдейі аггравация кезінде жеке басының пайдасы үшін соматикалық, урологиялық, хирургиялық, гинекологиялық, травмалық, психикалық аурулардың симптомдарын әдейі жасайды.

Ол пассивті және активті болады:

Енжар әдейі жасалған аггравацияда белгілі бір симптомдарды (ақсандау, бас ауру, көру немесе естудің нашарлауы) күшету арқылы жағдайының жақсармағандығына шағымдану және қозғалысының шектелуіне, ауруға тән емес басқа да көріністердің пайда болуына шағымданады.

Белсенді әдейі жасалған аггравация кезінде ауруының созылуы үшін немесе жағдайын нашарлату шараларын жасауы. Мысалы, кол-аяқтың жарақаты кезінде оны қозғалтпау арқылы буын қозғалысының шектелуіне жағдай жасау. Бұл аггравация түрі аутоаггравация түріне айналып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, басқа да түрлеріне тоқталсақ, ол:

— шынайы аггравация — созылмалы ауруы бар наукас декомпенсациялық ауру бұзылысы жоқ кезде, өзінде бар тәжірибе арқылы соматикалық немесе жүйке-психикалық аурудың жедел фазасының клиникалық көріністерін күштейтуге тырысады. Соңғы кезде диагностикалау қындау, стационарлық бақылауды және сараптамаға жоғарғы дәрежелі психиатр маманды қатыстыруды қажет ететін психикалық бұзылыстар аггравациясы кең таралып отыр;

— жалған аггравация — бұл жағдайда, дәрігер сәйкес маман емес немесе дәрежесінің төмендігінен аурудың жедел кезеңінде науқасты аггравант деп анықтау.

Аурудың жедел фазасының аггравациясы кезінде науқастың жағдайын анықтау үшін науқаста бар аурудың ерекшеліктері мен ауру ағымы ескеріледі. Объективті анамнездік анықтамалар аггравация түрінің сипатымен салыстырылады.

Сот-медицинада аггравация көбіне созылмалы ауруы бар немесе түрлі жаракаттық зақымдаулар алған (сынық, жара), тірек-қимыл қозғалысының бұзылысы бар науқастарда, сондай-ақ, орталық және шеткі жүйке жүйесінің аурулары мен бұзылыстарында да жиі кездеседі.

Жиі кездесетін белгілер мен синдромдар:

— көру мүшелері (көрудің төмендеуі, бір немесе екі көзінің де көруінің жоғарылауы);

— құлак-мұрын мүшелері (санырау, афония);

— жүрек-қантамыр жүйесі (ауру сезімі, ентігу, жүрек соғуының нашарлауы);

— тыныс алу жүйесі;

— асқорыту мүшелері (ішауруы, функционалдық-диспепсиялық бұзылыстар, жасанды құсу, локсу, қыжыл, тәбеттің төмендеуі);

— несеп-жыныс жүйесі (бүйрек шаншуы, несеп шығарудың бұзылуы);

— психикалық (жүйке-психикалық бұзылыстың асқынуы, естін, қозудың бұзылуы, мутизм, ступор).

Психикалық бұзылыстың шынайы аггравациясы:

— метааггравация Поро (метасимуляция) немесе персеверация Поро — өзінде болған аурудың жедел фазасының немесе оның белгілерінің күштейтілуі (депрессия, псевдодеменция синдромынан соң жынды болуы);

— әдеттен тыс аггравация (сюрсимуляция) — өзінде бар психикалық ауру қасиетіне тән емес, өзінде болмаған психопатологиялық белгілердің көрініс беруі (ақаулық жағдайда естіңжәне интеллектіңайқын бұзылуы немесе қояншық ауруның басендеу кезі).

Зерттеуші қылмыс жасауға кабілетсіз және қылмыстық жауапкершіліктен жалтару мақсатында, егер сottalған болса, ауру бойынша бас бостандығы айырылған жерден бостандықта шығу, ауруханаға жолдама алу үшін немесе ішкі тәртіпті бұзған болса, жауапкершілікті алмау және ең болмаса сол ауру себебі белгілі жеңілдіктерді пайдалану үшін аггравацияға барады. Жүйке-психикалық бұзылысы аггравациясының нысанын тандау, өзінде бар жүйке-психикалық ақаулар немесе аурулар арқылы анықталады. Сондықтан, аггравацияны анықтау мен оның диагностикалық маңызы шын мәнісінде бар патологияны көрсетеді. Жүйке-психикалық бұзылысы бар адамдар бірнеше рет қолданған аггравация сәтті болса, қайта қолдануға әрекет жасайды. Мысалы, олигофрөндер ой дамуын төмен етіп көрсетуге тырысады. Бас ми жаракаты бар адамдарда естудің нашарлауы, тежелуі, психосенсорлы бұзылыстар, эмоционалдық тұрақсыздықтың бірнеше түрдегі көріністері байқалады. Психопатия мен истерия нысанымен ауыратындарда аггравация бірнеше түрде және айқын эмоционалдық реакциялар мен әр түрлі соматикалық, жүйке аурулары белгілері арқылы көрінеді.

Айта кететін жағдай, аггравация нысанымен ауыратындарда ауру симптомдарын тексергенде, психика бұзылысының терендігі мен сипатын көрсетеді. Бұзылыстар терендеген сайын аггравация шектен тыс күшетулермен көрінеді. Ол адамның кез келген күрделі және қызын жағдайларда жүріс-тұрысының өзгеруінің үйреншікті нысанына айналуы мүмкін.

Жасанды көріністерге жақын, бірақ, өзіндік ерекшеліктері бар аутоаггрессия мен диссимуляцияны айтуға болады. Сондықтан, сарапшы тәжірибесінен алынған бұл сұрақтарды осы дәрісте карастырган жөн.

Диссимуляция (лат. dissimulatio-жасыру) — жедел және созылмалы ауруы бар адамның, сол ауруды жасыруы.

Диссимуляция:

— қасақана — өз пайдасы үшін жасалады;
— патологиялық — ұксас ағымы бар аурулармен ауыратын, мысалы, созылмалы алкоголизм, қояншық және басқа да жүйке-психикалық бұзылыстары бар науқастарда кездеседі.. Диссимуляцияның соңғы түріне ерекше назар аудару керек. Бұл науқастың ауруы асқынған кезде өзіне және қоғамға елеулі қауіп тудыруы мүмкін. Бұл диссимуляцияның ауқымын дұрыс бағалай білу керек.

Диссимуляцияны:

- мушелер мен жүйелер аурулары;
- психикалық бұзылыстар деп ажыратады.

Өз кезегінде:

- шынайы диссимуляция — ауру адам өзінің ауруын жасырады;
- жасырын диссимуляция — түрлі себептерге байланысты дәрігердің аурудың жедел фазасын байқамай кетуі.

Диссимуляция алтруизм көрінісі болуы мүмкін, мысалы, әскери оқу орындарына түсу үшін өзінің ауруларын жасырады. Ұзақ уақыт үшкіш болып істеген адамдар жұмысын болашакта да жалғастыру үшін ауруын жасырады. Кей жағдайда қылмыстық іс қозғалған адамдар диссимуляцияға (мысалы, көлік апаты кезінде жүргізуші өзінің ішіндік ішкенін жасыру үшін, спирттің ісін кетіруге әрекет жасайды) барады. Жүктілік жағдайларын жасыру да (қылмыстық аборт) кездеседі. Сот-медицина тәжірибесінде қылмыс жасаған тұлғаның закымдалуын жасыруын анықтау маңызды орын алады. Қылмыскерлер зорлау, қасақана кісі өлтіру немесе оған қауіп төндіру кезінде закымдалған адамның дене жарақатының бар екендігін жасыруы, не олардың пайда болуы жонінде басқа мерзімді көрсетуі, жарақаттың сыртқы түрін, пішінін, көлемін өзгертуге тырысуы жиі кездеседі.

Тұлға ҚР ҚК-нің 115-бабы бойынша соз ауруын жүқтყыру туралы жауаптылықта тартылған адам өзінің бұрынғы, не қазіргі уақыттағы ауруының бар екендігін және емдеу фактісін жасыру үшін диссимуляцияға барады.

Ауруды жасырудың сот-медициналық сараптамасы тек қылмыстық мақсатпен жасалған кезде және қылмыстық іс қозғалған сезіктіге қатысты жағдайларда жүргізіледі.

Аутоаггрессия — ұлпалар мен мүшелерге зақым келтіру, не жасанды ауру шақырту арқылы өзінің денсаулығын нашарлатып, қасақана зиян келтіру.

Дене мүшесін зақымдау — ҚР ҚК-нің 374-бабында көрсетілген дene мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтөн жалтару мақсатында денсаулығына нұқсан келтіру болып табылады. Егер денсаулығына зиян басқадай мақсатпен келтірілсе (бұзақылық жағдайда жасанды етіп көрсету мақсатында және т.б.), онда ол дene мүшесін зақымдау емес, өзін-өзі зақымдауға жатады. Өзіне зақым келтіруге, өзіндегі жарақаттарды тітіркендіру арқылы жазылу кезеңін ұзарту жатады. Ол әртүрлі мақсатта жасалады: еңбекке жарамсыз қағазын алу үшін және т.б.. Өзіне зақым келтіру көбінесе психикалық ауруларда байқалады және сол аурудың бір белгісі болып табылады.

Әдетте, аутоаггрессияның бір бағыты ғана бар, ол өзіне минимальді зақым келтіріп, оның максималды көріністерін шақыру.

Аутоаггрессия түрлері:

- мүшелерді зақымдау;
- бөгде заттардың имплантациясы (бөгде заттарды ақазанға жұту немесе тік ішекке кіргізу).

Өзіне зақым келтіру негізінен мүшені зақымдау жолымен емес, тері жабындысы мен беткей қан тамырлардың зақымдалуы арқылы сол мүшениң зақымдану көріністерін көрсету. Оның жеңіл, орташа, ауыр түрлерін ажыратады. Ауыр түрі тұрақты немесе уақытша мүгедектікке, ұзақ уақыт жұмысқа жарамсыздыққа, мүше қызметінің бұзылуына апарады. Өзін зақымдау түрлері:

- механикалық жаракат;
- ауруды жасанды шақыру;
- адамда бар ауруларды асқындыру.

Аутоаггрессияның мақсаты зақымдалудың сипаты мен ошағын және сол үшін таңдалған қаруды анықтайды.

Ақазан-ішек жолдарын зақымдау үшін қатты және жұмсақ бөгде заттар қолданылады.

Жұмсақ бөгде заттар — резенжелік заттар, олар ақазан-ішек жолдарымен өте баяу өтеді, хирургиялық жолмен алынады немесе ауыр асқынуларға (мүшениң перфорациясына аппаратын ойылудар) соқтырады.

Шашын аузына салып жүретіндер эйелдерде кейде үлкен көлемге жететін және асқорыту жолдарын бұзатын, асқазанда шашты ісіктер пайда болады. Шашты ісіктер тек хирургиялық жол арқылы ғана алынып тасталынады. Диагнозы анамнез жинау және рентгенге түсіру арқылы қойылады.

Қатты бөгде заттар — металл, ағаш, пластмасса күйс ағзаларда орналасса, хирургиялық жолмен алуды талап етеді. Олар асқазан-ішек жолдарында аса қауіпті өзгерістер тудырмайды және тік ішектен өздігінен шығады. Олар табиғаты жағынан әр түрлі болып келеді (темір қасық, щеге, термометр, шахмат, домино). Көбіне 12 см дейінгі заттар өздігінен шығады. Бірақ, тәжірибеде ұзындығы 30 см дейінгі заттар да (темір шынжыр) кездеседі.

Асқазан-ішек жолдарын бөгде затпен зақымдау механизмі әлі зерттелу үстінде. Бөгде денені жұту келесі әдіспен жүреді:

— жұтқыншақ пен өңеш шекарасына бөгде дене қойып, ол асқазанға түскенше бірнеше рет жұтынады, жұтудың алдында май жағады, әдетте, осындай жолмен ұзын және кең бөгде заттарды жұтады;

— бөгде заттарды қайта шығарып алу үшін ұстағышы бар бөгде заттарды бірте-бірте жұту. Осындай әдіспен сымнан жасалған сақина, үшкірленген ұши бар көлемі кішкене, қисық пішінді жасалған басқа да заттар, түрі сипаттағы бөгде заттарды жұтады;

— жұту көлемін тездету мақсатында, бөгде заттарды сұйыққа қосып қабылдау, әртүрлі көлемдегі заттарды аузына салып (дойбы, шахмат фигуralары, ағаштан жасалған кішкене заттар және т.б.) су арқылы жұту.

Бөгде заттар асқазанда жылжи отырып, тамақ және шырыш қалдықтарына жабысып, додал жағымен төмен айналып, ішек арқылы сыртқа шығады. Асқазан-ішек жолдары арқылы өту көбіне асқазан-ішек қызметінің жағдайына, тонусына, тамаққа толы екендігіне және жылдам жылжуына байланысты, Бөгде заттардың 75%-ы табиғи жолмен 2-3 тәуліктен соң, артқы тесік арқылы шығады. Егер бөгде дене асқорыту жолында 2 аптадан артық қалып қойса, дәрігер науқасты емдеу шараларын жүргізу үшін хирургия бөліміне жіберуге тиіс. Мұндай әрекетті көбіне криминалды өмір сүретін адамдар жиі қолданады. Олармен мойын тұсына, сіріқауыз аралық кеңістікке ауа жіберу әдістері кеңінен қолданылады.

Атыс қаруын қолдана отырып жасалған дene мүшесінің зақымдалуын анықтау үшін, алғашқы қарау кезінде жарақаттың сипатын және жараны тануды зерттеу үлкен мәнгे ие болып отыр. Бұл туралы ауру тарихында толықтай жазылуы тиіс, егер жараны тану жүргізілсе, онда өзіне зақым келтіргендігін анықтау қынға соғады.

Оқ жарақатын қолдан жасау көбіне қол жететін дene аймақтарында болады. Жарақат жақын аймақтан немесе денеге тақап жасалады, яғни ату зақымының қосымша іздері жарада және оның маңында қалады.

Егер қол жетпейтін аймақта оқ жарақаты болса, онда атуды алыс қашықтықтан жүргізуі мүмкін көмектесушімен жасалғандығын көрсетеді.

Дене мүшесін зақымдау туралы, атап айтқанда, атыс қаруын қолдану арқылы жасалған істерді тергегендеге тергеу экспериментін жүргізген тиімді. Бұл процессуалдық тергеу әрекеті қылмыстың жекелеген мән-жайларын қайта қалпына келтірумен ұштасады. Тергеу эксперименті қолда бар дәлелдемелерді тексерумен қатар, жаңа дәлелдемелерге қол жеткізумен, мысалы, атудың нақты сол, не басқа жағдайда жүргізілгендерді туралы ақпаратқа көз жеткізу әдісі болып табылады.

Тергеу эксперименті оқиға болған жерде жасалған қылмысқа барынша ұқсастырылып жүргізіледі. Дене мүшесін зақымдау туралы істерде тергеуші сезіктіге зақым келтірген жағдайдың қалай болғандығын көрсетуді ұсынады. Ол үшін оған ату арқылы жарақат келтірілген қарудың макетін немесе оқу-жаттығу қаруын береді. Міндепті түрде куәгерлердің, сот-медицина сарапшыларының қатысуымен тергеушімен жүзеге асырылған тергеу экспериментінің жүргізілу барысы суретке түсіріліп, хаттама толтыру арқылы құжатталып, бекітіледі. Соңғы жылдары тергеу экспериментін жүргізу барысында суретке түсірумен қатар, бейне таспаға жазу да жетістікпен жүзеге асырылуда.

Атыс қаруына және еткір заттарға қарғанда, додал заттармен озіне зақым келтіру көптеп кездеседі.

Өзіне зақым келтірудің ерек ше тобын көлік құралдары арқылы жүзеге асыру да құрайды. Бұндай жағдайда қасақана түрде көлік дөңгелегінің астына қол саусақтарын салу арқылы жасау

кездеседі. Осындай жағдайда, әдетте, тексерілуші жаракаттың көліктегі бақытсыз жағдай немесе өндірісте келтірілгенде туралы баяндайды.

Осылайша, этиологиялық және патогенетикалық белгілері бойынша жасанды аурулардың көрінісінің жүйеленуі, осы жағдайдың зангер және дәрігер-сарапышылармен біртұтас жіктелуіне әсерін тигізеді. Оларға диагноз қоюда ауруды сылтаурату, агравация, диссимуляция және аутоаггрессия әдістерінің орны ерекше.

2. Ауруды сылтау ету, агравация, диссимуляция және аутоаггрессияны анықтау әдістері

Дәріс аясында ұзақ уақыт бойы дәрігер мамандармен анықталған жасанды аурулардың әдістері мен тәсілдерін не месе оның көптеген жекелеген белгілерін анықтау әдістерін толық түсіндіру мүмкін емес. Бірақ, жасанды аурулардың жалпы қағидаларының диагностикасын қарастыру зангерлер үшін барлық жағдайда қажет болып табылады.

Ауруды сылтауратушыға аурудың кейір түстары гана белгілі болуы мүмкін, сол себепті сараптама кезінде осы жағдайларды есепке алып, анықтауға болады. Ауруды жалған түрде сылтауратушылар өздеріне керек жағдайда жазылып кетуі мүмкін. Бірақ та ауру бұзылыстарына қатысты дәлелдемелер болмаған кезде, аз уақыт аралығында ауруды бақылау сарапшы-дәрігерге оны ауруды сылтауратушы деп тануға құқық бермейді.

Симуляция көріністерін диагностикалау әдістерін қарастырып етейік.

Амнистиялық мәлімет жинау және аурудың пайда болу себептерін (жасанды ауру көріністерін) анықтау.

Мұнда тексерілушіден белшектеп анамnez жинайды және оның откен жылдардағы медициналық құжатын тиянақты оқып шығу керек. Шындықты анықтау мақсатында және ауру тарихындағы нақтыланбаған мазмұн үшін анамnez жинауды бірнеше рет қайталаپ жүргізеді.

Клиникалық тексеру және бақылау. Олар сылтауратудың типтік белгілерін, ауру симптомдарын асыра айтуды анықтауға мүмкіндік береді. Ең алдымен олар:

- продроманың болмауы;
- ауру ағымы, дамуы мен нәтижесінің атиптік қозгалысы;
- кейбір симптомдар мен синдромдар сәйкесіздігі.

Барлық шағымдар ауру өзгерістерін анықтау, не жоққа шығару арқылы анықталуы мүмкін объективті әдістің көмегі арқылы, сарапшымен түгел тексерілу керек. Кейбір жағдайларда өзінде жоқ ауруларға қасақана түрде шағымданатындығын ұмытпау керек. Клиникалық тексеру кезінде бұл шағымдар объективті дәлелге сәйкес келмейді. Бірақ, шағымы болмаған басқа аурулар анықталуы мүмкін. Соңдықтан, саралтамалық зерттеу жұмыстарын жүргізу әр бір нақты жағдайдың қаншалықты айқын болуына қарамастан, толық және нақты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Саралтамалық тексерудің негізі ауруды сұлтауratушыны үнемі бақылауда ұстауды ұйымдастырып, оны ұтымды әшкереleу керек. Ол өзін бақылауы мүмкін деп өзін басқа тұрғыда, ал, медицина қызметкерлерін көргенде өзін басқаша ұтайды. Мысалы, тізе буыны шыққан адам, жалғыз өзі қалғанда тізесін бүгіп, қалыпты жүре береді. Санырау болған адам медицина қызметкерлері жоқ кезде туыстарымен сойлесіп, оларды жақсы тындала отырады.

Зертханалық тексерулер (қан, несеп, нәжіс, қақырық, шәует, қуық асты безі сөлі, басқа да биологиялық белінділер). Зерттеулерді жүргізген кездегі міндетті шарттар — медицина қызметкерлері немесе оның қатысуымен күтпеген жерден барлық биологиялық экскрементке талдаулар алу.

Талдаулар алу кезінде мына әрекеттер жасалуы мүмкін:

- қол саусақтарының төменгі фалангаларын қатты денеге соғу арқылы қан құрамын өзгерту;
- өзгениң қақырығын өткізу немесе өзінің құрғақ қақырығына өкпе ауыруымен ауыратын науқас адамның қақырығын қосу (туберкулез, силикоз, ісік, оба, өкпе қабынуы) немесе қандай да бір бояғыш заттарды қосып (бояулар, сусын және т.б.) беру;
- диарея (іш өту) ауруларын еліктету кезінде өзге адамның нәжісін өткізу немесе сәйкес дәрі-дәрмектерді (изофенин, пурген, күкірт-қышқылды магнезия) қабылдау, кейде нәжісіне өзінің не жануар қанын қосу кездеседі;
- өзгениң қанын қолдану немесе глюкоза, қан, диагностикалық сарысу қосу арқылы несеп патологияларын еліктету;

— қышқылды немесе сілтілі заттарды ішке қабылдау арқылы асқазан сөлінің құрамын (С дәрумені, қырыққабат және томат шырыны, сода) өзгерту.

Медициналық дәрілерді (изафенин, пурген) қабылдаудан туындаған «диарея ауруларының» диагностикасы мен анықталуы, нәжіске аз мөлшерде аммиакты қосып жүргізеді.

Сонымен бірге, несеп патологияларына еліктету несепті қайнатқан кезде, ондағы ақуыз түнғанда анықталады.

Функционалды және инструменталды әдістер. Әдісті пайдалану арқылы белгілі ауруды растауға және анықталған патологиялық өзгерістерге бақылау жасауға немесе жоққа шығаруға болады. Сараптама жағдайында келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

— рентгеноскопия және рентгенография — өкпе және басқа үлпалардағы патологиялық өзгерістердің бар екендігін объективті түрде анықтауға мүмкіндік береді. Патологияны анықтайтын көп осыті рентгеноскопия міндетті болып табылады, рентген түсірілімдерінің көмегі арқылы зерттеудің маңызы зор.

— эндоскопия — (гастроскопия, цистоскопия, бронхоскопия, бронхография, эзофагоскопия, ректороманоскопия) ауру диагнозына құдік тұғанда жеткілікті әдіс болып табылады және көп бөлігі стационарда жүргізіледі;

— электротермометрия — қызбаны қолдан жасаған адамдарды анықтау үшін жүргізіледі.

Жалған, жасанды ауруларды анықтауда науқасты бақылау және оның таныстарымен сұхбаттасу үлкен үлес қосады, бірақ, ең бастысы — медициналық тексеру әдісі жолымен алынған дәлел болып табылады. Сот-медициналық сараптама кезінде негізінен медициналық дәлелдер қолданылады.

Атыс қаруының көмегі арқылы өзіне зақым келтіруді анықтау үшін зақымдалушының берген жауабы және табылған зақымдалудың сипаты мен версияның сәйкесіздігі үлкен мәнге ие.

Откір құралдармен, шабатын қарулармен (балта) өзін-өзі зақымдау жиі кездеседі. Жарақаттар қолы жететін жерге жасалады. Әсіресе, жиі ұшырасатыны — қол саусағы мен аяқ жарақаты. Өз-өзіне жарақат келтірудің маңызды дәлелдемесі болып, параллельдік кесінділердің болуы, негізгі зақымды жасамас бұрын, әрекет жасап көргендіктен бірнеше із қалады.

Жарақат алған адамның киімдерін, аяқ киімдерін қаруа, жекелеп айтқанда, киімдегі және денедегі жарақаттың ошақтануының сәйкестігін тексеру керек. Киімдегі жыртылған, тесілген жерлер жарақатқа сәйкес келуі керек. Өзіне зақым келтіру кезінде кейде бұндай сәйкестіктер болмауы да мүмкін, өйткені, әдетте, зақымда алдымен денеге жасалынады, содан соң барып, киім және аяқ киім зақымданады. Одан басқа киімдердің әр түрлі қабатында зақымдану ошақтарының сәйкессіздігі байқалуы мүмкін. Кейде асығыс кезде ол киімнің бір бөлігін зақымдауды ұмытып кеткен, оны әшкерелеуге көмектеседі.

Откір қарумен өзіне зақым келтірудің дәлелі ретінде киім мен аяқ киімнен басқа да заттай дәлелдемелерді анықтау үлкен роль атқарады. Оларға дene бөлігі кесілген қылмыс қарулары жатады. Сот-тергеу әрекеттері кезінде заттай дәлелдеме ретінде сот-медицина сараптамасы орталығында жарақаттаған қару мен дененің үзілген бөліктегі (мысалы, кесілген саусақ) сақтап қалудың маңызы зор. Сонымен қатар, оған рентген түсірілімдерін және жарақаттың кестелік бейнесін тіркеу жөн.

Анықтау кезінде қол саусактары және өкше тұсындағы ісіктер елеулі қындық алып келеді. Жарақат салдарынан болатын ісік қатты заттармен соғу кезінде де (мысалы, бәтенке) туындауы мүмкін. Саусақ үстінгі қантамырларда қан айналымы бұзылып, қан ұйып, ол тұрақты саусақ ісігінің пайда болуына әкеліп соғады. Тура осында жағдай тізенің төменгі бөлігі мен өкше тұсында болады.

Осылайша, біздің тарапымыздан ауруды сылтаурату, жасанды, жалған ауруларды анықтау әдісі туралы мәселе қарастырылды. Ауруды сылтау ету, агравация, диссимуляция және аутоагрессияны әшкерелеуде сарапшы-дәрігердің тактикасы қажет.

3. Ауруды сылтаурату көріністерін анықтаудағы дәрігер-сарапшының тактикасы

Жасанды ауруларды сараптауда және анықтауда барлық жағдайда қолданылуы қажет қандай да бір әдістің болмауы қындық тудырып отыр. Мұндай ауруды анықтауда дәрігер-сарапшыдан сабырлы, салмақты, бақылауда ұшқыр, ең бастысы, білімді және тәжірибелі болу керектігін талап етеді.

Ауруды сылтау ету, аггравация, диссимуляция және аутоагрессияны әшкерелу кезінде дәрігердің тактикасы алынған аппараттарға, объективті деректерге, оларды жүзеге асыру әдістерін білуге негізделеді. Бұркеме және жасанды ауруларды анықтау кезінде ауруды сылтау етуді табу киын, оны дәлелдеу қажет деген ережені ұстануы тиіс.

Саралтамалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұркеме аурулар белгілі бір жалпы белгілермен сипатталады.

Біртекtes топты «аурулардың» шыгы, әсіресе, бір тергеу қамауында (әскери бөлімдерде) бірге отырған адамдарда кездеседі. Әдетте, бір немесе бірнеше ауру түрлері жасанды түрде жасалына-ды, бұндай кезде аурудың барлық белгілерін анықтау қындыққа соғатындықтан, терең медициналық білімді қажет етеді.

Көптеген созылмалы аурулар жақсару кезеңімен жүреді, ал, жасанды ауруда бұндай жақсару байқалмайды.

Кейде ауруды сылтауратушы өзінің іс-әрекеттері мен «аурудың» симптомдарын күрделілендіріп көрсету арқылы құдік туғызып қояды. Мысалы, өмірде соқыр адам саусак-мұрын сына-масын дұрыс көрсетеді, ал, ауруды сылтауратушы ешқашан да олай жасамайды. Санырау артына бір зат құлағанын сезеді, ал ау-руды қолдан жасаушы сезбейді.

Шағымдар мен жалпы белгілердің сәйкес келмеуі назар аудараптық жағдай. Ауруын сылтауратушы қолынан келгенше адамдарға, әсіресе, медицина қызметкерлеріне өзінің ауруы жай-лы айтады. Көптеген жағдайда осындай адамдардың шағымдары мен жүріс-тұрысы оның білім деңгейіне де байланысты. Жекелеп айтқанда, зияткерлік тұрғыдан дамыған адам, объективтік зерттеуі күрделі болатындықтан, ең алдымен, субъективтік сим-томдарды атайды.

Аяқ астынан жазылып кету де, яғни ауру қолдан жасау қажет болмай қалса немесе іштегі жасанды ауруды анықтап қойған жағдайда, бұркеме аурудың белгілері болып табылады.

Ауруды сылтау ету көріністерін және диагнозын анықтауда, дәрігер тактикасының негізгі шарттары болып:

— тексерілушінің жеке басына дифференциалдық зерттеулер жүргізу;

- денсаулығына шағымдары мен тұрмыс жағдайын, ұжымдағы карым-қатынастарына мән беру;
- шынайы клиникалық диагноз қою үшін қосымша зертханалық және функционалды-аспаптық зерттеулер әдістерін жүргізуге кеңесші-мамандарды тарту;
- тексерілушіні жасанды ауру көріністерін жасауға алып келген себептерін анықтап, кезегімен талдау жасау;
- тексерілушіні (айыпталушы, сотталушы) стационар, аурухана немесе медициналық көрсеткіштері бойынша мамандарға бағыттау;
- сарашының әрекеті қисынды, қағидалы, ортаға түсінікті болуы керек. Қандай да бір жағдай болмасын, дәрігер өзінің парызы мен абыройын жоғалтпауы тиіс.

Жасанды аурулардың жалпы белгілерін есепке ала отырып, жасанды ауру деп құдіктуғанның өзінде, сарашы тексерілушіге олай қарамауы тиіс. Жасанды ауруларды анықтағанда тексерілушінің шағымдарына мән бермей кетуге болмайды, өйткені, тәжірибеде көрсетіп отырғандай, ауыр созылмалы аурулардың өзі де симптомсыз өтетіндігі байқалған. Сондықтан, әрқашан да сарашы жасанды аурулар ретінде ауыр науқасты адамдарды қабылдауы мүмкін екендігін ұмытпауы шарт.

Жасанды аурудың бар екендігі сөзсіз анықталған жағдайда, сарашы өзінің іс-әрекеті арқылы аурудың бар екендігіне күмән келтіретінін байқатпау керек. Бұл оған бүркеме ауруды дәлелдеп көрсетуді женілдетеді, кері жағдайда тексерілу уақытында ауруды сылтау етуші өзінің шағымдарын жекелеп, не толықтай өзгерту арқылы, жасанды аурудың бар екендігін дәлелдеуді қынданат түседі.

Ауруды сылтаурату, агрессия, диссимулация және аутоаггрессия диагноз қоюда, оның жасалу жолдарына ерекше тоқталу қажет. Маман үшін тексеру барысында тұлғаны қабылдауға эсер еткен жағдай туралы, оның шағымдарын жекелеп бөлу, өмір және ауру тарихы, объективті мәліметтер, зертханалық зерттеудің нәтижесі туралы жазба жүргізіліп, оның ауруды сылтау етуші, жасанды ауру екендігі жөніндегі диагнозы сарашының корытындысында міндettі түрде көрсетілуі тиіс.

Мысалы:

Ауруды сылтаурату кезіндегі диагноз:

Диагноз: Тізе буынының шығу белгілері анықталмады. Ауруды сылтауратушы.

Аггравация кезіндегі диагноз:

Диагноз: Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы. Миокард инфаркты анықталған жоқ. Аггравация.

Диссимуляция кезіндегі диагноз:

Диагноз: Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы. Инфаркттан кейінгі коронарокаудиофизоз. Тыныштық стенокардиясы. Диссимуляция.

Автоаггрессия кезіндегі диагноз:

Диагноз: Оң мықынның ұстінгі көк тамырының зақымдануы. Көрсету мақсатында жасалған автоаггрессия.

Осылайша, дәрігер үшін сараптама кезінде жалған ауруды анықтау күрделі және қыынға соғады. Аурудың жасанды екенін анықтау дәрігердің беделін сөзсіз арттырады.

Аггравация, симуляция, диссимуляция және автоаггрессияға диагноз қою үшін дәрігер-сарапшы клиникалық ерекшеліктері бойынша керекті талдауларды жинап, зертханалық, функционалдық зерттеулерден алынған деректерді ескеріп, «ауру бұзылыстары» механизмінің жоқ екендігіне көз жеткізгенге дейін клиникалық бақылау жүргізу қажет. Сот-медицинады тексеру жұмыстарында сау адамды симулянт деп танудан асқан қателік болмайды. Сондықтан, дәрігер-маманға бұл бағытта үлкен жауапкершілік арттырылады.

Корытынды

Әдебиеттерде көрсетілген және біздің кәсіби тәжірибемізден алынған деректер бойынша дәріс барысында ауруды сылтаурату, аггравация, автоаггрессия (дene мүшесін зақымдау) деп құдік тудырган кезде сот-медицинады сараптамасының негізгі қағидалары және жасанды аурулар көрінісінің себебін, этиологиялық және патогендік аспекті бойынша жіктелуін, анықтау әдістері мен сарапшы тактикасын қарастырып өттік. Жоғарғыдағы жағдайларды ескеріп диагноз қою мәселелері де ба-

яндалды. Жасанды аурулардың көріністерінің алдын алу тек емдеу мекемелеріндегі медицина қызметкерлерінің, сарапшылардың және сот-тергеу органдары қызметкерлерінің өзара тығыз қарым-катаынасы кезінде жүзеге асатынын ерекше атап өткен жөн.

Сарапшы корытындысы үшін қажет сот-тергеу органдарын қызықтыратын сұрақтарды анықтау үшін іске қатысты материалдар:

- оқиға болған жерді қараяу (дене мүшесін зақымдау кезінде);
- сезіктіні (айыпталушыны) сот-медициналық күеландыру және клиникалық тексеру;
- түрлі обьектілерді, заттай дәлелдемелерді зертханалық зерттеу;
- тергеу эксперименті кезінде алынуы мүмкін.

Әрқашан сезіктінің бұрын ауырған және зақымдалған аурула-рына қатысты медициналық құжаттары бар қылмыстық іс материалдарын, сонымен катар, сот-медицина сарапшысының наза-рына алынуы мүмкін басқа да ақпараттарды мұқият қараяу қажет.

12. ОҚИҒА БОЛГАН ЖЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ ӨЛІКТІ АЛҒАШҚЫ СЫРТТАЙ ТЕКСЕРУ

Дәріс жоспары

Kіріспе

- 1. Оқиға болған жерді қарau және оған сот-медицина сарапшысының қатысуы*
 - 2. Зақымдаушы себептерге байланысты адам денесіндегі тән белгілер мен іздер*
 - 3. Оқиға болған жерді қарau нәтижелерін рәсімдеу*
- Корытынды*

Kіrіspе

Дәрісте зангердің қызметіндегі өзекті мәселелердің бірі — оқиға болған жерді және өлікті алғашқы қарап тексеру қарастырылады. Бұл әрекеттердің екеуі де сот-медицина саласының маманы, яғни, дәрігердің елеулі көмегін қажет етеді. Сондықтан да қылмысты тергеу кезінде шындықты, оны жасаған тұлғалардың шынайы анықталуы тергеушінің, прокурордың, судьяның сот-медицинаны білу негізіне, іскерлік қарым-қатынасы қалай болғанына және де сот-медицинасы қызметкерінің кәсіптік деңгейіне тығыз байланысты.

1. Оқиға болған жерді қарau және оған сот-медицина сарапшысының қатысуы

Оқиға болған жерді қарau тергеу әрекеттерінің кең тараған түрі болып табылады. Қарau «қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ, іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында....» жүргізіледі (ҚР ҚІЖК, 221-бап). Ол зан бойынша қылмыстық іс қозғалмай тұрып жүргізуге болатын, алғашқы кезек күттірмей жүргізілетін тергеу әрекеті болып табылады. Қылмысты ашу үшін тергеу талап етілетін қылмыс туралы арыз немесе хабар алғаннан кейін, тергеуші оқиға болған жерге дерене келіп, тексеру жүргізуге тиіс (ҚР ҚІЖК, 222-б. 2-т.). Оқиға болған жерден — қандай да бір төтенше жағдай (кісі өлімі,

дene жарқаттарын жасау, зорлау, ұрлық, өrt және т.б.) орын алған аймақ немесе ғимарат танылатындығы белгілі.

Сондықтан, оқиға болған жерді қараудың маңызды шарттары болып барынша мүмкін болған ақпаратты алу үшін маңызды деңгейде тексерудің уақытылы жүргізілуі танылады. Тексеруді кішкене уақытқа кешіктіргеннің өзі жағдайдың өзгеруіне, маңызды айғақтардың жоғалуына әкелуі, ал, бұл өз кезегінде тергеу барысына және шындықты анықтауға теріс етеді. Сол себепті оқиға болған жерді алғашқы қарau тәуліктің кез-келген уақытында жүргізіледі.

Анықтау, алдын ала тергеу немесе сот талқылауы процесі кезінде кейде оқиға болған жерді қарауды қосымша немесе қайта тексеруге қажеттілік тууы мүмкін.

Қосымша тексеру оқиға болған жерді алғаш рет қолайсыз жағдайларда (жарықтың нашар болуы, қар, жаңбыр және т.б.) қараганда немесе тергеу барысында оқиға болған жерде іздердің қалғандығы турасында мәліметтер алынса, не алғашқы тексергенде табылмаған заттай дәлелдемелер табылған жағдайларда жүргізіледі. Сондай-ақ, қосымша тексерудің мақсаты алғашқы тексеру кезінде толтырылған құжаттарда тіркелиген немесе толық қарастырылмаған кейбір жекелеген сәттерді нақтылау (мысалы, оқтың бағыты, әр түрлі іздердің және т.б. нақты орналасуы жөніндегі деректер) болуы да мүмкін. Сондықтан, әдетте, қосымша қарауда бүкіл оқиға болған аймақ емес, тек оның бір бөлігі немесе объектілер ғана тексеріледі.

Егер кемшіліктерді түзету әлі де мүмкін болса, қайталап тексеру жүргізу үшін дұрыс емес жүргізілген алғашқы тексеру негіз болады.

Оқиға болған жерді қарап тексеруді тергеуші басқарады. Тергеуші уақытында келе алмайтын жағдайда тексеруді анықтаушы немесе арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органдың лауазымы жағынан жоғары қызметкері жүргізеді (КР ҚДЖК, 222-б. 3-т.). Оған тексерудің сапасы мен уақытылы жүргізілуі, сәйкес құжаттардың толтырылуы үшін жеке жауапкершілік жүктелген. Оның тобына кіретін және шындықты анықтауға көмектесетіндер ішінен маңызды тұлғалардың бірі ретінде сот-медицина сарапшысы (бұл жағдайда КР ҚДЖК, 84-б.

1-т. сәйкес маман болып есептелінеді) танылады. Оқиға болған жерді қарап-тексеруге, сонымен қатар, қылмыс фактісін және оны жасаған тұлғаларды анықтау мақсатында анықтау, жедел-іздестіру органы қызметкерлері, және басқа да қылмыстық-процессуалды заңнама шеңберімен бекітілген тұлғалар қатысады. ҚР ҚІЖК 222-бап 5-тармағына сәйкес, тексеру куәларды қатыстыра отырып жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тексеру сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ, маманның қатысуымен жүргізіледі (ҚР ҚІЖК, 222-б. 6-т.).

Егер оқиға болған жерде мамандандырылған тексеру жүргізу үшін гылым, техника және өнер саласындағы арнайы білім қажет болса, тергеуші тексеруге арнайы білімі бар мамандарды тартады. Көбінесе криминалистер, техникалық және т.б. жұмысшылар шақырылады. Бірақ, мәйіт табылған кезде, дене жарақаттары және басқа да өмірі мен денсаулыққа, бостандыққа, ар мен тұлғалық қасиеттерге қарсы жасалған қылмыстарда мұндай маман болып сот-медициналық сарапшы танылады. Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал, оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда — өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК, 224-б. 1-т.). Мәйітті қосымша немесе қайталап тексерген жағдайда сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті (ҚР ҚІЖК, 224-б. 2-т.).

Мамандар тергеушіге тексеруді жүргізуге және нәтижелерін тіркеуге, іздерді табу мен алуға, сондай-ақ, басқа да іске заттай айғақ ретінде тартуға болатын заттарды табуға белсенді түрде көмектеседі.

Жекелеп айтқанда, сот-медицина аясындағы дәрігер-маман мәйітті анықтаған жерде тергеушіге мынадай нақты көмектер көрсетеді:

— өлімнің болу уақыты мен фактісі туралы айтуға болатын өлімнің сипаты, механизмі және зақымдардың пайда болу мерзімі туралы белгілерді анықтайды;

— өліктің табылған жерінде оны сырттай тексерумен және кейінгі сот-медициналық сараптама жүргізуге байланысты сұралқтар бойынша кеңес береді;

— қан, шәует және басқа да адамның биологиялық бөлінділеріне ұқсас іздерді, шаш талшықтарын, әр түрлі заттарды, құралдарды, басқа объектілерді табуға көмектеседі;

— оқиға болған жерді қарau хаттамасына өлікті және басқа биологиялық объектілерді тексеру нәтижелерін сипаттаң толтыру кезінде кеңес береді;

— өлікті және басқа биологиялық заттай айғактарды сот-медициналық сараптамасына жіберуіне байланысты сұрақтарды нақтылайды;

Оқиға болған жерді қарap тексерудің жоғары сапалылығы мен толықтығы тек криминалистикалық техниканың әр түрлі құралдарын ұтымды қолдануға ғана емес, сот-медицинасы қызметкерінің шеберлігіне де байланысты.

Оқиға болған жерді және өлікті қарap тексеру үшін сот-медициналық маманың сөмкеге немесе шабаданға салып қоюға болатын өзіне сәйкес жабдықтары болуы керек. Онда резенке қолғап, қайшы, кескіштер, қысқыштар, динамометр, дene қызуын өлшейтін термометр немесе электрлі термометр, неврологиялық балғашық, стерильді заттық шынылардың, шыны және ағаш таяқшалардың жиынтықтары, құтылар, дәкелік тампондар, полиэтиленді қапшықтар, өлшеуіш сыйғыштар мен ленталар, пилокарпин және атропин, этил спирті, жазатын қағаз және т.б. болуы қажет.

Кей жағдайларда жәбірленушілерге және басқа тұлғаларға алғашқы медициналық көмек көрсетуге тұра келетіндіктен, сөмкеге немесе шабаданға мұсәтір спиртін, шұғыл медициналық көмек үшін дәрі-дәрмектер, бұрау, танушы материал, шприцтер, инъекция үшін инелер, қан тамырлар қысқыштары тәрізді заттарды салып қойған жөн.

Енді оқиға болған жерді және өлікті қарap тексерудің реттілігі мен ерекшеліктеріне тоқталайық.

Оқиға болған жерді қарau

Тергеуші оқиға орнына келісімен, бірінші кезекте орын алған жағдаймен, көрген адамдардан және оқиғаның алғашқы іздерін анықтаған тұлғалардан сұрақ жүргізу арқылы танысады. Оқиғаның болған уақыты мен сипаты, өлік болған жағдайда өлген кісінің жеке басы анықталып, сезікті адамдар туралы және басқа да деректер жиналады.

Дәрігер тергеушіге нақты жағдайдың ерекшеліктері туралы (мысалы, өлөр алдындағы жағдайлар, өлім уақыты мен сипаты, жәбірленушілердің шағымдары мен оларға тән симптомдар және т.б.) арнағы деректерді анықтауға көмектесе алады. Сондықтан, сот-медицина қызметкерінің тексеруге қатысы және тергеушіге көмегі туралы сауалдарды талдап алу қажет.

Алдымен тергеуші алдын ала азаматтардан сұрау жүргізеді, бұл өз кезегінде болып өткен оқиға туралы біршама талдаулар жасауға көмектеседі, ал, қарау жұмысына мақсатты бағыт береді. Содан кейін тергеуші басқа да мамандармен бірге аймақты жалпы бағдарлап тексереді, оқиға болған жердің шекараларын шамамен анықтап, тексерудің ретін құрады. Оқиға болған жерді қарауды орталықтан шеткөрі немесе көрісінше жүргізуғе болатыны белгілі. Криминалистикада қылмысқа қатысты орта деп — қылмыстың ошағын түсінеді, яғни, қылмыскердің қымылдары бағытталған объектілер (мысалы: өлік, пәтердің бұзылған есігі, өрт болған жер). Оқиға болған жерді қараудың әдісін таңдау, нақты жағдайға байланысты тергеушімен шешіледі.

Дегенмен, көп жағдайда қарауды ортасынан бастаған дұрыс деп есептеледі. Тергеу тәжірибесі қарауды мынадай жағайларда шеттен бастап жүргізуді ұсынады:

— сакталуына қауіп төніп тұрған шеткі іздер мен заттай дәлелдемелердің болуы;

— егер қарау үшін объектіге келгенше, шеткі іздер жойылып кететін болса;

— оқиға болған жердің орталығы белгісіз болса;

Оқиға болған жерді қарау үрдісі статикалық және динамикалық тексеруден тұрады. Алдымен статикалық қарау жүреді, ол кезде оқиға болған жердегі жағдай жалпы қаралып, шекара анықталады. Барлық объектілер қаралып, сипатталады, суретке түсіріледі, сыйба-нұсқа түрінде белгіленіп, жоспарлар құрастырылады, болашақ тексеру хаттамасын толтыруға қажетті белгілер жасалады.

Статикалық тексеру өткен соң, яғни оқиға орны (құралған құжаттарда жазбаша, суретке түсіру жолымен, сыйба түрінде) тіркелгеннен кейін динамикалық тексеруге көшеді. Бұл сатыда анығырақ тексеру үшін әр түрлі заттарды, өлікті қозғалтуға бола-

ды. Объектілер бөлшектеп қаралады, із түскен нысандар түгелдей алынады, егер оны тұтастай алу мүмкін болмаса, із түскен жері бөлшектеліп алынады.

Оқиға орнын тексеру ретімен, еш нәрсе қалып кетпей, барлығы қамтылатында, жоспарлы түрде өтуі керек. Мысалы, ашық жерді қарауда жолдар, оның маңайы, қорғандар қаралады. Егер аумак үлкен болса, онда ретімен қарau үшін бөліктеге табиғи шекаралар (жол, ойық) бойымен немесе жекелеген төртбұрыш, шаршыларға бөледі.

Жабық гимараттарда, яғни пәтерлерде, сарайларда, шатырларда тексеруді кіре беріsten бастап, сағат тілі бойынша (немесе қарсы) жүргізеді, ең сонында гимарат ортасы тексеріледі.

Оқиға орнында сол жердегі жағдайға, олар орнында ма, күресу белгілері жоқ па, өлікті жылжыту іздері бар ма және т.б. назар аударады. Қызығушылық тудыратын барлық заттар жақсылап қаралып, олардың жалпы және өзара орналасуы белгіленеді. Ең маңызды деген объектілердің (өлік, заттай айғақтар, іздер) орналасуын қарau кезінде және жақын арада өзгермейтін, екі тұрақты қозғалмайтын бағытпен жүргізілген тік бұрышты бағдар жүйесі бойынша оларға дейінгі ара қашықтықты өлшеу арқылы бекітеді. Гимарат ішінде қозғалмайтын бағыт ретінде бұрыштар, қабырғалар, терезе мен есіктер саналса, ашық жерлерде — құрылыштар, телеграф бағандары, көпірлер, ағаштар болады.

Өлікті тексеру

Бұл үрдісте сот-медицина қызметкерінің маңызы үлкен роль атқарады. Ең алдымен, өлік табылған жер мен оқиға болған жердің сәйкестілігін анықтап алу керек. Сәйкесіздік, мысалы, қылмыс жасап болған соң, ізін жасыру үшін өлікті басқа жерге жылжытқанда немесе жарақат алған адам қозғалып, оқиға болған жерден басқа арақашықтықта өлгенде байқалады.

Өлікті оқиға орнында тексеруден бұрын, өлім фактісі анықталуы (әдетте, сот-медицина қызметкерімен) керек. Егер адам тірі болса, оны құтқару үшін дәрігер барлық мүмкін шараларды қолдануы тиіс. Дәрігегемман өлікті қараған кезде алдымен оның орналасу орнына (еденде, жерде, жоғары қарau, бүйіріне қарau, отыру, тік) және жату қалпына көніл бөледі.

Жекелеген жағдайларда өліктің жату калпы белгілі бір өлім түріне (мысалы, асылып өлу, дененің сууы) немесе өлімнің алдында болған жағдайларға (өлтіру алдындағы зорлау) тән болады.

Өлік денесінде және айналасында табылған заттар мен іздер (мойындағы арқан, жарақаттағы немесе өлік жанындағы жобаланған құрал, шаш, кимнің түймесі, өлік қолындағы басқа да заттар, дақтар мен қанға, құсық массаларына, шәуетке, несепке және басқа бөлінділерге үқсас жағындылар) байқалады.

Сот-медицина қызметкері оқиға орнындағы өлікті сыртқы тексеруді өлікті мәйітханадағы толық сот-медициналық зерттеу тәртібі бойынша жүргізеді. Өліктегі киім, биологиялық мінездеме, ауызша бейнелеуі және ерекше белгілері (мысалы, тегі анықталмаған өлікті тексергенде), ұлпалардың толқу белгілері (жүрек соғуы токтаганинан соң) және өліктік дақтары, жарақаттары сипатталады.

Киімдін жағдайы және өлікте орналысқан заттардың жекелеген бөлшектері қараған кезде анықталады. Киім жыртылған, түймелері ашылған не үзілген, қалтасы сыртқа шығып, жекелеген заттар жоғары не төмен тұруы мүмкін. Мұнын бәрі өлімнің туындауына себеп болған сыртқы зорлық-зомбылық, көбіне курес болғандығын күэландырады. Киімдерде талшықтар немесе автомобиль дөңгелектерінің протектор іздері (шан, май, кір), басқа құм, кір, бояу, минералды май, шыны сынықтары, қан тәрізді әр түрлі ластанулар, түймелер мен балақта үйкеліс және жұлқылау іздері болуы мүмкін. Мұндай ұсақ-түйектер оқиғаның мәнісі мен жарақат механизмін түсінуге көмектеседі.

Техникалық қындықтарға байланысты оқиға орнында, әдетте, киім шешілмейді, ал, кейде шешу қажет болады (мысалы, протектор немесе басқа объектілердін іздерін сақтап калу үшін). Өлікті зерттегендеге көбінесе киімнің жекелеген бөліктері шешіледі, көтеріледі немесе түсіріледі. Сонымен, киімнің алғашкы жағдайы бәрібір өзгереді. Одан кейін өлікті мәйітханаға апарғанда мүлдем өзгереді, сол себепті оқиға орнында киім қалпын барынша сипаттап, фотосуретке түсіріп алу қажет.

Сот-медицина қызметкері маман ретінде тергеушіге ұлпалардың толқынған белгілерін, өліктік құбылыстарды тауып, оларды мұқият сипаттауға көмектесуге міндетті. Себебі —

өліктік құбылыстардың байқалған жағдайлары мен өшү (толқу белгілері үшін) немесе даму (өліктік құбылыстар) қозғалысын зерттеу, өлімнің болу уақыты туралы сараптамалық қорытынды жасауға негіз болады. Тергеуші үшін бұл қорытындының маңызы зор, себебі — ол оқиғаның жағдайларын және оған қатысты адамдарды анықтауға жәрдемдеседі.

Оқиға орнында өлік табылғаннан кейін алғашқы сағаттарда сот-медицина қызметкері ұлпалардың толқу белгілерін бөледі:

— көздің алдыңғы камерасына атропин немесе пилокарпин ерітінділерін тамызғанда карашықтың жауап беруі;

— бұлшық еттердің механикалық және электрлік қозғыштығы;

— жасушалардың баяу өлу үрдісін білдіретін кейбір секреторлы реакциялары.

Дәрігер оқиға орнындағы өліктің жағдайына қарай өліктік құбылыстардың даму сатыларын (ерте және кеш) анықтауға міндетті. Өлімнің кай уақытта болғанын дәлірек анықтау үшін ерте өліктік құбылыстар қозғалысын (тоңу, өліктік дақтар, өліктің сіресуі), сондай-ақ, ұлпалардың толқу белгілерінің жылжуын біліп алып, оларды кайта зерттеу керек. Мұндай мүмкіндік бар, өйткені, кісі өлімі және басқа көптеген қылмыстарды тексеру жұмысы бірнеше сағатқа созылады.

Өлік денесінің температурасын, әдетте, сот-медицина қызметкері өлшейді. Өлгеннен кейінгі алғашқы 16-24 сағат ішінде дene температурасы қоршаған орта температурасынан жоғары, ал, содан соң ауа температурасымен теңесетіні мәлім.

Өлімнің болу уақыты туралы талқылау үшін өліктік дақтардың (гипостаз, стаз, имбибиция) даму сатысын анықтап алу керек. Ол үшін дақтарға арнайы динамометрлермен, жоқ болған жағдайда зерттеуші қолымен басып көреді. Басып көргеннен кейін нәтижелерін (дақтың жоғалуы, бозаруы, түсі өзгермеуі) және қайта қалпына келуі немесе алғашқы түсіне ену уақытын жазып кояды. Хаттамада зерттеу сағаттары мен минуттары белгіленеді.

Өліктік сіресудің алғашқы дәрежесін бұлшық еттерді пальпациялау жолымен, аяқ-қолдың буындарын бұгу немесе жазу, басты еңкейту, төменгі жақты ашу арқылы анықтайды. Сіресудің қарқындылығы (әлсіз, орташа, жақсы) әр бұлшық ет топтарын-

да зерттеліп, белгіленеді. Өлімнен кейінгі кеш өзгерістердің (шіру, балауыздану, шымтезекпен илену) айқындылық дәрежесі анықталады.

Өліктे анықталған барлық жаракаттар сот-медицина қызметкері тарапынан барынша толық сипатталуы керек. Оған себеп, уақыт ете кейбір өліктердің түрі өзгереді де, алғашқы тексергендеңі ерекшеліктері әлсіз немесе мұлдем байқалмай қалуы мүмкін. Мысалы, наизағай фигуralары, мойынды жұмсақ жіп қысқанда түрілетін бозғылт странгуляциялық сай толық жоғалып кетеді. Жаралардың шеттерінің пішіні мен өлшемдері, кебуіне байланысты, өзгереді. Әсіресе, жылдың жылы мерзімдерінде көп жаракаттарда шіру процестері тез дамуына байланысты, олардың түрі бірден өзгеріп, арнайы әрлеу әдістерінсіз анықтау қынға соғады.

Сондықтан, кейінірек секция кезінде теренірек зерттелетін болса да, оқиға орнында өліктегі жаракаттар санын, орналасуын, сипаттын, өлшемдерін, қанталаулар және жырылуулар түсін, жаралардың шеттері мен ұштары жағдайын, қуыстарда ластану немесе бөгде қосылыстар бар-жоғын және т.б. нақты көрсету керек.

Закымданулар кейінірек арнайы зерттеу әдістерімен қаралындықтан, жара тесіктеріне барлық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып алынатын, табылған, болжамдалып отырган жаракат құралын айтпағанда, зондтар, басқа әр түрлі кездейсоқ заттарды (сіріңке, қалам) енгізуге болмайды.

Өліктегі белгіленген закымдарға қолмен тиіспеген дұрыс. Пішінін қалпына келтіру және өлшеу үшін жаралардың шеттерін қосуды сырттан жеңіл қысу арқылы жасайды. Өлшеуіш сызығышты жара ұзындығына біршама қашықтықта параллель қояды.

Оқиға орнында өліктегі жараларды кеүіп кетуден сақтау үшін бетін жауып қою керек (мысалы, дымқыл дәкемен).

Қарап тексеруден соң өлік сот-медициналық мәйітханаға зерттеуге жіберіледі. Тасымалдау кезінде қосымша закымдалу болмауын қамтамасыз ету керек. Сол және басқа да себептерге сүйеніп, өлікті кез-келген көлік құралымен тасымалдамайды, арнайы жабдықталған санитарлық автокөліктер болғаны жақсы.

Оқиға орнындағы сезіктілер мен жәбірленушілердің денесі мен киіміндегі, жаракат құралындағы, қатысты қолік құралындағы заттай айғақтарға әр түрлі биологиялық объектілер (шәует, сілекей, несеп) жатуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандай, тексеруге тартылған дәрігер-маманның міндеттерінің бірі — тергеушіге кейінірек табигаты мен қай адамнан екендігін анықтау үшін сот-медициналық саралтамаға жіберілетін іздерді табу және алу.

Оқиға орнындағы заттай айғақтар көзге анық көрінуі мүмкін, ал, кейде өлшемдері кіші болғандықтан немесе түрлі сыртқы әсерлерден өзгеріп кететіндікten, оларды көру үшін арнағы құралдар керек болады. Осы кезде, әсіресе, іздерді «жасырын жерлерден» (еден саңылауарынан, плинтус астынан, жиназдың бөлшектері қосылатын жерлерінен, есіктүтқасынан, су құбырынан т.б.) іздеу керек, себебі — қылмыскер көбінесе ашық жерлерден іздерін жасыруға тырысады.

Іздерді анықтау ашық, жарық кезде (күндізгі немесе электрлік) жүргізілуі керек. Кейбір микроіздерді лупа көмегімен, ультракүлгін сәулелер көзін қолданып іздейді. Шәует дақтары ультракүлгін сәулелерінде көкшіл түспен жарқырайды, ал, қан дақтары ультракүлгін сәулелерін жұтып, көзге барқыт тәрізді болып көрінеді. Бірақ, бұл алдын ала тексеру болғандықтан, қан және шәуетке ұқсас дақтар туралы соңғы нақты қорытынды жасауға болмайды, тек дақтарды анықтайды.

Сілекей, несеп, тер сияқты адам бөлінділерін, сондай-ак, қылмыскер қалдыруы мүмкін заттарды (темекі қалдықтары, тарақ, бас киім және басқа) анықтау және олардан тер-май бөлінділерінің табылуы — иесінің қан тобы мен жынысын анықтауда сот-тергеулік түрғыдан маңызы зор мәселелер болып табылады. Сол себепті, оқиға орнын қарауға қатысып жатқан дәрігер тергеушіге оларды арнағы зерттеу үшін сот-медициналық зертханага жіберуді ұсынуы тиіс.

Оқиға орнында биологиялық тексті объектілерді тапқан жағдайларда оларды дұрыс алып, буып-түйіп, сот-медициналық зертханага зерттеуге жіберу керек.

Егер іздер кішкене заттардың үстінен (болжамдалған жаракат құралы, киім) табылса, онда олар бүтіндей алынып сол күйінде жіберіледі. Егер зат материалдық жағынан құнды болса

(кілем, жиһаз) немесе алынуға мүмкіндік жоқ болса (баспалдақ, айна, автокөліктің металл бөлігі), онда іздер қырылып алынады немесе физиологиялық ерітіндіге, жоқ болса суға батырып дымқылдатылған дәке бөлігімен шайылады. Із табылған заттың материалдық құндылығы болмаса және өндеге болатын жағдайларда күмәнді дақ бөлігін қызып алады (мысалы, тақта, берене бөлігі және т.б.). Қар үстінде қан анықталса, оны таза ыдысқа, тарелкаға, банкаға бірнеше бүктелген дәкеге жинап алып, ерітеді. Қар еріп жатқанда қан дәкеге сініп, зерттеу үшін сақталынады. Жердегі қанға, шәуетке және басқа бөлінділерге ұқсас бөлінділер топырактың ең аз мөлшерімен бірге алынады. Шашты абылап саусақтармен немесе қысқышпен алып, әр заттан жеке-жеке қораптарға немесе конверттерге салынады, олар жабыстырылып белгіленеді және мөр басылады.

Қанға, шәуетке және ағзаның басқа бөлінділеріне ұксас дақтармен қатар, сот-медициналық зертханағабақылау зерттеулері үшін дақ түспеген тасымалдаушы заттар (дәке, тақтай, сылақ, топырак; егер физиологиялық ерітінділермен шайылу жүргізілсе, осындай шаю шайылған дақтың жанындағы тасымалдаушы зат бөлігінен де жасалады) да жіберілуі керек.

Алынған обьектілерді орауды бөгде микроіздер қалдырмау және шіруді болдырмау үшін толық бүтіндігін сақтай отырып жүргізу керек. Кездейсок әсерлесуден (үйкеліс, ластаушы заттардың түсүі) сақтау үшін бетін ине, кнопка, майда шегелермен бекітілген таза қағазбен немесе матамен жабу қажет. Зерттеу кезінде дақтарды қаламмен, бормен, сиямен, әртүрлі бояулармен сыйзуға, сондай-ак, желімді колдануға болмайды, себебі — бөгде химиялық заттар кедергі келтіруі мүмкін. Ылғал обьектілерді (қан, шәует дақтары, дене ұлпаларына ұқсас бөлшектер) ораудан бұрын бөлме температурасында, құн сәулелерінен және кыздырғыш құралдардан алыста жақсылап кептіру керек. Бұл кезде айғақтарға бөгде микробөлшектердің түсүін және іздердің шіріуін болдырмау үшін шаралар қолдану керек.

Сонымен, біз сот-медицина қызметкерінің орнын тексеруде және тергеу мекемелеріне көрсете алатын көмегін қарастырыңық. Әсіресе, бұл нағыз маманға өлім себебі, белгілері, уақыты, сипаты, механизмі мен зақымдалулардың пайда болу уақыты және т.б. туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін фактілерге қатысты.

Оқиға орнындағы өлікті тексеру мен зақымдаушы жайттарға байланысты өлім ерекшеліктерін анықтау да маңызды болып табылады.

2. Зақымдаушы себептерге байланысты адам денесіндегі тән белгілер мен іздер

Оқиға орнын және өлікті зерттегендеге өлім себебі мен белгілі бір жағдайларды көрсететін өзіндік белгілер мен іздер анықталады. Төменде зақымдаушы жайтқа байланысты зорлап өлтіру кезінде байқалатын белгілер сипатталады.

Оқ дәрімен атылған зақымдалу

Ату қаруымен оқ атқан кезде оқиға орнында оқтар, гильзалар, бытыралар, сондай-ақ, мүмкін болған бөгеттердегі (қабырға, қорған және т.б.) олардың әрекет іздері табылады.

Криминалистер оқтар мен гильзаларға қарап карудың түрі мен жүйесін анықтайды және ату үшін қолданылған нақты дасын сәйкестендіреді. Автоматты және жартылай автоматты карудан атқан кезде гильза ұнғыдан нақты бағытта және белгілі қашықтыққа лақтырылады, сондықтан, оның табылу орнына қарап оқ атушының атқан кездегі қалпы туралы айтуға болады. Сот-медицина қызыметкерін бұл деректер ғана емес, оқ соққысының бөгеттер мен төніректегі заттардағы іздері қызықтырады. Мұның бәрі атудың бағытын анықтауда есепке алынады.

Алдыңғы айтылғандардан оқ тиген жаракаттарда оқиға болған жерде көрсетілген заттай айғақтарды табуға бар күш салу керек екендігі түсінікті болып отыр. Оқтар мен гильзалардың дәл орналасуын олардан шыққан екі тұрақты бағдар және өлікке дейінгі ара қашықтықты өлшеу арқылы анықтайды. Осы әдіспен оқ тесігінің орналасуы анықталып, олардың еденнен немесе жерден биіктігі өлшенеді. Кірген тесігінің пішіні, өлшемдері, жеке бөгеттердегі, заттардағы оқ өткен өзектің ерекшеліктері, атудың қосымша факторлары (бытыра, от пен газдың әрекет ету іздері) көрсетіледі. Бұл оқ атқан адам мен жәбірленушінің өзара орналасуы, оқтың ұшу аумағы, атудың бағыты мен қашықтығы туралы мәселелерді шешу үшін керек.

Бытыра қарудан атқан кезде бөгеттерде (адам денесінде де) бытыраның кірген немесе олардың әрекет ету іздері табылады. Атудың қашықтығын анықтау үшін олардың шашырау аудаңын, олардағы бытыра санын, жекелеген бытыра арасындағы қашықтықты өлшейді.

Егер оқиға орнында ату каруы табылса, оның жекелеген заттар мен өлікке қатысты орналасуын белгілеу керек. Қаруды қарау кезінде сот-медицина қызметкері оқтың кіру тесігі мен ұнғы каналы аумағында қан, шаш, сүйек сынықтары, адам ұлпасына ұқсас бөлшектер және тоқыма мата талшықтарының бар-жоғына назар аударуы кажет. Олардың табылуы, қаруды тақап немесе оте жақын қашықтықтан атқандығын білдіреді. Егер қарудың ұнғы каналынан жаңып кеткен бытыра иісі шықса, оқтың таяу уакытта атылғанын білдіреді. Одан басқа, қаруда атқан адам мен жәбірленушілердің саусақ іздері болуы мүмкін, кейде (әсіресе, ұзын ұнғылы қарудан өзін-өзі атқанда) ағытқыш ілмекті басу үшін адам түрлі құралдарды, яғни таяқ, бау және т.б. қолданады, ал, кейде, тіпті, қаруды басқа затқа байлан бекітеді. Оқиға болған жерде мұндай заттар табылған жағдайда, оларды сипаттап, суретке түсіреді.

Өлікті тексеру кезінде дәрігер оқ тиген жаракаттар санына көніл бөліп, атудың қосымша факторларын көрсетуі керек. Кім қабаттары арасында немесе қатпарларында оқ, бытыра, тығын табылуы мүмкін. Өлген адамның қол саусақтарында кейде өз қолымен атқанда пайда болуы мүмкін беткейлік жаракаттар көрінеді.

Оқиға болған жерде табылған, іс бойынша заттай дәлелдемелер бола алатын, барлық заттар мен іздерді тергеуші алады. Қажет болса, оларды кейін арнайы зерттейді.

Атудан болған зақымдалу кезінде оқиға орындарында әдеттегі сызба-нұсқалардан басқа «бөлгендегі» сызбасы жасалғаны дұрыс. Оларды оқтың ұшу траекториясы, оқ жаракаты және т.б. іздердің орналасуы көрсетіледі.

Көлік апаттары

Тергеуші тараپынан көлік апаттары кезінде оқиға орнында сокқы механизмі мен жағдайын анықтауда маңызы бар әр түрлі заттар мен іздерді: шам әйнектерінің, кабинаның сынықтары,

қан іздері, шаш, адам денесінің мыжылған үлпа бөлшектері, киімнің жыртылған, жұлынған бөліктері табылуы мүмкін. Жолдан едәуір қашықтықта сүйретілу (әсіресе, рельстік көліктен болған жарақаттарда) іздері, жанармай, май, су іздері, автомобіль дөңгелектерінің іздері жатуы мүмкін. Осыларға қарап көлік пен жәбірленуші денесінің өзара орналасуы, көліктің қозғалу бағыты туралы пікір айтуда болады. Мысалы, оқиға орнындағы қалдырылған заттар, яғни аяқ киім, бас киім, колғап, жәбірленушінің басқа да киім бөлшектері, қолындағы заттары (бума, сөмке, қалта және т.б.), сонымен қатар, жеке көлігі (мотоцикл, велосипед) ретсіз орналаспайды, белгілі ретпен орналасады. Егер көліктің қозғалыс бағыты бойынша қарасақ, жәбірленуші денесінің алдыңғы жағында, ал, биологиялық сипаттағы объектілер (кан, ми, шаш), керісінше, дene артында орналасады. Сүйретілу кезінде дененің оқиға орнындағы қалпы өзгереді, соған байланысты жоғарыда айтылған зандылық байқалмайды.

Сонымен, сот-медицина қызметкері оқиға орнын қарағанда, елік пен оның бөлшектелген дene бөліктерінің өзара орналасуын, сонымен қатар, жолдың жүргінші бөлігі мен шетіндегі заттар мен іздердің (автокөлік жарақаттарында) немесе рельс пен шпалдардың (рельсті көлік соққыларында) өзара қатысын белгілеуі керек.

Олік дenesі мен киімінде автокөлік радиаторы қаптамасының іздері, дөңгелек протекторы, бояу іздері, әйнек сынықтары, топырак, күм, жағынды болуы мүмкін. Аяқ киім өкшесінде, түймелерде, тығыз материалды киім түрлерінде өзіндік сырғанау іздері қалуы мүмкін, сондай-ақ, жарақат механизмі туралы сұрақты шешерде олардың бағыты мен пішіні есепке алынады.

Дәрігер еліктегі және киімдегі зақымдарды көрсетуі қажет. Олар кішкентайдан бастап, ете кең жыртылу, үзілу, белінулерге дейін әртүрлі болады. Әсіресе, рельстік көлік эсерінен дene мен киімнің мыжылған бөліктері жолдарда бір-бірімен үлкен ара қашықтықта шашылып жатады. Әртүрлі жарақаттардың ішінен көліктің белгілі бір бөліктерінің эсерлеріне тән зақымдалуларды (автомобиль дөңгелектерінін протектор іздері түріндегі сызаттар және қанталаулар, рельстік көлік дөңгелектерінің реборда қысымынан болған жолақ сызаттар) көруге болады.

Оқиға орнында қалған адамға жарақат келтірген деп болжамдалған автомобиль немесе басқа көлік құралынан дәрігер қан іздерін, шаш, тері, бұлшық ет боліктегін, сүйек және басқада дene ұлпалары бөлшектерін, киімнің үзінділері мен жеке талшықтарын іздеуі тиіс.

Айта кететін жайт, жәбірленуші денесі мен қозғалып келе жатқан объектілердің түйісетін жерінде, әр түрлі бұлінулер, ойықтар, әйнек бүтіндігінің бұзылыштары, бояу қабаттарының өшүі, шаң т.б. көрінуі мүмкін.

Көліктегі зақымдардың сипаты мен ошағының орналасуы оның құрылыштық ерекшеліктерімен және адам денесіне әсер ету механизмімен байланысты. Мысалы, автомобиль көлігімен соққанда зақымдар негізінен бамперде, капотта, шамдарында, ал, басып өткенде — дөңгелектерде, рамада, қанаттардың ішкі беткейінде, су шашқышта (кейін ұсталған сәйкес көлік сот-медицина сарапшылардың катысуымен бірге жүргізілетін арнайы тексеруден өтеді) орын алады.

Оқиға орнында оңай өшетін іздерді сақтап қалуға тырысу керек (мысалы, протектордың шаң немесе қар іздері). Оларды суретке түсіріп, содан соң мүмкін болса, олар орналасқан заттарды алу керек.

Улану

Улану фактісі мен у сипатын анықтау үшін өлім алдында болатын жағдайлардың маңызы зор. Сондықтан, оқиға орнына келгеннен соң, өлген адамның туыстарынан және басқа қасында болған адамдардан сұрау жүргізіп, оның соңғы күндердегі және өлер алдындағы денсаулық жағдайы, мамандығы (белгілі бір уды алуға мүмкіндігі бар болуы), ішкен сусындары мен жеген тамағы жайлы мәліметтер алады. Дәрігер жәбірленген адамның шағымдары, уланудың клиникалық симптомдары, ауру кезеңі мен өлу ұзактығын анықтауға міндетті.

Оқиға орнын қарағанда сот-медицина қызметкери сірке қышқылы, алкоголь немесе оның суррогаттарымен, формалинмен, эфирмен, ацетон және басқа ұшқыш заттармен уланғанда сезілетін арнайы иістерге көніл болуі тиіс. Көміртек тотығымен улану көзі болуы мүмкін пештерді, газ құрылғыларын қарастыру керек.

У мен оның іздерін сақталып қалған сусын мен тамақ қалдықтарынан, ыдыстан, дәрі-дәрмектермен үнтақ қораптарынан, инелерден және т.б. табуға болады.

Көп жағдайда жәбір шеккен адам уды қабылдаған соң, оның қалдықтарын дәрілер қобдишасына, үстелге, шкаф және т.б. жерлерге қоюға мүмкіндігі болады. Сондықтан, сондай жерлерді жақсылап қараған жөн.

Улы зат өзгермеген күйінде құсық массаларымен бірге ауыздан шығуы мүмкін. Сол себепті, оқиға орнында қол жуғыштың, унитаз, шелектердің ішін, сондай-ақ, бөлмелердің, кереуеттердің бұрыштарын және басқа жерлерді белсенді түрдө іздеу керек. Сондай жерлерден құскан кезде колданылған сұлгілер, қол орамалы, шүберек және өзге заттарды табуға болады.

Өлікті қарағанда дәрігер-маман кейде, тіпті, ауыз қуысында, ернінде, иегінде у бөлшектерін анықтайды. Күйдіргіш заттардан көбінесе ауыз шенберінде, мойында, колдарында және киімінде тән өзіндік күйіктер қалады. Дәрігер-маман өліктік дактардың түсіне көніл бөлуі тиіс. Кейбір улармен уланғанда олар әдеттегіден өзгеше болады (мысалы, көміртек тотығымен уланғанда — канық қызыл, метгемоглобин түзуші улармен уланғанда — сұр коңыр). Айқын көрінген өліктік сіресу көбіне тырыспа шақыратын улармен уланғандығын білдіреді.

Сонымен бірге, сот-медицина қызметкери уды ине көмегімен тері астына, бұлшық етке, көктамырға енгізгенін білдіретін өліктің тері қабатын тиянақты, байыппен қараша керек. Удын мұрын (мысалы, кокайн), тік ішек, қынапқа енгізілуі мүмкін, олардың қуыстарында сәйкес өзгерістер мен бөлінділер табылады.

Оқиға орнында табылған көптеген объектілер іс бойынша заттай айғақтар ретінде (мысалы, тағам мен сусын қалдықтары бар ыдыстар, у үнтақтары, құсық массалары, нәжіс, несеп, дәрілер қобдишасы, инелер, аты жазылмаған дәрілік заттар және т.б.) алынады. Кейінірек оларға сот-химиялық талдау жүргізілуі мүмкін. Айтпақшы, егер жәбірленуші емдеу мекемесіне уланды деген күдікпен түссе, кезекші дәрігер, не медицина қызметкери құсық массалары мен шайған суларды, олардағы улы заттарды анықтау үшін сот-химиялық талдауға міндетті түрде жіберу керегін ұмытпаған жөн.

Странгуляциялық механикалық асфиксия

Странгуляциялық механикалық асфиксиядан болған өлім жағдайында оқиға орнында мойнында асылу кезінде болған тұзақпен қысу іздерін көреміз.

Асылып өлгенде дәрігер тұзақтың бекітілу тәсілі мен ерекшеліктерін атап өтуі тиіс. Бір қарағанда ұсақ бөлшектер болып көрінгенімен, олардың өлім түрі мен жағдайы туралы пікір айтуға маңызы зор.

Асылып өлгенде өліктің қалпы әр түрлі болады. Өлік аяғы еденге немесе жерге тимей салбырап тұруы мүмкін, өлік тұрған, отырған, жатқан калыңтарда да болуы мүмкін. Егер тұзақ адамның қол соган бойынан асатын биіктікте бекітілсе, сол жерді қарап, астына қоятын заттарға (үстел, орындық, саты) назар аудару кепек, солардың үстінен ілмек бекітілген болуы мүмкін. Өліктің дәл қалпы анықталып, астына қойғыштың биіктігі өлшенеді, ондағы іздердің бар-жоғын (бірінші кезекте өкшениң) қарайды, астына қойылған заттың жұмсақ жерге (күм, топырақ, еден) түсірген қысым іздерін анықтайды. Мұндай іздер немесе астына қойғыш зат анықталмаса және ілмек жоғары ілінген болса, дененің зорлап асылғаны, яғни өлтірілген деген күдік туады.

Өлік маңайындағы барлық заттар жақсылап, мұқият қаралуы керек. Тырысу кезінде (жанталасу кезінде) дене сол заттарға соғылып, қосымша жаракаттар (сырылу, қанталаулар, тері жараптары) пайда болуы мүмкін. Өлікке катастырылған заттардың дәл орындары және кашықтығы өлшенеді.

Өлген адамның мойнындағы тұзақты қарағанда оның қандай материалдан жасалғандығын, түрін (сырганак, қозғалмайтын), салыну әдісін, бекітілу орнын сипаттау қажет.

Тұзақтың түйінінің байлану тәсіліне көніл аударған жөн, себебі — бұл адамның кәсіптік және басқа да ерекшеліктеріне байланысты әдеттеріне тәуелді (мысалы, жай, теңіздік, балықшылардың түйіні, хирургиялық және т.б.). Сондықтан, түйіндерді зерттеу тұзақты дайындаған адамның кәсібі мен тұлғасын анықтауда маңызы үлкен. Осыларға сүйене отырып, оқиға орнында тұзақты түйінге қарама-қарсы бөлігінен кесу арқылы шешеді. Шешілген соң тұзақтың кесілген ұштарын жіппен немесе сыммен бекітіп, оның алғашқы күйі мен бүтіндігін қалпына келтіреді. Ілмектің тіреуге бекітілген түйінін де сактап қалу керек.

Тұзактың бекітілген жерін анықтап қарау керек. Мысалы, арқандағы және ағаш тіреудегі талшықтардың орналасуына қарай, арқанның қозғалыс бағыты туралы (егер денені бөгет немесе такта арқылы тартып асқанда арқаның талшықтары тұзак жағына қарай бағытталады, ал, тіреу материалының талшықтары, керісінше, арқаның қозғалыс бағытымен бағыттас болады) айтуға мүмкіндік береді.

Сот-медицина сарапшылары тұзакты шешкенде өлік мойнындағы странгуляциялық сай уақыт өте өзгеретінін біледі. Өзгерістердің сипаты ілмек материалына байланысты. Қатты және жартылай қатты тұзактар (сым, бау, арқан және т.б.) терінің мүйізді қабатының түсінің арқылы мойынның тез қысылып қалуын тудырады. Өлікте странгіляциялық сай кеүіп, тығызданады, қоңырланып, анық көріне түседі.

Жұмсақ тұзак салғанда (сұлгі, шарф, жайма және т.б.) мойынның қысылуы әлсіз болып, мүйізді қабаттың түсі мен пергаментизация жүрмейді. Мұндай жағдайларда боз түсті странгуляциялық сай тұзакты шешкен кезде гана анық көрініп, уақыт өте қызын ажыратылады немесе мүлдем білінбейді. Сондықтан, өлікті алғаш қарағанда сайдың бар ерекшеліктерін: ошақтануын, орналасуын, бағытын, тұйықталуын, кендігін, терендігін, тубі мен шетінің жағдайын сипаттайтын. Странгуляциялық сайдың бедері мен тұзак сипатының сәйкестігі белгіленеді. Егер тұзакты ауыстырган болса (мысалы, алдымен тұншықтырып елтіріп, сосын өлікті асып қойса), мұндай сәйкестік болмайды.

Странгуляция түрін (асылу немесе тұзакпен қысу) ажырату үшін мойындағы странгуляциялық сайдың бағытына қарайды. Асылуда оған қиғаштай жоғары өрлеген бағыт тән, тұзак түйініне карама-қарсы жағында ойығы жақсы көрінеді. Тұзақпен орап қысқанда жұлғенің бағыты көлденен болып, өне бойында біргекті ойық дәрежесі байқалады.

Дәрігерлер оқиға болған жерде өлікті қарағанда, онда болатын странгуляциялық асфиксияның сыртқы белгілерін дәл көрсете алуы керек. Олар — беттің дәнгелектенуі, көгеруі, тілді тістеу, көз бен қабактың шырышты қабаттарындағы ұсақ қан құйылу нүктелері, еріксіз несеп шығару, дефекация, ерлерде — ұрық шығару. Несеп, нәжіс, ұрықтың сұйықтық денедегі киімде, еденде немесе өзге заттардың үстінде болуы мүкін, сейтіп, олар адамның

өлер алдындағы қалпы туралы дерек береді. Іс бойынша заттай дәлелдемелер бола алатын заттарға мыналар: тұзак, кейде өліктің қолында, киімінде, аяқ киімінде табылатын тұзактың майда бөлшектері мен жекелеген талшықтары жатады.

Нәрестенің өлігі

Тұған нәрестенің өлігі табылатын орын, көбіне, анасының босанған немесе нәрестенің өлген орындарымен сәйкес келмейді. Әдетте, бұлар — адам тұрмайтын ғимараттар (үй асты, сарайлар, соғылып жатқан объектілер), сай, қазылған шұңқырлар, қоқыс жәшіктері, канализация құдықтары, мазарлар және т.б.

Кейде өліктер жапырақпен, топырақ, қар қабатымен жабылған болады. Олар жалаңаш та, түрлі шүберектерге, төсек жайма бөлшектеріне, киімге оралған да болады. Сәбілердің өліктері кейде шаруашылық сөмкелерде, шабадандарда, қораптар мен оралған қағаздарда, газетке, клеенкаға оралған да болады. Осындағы заттар кейін куәлермен танылатындықтан, осыған ұқсас заттардың барлық ерекшеліктері, орау тәсілі, қалай, немен байланғаны, түйіндер түрі жақсылап сипатталады.

Топырақ және түскен жапырақ астынан табылған басқа өліктердегі секілді мұнда да жыл мезгілі, метеорологиялық жағдайлар, жамылғының қалындығы мен сипаты ескеріледі. Бұл өлгеннен кейінгі өзгерістердің айқындалу дәрежесімен қатар өліктің осы ортада қанша ұзақ болғанын білуге мүмкіндік береді.

Болжанған босану орнында үлкен маңызы бар айғактық заттар — қан, меконий іздері, ірімшік тәрізді жағынды, шарана сулары болатынын сот медицина қызметкері біледі. Оларды жаймалардан, киімнен, еденнен және әйел босанған бөлменің немесе бөгде ғимараттың ішінен іздеу керек.

Дәрігерлер өлікті қарауды жалпы қабылданған ережелер бойынша жүргізеді. Жаңа туылғанын, тіршілікке кабілеттілігін және құрсақтан тыс жас шамасын (кіндіктің жағдайы, ірімшік тәрізді жағындының, қан мен меконийдің болуы, жеке бөліктерінің өлшемдері мен дene ұзындығы) білдіретін сыртқы белгілерін ерекше атау керек.

Егер плацента табылса (кіндікпен байланысқан немесе өліктен белек жатқан) оның жағдайы да тергеуші және маман-дәрігерлер тарапынан толық сипатталады.

Электр тогымен зақымдалу

Техникалық электр тогымен зақымдалғанда оқиға болған жерді қарауды электр техникасы маманының қатысуымен бірге жүргізеді.

Оқиға орнына келгенде, ен алдымен, өлік маңайындағы еткізгіштер мен металл құрылғыларда токтың жоқ екендігіне көз жеткізу қажет.

Оқиғаның жағдайларымен танысқанда жәбірленген адам денесінің жүйеге қосылуы 1 фазалы немесе 2 фазалы болды ма, адам ток қаупі бар аймақта болды ма, деңе бөліктепі тогы бар еткізгіштен немесе металл құрылғыларына тікелей тиді ме, соны анықтап алу керек.

Токтың өтуін қандай сәттер күшетуі (ауаның жоғары ылғалдылығы, ылғал ғимарат, топырақтағы жауын, қорғаушы резенде кілемдер мен қолғаптардың болмауы) және зақым тудыруы мүмкін екендігін біліп алған дұрыс.

Болған оқиға туралы куәлерден сұрау жүргізу де (өлген адамның жарақаттану сәтіндегі қалпы, деңениң белгілі бөліктепі мен электр тогы көздерінің жанасуы туралы) үлкен маңызға ие. Егер өліктің алғашқы қалпы өзгерген болса, куәлердің айтуы бойынша, қайта орнына келтіріп, хаттамада бекіту керек.

Электр-техника маманының қатысуымен, жанасқан кезде жарақат алған зат немесе тогы бар еткізгіштің шығар жерінің көрсеткіштері өлшенеді.

Кейде еткізгіштен тікелей жанаспай да электр жарақатын алуға болатынын ұмытпау керек. Ол кезде вольттік доға (мысалы, адам вагон шатырында электр берілісі сызығы астында түрған жағдайларда) пайдада болады. Мұндайда сот-медицина қызметкері өліктің киімі мен аяқ киімінің жағдайына, негізінен ылғалдылығына көніл бөледі. Көбінесе жәбірленген адамның деңесінде техникалық электр тогы әсерінің шектелген белгілері, сондай-ақ, вольттік доғамен жарақаттанғанда жайылған күйіктер байқалады. Осы және басқа зақымдар мен іздер барынша сипатталады.

Тогы бар құрылғылар мен еткізгіштердің күмәнді бөліктерінде кейде қан іздері, шаш, тері және жәбірленген адамның киім бөлшектері табылады, олар алынып, кейіннен сәйкес зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

Атмосфералық электр тогы (найзагай) әсер еткенде оқиға орында ағаштар мен бағандардың ажырауы, олардың бұрыштануы, топырақтың түтік тәрізді шұңқырлануы және оның балқытылған конгломераттары сынды өзіндік іздерді табуға болады. Құн күркірегендеге құрылыштар мен түрлі заттар тұтанаңып, өрттің пайдасы болуы оқиға жағдайын бағалауға біршама қызындық тудырады. Адам өлігінің қасында атмосфералық электр тогымен жарақаттанған жабайы және үй жануарлары, құстардың өліктерінің кездесуі де сирек емес жағдай. Бұл — найзагайдың жайылғандығын күэландырады.

Өліктің киімінен шеттері жанған елеулі жыртылуарды көруге болады. Киімнің металл заттары (түйме, ілгек), белгішелер, түрлі әшекейлер, тындар, сонымен бірге, аяқ киімнің металл беліктері — шегелер, ілгектер, тағашықтары балқыған болуы мүмкін.

Атмосфералық электр тогының адамға әсер етуінің өзіндік типтік белгілері — «найзагай фигуралары» болып табылатынын, олардың пайдасы болуы терінің беткей қан тамырларының кенеюімен байланысты екендігін медицина қызметкерлері жақсы біледі. Мұндай фигуралардың пішіні тарамдалған ағаш тәрізді, қызыл және қызылт түсті болып келеді. Одан басқа, терінің жайылған күйіктері, сүйектердің синусы, ішкі мүшелердің жыртылуы және аяқ-қолдың үзіліп түсіү де болуы мүмкін. Механикалық зақымдаулар, есін жогалтқанда және дene құлағанда, басқа заттармен қысылғанда, үстіне ағаш, ғимарат құлағанда жиі пайда болады, ал, өрт болғанда — термиялық жарақаттар болады.

Найзагайдан жарақат алған жағдайларда оқиға болған жерде және зардап шеккен адамның киімінде өзіндік іздер бар болғанымен, денесінде көзге көрінетін ешқандай зақымдалулар болмауы мүмкін.

3. Оқиға болған жерді тексеру нәтижелерін рәсімдеу

Оқиға болған жерді тексеру нәтижелерін көрсететін негізгі процессыалдық құжат болып хаттама саналады.

Оқиға болған жерді тексеру хаттамасы — айғактық мәні бар, маңызды занды құжат. Ол тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталғаннан кейін бірден жазылады (ҚР ҚІЖК, 203-б).

1-т.) және оған тергеу іс-эрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдар қол қояды (КР ҚІЖК, 203-б. 6-т.).

Хаттамада оқиға орнының жайы оқығанды алдына нақты еле-стете алатындағы етіп, нақты, толық және ретімен сипатталуы міндегі.

Хаттама кіріспе, сипаттамалық және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Хаттаманың кіріспе бөлімінде — тергеу іс-эрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейін дәл; тергеушінің лауазымы мен аты-жөні; тергеу іс-эрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, экесінің аты, ал, қажет болған жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі. Сонымен қатар, күәгерлерге құқықтары мен міндептерін түсіндіру фактісі, олардың бас тартқан жағдайдығы жауапкершілігімен немесе өз міндептін орындаудан жалтарған кезіндегі ескертулер айтылады. Тексеру жүргізгенде ол жердің жарықтандырылу сипаты, ауа райы, аймақтағы, гимарат ішіндегі ауа температурасы жазылады. Оқиға орнында мәйіт бар болса, кіріспе бөлімнің соңында оқиғаның жағдайы туралы алғашқы деректерді (туыстарының, кездейсоқ күәлердің сездерінен) көрсеткен жөн.

Хаттаманың сипаттама бөлімінде тергеушінің барлық іс-эрекеті, яғни тексерудің қалай жүргізілгендей кезегімен баяндалып, қараудың нәтижелері жазылады. Алдымен оқиға болған жердің нақты орнын көрсетіп, жалпы сипаттама беріледі. Мысалы, егер оқиға болған жер жабық гимарат болса, онда — бөлме іші, үйдің мекен-жайы, орналасуы, күрылыш түрі (тас, ағаш, қабат саны) тіркеледі; пәтердің қаншасыншы қабатта орналасқаны, ондағы бөлмелер саны, онда кім тұратыны белгіленеді. Содан соң гана оқиға болған бөлме сипатталады. Оның өлшемдері мен кіре беріс жері көрсетіледі.

Оқиға болған жердің жалпы сипаттамасынан соң, ондағы заттар, олардың өзара орналасуы, мәйіт, басқа да объектілер мен іздер жазылады. Іздерді, айғақтарды табу, алу және бекіту мақсатында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, сонымен қатар, оқиға орнының жайын бекіту әдістері (жоспар құру, фотосуретке, киноға түсіру) де аталаң өтіледі.

Хаттаманың қорытынды бөлімінде оқиға орнынан алынған объектілер аталып, олардың оралуы сипатталады. Мәйітті сот-медициналық зерттеуге жіберу туралы және хаттамаға тіркелетін қосымшалар туралы белгілер жасалады.

Оқиға орнының жайын бекітудің бейнелі тәсілдері ретінде фотоға түсіру, сыйба-жоспарлар құрастыруды қолданады. Кең тараған әдіске, фотосуретке түсіру жатады. Алынған суреттер оқиға орны туралы толық мәлімет беріп, хаттамада жазылғандарды қабылдауды жеңілдетеді, жағдайды жобалауға және көптеген жайлтарды нақтылауға көмектеседі.

Оқиға орнындағы бір әрекеттің қозғалысын анықтау үшін бейнетаспаға немесе киноға түсіру қолданылады.

Оқиғаның бейнелік бекітілуін жоспар, яғни көлденең жазықтықтағы кестелік немесе масштабтық сыйбаларды құрастыру арқылы алады. Көбінесе кестелік жоспарлар құрылады. Оқиға орнының жекелеген аумақтарының шамасы, объектілердің өзара арақашықтығы өлшегіш құралдармен өлшепеніп, жоспарда метр және сантиметрлермен көрсетіледі.

Заттарды бейнелеу үшін (мысалы, ашық жердегі жолдар, ағаштар, құрылыштар немесе жабық ғимарат ішіндегі) криминалистикада қабылданған шартты белгілерді қолданады.

Көбіне, оқиға орнын жалпы көрсететін жоспарлардан бөлек, жеке жоспарлар құру қажеттілігі туындейды. Оларда маңызды де-ген аймақтар, түйіндер мен бөлшектер (мысалы, манайында іздер бар мәйіт, бұзу қаруы қасында орналасқан бұзылған есік және т.б.) көрсетіледі.

Егер жабық ғимарат ішінде қабырғада, терезеде, төбесінде іздер табылса (мысалы, оқтың бағыты, асылған кездегі арқанның бекітілу орны), орналасуының жоспары құрылады. Онда заттар мен еден ғана емес, қабырғалар, есік-терезелер, төбесі де бейнеленеді.

Оқтың бағытының орналасу биіктігін, үшу аумағын, аймақтың орналасуын белгілеу үшін сыйба тік жазықтықта дайындалады.

Дұрыс құрастырылған сыйба оқиға орнындағы жағдай, жеке заттардың өзара орналасуы мен ара қашықтығы туралы нақты түсінік береді, хаттамадағы көрсетілген деректерді қабылдауды жеңілдетеді.

Сонымен, оқиға болған жерді тексерудің нәтижелері хаттамаға толтырылып, оған тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялыш суреттер, кинотаспалар, бейнеказба кассеталары, сызбалар, жоспарлар, кестелер, іздің көшірме бедерлері мен таңбалары қоса тіркеледі.

Хаттаманы толтыруға сот-медицина қызметкері де қатысады. Хаттама дауыстап оқылып, тергеуші мен оған қатысқан барлық тұлғалар қол кояды.

Қорытынды

Дәрісте сот-тергеу ісінде тәжірибелік маңызы бар сұрақтар қаралды. Ең алдымен, оқиға болған жерді қарау және ондағы дәрігердің ролі туралы айтылды. Түрлі зақымдаушы жайттарға тән белгілердің ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен қатар, қараудың нәтижелері бойынша хаттама түріндегі құжаттың процессыалдық түрғыдан рәсімделуі баяндалды.

Оқиға болған жерді тексерудің хаттамасын толтыруға көптеген мамандардың қатысуы керектігі сөзсіз, соның ішінде маңыздыларының бірі — сот-медицина қызметкері. Оның себебі: қылмыстық әрекеттердің көпшілігінің нәтижесі, зорлау, агрессия, соған сәйкес — дене жаракаттары, одан — адам өлімі туындауда болып отыр. Мұндай жағдайларда білікті бағаны дәрігер ғана бере алады. Сондықтан, сот-медицина қызметкерінің отандық сот әділдігі саласының сот-тергеу ісінің қазіргі заманғы даму сатысында көптеген тергеу әрекеттеріне қатысуы қажет болып табылады.

Білімді тексеруге арналған тест жинақтары

1). ҚІЖК бойынша дәлелдемелерді жинау құқығы берілмеген:

A) тергеуші

B) прокурор

C) адвокат

D) сот

E) сарапшыға

2). Зан шығаруши тергеушіге, прокурорға, анықтау органының кызметкеріне қандай құқықтар берілмейді:

A) кез-келген тұлғаны жауап алуға шақыртуға

B) сарапшы ретінде қорытынды беруге шақыртуға

C) қарау, тінту және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге

D) заттар мен құжаттарды ұсынуды талап етуге

E) бас бостандығынан айыру

3). Дәлелдеменің түрі болып табылады, аталғандардан басқа:

A) куәлердің жауабы

B) сарапшының қорытындысы

C) заттай дәлелдемелер

D) тергеу әрекеттерінің және басқа да құжаттардың хаттамасы

E) тінту қорытындылары

4). Сарапшы бола алмайды:

A) қажетті танымы бар кез-келген адам

B) сараптама ұжымының сәйкес сарапшысы

C) сотпен тағайындалған басқа маман

D) медбике

E) дәрігер

5). ҚІЖК бойынша сарапшының құқығы жоқ:

A) іс материалдарымен танысуға

B) керекті материалдарды талап етуге

C) ревизия жүргізуді талап етуге

D) жауап алуда және басқа да тергеу әрекеттеріне қатысуға

E) ревизия жүргізген кезде кеткен шығынды өндіруге

6). Мәйітті қарауды, оның табылған жерінде жүргізеді:

- A) дәрігер
- B) тергеуші
- C) медбике
- D) фельдшер
- E) прокурор

7). Травматизмнің түрлеріне не жатпайды?

- A) көліктік
- B) көшедегі
- C) тұрмыстық
- D) өндірістік
- E) жүргізуашілік

8). Жол-көліктік травматизм түріне жатпайтындар:

- A) автомобильден
- B) мотоциклден
- C) әуе жаракаттары
- D) темір жолдағы
- E) өндірістік

9). Сыртқы әсер етудің механикалық түрлері, аталғандардан басқа;

- A) қатты заттар
- B) өткір заттар
- C) химиялық қосындылар
- D) қысу
- E) үйкеу

10). Механикалық жаракаттардың түрлеріне жатпайтындар:

- A) жырылу
- B) қанталау
- C) сүйектің сынуы
- D) ішкі ағзаның зақымдануы
- E) улану

11). Травмалық әсерге жатпайды:

- A) соққы
- B) қысым
- C) созылу
- D) үйкелу
- E) ұсік

12). Механикалық зақымдалу кезіндегі өлімнің тікелей себептері, мыналардан басқа:

- A) өмірмен өрескел үйлесімсіз доғал жаракаттар
- B) жедел қан кету
- C) миына қан кетіл қысылу
- D) коллагс
- E) улану

13). Естен танудың (шоктың) түрлері жатпайды:

- A) жаракатты
- B) турникетті
- C) анафилактикалық
- D) септикалық
- E) тұрмыстық

14). Механикалық жаракаттардың адамның тірі кезіндегі салынған

белгілеріне жатпайды:

- A) қан кету
- B) эмболия
- C) бұлшық еттердің қысқаруы
- D) ісік
- E) сүйектін сынуы

15). Қанталаудың сот-медициналық маңызы, төмендегілерден басқа:

- A) сезіктін анықтау
- B) жаракаттың салынған уақытын анықтау
- C) қылмыстың қаруы мен құралын анықтау
- D) қасақана әрекетті анықтау

E) жарақат фактісі

16). Сот медицинасының объектілеріне жатпайды:

A) тірі адамдар

B) асфиксия

C) айғакты заттар

D) қылмыстық іс материалдары

E) мәйіттер

17). Адамды автокөлікпен фронтальды соғу кезінде жарақаттау

фазаларына жатпайтындар:

A) адамның көлік бөліктерімен соқтығысы

B) адамның көлікке құлауы

C) дененің лақтырылуы және жолға құлау

D) дененің көлік дөңгелегімен қысылып қалуы

E) дененің жолда сырғанауы

18). Жатқан денені басып ету мүмкіндіктері неге байланысты:

A) көліктің жылдамдығына

B) дөңгелектің радиусына

C) дөңгелектің еніне

D) кедергінің жоғарылығына байланысты (жатқан адамның)

E) көліктің түріне

19). Жүріп бара жатқан көліктен құлап жарақат алу сатылары:

A) құлап келе жатқан дененің көлік бөліктерімен алғашқы

соқтығысы, жерге құлау, жермен сырғанау

B) адамның көлік бөліктерімен соқтығысы

C) адамның көлікке лақтырылуы

D) көлікке құлау

E) көлік дөңгелегінің денені қысып қалуы

20). Темір жол жарақаттарының түрлеріне жатпайды:

A) қозгалып келе жатқан тәмір жол көлігімен соқтығысу

B) қозгалып келе жатқан темір жол көлігінің дөңгелектерінің астында қалу

- C) қозғалып келе жатқан темір жол көлігінен құлау
- D) вагондар арасында қысылып қалу
- E) компрессиялық асфиксия

21). Темір жол көлігінің дөңгелегімен басып өтудің негізгі морфологиялық белгілеріне жатпайды:

- A) сидырылған жолақ сзық
- B) жаншылудан пайда болған жолақ сзық
- C) көрінетін ақау
- D) тромбоз (қанның үйіп қалуы)
- E) қайши тәріздес түрдегі әрекет

22). Автокөлік жарақатының түрлері:

- A) қозғалып келе жатқан көлікпен адамның соқтығысуынан алған жарақат
- B) қозғалып келе жатқан жол көлігінің дөңгелектерінің астында қалу
- C) қозғалып келе жатқан автомобиль көлігінен құлағандағы жарақат
- D) автомобиль кабинасында немесе шанағында алынған жарақат
- E) қайши тәріздес түрдегі әрекет

23). Сот-медицина маманының авиациядан болған оқиға болған жерді қарau кезіндегі міндеттеріне жатпайды:

- A) тергеу органдарына әдістемелік көмек беру
- B) мәйітті және оның киімдерін қарauға қатысу
- C) жауап алуға шақырту
- D) ұшқыштың және экипаж мүшелерінің жарақат алу кезіндегі қалпын анықтау
- E) жарақат алу механизімінің сұрақтарын шешу

24). Әуе апартарын медициналық-криминиалистикалық зерттеудің негізгі міндеттеріне жатпайды:

- A) экипаждың жарақаттарының механизмін анықтау
- B) жолаушылардың әуе апаты кезіндегі денелерінің жату қалпын анықтау

C) экипаж мүшелерінің әуе апаты кезіндегі денелерінің жату қалпын анықтау

D) жолаушы жеке басын сәйкестендіру

E) экипаж мүшелерінің жеке басын сәйкестендіру

25). Жоғарыдан құлаудың түрлеріне жатпайды:

A) еркін құлау

B) тік құлау

C) сатылап құлау

D) үйлесімді құлау

E) баспен құлау

26). Жоғарыдан құлау кезінде жерге соғылудың түрлері:

A) баспен құлау

B) арқаға құлау

C) аяғымен құлау

D) жамбаспен құлау

E) секциялық

27). Сот-медициналық зерттеу әдістеріне жатпайды:

A) секциялық

B) гистологиялық

C) физик-техникалық

D) тұлғаның генотипті сәйкестендірілуі

E) тінту

28). Өткір құралдарға жатпайды:

A) шашитын

B) шашып-кесетін

C) шашып-шабатын

D) кесетін

E) тапанша

29). Кесілген жарақаттың барлық негізгі белгілерін көрсет-пейді:

A) тік сызық түрінде

B) жарақат шетінің сыйдырылуы

- C) кисық сзыық түрінде
- D) жарақаттың үніретуі
- E) жарақат бұрыштарының өткірлігі

30). Сырылудың сот-медициналық мағынасына жатпайды:

- A) жарақаттың болуын анықтау
- B) жарақаттың салынған уақытын анықтау
- C) қылмыстың құралы немесе қаруын анықтау
- D) қасақана жарақат салу әрекетін анықтау
- E) тұлғаны анықтау

31). Шашып-кесілген жарақат белгілеріне жатпайды:

- A) жарақат шетінің тегіс болмауы
- B) жалпақ сүйектердің үніретіп сиңуы
- C) ішке қанының көлемді құйылуы
- D) шетінің шөгүі
- E) тесіп өткен жара

32). Жауынгерлік қарудың калибрі анықталады:

- A) оқтың диаметріне қарап
- B) оқпанның (ствол) калибрінің диаметрімен
- C) гильза диаметрімен
- D) қарама-карсы ойық сзықтарының ара қашықтығымен
- E) жарақаттанған каналдың қабыргаларымен

33). Атылған оқтан болған жарақат элементтеріне жатпайды:

- A) оқтың шыққан тесігі
- B) жарақат каналының қабыргалары
- C) жарақат тоғанының (каналының) көрінуі
- D) оқтың кіргендегі тесігі
- E) ішке қанының көлемді құйылуы

34). Атыс қаруынан болған жарақат каналының түрлеріне жатпайды:

- A) тесіп өткен
- B) көмексі /слепой/
- C) үзілмелі /прерванный/

- D) тік
 - E) топаз
- *****

35). Атылған оқтың қашықтығының түрлері:

- A) жақын, жақын емес, тірең атылған
 - B) орташа жақындықтан
 - C) алыстан
 - D) жақыннан
 - E) анықталмаған
- *****

36). Атылғанда оқтың шыққандағы жарақатының негізгі белгілеріне жатпайды:

- A) дақты белдеуінің болмауы
 - B) саңылау түрінде
 - C) металдану жок
 - D) жарақат шеттерінің сыртқа шығып тұруы
 - E) қару аузының таңбасының теріге түсүі
- *****

37). Тығыз тақап атылған жарақаттың негізгі белгілеріне жатпайды:

- A) оқ кірген жарақаттың шеттеріндегі терінің жарылуы
 - B) қару аузының таңбасының теріге түсүі
 - C) оқ кірген тесіктегі терінің ақауы
 - D) жарақат айналасынан күйе және жанбаган оқ қалдықтарын алу
 - E) жарақат шеттерінің сыртқа шығып тұруы
- *****

38). Механикалық зақым келу нәтижесінен туындаған өлімнің қашықтағы себебіне жатпайды:

- A) миға қан құйылуы
 - B) улану (интоксикация)
 - C) өкпе қабынуы
 - D) перитонит
 - E) сепсис
- *****

39). Атудың зақымдаушы факторлары:

- A) оқ

- B) оқ-дәрі жануынан пайда болған қосымша заттар
 - C) қару
 - D) екіншілік снарядтар
 - E) улану
- *****

- 40). Штанцмарка қандай ұзақтықтан атылғанда пайда болады:
- A) ұзақтан тұрып атқанда
 - B) жақын қашықтықтан атқанда
 - C) тақап атқанда
 - D) орташа ұзақтықтан
 - E) өте жақыннан атқанда
- *****

- 41). Сот-медициналық маңызы бар электр тоғының түрлері:
- A) статикалық
 - B) техникалық
 - C) атмосфералық, өндірістік
 - D) өзгермелі
 - E) тұрақты
- *****

- 42). Жараның сот-медициналық маңызына жатпайды:
- A) жарақаттың болу фактісі
 - B) жарақаттың салынған мерзімін анықтау
 - C) қылмыстың құралы немесе қаруын анықтау
 - D) қасакана әрекетпен жарақаттау себебін анықтау
 - E) жарақаттың статикасын анықтау
- *****

- 43). Электр тоғымен зақымдануға әсер етпейді:
- A) ауаның дымқылдығының жоғары болуы
 - B) гимаратта ұнтақ заттардың болуы
 - C) заттарға су бұрку
 - D) еденді сулау
 - E) жас шамасы
- *****

- 44). Электр тоғынан зақымдануға киімнің әсер етуі
- A) әсер етпейді
 - B) токпен зақымдануға әсер етеді
 - C) токтан зақым алу мүмкіндігін азайтады

- D) тоқтың әсерін болғызбайды
- E) тоқтың әсерін күшейтеді

45). Электр тоғынан зақымданған кезде қолданылатын физика-техникалық әдістеріне жатпайды:

- A) тікелей микроскоп
- B) рентгендік
- C) трассологиялық
- D) тұрлі-тұсті іздер әдісі
- E) секциялық

46). Жоғарғы температураның әсер ету түрлері:

- A) қысқа уақытқа
- B) ұзақ уақытқа
- C) үздіксіз
- D) жалпы, жергілікті
- E) үзілмелі

47). Күйіктердің пайда болуына жатпайды:

- A) ыстық газдан
- B) қатты заттан
- C) сұйықтық
- D) жалыннан
- E) матадан

48). Күйіктің дәрежелерінің саны:

- A) үшеу
- B) екеу
- C) төртеу
- D) бесеу
- E) алтау

49). Күйіктен болған жарақаттың ауырлығы әсер етпейді:

- A) күйіктің тереңдігіне
- B) күйіктің аумағына
- C) күйікті оқшауландыруға
- D) күйіктің әсер ету түріне

E) естен тану

50). Ағзаның жалпы кызып кетуінен өлімнің себебі:

A) тыныс алудың тоқтауы

B) естен тану

C) акуыздың денатурациясы және коагулациясы

D) улану/интоксикация/

E) сепсис

51). Өлімге алып келетін қанда карбоксигемоглобиннің шоғырлануы:

A) 20 %

B) 40 %

C) 50 %

D) 60 %

E) 70 %

52). Үсік дәрежесінің саны:

A) үшеу

B) екеу

C) тертеу

D) бесеу

E) алтау

53). Үсіктің аумағы мен терендігін анықтауға болады:

A) сұық әсер еткеннен кейін бірден

B) дененің зақымдалған бөлігін жылытынан кейін

C) 2-3 тәуліктен кейін

D) 5-7 тәуліктен кейін

E) 3-4 апта өткеннен кейін

54). Өрт болған жердегі оқиға орнындағы өлімнің себептеріне жатпайды:

A) көміртегі тотығынан улану

B) күйік жаракаты

C) оттегінің жетіспеуі

D) күйік салдарынан естен тану

E) гипоксия

55). Тауға көтерілгенде пайда болатын аурудың негізгі себебі болып табылады:

A) атмосфералық қысымның төмендеуі

B) жоғарыға көтерілгенде ауадағы оттегінің азайуы

C) жоғары көтерілгенде оттегінің ауадағы парциальдық қысымының төмендеуі

D) атмосфералық қысымның жоғарылауы

E) қан аздығы

56). Жоғарыдан құлағандағы зақымданудың белгілері:

A) жарақаттардың бір жақта пайда болуы

B) сыртқы жағында бірлі-жарым жарақаттың болуы

C) ішкі мүшелерге қан құйылуы

D) күш түскен жерден басқа жерде сыйықтың пайда болуы

E) жоғарыда аталғандардың барлығы дұрыс

57). Механикалық асфиксияның түрлеріне жатпайды:

A) странгуляциялық (тұзақпен буындыру)

B) обтурациялық (тыныс жолдарын бөгде заттармен бітеу)

C) құскандағы тыныс жолдарының бітелуі (аспирация)

D) компрессиялық (денені басып-жаншығандағы)

E) патологиялық

58). Жіппен асылып қалудағы странгуляциялық сайдың ерекшеліктеріне жатпайды:

A) бағыты көлденең болады

B) қигаш бағытта

C) көмекей сіңірінен жоғары орналасады

D) қара-коңырқай түсте, тығыз

E) тегіс емес терендікте

59). Тұзақпен қылқындыргандағы странгуляциялық сайдың ерекшеліктеріне жатпайды:

A) бағыты көлденең болады

B) қигаш бағытта

- C) тегіс емес терендікте
 - D) қара-қоңырқай түсте, тығыз
 - E) көмекей сінірінен жоғары орналасады
- *****

60). Үйқы артерияларының жыртылуы пайда болады:

- A) тұзаққа асылып қалу кезінде
 - B) қолмен қылқындырығанда
 - C) тұзақпен қылқындырығанда
 - D) кеуде куысының компрессиясы
 - E) тұншығу кезінде
- *****

61). Тез пайда болған өлімді дәлелдейтін морфологиялық белгілеріне жатпайды

- A) сұйық, қара түсті кан:
 - B) өлік дақтарының көлемді болуы
 - C) ішкі ағзалардың қанға толып кетуі
 - D) конъюнктивада, серозды қабықтар астындағы экхимоздар
 - E) Лярше дақтары
- *****

62). Обтурациялық асфиксияға жатады:

- A) тыныс алу тесігінің бөгде қатты заттармен бекітілуі
 - B) тыныс алу тесігінің ұнтақты заттармен бекітілуі
 - C) тыныс алу жолдары мен тесігінің сұйық заттармен бітеліп қалуы
 - D) кеуде куысы мен іштің қысылып қалуы
 - E) мойынды тұзақпен қысу
- *****

63). Аспирациялық асфиксияға жатады:

- A) тыныс алу тесігінің бөгде қатты заттармен бекітілуі
 - B) тыныс алу тесігін қолмен жауып қою
 - C) тыныс алу жолдары мен тесігінің сұйық және ұнтақ заттармен бітеліп қалуы
 - D) кеуде куысы мен іштің қысылып қалуы
 - E) мойынды тұзақпен қысу
- *****

64). Странгуляциялық асфиксияға жатады:

- A) бөгде қатты затпен тыныс алу тесігінің бекітілуі

B) тыныс алу тесігінің ұнтақты заттармен бекітілуі
C) тыныс алу жолдары мен тесігінің сұйық заттармен бітеліп қалуы

- D) кеуде қуысы мен іштің қысылып қалуы
E) мойынды тұзақпен қысу

65). Компрессиялық асфиксияга жатады

A) бөгде қатты затпен тыныс алу тесігінің бекітілуі
B) тыныс алу тесігінің ұнтақты заттармен бекітілуі
C) тыныс алу жолдары мен тесігінің сұйық заттармен бекітіліп қалуы

- D) кеуде қуысы мен іштің қысылып қалуы
E) мойынды тұзақпен қысу

66). Суға тұншығудың аспирациялық типінің патогномоникалық белгілеріне жатпайды:

A) ауызда, мұрында және тыныс алу жолдарындағы ұсақ көпіршікті көбіктер
B) өкпе астына қан кету (Пальтауфа-Рассказова-Лукомский дақтары)
C) өт қабының ісінуі
D) жүректің сол жақ тұсына қанның бармай қалуы (эмобилия)
E) кеуде қуысы мен іштің қысылып қалуы

67). Тұзактың тұрлеріне жатпайды:

- A) қатты
B) жартылай қатты
C) жұмсақ
D) ашық
E) жоғары

68). Суға батудың белгілері:

A) ауызда, мұрын тесіктерінде және тыныс алу жолындағы тесікте ұсақ көпіршікті көбіктердің болуы
B) «құс еттілік»
C) Свешников белгісі
D) өкпенің эмфиземасы

E) жоғарыда аталғандардың барлығы

69). Сот медицинасында у деп танылатын заттар:

A) газ тәрізді

B) құрамында аз ғана болса да денсаулықтың бұзылуы мен өлімге әкеліп соғатын заттар бар

C) құрамы көп болғанда денсаулықтың бұзылуы мен өлімге әкеліп соғатын заттар

D) қатты

E) сұйық

70). Уды ағзага енгізген кезде жалпы жылдам және қарқынды әсер етеді:

A) қантамыр арқылы

B) ингаляциялық жолмен

C) тік ішек арқылы

D) ауыз арқылы

E) тері асты арқылы

71). Жалпы сот-химиялық талдауды жүргізу үшін өліктен алады:

A) асқазан, ішектің бөлігін, қан

B) жүрек, өкпе, бүйрек

C) асқазан, бауыр, несеп

D) асқазан, тік ішектің ішіндегісімен бірге бастапқы бөлігі, ішіндегісімен бірге тоқ ішектің бөлігі, бүйрек және несеп, өт қабығы, ми, өкпе

E) СМС қарауы бойынша мүшелер және ұлпа тобы алынады:

72). Күйдіретін уға жатпайды

A) қышқыл

B) мышьяк

C) сілті

D) фтор

E) фенол

73). Улануға әсер етуші экзогенді фактор:

- A) тұқымкуалаушылық
- B) шоғырлануы, құрамы
- C) жынысы
- D) жасы
- E) ұлты

74). Улануға әсер етуші эндогенді факторларға жатпайды:

- A) тұқымкуалаушылық
- B) ұлты
- C) жынысы
- D) жасы
- E) аяу ылғалдылығы

75). Қышқылдың жергілікті әсер ету нәтижесінде үлпаларда пайда болады:

- A) колликвациялық некроз
- B) коагуляциялық некроз
- C) ірінді қабыну
- D) ірінді шіру
- E) сепсис

76). Фосформен қосылғанда қатты улану кезінде болатын олімнің себептері:

- A) жедел бауыр жетіспеушілігі
- B) жедел бүйрек жетіспеушілігі
- C) асфиксия
- D) асистолия
- E) кантамыр орталығының жансыздануы

77). Көміртегі тотығының әрекет ету механизмі:

- A) тыныс алу қызметінің бұзылуы
- B) гемоглобиннің байлануы
- C) тыныс алу орталығының жұмыс істемей қалуы
- D) асфиксия
- E) жедел бүйрек жетіспеушілігі

78). Алкогольмен уланған кезде өлім туындауы мүмкін:

А) тыныс алу орталығының жұмыс істемей қалуынан, жүрек қарыншаларының фибрillациясынан

Б) қан аздықтан

С) перитониттен

Д) орталық жүйке жүйесінің шамадан тыс тежеуі

Е) гипоксия

79). Этил спиртімен уланудың түріне жатпайды:

А) жедел

В) созылмалы

С) физиологиялық

Д) патологиялық

Е) жай масаю

80). Сот-медицинада көзқарас бойынша денсаулыққа зиян деп түсініледі:

А) ағзалар мен ұлпалардың анатомиялық тұтастығының бұзылуы

Б) ағзалар мен ұлпалардың физиологиялық қызметінің бұзылуы

С) сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесінде ағзалар мен ұлпалардың анатомиялық тұтастығы мен физиологиялық қызметінің бұзылуы

Д) денсаулықтың уақытша бұзылуы

Е) еңбек қабілетін жоғалту

81). Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру белгілері:

А) денсаулықтың уақытша бұзылуы — 3 аптадан жоғары емес (21күн), еңбекке қабілеттілікті шамалы жоғалту — 10%

Б) денсаулықтың ұзақ уақытқа бұзылуы — 3 аптадан жоғары мерзімге (21күннен астам)

С) еңбек қабілетін елеулі түрде жоғалту — 33%

Д) бет-әлпепті бұзу

Е) денсаулыққа ауыр зиян келгеннің критерияларының болмауы

82). Денсаулыққа орташа ауырлықта зиян келудің белгілері:

А) денсаулықтың уақытша бұзылуы — 3 аптадан жоғары емес (21күн)

Б) еңбекке қабілеттілікті шамалы ғана жоғалту — 10%

С) денсаулықтың ұзак уақытқа бұзылуы — 3 аптадан жоғары мерзімге (21күннен астам), еңбек қабілетін елеулі түрде жоғалту — 33%

Д) бет - әлпетті бұзу

Е) денсаулыққа ауыр зиян келгеннің критерияларының болмауы

83). Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің белгілеріне жатпайды:

А) ішкі жан-дүние ауруы

Б) токсикомания немесе нашақорлықпен ауыру

С) еңбек қабілетін жоғалту — 33% және одан жоғары

Д) бет-әлпеттің ұсқынсыз етіп бұзылуы

Е) еңбекке қабілеттілікті шамалы ғана жоғалту — 10%

84). Беттің ұсқынсыз етіп бұзылуының фактілерін бекітеді:

А) сот-медициналық сараптамасы

Б) косметолог дәрігер

С) сот

Д) тергеуші

Е) психиатр

85). Еңбекке қабілеттілікті тұрақты түрде жоғалту бекітіледі:

А) зақымдалудың шығуын анықтайтын амбулаториялық емнің аяқталуы

Б) физикалық жақсару

С) жарақаттың жазылуы

Д) еңбекке қабілетсіз қағазын жабу

Е) СМС қараша бойынша

86). Бұрын түсік жасалғандығы белгілеріне жатпайды:

А) плацента ұлпаларының жатыр ішінде табылуы

Б) жатыр мойнының күйіп кетуі

С) қынаптан көбікті сұйықтықтың агуы

- D) қысқышпен жатыр мойнының зақымдануы
E) дефлорация

87). Жыныс қатынасына түскеннен кейінгі нақты белгілерге кірмейді:

- A) дефлорация
B) венералық ауруды жүктыру
C) екі қабаттықтың жетілуі
D) етеккірдің болмауы
E) қынапта шәуettің табылуы

88). Жыныстық қатынасқа түскеннен кейінгі жанама белгілерге жатпайды:

- A) жамбас терісінде шәуettің табылуы
B) венералық ауруды жүктыру
C) денедегі жарақаттар
D) екі қабаттықтың жетілуі
E) жамбастың ішкі жоғарғы жағындағы қансырау

89). Алғашқы өліктік құбылыстарға кірмейді:

- A) өлік дақтары
B) мумификация
C) өліктің кебуі
D) өліктің сіресуі
E) өліктің аутолизы

90). Өліктің кейінгі құбылыстарына жатпайды:

- A) қаңқалану
B) мумификация
C) балауыз
D) өліктің шіруі
E) өлік дақтары

91). Мәйіттің өзгеруіне әсер етуші экзогенді факторларға жатпайды:

- A) температура
B) атмосфералық қысым

- C) жасы
 - D) ылғалдылық
 - E) өлік жегіштер
- *****

92). Мәйіттің өзгеруіне әсер етуші эндогенді факторларға жатпайды:

- A) температура
 - B) жасы
 - C) жынысы
 - D) алкогольдік дәрежесі
 - E) денсаулық жағдайы
- *****

93). Өлік дағының сот-медициналық маңызы, мыналардан басқа:

- A) өлімнің күмәнсіз белгісі
 - B) өлгеннен кейінгі жағдайды көрсетеді
 - C) өлімнің уақытын және қашан болғанын анықтау
 - D) өлімнің себебін анықтау
 - E) алкогольдік дәрежесі
- *****

94). Өліктің сіресіп қалуының сот-медицинскандық маңызы, мыналардан басқа:

- A) өлімнің күмәнсіз белгісі
 - B) мәйіттің өлгеннен кейінгі жағдайын көрсетеді
 - C) өлімнің болған уақытын анықтау
 - D) өлім болған кезде өліктің жату қалпын сақтауды
 - E) алкогольдік дәрежесі
- *****

95). Тұзакта тігінен асылып тұрған адамның денесінде өлік дақтары қай жерінде орналасады:

- A) аяғында, дененің асты жағында, колдың саусақтарында
 - B) арқасында
 - C) дененің кеуде тұсында
 - D) басында
 - E) иығында
- *****

96). Көміртегі газымен улануда өлік дақтары қандай түсте болады:

- A) қызғылт түстес
- B) қоңырқай, құба
- C) сұрлау
- D) көгілдір
- E) түсі жок

97). Өліктің шіруйнің сот-медициналық маңызы, мыналардан басқа:

- A) өлікті союды киындағады
- B) зақымдануды жоғалтады
- C) өлімнің себебін және туындаған уақытын анықтауды киындағады
- D) суға батып тұншықкан өліктерді бетке шығаруға әрекет етеді
- E) зақымдануды сақтайды

98). Өлікті қосымша зерттеу әдістеріне кірмейді:

- A) гистологиялық
- B) бактериологиялық
- C) рентгендік
- D) химиялық
- E) иммунологиялық

99). Өлікті эксгумациялау түріне жатпайды:

- A) кездейсоқ
- B) жоспарлы
- C) қылмыстық
- D) занды
- E) катысуышылық

100). Ұсақ қантамырлардың жарылу нәтижесінде тері асты қан кетуде бұзылудың қандай түрі пайда болады:

- A) қанталау
- B) гематома
- C) экхимоз

D) жырылу

E) жара

101). Төменде көрсетілген «закымдану» түсінігінің анықтамасының қайсысы дұрыс:

A) ұлпалардың анатомиялық бүтіндігінің немесе физиологиялық қызметінің бұзылуы

B) дененің қандай бір бөлімінің додал қатты затпен соғу салдарынан зақым алуды

C) шырышты қабықтардың химиялық заттардың эсерінен өзгеруі

D) дененің температурасының тез көтерілу салдарынан денсаулықтың бұзылуы

E) ағзага электр тогының эсерінен зақым келтіру

102). Соғылған жараның кесілгеннен айырмашылығы:

A) шеттері тұзу

B) жараның қабырғаларының дәнекер ұлпаларымен қосылуы

C) ену тереңдігі

D) қанталаған шеттері

E) үніреюі

103). Закымдану кезінде шабатын қаруды сәйкестендіруге болады:

A) сүйек ұлпасы

B) бұлшық ет ұлпасы

C) теріде

D) тері асты май жасушалары

E) паренхиматозды мұшеден

104). Өлікті сот-медицинадық түрғыда зерттеулер жүргізуге жатпайды:

A) зорлықпен өлген

B) белгісіз диагноздан стационардағы өлім

C) белгілі болған диагноздан стационарда өлуі

D) үйдегі босанудан жана туған сәбидің өлімі

E) белгісіз жағдайдағы өлім

105). Төменде аталғандардың қайсысы механикалық зақымдану кезіндегі кейінгі өлімнің себебі болатынын көрсетіңіз:

- A) мидың шайқалуы
 - B) зақым салдарынан естен танудан өлу (жарақаттық естен тану)
 - C) перитониттің дамуынан өлу
 - D) қан кетуден өлу
 - E) ұлпалық эмболиядан өлу
- *****

106). Tipi адамдарға сот-медициналық саралтама келесідей аталған жағдайларда жүргізілмейді:

- A) денсаулыққа зиянның дәрежесін анықтау үшін
 - B) денсаулық жағдайын анықтау үшін
 - C) әкелікті анықтау үшін
 - D) денсаулықтың психикалық жағдайын анықтау үшін
 - E) жыныстық қылмыстар
- *****

107). Сот-медициналық саралтама келесідей саралтама түрін жүргізбейді:

- A) мәйіттерге саралтама
 - B) зақымдану ерекшелігіне байланысты жарақат қаруына идентификация
 - C) пластикалық реконструкция әдісімен тұлғаны идентификациялау
 - D) дактилоскопия әдісімен тұлғаны идентификациялау
 - E) стоматологиялық мәртебесі бойынша тұлғаны идентификациялау
- *****

108). Саралтама міндетті түрде жүргізіледі, мынадан басқа жағдайда:

- A) зақымды сипаттау үшін анықтау
 - B) психикалық немесе физикалық денсаулық жағдайын анықтау
 - C) өлімнің себебін анықтау
 - D) жарақат қаруының топтық және жеке құрамын идентификациялау
 - E) құжаттың жоқ болу себебінен жас мөлшерін анықтау
- *****

109). Аталған сараптаманың қайсысының сотта үлкен мағынасы бар:

- A) алғашқы
 - B) қайталама
 - C) кешенді
 - D) комиссиялық
 - E) барлық сараптама бірдей күшке ие
- *****

110). Өлімнің туындауының нақты уақыты анықталуы мүмкін:

- A) мәйіт дақтарынан
 - B) мәйіттің сіресіп қатып қалуы бойынша
 - C) мәйіттің суып қалуы бойынша
 - D) көздің алдыңғы камерасына пилокарпин және атропин енгізу кезіндегі қараышықтың реакциясы
 - E) аталған құбылыштың барлығы
- *****

111). Қоршаған орта ауаның 18-20°C температурасын құрағанда өліктің суып қалуының орташа жылдамдығы:

- A) сағатына 0,5°
 - B) сағатына 1°
 - C) сағатына 1,5°
 - D) сағатына 2 °
 - E) сағатына 2,5°
- *****

112). Табылған орыннан өлікті қарағаннан кейін дәрігер тереуешінің тәмендегі аталған барлық сұраптарына жауап береді, мынадан басқа:

- A) болжаммен өлімнің себебі
 - B) болжаммен қашан өлім болды
 - C) өлікте қандай зақымдар бар
 - D) өлік шәуетінің тобы қандай
 - E) биологиялық шығуы бойынша өліктің қасында ластану бар ма
- *****

113). Өлік дақтары бойынша тәменде аталғанның барлығынан анықтауға болмайды:

- A) өлімнің болған уақытын

- B) өлімнің мүмкін болатын себебі
 - C) өлік жатқан жердің үсті
 - D) өлім механизмі
 - E) өліктің жатқан орнын өзгерту
- *****

114). Өліктің кейінгі өзгеруіне жатпайды

- A) шіру
 - B) мумификация
 - C) шым тезекпен илену
 - D) аутолиз
 - E) сабындану
- *****

115). Өлікті орнынан табу кезінде сот-медицина шегінде мамандарігер мына сұраққа жауап бермейді:

- A) өліктің табылу орны оқиға болған жерге жата ма?
 - B) өлімнің шамамен уақыты қанша?
 - C) өліктің қан тобы қандай?
 - D) өлімнен кейін мәйіттің жағдайының өзеру белгісі бар ма?
 - E) өлімнің болған себебі қандай?
- *****

116). Адамның сүйектан өлді деп жорамалдауға болатын негізгі белгілері:

- A) бас сүйегінің симметриялысыны
 - B) тыныс алу жолдарындағы сілекейдің көп жиналуды
 - C) боксер позасында жатуы
 - D) эмбрион позасы
 - E) кеуде күйесінің ұлғаюы
- *****

117). Адамның жылу соққысы (күн өту) әсерінен өлу белгілері:

- A) тері қабатының II дәрежеде күйүі
 - B) мәйіттің каталептикалық сіресүі
 - C) тыныс алу жолдарындағы сілекейдің көп жиналуды
 - D) миының ісінуі
 - E) тері мацерациясы
- *****

118). Денениң жалпы сүйп кетуінен болатын өлім белгілері:

- A) Лярше дақтары
- B) Тардье дақтары
- C) Рассказов-Лукомский дақтары
- D) Вишневский дақтары
- E) мәйіт дақтары

119). Шолақ мылтықтан ату кезіндегі қосымша факторлардың ұшу жылдамдығының ұлғаюына себеп болатын не?

- A) ату снарядының ақауы
- B) оқтың дұрыс ұшуының бұзылуы
- C) қарудың ауыз бөлігінің ақауы
- D) оқ-дәрінің толық жанбауы
- E) оқтың атылу бөлігіндегі зақымы

120). Атыс қаруынан туындаған жарақат шеттерінде дақты және ластану белдеулерінің болуы күәландырады:

- A) ату қашықтығын
- B) ату снарядының көлемін
- C) ату қаруының түрін
- D) ату жарақатының кірген тесігін
- E) ату жарақатының шығатын тесігін

121). Оқтың шығу тесігінде ұлпа ақауының болмауы түсіндіріледі:

- A) оқтың кинетикалық күшінің жоғалуы
- B) оқтың дұрыс ұшу бағытының бұзылуы
- C) қару снарядының бүйір бетті денеге түсуінен
- D) оқтың айналу жылдамдығының баяулауы
- E) оқтың адам денесімен соқтығысу салдарынан ақауының болуы

122). Оқтың кірген тесігінде дақты белдеудің пайда болуының негізгі себебі:

- A) оқтың жылдам айналу қозғалысы
- B) адамды жарақаттау кезіндегі оқтың үлкен ұшу жылдамдығы

C) тері бедерінің бүгілуі немесе және оқтың беткі белгімен үйкелісүі

D) снарядтың атылғаннан кейінгі температурасы

E) оқтың тері бетімен тиген кезде эпидермисті жарып жіберуі

123). Алыс қашықтықтан ату кезінде ыстың (копоть) қалып қоюның негізгі белгісі болып табылады:

A) киімнің беткі қабатында ыстың қалып қоюы

B) ыстың күн сәулесі сияқты оқ тиген жара ауданында қалып қоюы

C) оқ тиген жара мен ыстың қалдығының бос аралығында болуы

D) ыстың қалдығының радиусы 1-1,5 см-н аспайтын

E) оқтың тері бетімен тиген кезде эпидермисті жарып жіберуі

124). Биіктікten құлау белгілері:

A) мойын мен арқаның сынықтары

B) жіліншік сүйектерінің жанышылған сынықтары

C) сыртқы жарақаттардан ішкі жарақаттардың басымдылығы

D) ішкі мүшелердің жарылуы

E) бас сүйегінің сынуы

125). Авиациялық жарақаттан болатын өлім:

A) күйіктен естің тануы

B) мойын мен арқаның жарақаттары

C) ішкі мүшелер мен дене бітімінің дөрекі түрде бұзылыстары

D) баро жарақат

E) көмір қышқылымен улану

126). Темір жол жарақаттарының негізгі белгілері:

A) жыртылған және кесілген жарақаттар

B) бас сүйек сынықтары

C) тері қабатының үйкелісүі мен қысылуы

D) ішкі және сыртқы жарақаттардың сәйкес келмеуі

E) аяқ сүйектерінің сынуы

127). Мотоцикл жарақаттарынан көбінесе келесі зақым болады:

- A) терідегі сыйдырылған жара
 - B) аяқ сүйектерінің сынықтары
 - C) дененің жаралары
 - D) шаптың және аяқтардың жыртылған жаралары
 - E) ішкі мүшелердің жарылуы және қан құйылу
- *****

128). Көліктің дөңгелегімен басып кету белгілері:

- A) аяқ және қолдың бөлінуі
 - B) ұзын сүйектердің сынуы
 - C) ұзын сүйектердің көлденең сынуы
 - D) дөңгелек басқан жақтан терінің сыйдырылып түсүі
 - E) дөңгелек басқан жақтағы терінің қысылуы
- *****

129). Биіктікten аяқпен құлаудың зақымдары:

- A) ішкі мүшелердің жарылуы
 - B) омыртқалардың компрессиалық сынуы
 - C) табан сүйектерінің көп салалы сынуы
 - D) сан сүйектерінің сынықтары
 - E) ілінетін аппаратқа қан кету
- *****

130). Омыртқаның мойын бөлігіндегі өрім тал сынық пайда болады

- A) автомобиль кабинасының ішінде жарақат алу:
 - B) тікесінен тұрған қалпында құлау
 - C) ұлken биіктікten құлау
 - D) темір жол апатынан келген зақым
 - E) авиация апатынан келген зақым
- *****

131). Биіктікten құлаудағы жалпы белгілер:

- A) омыртқаның мойын бөлігінің компрессиялы сынығы
 - B) жіліншік сүйегінің жанышылып сынуы
 - C) ішкі зақымның сыртқы зақымнан басымдығы
 - D) ішкі мүшелердің зақы мы
 - E) бас сүйегінің көп бөлшекті сынуы
- *****

132). Ішкі мүшелердің бір жақтан екінші жаққа ауысуы келесідей жарақаттарда болмайды:

- A) көлік ішіндегі зақым
- B) тікесінен тұру қалпында құлау
- C) ішін көлік дөңгелегінің басуы
- D) көлік дөңгелектерінің кеудені басып өтуі
- E) темір жол апатында

133). Дененің бөлшектенуі көбінесе келесідей зақымдардың түрінде пайда болады:

- A) спорттық
- B) өндірістік
- C) көліктік
- D) кешедегі
- E) тұрмыстық

134). Сүйектің бампер-сынығы типіндегі сынығын зерттеу кезінде аталғаның барлығын анықтауға болады, мынадан басқа:

- A) автокөлік түрін
- B) нақты көлік
- C) басу қай жақтан болған
- D) автокөлік жылдамдығының болжамды жылдамдығы
- E) баспас бұрын жедел тоқтату әрекеті болды ма?

135). Темір жол апатындағы зақымға тән:

- A) дененің бөлшектенуі
- B) бас сүйегінің негізінің сынуы
- C) ішкі мүшелердің қансырауы
- D) ішкі немесе сыртқы зақымдардың сәйкес болмауы
- E) аяқ сүйегінің сынуы

136). Жүргінші мен көлік соқтығысының салдарындағы өзіне тән белгіні таңдаңыз:

- A) бас сүйегінің сынуы
- B) мидың сілкінісі
- C) жамбас сүйектерінің сынуы

- D) ішкі мүшелердің зақымдануы
E) сүйектердің бампер-сынуы типінде сынуы
- *****

137). Көлік жарақатында адам денесіне жерге лақтырып жіберілу фазасы мынандай автожарақаттар түрінде сипатталады:

- A) қозғалмайтын зат пен автокөлік арасында қысылу
B) көліктен құлау
C) көлік ішінде алынған жарақаттар
D) жүргінші мен қозғалып келе жатқан көліктің соғылуы
E) трактор жарақаты
- *****

138). Көлік кузовынан және үлкен биіктікten құлаудың жалпы белгілерін көрсетіңіз:

- A) сыртқы және ішкі зақымдардың сәйкес келмеуі
B) сыртқы зақымдардың бір беткейлігі
C) сүйек қаңқаларының массивтік және көптеген зақымдары
D) дene сілкінісінен пайда болған зақымдар
E) сүйек сынықтары
- *****

139). Асылу кезінде қандай странгуляциялық сай көп кездеседі:

- A) жабық
B) тігінен
C) көлденен
D) біркелкі көрінуі
E) ашық
- *****

140). Қандай механикалық асфиксияда өкпе көлемінің күрт үлгаюы және Рассказов-Лукомский дақтары пайда болады:

- A) іш пен кеуденің басылуынан болған өлім
B) тұзақтың қысуынан болған өлім
C) тыныс алу жолдарының құсықпен жабылуынан болған өлім
D) суға батудан болған өлім
E) асылудан болған өлім
- *****

- 141). Суга батудың бірден-бір дәлелдемесі болып:
- A) «құс еттілік»
 - B) өкпенің ісінуі
 - C) өкпе қабыршағының астына нүктे тәрізді қанның күйилуы
 - D) сүйек майында және паранхиматозды мүшелерде планктонның табылуы
 - E) өкпе эмфиземасы
- *****

142). Аспирациялық асфиксиядан өлімнің дәлелдемесі болып аспирациялық көлемнің табылуы жатады:

- A) ауыз куысында
 - B) өңеш пен жұтқыншақта
 - C) орта калибрлі бронхтарда
 - D) альвеолар мен кіші бронхта
 - E) бас сүйек пазухаларында
- *****

143). Көру және есту жүйкелерінде атрофия дамуы мынандай улануға тән:

- A) этил спиртімен
 - B) синаппен
 - C) мышьякпен
 - D) метил спиртімен
 - E) тетраэтил қорғасынымен
- *****

144). Ұды енгізудің ең қауіпті жолын көрсетіңіз:

- A) ауыз арқылы
 - B) зақымданбаған тері арқылы
 - C) көз қабыршағы арқылы
 - D) тік ішек арқылы
 - E) қынаптың шырышты қабығы арқылы
- *****

145). Сот-ботаникалық сараптаманы жүргізу дұрыс, егер ула-
ну:

- A) барбитураттан болса
- B) ботулоксиннен болса

- C) морфиннен болса
 - D) саңырауқұлақтан болса
 - E) жоспарлы терапиядан болса
- *****

146). Дәрігер жауапкершілікке тартылады, егер:

- A) медициналық мамандық көмек көрсетпесе
 - B) медициналық санитарлық көмек көрсетпесе
 - C) әлеуметтік медициналық көмек көрсетпесе
 - D) алғашқы медициналық көмек көрсетпесе
 - E) жоспарланған терапия көмегін көрсетпесе
- *****

147). Кесілген жараның негізгі белгісі бола алмайды:

- A) жараның шеттерінің тегістігі
 - B) жараның екі шеттері үшкір
 - C) тері жарасының терендігіне қарағанда ұзындығының басым болуы
 - D) жараның қабырғаларының арасында қосылыстардың болмауы
 - E) жараның қабырғаларының арасында қосылыстардың болуы
- *****

148). Тірі кезінде жаракат алудың микроскопиялық белгілеріне жатпайды:

- A) қан кетудің елеулі аумағы
 - B) жарада эритроциттердің санының көбеюі
 - C) лейкоциттер санының жоғарылауы
 - D) артерияда қанның ұйып қалуы
 - E) лейкоциттер санының төмендеуі
- *****

149). Сот-медицинасының зерттеуіне жатпайды:

- A) өліктің бөлшектенуі және өларды зерттеу
 - B) күш қолданып өлтірілген белгісіз адамдарды зерттеу
 - C) үйде босану кезіндегі нәрестенің өлімі
 - D) белгісіз тұлғалардың мәйіті
 - E) нәрестелер
- ****

150). Биологиялық шығу тегі бойынша заттай дәлелдеме бола алмайды:

- A) қан
- B) сілекей
- C) шәует
- D) шаш
- E) ок-дөрі

Тест жауабы

№	Дұрыс жауабы	№	Дұрыс жауабы
1	Е	76	В
2	Е	77	В
3	Е	78	А
4	Д	79	С
5	С	80	С
6	В	81	А
7	Е	82	С
8	Е	83	Е
9	С	84	С
10	Е	85	А
11	Е	86	Е
12	Е	87	В
13	Е	88	В
14	Е	89	В
15	А	90	Е
16	В	91	С
17	Д	92	А
18	Е	93	Е
19	А	94	Е
20	Е	95	А
21	Д	96	А
22	Е	97	Е
23	С	98	Е
24	В	99	В
25	Е	100	А
26	Е	101	А
27	Е	102	В
28	Е	103	А
29	В	104	С
30	Е	105	С
31	Е	106	Д
32	Д	107	Д
33	Е	108	Д
34	Е	109	Е
35	А	110	Е
36	Е	111	В
37	Е	112	Д

38	А	113	Д
39	Е	114	Д
40	С	115	С
41	С	116	Д
42	Е	117	Д
43	В	118	Д
44	С	119	Д
45	Е	120	Д
46	Д	121	А
47	Е	122	С
48	С	123	А
49	Е	124	С
50	С	125	С
51	С	126	С
52	С	127	Д
53	Д	128	Д
54	Е	129	С
55	С	130	А
56	Е	131	С
57	Е	132	В
58	А	133	С
59	В	134	Е
60	А	135	А
61	Е	136	Е
62	А	137	Д
63	С	138	Д
64	Е	139	В
65	Д	140	Д
66	Е	141	Д
67	Е	142	С
68	Е	143	Д
69	В	144	Д
70	В	145	Д
71	Д	146	Д
72	В	147	Е
73	В	148	Е
74	Е	149	Е
75	В	150	Е

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Каракобенов Қ.Д. Сот медицинасы.— А.: 1996.— 320 б.
2. Матышев А.А. Судебная медицина. Руководство для врачей.— СПб.: Гиппократ, 1998.— 544 с.
3. Живодеров Н.Н. Судебная медицина. Учебное пособие для вузов.— М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2001.— 176 с.
4. Томилин В.В. Судебная медицина.— М.: Издательство «Норма», 2001.— 376 с.
5. Попов В.Л. Судебная медицина.— СПб.: Питер, 2002.— 608 с.
6. Колуткик В.В., Соседко Ю.И. Судебно-медицинская экспертиза повреждений у живых лиц.— М.: ООО Издательство «Юрлитиформ», 2002.— 176 с.
7. Пиголкин Ю.И. Задачи и тестовые задания по судебной медицине.— М.: ГЭОТАР-МЕД, 2004.— 654 с.
8. Акопов В.И. Судебная медицина. Практическое пособие для юристов и врачей.— М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2006.— 448 с.
9. Крюков В.Н. Судебная медицина.— М.: Норма, 2009.— 432 с.
10. Калемина В.В., Колоколов Г.Р. Основы судебной медицины и психиатрии.— М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2010.— 448 с.

Мазмұны

1. Сот-медицинасының теориялық және процессуалдық негіздері.....	3
2. Механикалық әсерлерден болатын өлім және жарақаттар (сот-медициналық жарақаттану).....	15
3. Биіктікten құлау. Көлік жарақаты.....	31
4. Жедел оттегі жетіспеушілігінен болатын денсаулықтың бұзылуы және өлім. Механикалық асфиксия.....	51
5. Өлім және өлік құбылыстары жөніндегі сот-медициналық өлім (сот-медициналық танатология).....	62
6. Тірі адамдардың сот-медицина сараптамасы (жәбірленуші, сезікті, айыпталушы).....	80
7. Жыныстық қылмыс кезіндегі сот-медицинскадық сараптама.....	98
8. Химиялық факторлардың әсерінен денсаулықтың бұзылуы және өлім (сот-медицинскадық токсикология).....	116
9. Заттай дәлелдемелердің сот-медицинскадық сараптамасы... ..	136
10. Сыртқы факторлардың әсіренен денсаулықтың бұзылуының сот-медицинскадық диагностикасы.....	158
11. Жасанды аурулардың сот-медицинскадық сараптамасы.....	175
12. Оқиға болған жерді қарастыру және өлікті алғашқы сырттай тексеру.....	195
Білімді тексеруге арналған тест жинақтары.....	219
Ұсынылған әдебиеттер тізімі.....	254

**Галым Адамұлы Жетпісбаев
медицина гылымдарының докторы, профессор
Гүлайна Жалалықызы Османова
ага оқытушы**

Сот медицинасы

Дәрістер жинағы

*Директор Н. Н. Жансейтов
Технический редактор Г. К. Омаркоожаева
Корректор Б. Т. Мекеев
Дизайн А. В. Милованов
Беттеуші А. А. Сляднева*

Басуға 12.08.2013 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60×80^{1/16}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 16.
Таралымы 500. Тапсырыс № 132.

«NURPRESS» баспасы
050042 Алматы қ.,
 Таугуль ы/а, 51 үй, 8 оф.
 Тел./факс: (727) 226-03-29.
 E-mail: nurpress@mail.ru

«NURPRESS» баспаханасында басылған



Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Халықаралық қатынастар және құқықтану факультетінің криминалистика және сол сараптамасы кафедрасының профессоры, м.ғ.д. **Жетпісбаев Ғалым Адамұлы**. ШҚО, Жарма ауданы, Қалбатая ауылында, 1962 жылы 14 шілдеде дүниеге келді.

1986 жылы Семей Мемлекеттік медицина институтының түлеагі. 2005 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының заң факультетін құқықтану мамандығы бойынша бітірді.

1996 жылы кандидаттық және 2006 жылы докторлық диссертациясын қоргады. 77 ғылыми еңбектің, бес оқу құралының және екі монографияның авторы.



Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Халықаралық қатынастар және құқықтану факультетінің криминалистика және сол сараптамасы кафедрасының аға оқытушысы **Османова Гүлайнә Жалалықызы**. 1978 жылы 15 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Тулкібас ауданы, Жаңаталап ауылында туылған.

2004—2006 жылдары Президенттік стипендия иегері. 2006 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің заң факультетін үздік дипломмен бітірген. 20-га жуық ғылыми еңбектің, бір монографияның авторы.

ISBN 9965-830-14-2

9 789965 830143